



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Арнайы педагогика» сериясы Серия «Специальная педагогика»  
№1-2 (32-33), 2013



Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті!

**ХАБАРШЫ**

«Арнайы педагогика» сериясы, №1-2 (32-33), 2013

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2001 ж. бастап шығады

Бас редактор  
*п.ғ.к., проф., Халықаралық педагогикалық ғылыми академиясының корр. мүшесі* Қ.Қ. ӨМІРБЕКОВА

Редакция алқасы: *п.ғ.д., проф.* В.В. Воронкова (Ресей),  
*п.ғ.д., проф.* В.В. Борякова (Ресей), *п.ғ.д., проф.* И.Карагъзов (Болгария), *п.ғ.д., проф.* Л.Р. Муминова (Өзбекстан), *психол.ғ.к., проф.* Н.В. Михайлова (Германия), *п.ғ.д., проф.* Р.А. Сулейменова, *м.ғ.д., проф.* А.А. Тайжан, *психол.ғ.д., проф.* Ж.И. Намазбаева, *п.ғ.д., проф. м.а.* З.А. Мовкебаева, *п.ғ.к., проф.* К.Б. Бектаева, *психол.ғ.к., доцент* А.Н. Аутаева, *психол.ғ.к.* Т.М. Шалгинбаев, *аға оқытушы* Ә.Ә. Даурамбекова (жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2013

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10107-Ж

Басуға 17.05.2013 кол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 22,5 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 126.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**М а з м и н ы С о д е р ж а н и е**

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ (ОВ)**

Абаева Ф.А., Оналбаева А. Церебральді паралич кезіндегі қосалқы бұзылыстардың сипаттамасы .....  
Абдрахманова Р.Б., Манауова Е.Н. Жеткіншектердің агрессивті мінез-құлықтарының пайда болуына ықпал ететін психологиялық факторлар .....  
Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамының жағдайы (зерттеу нәтижелері) Шарабаева Н.В. Диагностическая компетенция учителя-логопеда Өмірбекова Қ.Қ., Калыбекова Н.К. Жалпы білім беру мектеп жағдайында дисграфиясы бар балалармен логопедиялық жұмыстың негізгі принциптері мен бағыттары .....  
Дербисалова Г.С., Ермағамбет А.Ы. Болашақ логопедтің кәсіби құзыреттіліктері .....  
Бектаева К.Б., Абиырова Ш.Е. Орташа зияты зақымдалған балалардың жазу мен оқу дағдыларын қалыптастыру жолдары...  
Бутабаева Л.А., Базылбекова Ж.О. Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті зақымдалған балаларды жаппай (глобальды) оқу дағдыларын қалыптастыру жолдары .....  
Мовкебаева З.А., Бейсенова А.Б. Кохлеарлы имплантанттары бар балалардың коммуникативті дағдыларын дамытудағы негізгі бағыттар .....

**АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Абаева Г.А. Современная система обучения лиц с ограниченными возможностями в Германии .....  
Искакова Х.Е., Байсултанова С.Ш. Қазіргі қоғамдағы ақпараттық мәдениет және оның компоненттері .....  
Оразаева Г.С., Абаева Г.А. Социальная медико-педагогическая коррекционная поддержка детей с ограниченными возможностями в Республике Казахстан на современном этапе .....  
Абишева М.Т. Планирование, моделирование и проектирование социально-педагогической деятельности .....  
Мукажанова Э.Т. Болашақ педагогтардың мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға даярлығы .....  
Карменова А.С. Социальная компетентность педагога-дефектолога .....  
Kucharczyk I. Семейные отношения: маленький ребенок - родители.....  
Чулембаева А.Б. Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсетудің өзектілігі .....  
Аутаева А.Н., Макина Л.Х. Жоғары мектеп педагогының кәсіби құзыреттілігі .....  
Ибрагимова Қ.Қ., Өміржанова Г.Б., Ибраимова Ә.Б. Естімейтін балаларды өмірге бейімдеудегі сөйлеу тілінің маңызы Мовкебаева З.А. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан .....  
Мукажанова Э.Т., Ниязова Г. Қазіргі таңда қарттарға көмек көрсетуде әлеуметтік педагог мамандардың рөлі .....  
Мусина Ж.Е., Нургалиева Б.Дж. Мүмкіндігі шектеулі сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс жүргізетін педагог-дефектологтардың кәсіби құзыреттілігі .....  
Даурамбекова А.А. Мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі жастағы балаларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету жүйесі .....  
Байтурсинова А.А. К вопросу о профессиональной деятельности учителя-дефектолога .....

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Специальная педагогика», №1-2 (32-33), 2013

Периодичность - 4 номера в год Выходит с 2001 года.

Главный редактор  
к.п.н., проф., Член корр. международной академии наук педагогического образования К.К. ОМИРБЕКОВА

Редакционная коллегия: д.п.н., проф. В.В. Воронкова (Россия),

д.п.н., проф. Л.Б. Борякова (Россия), б. П.Н., проф. И.Карагъзов (Болгария), д.п.н., проф. Л.Р. Муминова (Узбекистан), к.психол.н., проф. Н.В. Михайлова (Германия), д.п.н., проф. Р.А. Сулейменова, д.м.н., проф. А.А. Тайжан, д.психол.н., проф. Ж.И. Намазбаева, д.п.н., и.о. проф. З.А. Мовкебаева, к.п.н., проф. К.Б. Бектаева, к.психол.н., доцент А.Н. Аутаева, к.психол.н. Т.М. Шалгинбаев, ст. преп. А.А. Даурамбекова (ответ, секретарь)

©Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2013

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10107-Ж

Подписано в печать 17.05.2013.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 22,5 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 126.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.  
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ  
ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ  
ДЕТЕЙ С ОВ

Ахметова Г., Коржова Г.М. Содержание коррекционной работы по формированию коммуникативных навыков у детей с кохлеарной имплантацией, обучающихся в условиях инклюзивной

школы .....	85
Бутабаева Л.А. Кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу іс-әрекетін дамытудың психофизиологиялық негізі.....	88
Денисова И.А. Нетрадиционные практические приемы и средства предупреждения дизорфографии.....	g 1
Оразалиева М.А. Зияты бұзылған оқушыларға музыкалық тәрбие беру ерекшеліктері.....	95
Чулембаева А.Б. Есту қабілеті зақымдалған балаларға ерте жастан түзете-педагогикалық көмек керсету формалары .....	98
Рахимова М.М. Логопедиялық ырақгың балалардың сөйлеу тілін дамытудағы ролі.....	i o 1
Байдосова Д.К. Балалар тамақтануының гигиеналық негіздері....	] 04
Скакова Р.Ә. Рухани адамгершілік тәрбие беруде халық казынасының орны.....	i ю
Тулбегиева Г.Н. Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың фонетика-фонематикалық түсініктерін қалыптастыру .....	114
Ағыбаева С.Е., Жуматаева М.С. Өзін-өзі тану сабақтары арқылы мүмкіншілігі шектеулі оқушылардың есте сақтауын дамыту	118
Өмірбекова Қ.Қ., Абдуразакова Э.Қ. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың диалогтік сөйлеу тілін дамыту жолдары	120
Бектаева К.Б., Кульназарова Г.Т. Арнайы мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға студенттердің даярлығын қалыптастыру .....	124
Тыныбаева Л.М. Кіші мектеп жасындағы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту мәселелері .....	126
Мовкебаева З.А., Жакупова Д.С. Проблемы развития мелкой моторики у детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата	129

ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ  
ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБУЧЕНИЯ ВОСПИТАНИЯ

Намазбаева Ж.И. Проблемы личностно-профессиональной подготовки современного педагога-дефектолога .....	133
Даурамбекова А.А. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ойлау операциялары және олардың өзіндік ерекшеліктері	135
Махметова А.А., Капалова С.К. Есту қабілеті зақымдалған оқушылардың зиятының дамуын зерттеудің қазіргі жағдайы	138
Абдрахманов А.Э. Экспериментальное исследование девиантного поведения детей старшего подросткового возраста .....	140

## ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Жумабекова Э.Ж., Жунисканова З.Ж. Использование нетрадиционных уроков в обучении и воспитании детей с глубокими нарушениями зрения.....	
Жумадилова Б.Н. Реализация индивидуально-дифференцированного подхода в обучении слепых и слабовидящих учащихся	] 43
Щербина А.А., Ахметова А.К. Развитие профессиональной компетентности педагога-дефектолога .....	152
Салмабаева Ж.М. Жалпы сөйлеу дамуының тежелуін тузету жұмысында «Дэльфа-142.1» логопедиялық гренажерін пайдалану	155
Шнетова А.У., Нурахметов Р.Б. Формирование ключевых компетенций учащихся с нарушениями зрения с помощью информационных технологий .....	] 57
Азанова Л.Д., Гурьянова И.П. Самообразование учителя как один из путей развития профессиональной компетентности	]62
Злоказова И.А. Пути развития профессиональной компетенции учителя-дефектолога в условиях специального (коррекционного) учреждения.....	155
Осипова А.Ю. Роль информационных и коммуникационных технологий в процессе преподавания географии .....	] 69

## ХАБАРЛАМА ХРОНИКА

Поздравляем Омирбекову Кутжан Кудайбергеновну! .....	] 74
ГЛОССАРИЙ.....	179

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті алқасының (2008 жылғы 23 сәуірдегі №6) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар Тізбесіне енгізілген.

На основании решения коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (№6 от 23 апреля 2008 г.) Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Специальная педагогика» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

**Құрметті оқырмандар!**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы жинағының «Арнайы педагогика» сериясы, арнайы педагогика-ның теориясымен тәжірибесінің өзекті мәселелерін қарастыруға бағытталған материалдарды жариялауды жалғастырады.

Хабаршының бұл санында «Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін педагог-дефектолог-тардың кәсіби құзыреттілігі» тақырыбына арналған ғылыми-тәжірибелік семинар материалдары қамтылған. Басылымға Қазақстанның, Өзбекстанның, Ресейдің, Польшаның арнайы білім беру мекемелерінің мамандарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, магистранттардың, психологтердің ғылыми мақалалары кеңінен қамтылып көрсетіледі.

Басылымда қарастырылған рубрикалар аясында төмендегідей өзекті мәселелер қарастырылды:

- Дамуында бұзылыстары бар балапарды зерттеу;
- Педагог-дефектологтардың кәсіби құзыреттілігін жоғарлату мәселелері;
- Арнайы білім беруді қажет ететін балаларды түзете-оқыту процесінде компьютерлік технологиялар мен оқыпудың техникалық құрапдарын пайдалану;
- Отбасылық тәрбиелеу мәселелері;
- Мүмкіндігі шектеулі балапарды оқыту және тәрбиелеуде дәстүрден тыс тәсілдерді қолдану;
- Инклюзивті білім беру;
- Ерте жаста коррекциялық көмек көрсету мәселелері т.б.

Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Сіздердің мақалаларыңызды және ұсыныстарыңызды күтеміз. Сіздердің жолдаған мақалаларыңыз Қазақстандағы дефектология ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Құрметпен бас редактор:

п.ғ.к., профессор Өмірбекова Қ.Қ.

**Уважаемые читатели!**

Вестник КазНПУ имени Абая серия «Специальная педагогика» продолжает публиковать материалы, освещающие актуальные проблемы теории и практики специального образования по различным аспектам.

В настоящем сборнике представлены материалы научно-практического семинара по теме «Профессиональная компетентность педагогов-дефектологов, работающих с детьми с ограниченными возможностями». Сборник включает статьи практических работников специальных дошкольных и школьных образовательных организации, преподавателей высших учебных заведений, магистрантов, психологов Республики Казахстан, Узбекистана, России, Польши.

В рамках рубрики рассматриваются такие важные аспекты как:

- Изучение детей с различными отклонениями в развитии;
- Вопросы повышения профессиональной компетентности педагогов-дефектологов;
- Использование компьютерных технологий и технических средств в коррекционно-педагогической работе с детьми особыми образовательными потребностями;
- Вопросы семейного воспитания;
- Использование нетрадиционных приемов в обучении и воспитании детей с ОВ;
- Вопросы инклюзивного образования;
- Оказание коррекционной помощи детям раннего возраста и др.

Уважаемые коллеги, читатели!

Ждем ваших статей и пожеланий. Надеемся, Ваши научные статьи будут способствовать дальнейшему развитию теории и практики дефектологической науки в РК.

С уважением главный редактор:

К.П.Н., профессор Омирбекова К.К.

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІБАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ (ОВ)**

**ЦЕРЕБРАЛЬДІ ПАРАЛИЧ КЕЗШДЕГІ ҚОСАЛҚЫ БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

*Ғ.А. Абаева - пед.г.к., доцент,*

*А.Оналбаева - I курс магистранты, Арнайы және элеуметтік педагогика кафедрасы, ҚазМемҚызПУ*

Соңғы жылдары церебральді паралич диагнозы қойылған балалардың саны едәуір өсуі байқалады. Өртүрлі авторлардың мәліметі бойынша Нэнси Р.Финни [1], Х.Рай, М.Скортен [2], Никитина М.Н. [3], Семенова К.Л. [4], Бадалян Л.О., Журба Л.Т., Тимонина О.В [5] т.б.) 1000 баланың ішінен 1,5-2,5 бала церебральді паралич деген диагнозы қойылады. Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеулерде церебральді паралич - ортапқы жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болатыны дәлелденген. Оның эсерінен тірек- қимыл қозғалысының бұзылуы, сенсорлық, сөйлеу тілінің және танымдық сферапарының зақымдалуы көрініс табады. Сонымен қатар церебральді параличті бар балалардың бойында қосалқы кемістіктер жиі көрінеді. Оның ішінде: көру қабілетінің зақымдалуы - 25%; есту қабілетінің бұзылуы - 20%; зиятының жетіспеушілігі - 25%; психикалық дамуының тежелуі - 40% [4]. Демек, осы категориядағы балапар арнайы білім берудің сапасына тәуелді, бірақ ұзақ жылдар бойы арнайы педагогика сапасы бойынша осы мәселелерге тиісті көңіл бөлінбеген. Бұндай балалардың психологиялық функциясын, жас ерекшелігін және күрделі ауытқудың категориясына қарай жеке коррекциялық жұмысты жүргізуді қажет етеді.

Біздің елімізде де бұл өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында церебральді паралич диагнозымен шамасында 9000 бала тіркелген [6].

Ал енді церебральді параличтің анықтамасына тоқталсақ әр түрлі ғалымдардың пікірі бойынша «церебральді паралич» термині жеке организм дамуының әр түрлі кезеңдерінде мидың толық жетілмеуі және оның бұзылуының нәтижесінде дененің тұрақты қалпын сақтай алмауы мен нақты әрекеттерді орындауда қабілетсіздіктерімен сипатталады. Әлемдік әдебиеттерде ЦП-тің 20-дан аса классификация берілген. Кең таралған топтастырудың бірі Д.С. Футер және М.Б. Цукердің классификациялық элементтерінің негізінде К.А. Семенованың [4] классификациясы қолданылады. Олар ЦП-тің төмендегідей формасын ерекшелейді:

- кос гемиплегия;
- спастикалық диплегия;
- гемипаретикалық түрі;
- гиперкинетикалық түрі;
- атоникалық-астатикалық түрі;
- ЦП-ді параличтің араласқан түрі.

Церебральді параличтің басқа ауытқулықтарға қарағанда өз ерекшелігі бар. Баланың жүйке жүйесі жалпы органикалық түрінде зақымдалған себебінен, тек қимыл-қозғалысының зақымдалуымен шектелмей көптеген қосымша ауытқулықтар байқалуы мүмкін: сенсорлық, танымдық аясында. Әлемдік педагогикалық тәжірибелердің зерттеулерінде церебральді параличпен ұштасатын бірнеше ауытқу мен дамуында күрделі кемістігі бар балалардың даму ерекшеліктері туралы мәліметті үнемі толықтырып, олардың әлеуметтік оңалтуын мүмкіндіктеріне жаңа көзқараспен толықтырылып, олардың білім алуы мен тәрбиеленуі мазмұнын жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттарда жетілдіру үдерісінде.

Ұсынғап мақаланың мақсаты - церебральді паралич кезеңіндегі күрделі ауытқулардың мәнін ашу.

Әрбір балада танымдық қызметтің даму екіпіндері едәуір өзді ереді. Церебральді паралич кезеңінде әр түрлі анализатор жүйелерінің үйлес қызметінің бұзушылығы байқалады. Церебральді паралич кезеңінде бұлшық еттік - буынның сезімі, қору, есту патологиясы жиі кездеседі, ол бабалардың зияткерлік қызметін және ғаным көлемін қабылдауға шектеушіліктің уындаатады. Енді церебральді параличтегі кездесетін қосалқы бұзылыстардың сипатына қысқаша тоқталайық.

### **1. Церебральді параличтегі көру қабілетінің зақымдануы**

Аталған категориядағы балаларда әр түрлі көру қабілетінің бұзылыстары байқалады. Және де осы балаларда керу қабілетінің зақымдауы өзгеше болады: тек көз өткірлігінің төмендеуімен шектелмей, көру аймағының бұзылыстары, көру арқышы қабылдауының зақымдануы көрініс табады. Мысалы: К.А. Семенова атоникалық-астатикалық формасымен бірге спастикалық диплегиясы және екі жақты гемиплегиясы бар балада жеке қозғалыстардың бұрмаланған қабылдауы байқалады деп айтқан: түзу қозғалыстағы саусақты дөңгелек қозғалысы сияқты сезе алады.

Хандерсоның мәліметті бойынша церебральді паралич балалардың 8% - көзі көрмейтіндер, 6% - нашар көретіндер. Сонымен қатар нистагм (13%), көру жүйкесінің атрофиясы (9%), кез өткірлігінің төмендеуі (32-51%), көзді қозғалту аппаратының функциясының бұзылыстары (50-70%), (көз алдында, көз аясында болу) көзқарастың шектеуі (25,5-40,5%), сонымен бірге қарау және бақылауды бекітудің бұзылыстары байқалады. Көру патологиясының бар болуы кез келген ықыластың қалыптасуына едәуір ықпал етеді. Кейде бала максатқа бағытталған қарапайым әрекеттерді орындауға шабығы болмайды. Бұл белсенді ықыластың әлсіздігінен көрнеді. Белсенді ықыластың бұзушылықтарынан кез келген ақпаратты қабылдауда және өңдеуде танымдық сфераның бастапқы кезеңі зақымдалады. Едәуір кешірек (4-8 айдан кейін) көздің шоғырлануы пайда болады. Ол көздің бұлшық етіндегі тониялық рефлексстерінің қылилық- пен немесе көздің ойнақшумен (нистагм) ықпал жасайтын патологиялық ерекшеліктері бейнеленеді. Көзді қозғалту анализатор функциясының бұзылысының эсерінен көру арқылы бақылауы кешірек қалып- тасады және үзінділікпен, секіріс тәрізділікпен және көзқарастың шектеуімен бейнеленеді.

Қозғағыш функциялардың, сонымен бірге көздің бұлшық еттік аппаратының зақымдалуы қол және көздің үйлесімді қозғалыстарын бұзады. Кейбір балаларда көз қозғау реакциясы рефлексорлық түрде болады, ол тәжірибеде баланың моторлы және психикалық қызметін іске қоспайды. Олардың көру - моторикасының үйлесімі бұзылғандықтан балалар өз қозғалыстарын көздерімен қадағалай алмайды. Сондықтан пәндік қызметтің дамытуына, кеңістіктік туралы мағлұмат алуға, көрнекі-әсерлі ойлауға, сонымен қатар болашақта оқу дағдыларын меңгеруге, барлық танымдық қызметтің дамуына, өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын ондіруге кедергі келтіріп, кешеулетеді (көзқарастың бірлігін және қабылдауды құрастыруында негативті бейнені эсердің өрісі). Көру - моторикасының үйлесімділігі церебральді паралич! бар балаларда 4 жастан бастап қалыптасады.

Церебральді параличті бар балалар күрделендірілген нұсқадағы заттық суреттерді көру арқылы танып (гнозис), қабылдауда қиындықтар туындайды (сызып тасталған, бір-біріне салынған тағы басқалар). Құрама фигураларды қабылдауларында қиындықтар байқалады (мысалы, қоян және үйрек). Кейбір балаларда көру арқылы қабылдаған алдыңғы суреттер ұзақ сақталынғандықтан ары қарай қабылдауға кедергі келтіреді. Суреттерді қабылдауда айқындылық болмайды: балалар таныс заты бар бірде суретті әрқалай «тани» алады. Көбі керек суреттерді таба алмайды және тани алмайды, керек бөлшекті суреттен немесе табиғи ортадан таба аламайды. Бұл сюжетті суреттердің мәнін ұғынуына қақпалайды. Цифрлар және әріптерді жазуда қиыншылықтар пайда болады: бала аударылған суреттерде немесе дәптер торша- ларында нашар бағдарланады. Әріптердің график түрінде орнын толтырудың қиындықтары тек оптика - кеңістіктің бұзушылығымен ғана емес сонымен бірге неврологиялық эсер етулермен байланысты (атаксия, парез, гиперкинез және т.б). Есептік ауытқуда - сандарды қабылдауда, цифрлардың график түрінде суреті біліп, заттарды санауда және оларды өрнектеуде қиындықтар туындайды. Кейде, ішкі қылилықтың себебінен көру аймағы шектеледі. Мысалы, баланың сол көзінің қозғалыс аппараты түбегейлі бұзылуы- нан сол жақ көз аяққа басуға істеп шығара алады. Сурет салу және жазу кезеңінде бала тек қана парактын оң жағын қолданады, құрастыруда - сол жағына фигураны оюды аяқтамайды, суреттерді қарау барысында - да - суреттің тек қана оң жағын көреді. Дәл сондай зақымдаулар оқу барысында кәрініс табады.

Нистагм кезеңінде бала зат туралы бүтіндік оптикалық түсінікті қалыптастыра алмайды. Бейнелерді қабылдау нақты емес, бұрмаланған және үзінді «бөлшек-бөлшек» түрде.

## **2. Церебральді паралич және есту қабілетінің зақымдалуы**

Зерттеушілер есту қабілетінің 6-23%-ке, гиперкинетикалық формасы бар балаларда - 60%-ке төменде- тулерін белгіледі.

Церебральді параличті бар балапарда есту арқылы бағдарлау реакцияларының өзгешіліктері орын алады. Мысалы, дыбыстық қоздырғыш жалпы қозғалыстардың тежелуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар бағыттаушы реакцияның қимыл-қозғалыс компоненті болмайды, яғни жарыққа немесе дыбысқа бастың бұрмауы. Кейбір балаларда бағытталудың орнына қорғаныштық реакциялар пайда болады: селк ете түсу, жылау, қорқу.

Кез келген есту қабілетінің зақымдалуы сойлеу тілінің дамуын тежейді. Оған қоса дыбыстарды айту бұзылыстары байқалады. Бұл жағдайда сақталған томен жиілікпен жоғары жиілікті тондарға дыбыстың төмендетуі тән.

Бала жоғарғы жиіліктегі дыбыстарды естімейді (к, с, ф, ш, в, т, п) және оларды айтуда киналады (соз- дерде олар откізеді немесе басқа дыбыстармен алмастырады). Көп балаларда ұқсас дыбыстарды (ба-па, ва-фа) ажырата алмауы дыбыстардың дифференциалдау бұзылысы мен фонематикалық қабылдауының нашар дамуынан көрінеді. Кейбір жағдайларда есту қабілетінің төмендетулері болмаған жағдайда оның орнына есту жады мен есту арқылы қабылдауындағы кемшілік болуы мүмкін. Дыбыстық қоздырғыштар-

ға үлкен сезгіштік танытады (балалар кез келген күтпеген жайттарға, дыбыстарға селк ете түсіп, жыпы- лықпайды), бірақ дифференциалданған дыбыстық қоздырғыштарының қабылдауы жеткіліксіз болады.

### **3. Церебральді паралич және психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)**

Церебральді паралич бар балалардың аномалиялы даму түрлерінің арасында жиірек кездесетін дамуының тежелуі бойынша психикалық инфантилизмнің түрі 50-60%-ке дейін кездеседі. Психикалық инфантилизмнің негізінде дисгармониялық зияткерлігі жетілген және эмоционалдық-еріктік саласының соңғы кезеңінде жетілмеуі жатады. Инфантилизм кезеңдегі психикалық даму жеке психикалық функция- лардың бір қалыпты дамуымен сипатталады. Церебральді паралич бар балалар дамуының тежелуі - қоршаған орта заттары мен құбылыстардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты, заттардың арасындағы себептік-тергеулік байланыстарды қиындықпен орнатып, ажырата алуымен айқындалады. Заттардың классификациясын қағидасына сәйкес нақты ситуациялы байланыстарда өткізеді. Жалпылауыш ұғымдар мен формаларды құрастыруында тежелу байқалады (заттарды топтастыру, артықтөртіншіні ерекшелеу, қарапайым әңгіменің мазмұнын ұғыну және т.б.). Логикалық ойлаудағы дамудың тежелуі әдетте танымдық мүдделердің ұйымдастырудың төменгі деңгейімен, ойын мотивтерінің басымдылығы- мен байланысты. Абстрактілі ойлаудың нашар дамуы ең алдымен есептеуді меңгеруінде айқындалады.

3. С. Калижнюктің [7] зерттеулері бойынша психикалық дамудың тежелуі екінші себептерімен шартталғандықтан, олар жиі екі сипатта болады: сенсомотордың жеткіліксіздігі мен қимылсыздық салдарынан онашалауға мәжбүрленуі. Дегенімен дер кезінде және дұрыс ұйымдастырылған түзету - педагогикалық көмек, церебральді паралич бар балалардың ақыл-ойын дамытудағы қолайлы динамикасы байқапды.

### **4. Церебральді паралич және зиятының жетіспеушілігі**

Церебральді паралич кезеңінде ақыл-ойдың ауытқудың болу мүмкіндігі сөзсіз: зияткерлік дамытудың төменгі деңгейінен бастап ақыл-ой дәрежелерінің ең ауыр деңгейіне дейін жетеді. Фелпстің пікірі бойынша [8] балалардың 30%-тің зиятының жетіспеушілігі байқалады, ал керісінше олигофренияда 25%-ті церебральді паралич бар балалар.

Церебральді параличтің ақыл-ой кемістігімен ұштасуының себебі - ерте кезеңінен бастап жалпы ми жүйелерінің нашар дамуы мен тоталды жетілмеуі. Бұл формадағы алғашқы дамудың ауытқуларның бірі ойлау қызметінің жоғарғы формасы - абстрактілі ойлаудың жетілмеуі болып табылады. Оған тән: тепе- теңдік сақтамайды; мәліметтердің тапшылығы; өзіндік дамудың үзік «қуыстардың» болуы; қабылдау әдістерінің қалыптаспауы; әлеуметтік жағынан жетілмеуі. Бұдан басқа, коррекциялық көмектің жоқтығы балалардың даму аймағының өресіздігіне, қарқынды дамуына шек қояды.

Сонымен, церебральді паралич кезеңіндегі балалардың кешенді ауытқулары психолого-педагогика- лық, клиникалық қатынастары жағынан біртекті емес. Церебральді паралич бар балалардың қимыл- қозғалысындағы ауытқу деңгейіне қарамастан есту және көру қабілетінде де, зиятының ауытқушылығы да болуы мүмкін. Церебральді паралич кезеңіндегі ауытқулардың құрылымы барлық категориядағы балаларға тән өзгеше ерекшеліктер болады. Оларға мыналар жатады:

- Жеке психикалық функциялардың ауытқулары тепе-теңсіздігімен, дисгармониямен сипатталады. Бұл ерекшелік церебральді параличтің ерте даму кезеңіндегі мидың зақымдануымен байланысты.
- Организмнің әлсізденуіне әсер етуі көрсетілген - ол тез шаршағыштық, барлық психикалық процесс- тердің әлсіреуі, сонымен бірге орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануымен байланысты.
- Қоршаған орта туралы мәліметтері мен білім қорының аздығы. Церебральді паралич бар балалар қоршаған ортаның болмысы мен әлеуметтік саланың көп құбылыстарын білмейді, олар тек өз тәжірибе- сіндегі болған мағлұматтарды жиірек қолданады.
- Зейін қояудың жеткіліксіздігі, қабылдаудың баяулығы, механикалық жадының көлемі жағынан төмендеуі, қызметтің басқа түрлеріне қиындықпен көшуі атап көрсетіледі. Балалардың көбі төмендетіл- ген танымдық белсенділігімен ерекшеленеді, ол бапаның қызығушылығының төмендігінен, қадағалау- шылығының нашарлығынан, психикалық процесстердің баяулығынан байқапды. Зияткерлік тапсырма- ларды орындау барысында тез қажуы, жұмысқа қабілетсіздігі церебральдық синдроммен байланысты. Сонымен бірге әдетте нысананы көздейтін қызметі зақымдалады.
- Церебральді паралич бар балаларға ерік-жігер саласының түрлі ауытқулары тән. Бір балада - ол жоғарғы қызу қозғалыспен, тітіркендіргіштікпен, қозғалыстың тежелгіш түрлерінде байқатса, ал екінші балада - тежеулік, ұялшақтық, қорқақтық түрінде айқындалады. Көңіл-күйдегі қобалжуға әуестену жиі қызу реакциялардың селкостығымен ұштасады. Баланың қажуы және жаңа жағдайда бағдарлануда көтеріңкі қызу қозғалыс жылдаулықпен, қыңырлықпен, наразылықтың реакциясымен ұштасады. Бірақ өзінің күйіне сын айтушылардың аздығынан, кейбір уақытта қуанышты, көңіл қошты, көтеріңкі көңіл- күйде болады.



1. Финни Н.Р. Ребенок с церебральным параличом. Помощь. Уход. Развитие: книга для родителей / Под ред. Ключковой Е.В. - М., 2009.
2. Дети с острым церебральным параличом / Под ред. Х.Рай, М.Скортен. - М., 1990.
3. Никитина М.Н. Детский церебральный паралич. - М., 1979.
4. Семенова К. А., Танюкина Э.И., Шестаков В.П. и др. Комплексная реабилитация детей с ДЦП / Методические рекомендации. -М.-СПб., 1998.
5. Бадалян И.О., Журба Л.Т., Тимонина О.В. Детский церебральный паралич. - Киев, 1988.
6. Булекбаева Ш.А. Современные методы в комплексной реабилитации детского церебрального паралича / Руководство для врачей. - Астана, 2008.
7. Шипицына Л.М., Мамайчук И.И. Детский церебральный паралич. - СПб., 2001.

Резюме

В данной статье рассматриваются распространенность и характер сопутствующих нарушений при детском церебральном параличе.

Resume

This article describes the prevalence and nature of underlying cerebral palsy.

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИВТІМШЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Р.Б. Абдрахманова - доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Е.Н. Манауова - I курс магистранты

Адамның туш ға болып қалыптасуы қоғам дамуының кез келген кезеңіндегі өзекті мәселе. Оның үйлесімді дамуының қажетті шарты адамгершілік сана, сезім және мінез-құлық жиынтығын көрсететін рухани-адамгершілік тәрбие болып табылады.

Қоғамның білімді және тәрбиелі адамға сұранысы қазіргі білім беру жүйесінде өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетінде гуманистік құндылықтарды пайымдайтын ізгі, интеллектуалды әлеуеті дамыған, патриот тұлғаны қалыптастыру міндетіне бағдарлайды.

XXI ғасырда адамзат ғылыми-техникалық жетістіктерге ие болғаны баршамызға белгілі. Бірақ осындай жетістіктерге қарамастан, қоғамда жағымсыз құбылыстар да жиілеп барады. Соның ішінде, дүниежүзілік дағдарыс көріністері ретінде ішімдікке, нашарлыққа, токсикоманияға салынып кеткен жеткіншектердің көбеюін, жеткіншектер қылмысын, жеткіншектердің өзіне-өзі қол жұмсауын ерекше атап өтуге болады. Көптеген жағдайларда адамгершіліктің жетіспеушілігі, жеткіншектер арасында жалпы адами әдеп негіздерінің әлсізденуі, қызбалық, ашуланшақтық, қатыгездік, кек сақтаушылық, жағымпаздық, өркөкіректік т.б. жағымсыз қасиеттер әр түрлі деңгейдегі шиеленіс туындауының негізгі себептері болуда. Сонымен бірге *элеуметтік фрустрация* да жиі байқалады, ол адамдардың болашақтың белгісіздігіне аландаушылығы, мақсатқа жете алмауындағы торығып күйзелуі, жеке тұлғаның өзін дәрменсіз, ешкімге қажетсіз сезінуі, балалар мен ересектердің элеуметтік қорғаныссыздығынан абыржуы, уайымға салыну сияқты психологиялық жағдайы.

Міне осындай жағдайлар *агрессивтілікке* алып келіп, қоғамда жетістіктерге жету күресінің құралы ретінде агрессивтілік ашық және жасырын формада қолданылуы сирек емес.

*Агрессивті мінез-құлық* - қоғамдағы қалыптасқан нормалар мен ережелерге қарсы, басқаға кедергі келтіру мақсатына бағытталған деструктивті мінез-құлық. *Агрессия* - бұл адамның физикалық және сөздік (вербалды) формадағы арнайы әрекеті. *Агрессивтілік* - адамның тұрақты қасиеті ретінде агрессивті мінез-құлыққа дайындығы.

Сондықтан бүгінгі таңда *агрессия* өзекті мәселеге айналууда. Соңғы уақытта жеткіншектердің ауытқушылық мінез-құлқы ретіндегі қатыгездік, агрессиялық, жағымсыздық, асоциалды мінез-құлықтарының жиі байқалуы бұл мәселені тереңірек зерттеуді талап етеді. Осындай ауытқушылық мінез-құлықтың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу психология ғылымының негізгі мәселесінің біріне саналады.

Агрессиялық мінез-құлық табиғаты біршама зерттелді. Агрессияны зерттеу тәсілінің әдебиеттердегі алуан түрлілігі бұл құбылысты және оның пайда болуына ықпал ететін факторларды, сонымен қатар адамның агрессивті мінез-құлқының құрылымы мен сипатын әр түрлі тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

А.Адлер [1] агрессивті мінез-құлықты қол жетімді тұрғыдан бақылауды қарастырса, Л.Берковиц мақсатты ұстаным, У.Мак-Дауголл агрессияны деңгей бойынша ұйымдастыруға назар аударады, Н.Миллер басқа адамға қатынастағы агрессивті әрекеттің бағыттылығын сипаттайды, Э.Фромм [2] агрессияның функциясын, А.Басс бақыланған аспекті тұрғысынан агрессивті мінез-құлыққатолық сипаттама береді. 8 \_\_\_\_\_

Эр зерттеуші агрессивті мінез-құлықты зерттеуде ескерілетін бұл құбылыстың өмірдегі кездесетін белгілі бір жақтарын ашып көрсеткен.

Теориялық бағыттарды осылай жүйелеу концептуалды талаптарды талдап қорытындылау тұрғысынан агрессивті мінез-құлықтың құрылымын оның әрбір элементін қарастыру арқылы сипаттауға мүмкіндік береді.

Құрылым жүйенің әрбір элементтері арасындағы тұрақты байланыстың бірлігі ретінде қатысатын құрылыс және ішкі формаларды ұйымдастыру. Құрылымдық элемент агрессияның сыртқы (мінез-құлық-тық) және ішкі (психологиялық) құрауыштары болып табылады.

*Агрессияның сыртқы құрауышына* агрессияның формасы, агрессиялық әрекеттің бағыттылығы, оның көріну жиілігі мен деңгейі жатады. *Агрессияның ішкі құрауышы* агрессивті мінез-құлықты тудыратын әрі оған итермелейтін, оны күшейтетін және қолдайтын тұлғалық және жеке психологиялық факторлардың жиынтығын көрсетеді.

Теориялық және эмпирикалық зерттеулерді талдау агрессияның детерминациясы мәселесін шешудің бірқатар тәсілдерін беліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- инстинкт теориясы (З.Фрейд, К.Лоренц) [3];
- агрессияның фрустрация теориясы (Дж. Доллард) [4];
- агрессияның танымдық теориясы (З.Берковиц);
- әлеуметтік үйрету теориясы (А.Бандура) [5];
- мотивациялық теория (S.Feshbach, Н-Ж Kornadt, D.Olweus).

Жоғарыдағы ғалымдар өз зерттеулерінде мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқушылыққа себепші болатын индивидтік, жеке-даралық, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық факторларды жүйелі талдау жүргізеді.

Агрессияның табиғатын зерттеудің қазіргі заманғы теорияларында агрессивті мінез-құлық детерминанты ретінде қатысатын адамның тұлғалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Бұл агрессиялық мінез-құлық құбылысын зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады және ол туралы білімді кеңейтеді, мұнда тұлғаның жеке дара және психологиялық қасиеттеріне ерекше назар аударылады (Массен П., Конджер Дне., Каган Дж., Хьюстон А.) [6].

Сондықтан әдебиеттерді талдау психология ғылымында агрессия детерминанты және агрессивті мінез-құлық формасын бақылау мәселесін екі тұрғыдан қарастырады ден тұжырымдауға мүмкіндік берді. *Бір жағынан*, агрессия сыртқы факторлар арқылы анықталса, *екіншіден*, ол әлеуметтену үрдісінде қалыптасады және тұлғаның ішкі қасиеттерімен негізделеді.

Бұл ресей психологтарының (Б.Ф. Ломов, С.Л. Рубинштейн [7]) агрессивті мінез-құлықтың детерминациясындағы ішкі және сыртқы факторлардың арақатынасы турапы көзқарастарымен үндеседі.

Мінез-құлықтың агрессивті формасын көрсететін сыртқы факторларға орта және жағдаяттар жатады, ал ішкі факторларына танымдық, эмоционалдық және мінез-құлықтық (өзін-өзі реттейтін) аспектілерді енгізетін өзара байланысты, өзара дәлелденген тұлғалық және жеке-психологиялық ерекшеліктер жатады. Олардың жиынтығы агрессивті мінез-құлықтың компонентті құрамы мен оны ұстап тұратын механизмдерден тұрады.

Жеткіншектердің агрессивті мінез-құлық ерекшеліктерін ресей және шетел ғалымдары (Т.С. Васильева, НА. Дубинко, О.В. Жилина, О.Н. Истратова, П.А. Ковалев, И.С. Кон, Н.Г. Самсонова, Е.О. Смирнова, Д.И. Фельдштейн, В.Д. Шариков, F.L. Goodenough, L.Kemmler [8]) зерттеді.

Әлеуметтену үрдісінде агрессивті мінез-құлықтың құрылымында өзгерістер болады. Жасына қарай жеткіншектер агрессияның физикалық формасынан жанама, сөздік (вербалды) және негативті формасына өте отырып, әлеуметтенудің тәсілдерін көрсетуді үйренеді. Бұл интериоризация механизмнің мүмкін құралы болып, өскен сайын өзінің мінез-құлқын басқару тәсілін де меңгереді.

Жеткіншектегі агрессиялық және агрессивті емес мінез-құлық моделі әлеуметтену үдерісінің тікелей көрінісі болады. Мінез-құлықтың ауытқушылығы немесе әлеуметтік дезадаптация әлеуметтік мақұлдамаушы мінез-құлық формасының туындауынан көрінеді.

Сондықтан агрессияның пайда болуы мен көрінуінің *сезімтал (сенситивті) кезеңі* жеткіншектік кезең болып табылады. Ол бірқатар себептермен дәлелденеді. *Біріншіден*, бұл жаста осы мінез-құлық формасының пайда болуына ықпал ететін тұлғаның тұрақты қасиеті қалыптасқан және жеткілікті болады. *Екіншіден*, жеткіншектік кезеңге эмоционалды сезімталдық пен қызбалық тән, ол импульсивті әрекеттің, соның ішінде агрессивті әрекеттің сипатын көрсетуге себепші болады. *Үшіншіден*, осы жастық кезең сыртқы детерминация түріндегі агрессивті мінез-құлық моделі ретінде құрдастары арасында белсенділіктің табысты формасы әрі жоғары маңызға ие болады. Бұл факторлар жиынтығы жеткіншектер арасында агрессивті мінез-құлықтың пайда болуына және оны қолдауға ықпал етеді.

Мінез-құлықтың ауытқушылық формасының пайда болуында нервтік-психикалық факторлардың, нерв жүйесі дамуының аномалиясының ерекше маңызды екендігін ғалымдар (В.В. Лебединский [8] және т.б.) өз зерттеулерінде жан-жақты қарастырады.

Осы мәселелер төңірегінде шетел зерттеушілері бала агрессиясы мен отбасындағы тәрбие стилінің арасындағы тікелей байланысты тапқан. Агрессивті мінез-құлық формасының детерминациясы ретінде әлеуметтік сипат себептері, онда негізгі рөлді атқаратын фактор ретінде отбасын қарастырған. Нормативті формадағы жеткіншектер агрессияны жанама және негативті жасырын формалар арқылы көрсетеді.

Американ зерттеушілері А.Бандура мен Р.Уолтерс өз баласының агрессиялы әрекетіне аса көңіл бөлмейтін, тіпті қостауға бейім ананың баласы тағы да агрессиялы бола түсетіндігін көрсетеді [8].

Гуманистік бағыттағы ғалымдар Э.Эриксон [8] және т.б. агрессия мен зорлықты өзінің негізгі жағдайымен байланыстыра зерттеп түсіндіреді.

Қорыта келгенде, агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы көптеген факторлар қатысатын күрделі үдеріс. Бұл мәселені зерттеген ғалымдар агрессивті мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Жоғарыда айтылғандай ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, *екіншілері* оларды бөлмей, жанұяда берекенің болмауы; ата-ананың «ерекше» қамқорлығы; тәрбие берудегі кемшіліктер; өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау; өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы; сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау; психобелсенді заттарды жиі пайдалануы; агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы; мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы; балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының мәселелері деп жинақтап көрсетеді.

*Үшіншілері* төмендегі факторларға бөліп қарастырады:

- биологиялық факторлар - баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын *фгвиологиялық және анатомиялық, психофизиологиялық* жағымсыз ерекшеліктер;

- психологиялық факторлар - бұған психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы және т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда көрінеді;

- әлеуметтік-педагогикалық факторлар - мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты туындайтын жағдайлар;

- моральдық-этикалық факторлар - қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы.

Демек агрессивті мінез-құлықты түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ үдеріс, онда шыдамдылық пен белсенділік, белгілі қағидалар басшылыққа алынуы қажет.

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*. - Астана, 2010 ж. 7 желтоқсан,

2. *Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика /Жаты редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.*

3. *Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности*. - М., 1994. - 78 с.

4. *Бирюшев Р.Р. Психология агрессивности и делинквентности*. — Из-во. Кокшетауского ун-та. 2003.

5. *Күлсімбаева Г. Жеткіншектердегі агрессия мәселесі // Вестник КазНПУ им. аль Фараби, серия психология и социология*. -Алматы, 2003.

6. *Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы 4 том. Психология /ред. алқасы С.Қирабаев, М.Базарбаев т.б.* - Алматы: Ғылым, 1998. - 448 б.

7. *Бирюшев Р.Р. Психология агрессивности и делинквентности*. - Из-во. Кокшетауского ун-та. 2003.

#### Резюме

В данной статье раскрываются влияние психологических факторов на возникновение агрессивного поведения подростков. Даются анализ работ ученых по исследуемой теме, а также определения терминов как «агрессия», «агрессивное поведение», «агрессивность».

#### Resume

In this article influence of psychological factors on emergence of aggressive behavior of teenagers reveals. Definitions of terms as "aggression", "aggressive behavior", "aggression" are given the analysis of works of scientists on a studied subject, and also.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛДАМАҒАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМЫНЫҢ  
ЖАҒДАЙЫ (ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ)

Г.Б. Ибатова - аға оқытушы, «Арнайы педагогика» кафедрасы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМҚПУ 2 курс магистранты

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету-педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшелікте- рін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін ЖСТД балалардың сөйлеу тілінің, атап айтсақ, грамматикалық жағын анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасуының ерекшеліктерін анықтау мақсатымен арнайы зерттеу ұйымдастырылды. Зерттеуге барлығы 100 бала қатысты. Оның ішінде сөйлеу тілі қалыпты дамымаған 50 бала, сөйлеу тілі қалыпты дамыған 50 бала.

ЖСТД үшінші деңгейіндегі балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру 5 тапсырмадан құрылған 2 сериядан тұрады. Тапсырмаларды құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу тіл мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз қорының қалпына назар аудардық. (әдістеме толық әдебиетте көрсетілген Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы, 2013 ж. №3-4 сипатталған).

Анықтауыш зерттеудің бірінші сериясындағы тапсырмалардың бағыты: зат есімдердің сөзжасамдық аффикстерін бөлу (затты немесе іс-әрекеті бойынша атау, мамандығы, іс-әрекеті бойынша зат есім негізі- нен *-шы* жұрнағы арқылы құралған сөздер), затты белгілеу үшін, заттық мән білдіретін жұрнақ *-ша, -ше; -ғыш* жұрнағы арқылы заттарды (зат салатын) сидыратын заттарды атау, кішірейтіп айту арқылы экспрес- сияны білдіру жұрнағы *-шік, -шіа, -ше*.

Екінші сериядағы тапсырмалар ауызша, көрнекіліксіз берілді. Эксперименттің екінші сериясы балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау мүмкіндіктерін айқындауға бағытталды. Бұл сериядағы лексикалық материал балаларды жұрнақтар арқылы зат есімдер жасауға бағыттайтындей тапсырмалардан құрылды.

Сөзжасам дағдыларын тексеру бойынша анықтауыш зерттеу кезінде жинақтаған мағлұматтарды келесі жүйе бойынша талдадық. Балалардың берілген тапсырмадағы он сұраққа жауап беруін бағалағанда үш ұпайлық жүйені пайдаландық:

10-8 дұрыс жауапқа - 3 ұпай берілді;

7-4 дұрыс жауапқа - 2 ұпай берілді;

3-1 дұрыс жауапқа - 1 ұпай берілді;

1-0 дұрыс жауапқа - 0 ұпай берілді

Сөз жасау дағдыларының деңгейін анықтау үшін төмендегі ұпайлық критерийге сүйеніп, төрт деңгей- ді белгіледік:

1. Жоғары деңгей - 3 ұпай (10-8 тапсырманы орындауы);

2. Орташа деңгей - 2 ұпай (7-4 тапсырманы орындауы);

3. Томен деңгей - 1 ұпай (3-1 тапсырманы орындауы);

4. Өте томен деңгей - 0 ұпай (1-0 тапсырманы орындауы).

Сонымен қатар, тапсырмаларды орындау барысында оны өз бетімен, бірден орындауы, дұрыс түсінуі, көмектің турлерін пайдалануы ескерілді. Балаларды ң сөзжасау дағдыларының деңгейін анықтау, аталған критерийлерге сүйене отырып 4 деңгейге бөлінді:

- жоғары;

- орташа;

- төмен;

- өтетөмен.

*Жоғары деңгейге* - тапсырманы дұрыс түсініп, бірден, өз бетімен, тек ынталандырушы, эмоционалды көмекті қажет еткен, нәтижесінде 3 ұпай алған балалар жатқызылды;

*орташа деңгейге* - тапсырманы орындағанда ойланып, кідіріп жауап берген, бағыттаушы көмекті қажет еткен, кейбір тапсырмаларды толық орындамаған, нәтижесінде 2 ұпай алған балалар жатқызылды;

*төмен деңгейге* - тапсырманы орындағанда көп уақытты қажет еткен, педагогтың бағыттаушы, ұйым- дастырылған сұрақ-көмегін қажет етіп, жауап берген, нәтижесінде 1 ұпай алған балалар жатқызылды;

*өте төмен деңгейге* - тапсырманы орындағанда, ойлануға көп уақыт берілсе де, оқыту экспериментінің элементтерін қолданғанда да, орындай алмаған балапар жатқызылды.

*Зерттеу нәтижесін талдау:* ЖСТД балалар бірінші тапсырма бойынша етікші сөзін - *етік тігетін адам, етік тігетін ағай*; жұмысшыны - *жұмыскер, жұмыс істейтін ат*, бишіні - *бипеуші, бипеуші қыз, бикеги*; тігіншіні - *тігіндер, тігуші*; есепшіні - *есептер, есептеуші* құрылысшыны - *үй салғыш*; жүргізушіні - *водитель, таксис*; оқытушыны - *оқыту стай, оқыту сабақ, мұғалім, апай, ұстаз, сабақ тәрбиеші*, тіпті *сабақ* деген сияқты жауаптар берді. Балалардың бұл тапсырманы басым көпшілігінің дұрыс орындауы мауы күнделікті өмірде бұл сөздерді қолданбауы, көбіне орыс тілінде айтуы себебінен деп ойлаймыз.

Ал, екінші тапсырма бойынша, *-ша, -ше, -шік* жұрнақтарын қолданып, заттарды кішірейтіп атау болатын. Осы тапсырма бойынша ЖСТД балалардың көбі *-шік* жұрнағын пайдаланғанда ең көп қате жіберді (үй - *кішкентай үй*, көл — *кішкентай көл*). Ал, сөйлеу тілі қалыпты балалардың көбісі *-ша* жұрнағының көмегімен құрастырғанда көп қате жіберді (кітап - *кішкентай кітап*, қап - *кішкентай цст*). Осы топтағы ЖСТД балалардың біреуі мынадай жауап берді: *қобди - төбелек, қобдик*; қап - *мешок*; қалақ - *совок*. Мұның себебі, күнделікті өмірде бұл сөздерді қолданбауы және отбасында екі тілде сөйлесуі себебінен екені айдан анық.

Сөзжасам дағдыларын зерттеу мақсатында белгілі аффикстерді дұрыс қолдануына көңіл аудардық. Яғни, үшінші тапсырма бойынша *-ші, -шы* жұрнақтары арқылы мамандықтың атауын құрастыру болатын (етікші, оқытушы, жұмысшы, биші т.с.с). ЖСТД балалардың пайыздық көрсеткіші сөйлеу тілі қалыпты балалардың жауаптарынан әрине төмен. Сөйлеу тілі қалыпты балалар сұрақ қойған кезде бірден қиналмай сатушы, тәрбиеші деп жауап берді. Сиыр сауатын адамды кім дейміз? (сауыншы) деген сұраққа: *сиыршы, саушы* Мал бағатын адамды кім дейміз? (малшы) деген сұраққа: *малғашы, мал бағушы, ата бсгады*; Үй салатын адамды кім дейміз? (құрылысшы) деген сұраққа: *үй салғыш, үйші*; Терезеге әйнек салатын адамды кім дейміз? (әйнекші) дегеннің орнына: *әйнек салғыты*; Сабаққа баратын баланы кім дейміз? (оқушы) дегеннің орнына: *сабақшы, бача* деп жауап берді. Мұндай қателерді жіберу себебі, мұндай сөздерді күнделікті өмірінде бала көп қолданбайды, әрі сөзжасауда қойылған сұрау сөзінің негізін алып, өзгерте салады. Атап айтқанда: сиыр сауатын адамды кім дейміз? сұрағынан: *сиыр бағаты* сөзде- рін алып *сиыр бағушы* деп, Сабаққа баратын бапаны кім дейміз? (оқушы) сұрағынан: *сабақ* сөзін негізге алып *-шы* жұрнағын қосып сөз жасап отыр: *сабақшы*.

Төртінші тапсырмада сөздерді жұрнақсыз айтуда балалар тапсырманы бірден түсіне қоймады. Төмен деңгейдегі балалар көмекті және оны бірнеше рет қайталағанды қажет етті: Менде кішкентай көрпеше бар, ал сенде үлкен не бар, оны қалай айтамыз? Суреттерден үлкен және кішкентай көрпе - көрпешені керсеткенде айтты. Ал, өте төмен деңгейдегі балалар аталған көмек бола тұра, ойлануға көп уақыт берілсе де, оқыту экспериментінің элементтерін қолданғанда да, нәтижелі жауап бермеді.

Бесінші тапсырма сөзжасам әдістерін қолдануын анықтау бойынша, ЖСТД балалар сөзжасам әдісте- рін қолдану дағдысын анықтауда: қапшаның орнына *цапшы*, кітапшаның орнына *кітапшы, кішкентай кітап* деген жауаптар берді. Яғни бұл жоғарыдағы тапсырмалардағыдай: етікші, сиыршы сөздерін жасағандай *-шы* жұрнағын қосып *-кітапшы, цстшы* сөздерін туындатып отыр.

Екінші сериядағы бірінші тапсырмада сөз жасаушы жұрнақтарды дұрыс пайдалану дағдысын анықтауда, төмен деңгейдегі ЖСТД балалар көмекші сұрақтарды қажет етті. Мысалы: Сен күнделікті өмірде мына сөздердің қайсысын естідің: *інішек, ініше, ініша*. Балалар осы тапсырма бойынша қойылған сұрақтан кейін шеше сөзіне *-ша* жұрнағын қосып, *шешеша, шешешы* деп жауап берді. Сонымен бірге *жазушы* сөзін *жазуша, інішек* сөзін *ініша, ініч, күркешік* сөзінің орнына *күркеша, күркеке, күртеше* сөзін *күртеша* деп жауап берді. Мұның себебі, балапардың бұл сөздерді түсінбеуі, күнделікті өмірде қолданбауы болып отыр. Сонымен қоса *күрте* сөзіне *-ша* жұрнағын қосып, *күртеша* деп атауының өзі балапардың сөз негізін белгілей алмай, мәнін саналы түрде түсінбегеннен деп түсіндік.

Екінші тапсырма бойынша түбірлес сөзжасам дағдысын анықтауда балалар қиналды. Мысалы: *Ал, көр {-у, -ғыш, -гіш, -гыз, -гіз, -ым-, ім,-ма, -ме)* сөздеріне мына жұрнақтарды қосып, сөзжасауда қиналып *алгіш, корма, ате, ілге, ілгу* сияқты жауаптар берді. Бұл балалардың тапсырманы дұрыс түсінбегендігінен, сонымен қатар оларда сөзжасау біліктерінің қалыптаспағандығы деп тұжырымдадық.

Үшінші тапсырмасы зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып туынды сөзжасауын анықтауда балалардың көбі тапсырманы қиындықпен орындады.

Бұл тапсырма бойынша да, бағыттаушы көмек ұсындық. Көмекші сұрақтар: сен күнделікті өмірде мына сөздердің қайсысын естідің: *балалық, балалық, баладық?* - деп сұрағанда жауап берді. *Кішіпейілдік* сөзінен *кішіпейілді, кішіпейіл, кішік, биіктік- биіктік, биіктеу, биіқтық* деп жауап бергендер болды. Тапсыр- малар күрделенген сайын орындауда балалар қиналды, көреетілген көмекті қабылдамағандар да болды.

Екінші серияның төртінші тапсырмасы еліктеу арқылы сөздерден зат есім жасапатын жұрнақтарын пайдалануын анықтауда көмек бергенде ғана, мысапы: үш нұсқаудың қайсысы дұрыс? Деп сұрақ қойған- да жауап берді. Дегенмен тапсырма күрделенген сайын балалар қиындықпен орындады. Бұл балалардың еліктеу арқылы сөздерден жаңа сөз жасайтын жұрнақтарын қолдану дағдыларының төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетіп отыр. *Гүріл* сөзін *гуру*, *гұрыл*, *гүрсіл* сөзін *гүрсү* деген сияқты жауаптар берді.

Бесінші тапсырма бойынша, яғни зат есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтарды *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* пайдаланып сөз жасау дағдыларын анықтауда балалардың көбі жауап берді.

ЖСТД және сөйлеу тілі қалыпты мектеп жасына дейінгі балалардың тапсырмаларды орындау ерекше-ліктерін қорыта келе: ЖСТД балалардың тапсырмаларды *жоғары деңгейде* орындауы - 12%-ды құраса, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда - 62% құрады; *орташа деңгейде* орындауы - ЖСТД балаларда - 18%, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда - 30%, *төмен деңгейде* ЖСТД балалар - 44%, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда - 8%, *өте төмен деңгейде* ЖСТД балалар - 26%, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда - 0% құрап отыр.

Жоғарыда аталған ЖСТД және сөйлеу тілі қалыпты балапартың сөзжасамын тексеруге арнапған тапсырмаларды орындау көрсеткіштерінің жағдайын кестеден көруге болады.

Сөзжасам дағдыларының қаппы (%) (1,2 серия бойынша)

Қатысқан топ	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Өте төмен деңгей
ЖСТД балалар	12	18	44	26
Сөйлеу тілі қалыпты балалар	62	30	8	0

Тексеру кезінде алған мағлұматтарды тапдау балалардың сөзжасам дағдыларының бұзылыстары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Балалар тапсырманы орындауда сөздің семантикасын ескермегенін белгілеуге болады. Яғни жұрнақ-тардың мәнін толық түсінбей, сөздерде дұрыс қолданбайды.

Осы екі серия бойынша ұсынылған тапсырмалардағы балаларға қиын болғаны «түбірлес сөз жасау» және «зат есімдерге жұрнақтар жапғай отырып, туынды сөз жасау», «Ұсынылған сөздерге жұрнақтарды қосып, сөз жасау» болды. Сонымен бірге *-ша*, *-ше*, *-шік* (1 серия бойынша, 2 тапсырма) жұрнақтары арқылы сөзжасам дағдысын анықтау кезінде үйде, күнделікті сөйлеу тілінде ондай сөздерді көп қолданбағандықтан тапсырманы балалардың көбі дұрыс орындамады. Сонымен қоса, *-ші*, *-шы* (1 серия бойынша, 3 тапсырма) жұрнақтарын пайдаланып мамандық, кәсіп иесін атауда балалар қате жіберді. Мысалы: етікшіні - *етік тісетін адам*, сауыншыны - *саушы*, *сауғытшы* т.с.с. Мұның себебі балалар бұл мамандық немесе кәсіп иелерін білмейді. Күнделікті өмірде көрмегендіктен, бұл сөздерді қолданбағандықтан деп ойлаймыз. Көбіне етікшіге аналары барғанымен, балаларын ертпейді, ертіп барған күннің өзінде баласына сөздің мағынасын түсіндірмейді, сөз қорын молайтуға тырыспайды. Кейбір жағдайда ата-аналарының мамандығы педагог болмаған жағдайда, баласының тілін дамыту мәселесінде сауатсыз болуы мүмкін. Сол сияқты себептер көп. Дегенмен бұл тапсырма бойынша балалар біршама жақсы нәтиже көрсеткені- мен, жалпы олар сөздерді морфема арқылы құрастыруға дайын емес.

Тапсырмаларды орындау ерекшеліктері: Екінші серия бойынша тапсырмалар ауызша түрде берілген- діктен, бірінші серияға қарағанда қиындау болды. ЖСТД балалар үшін өте қиын болғаны - екінші серия- дағы №1, 2, 3-ші тапсырмалар, екінші серияның 4-ші тапсырмасы да, балаларда сәл қиындық туғызды. Жеңілрек болған тапсырмалар бірінші сериядағы №1; екінші сериядағы 5-ші тапсырма. Қиындық туғызу себебі, балапартың берілген сөзге сәйкес келетін жұрнақты тауып, жалғап, жаңа сөзді жасауы қиынға түсті. Бұл ұзақ уақыт меңгеруді қажет ететін үрдіс.

Зерттеу барысында алынған мағлұматтарды талдай келе мектеп жасына дейінгі балалар зат есім, сын есімдерге жұрнақтарды жалғап, сөз жасау біліктерінің қалыптаспағандығына көз жеткіздік. Оның негізгі себебі балалар сөзге жұрнақтар жалғауды ұзақ меңгереді, шатастырады, басқа сөздермен алмастырады. Қателердің көптігі балалардың сөзжасам функцияларын тексеру барысында анықталды. Біздің ойымызша берілген топтағы балалардың сөзжасам қабілетінің төмен болуында. Сонымен бірге тапсырманың мәнін толық түсінбеуі орын алды деген ойдамыз. Жоғарыда көрсетілген қателері бар балалармен жүргізілген іс- қағазды талдауда сөз құрастырушы, жасау аффикстері арқылы пайда болатын грамматикалық дағдылары- ның біршама сақталғанын көрсетті. Бірақ морфеманы түсінуінде қателер байқалды. Бұл балалардың импрессиивті сөйлеу тілінде аз болуын дәлелдейді. Сөйтіп жүргізілген зерттеу негізінде біз ЖСТД балалардың және сөйлеу тілі қалыпты балалардың сөз құрастыруда, жасауда әр түрлі қателерді байқап, ауызша сөйлеу тілінде сөз жасау жұрнақтарын қолдану біліктері қалыптаспағандығын анықтадық.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамының ерекшелік- терін зерттеу нәтижесі келесі қорытынды жасауға негіз болды:

- ЖСТД балаларда сөзжасам дағдылары сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларға қарағанда, өте кеш қалыптасады;
- ЖСТД балалардың көпшілігінде: мамандықты білдіретін сөздер жасау, зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдалану және түсіну дағдыларының біршама қалыптасқандығы анықталды;
- зат есімнен кішірейткіш мән беретін жұрнақ арқылы зат есім тудыру, еліктеу арқылы сөзден зат есім жасайтын жұрнақтарды (-ыл, -іл, -у) пайдалану, түсіну дағдылары төмен деңгейде дамығаны байқалды;
- ЖСТД балалар үшін біршама қиындық тудыратыны *-шек, -ке, -шең, -шік* жұрнақтары арқылы күнде-лікті сөздігінде қолданбайтын сөздерді жасау; *ал, көр, іл* сөз негізіне жұрнақтар қосып, түбірлес сөз жасау; зат есімдерден жұрнақтар арқылы туынды сөз жасау дағдыларының өте төмен деңгейде екені анықталды.
- ЖСТД балалар кейбір тапсырмаларды әр түрлі көмекті пайдаланып орындағанымен, жаңа сөздің мағынасын толық, саналы түрде түйсінбейтіні анықталды.

Жоғарыда аталғаннан басқа да, ерекшеліктер атайын болсақ: ЖСТД балалардың әр түрлі сөйлеу әрекетінде, тіл белгісі ретіндегі сөзжасам морфемаларын меңгеруі төмен; анықталған жетіспеушіліктер сөзжасамның барлық үрдістерінің жасқа сай келмей, кешігіп қалыптасуында, сөз құрамындағы сөзжасам морфемаларын бөлу мен түйсінудегі қиындықтар, сөзді жасаумен жасалған сөздердің атауларын интер-претациялауда қиналады; балалар сөзжасамның когнитивті-сөздік алғы шарттарының (сөзжасауға мотивацияның әлсіздігі, балалардың жаңа сөздердің негізіне (түбіріне) қарап бағдарлауы, сөзжасам моделі мен жұрнақты тандаудағы қиындықтар, жаңа сөздерді синтездеу тәсілдері мен ережелерін бұзу, сөзжасамдық құрылымға қарай сөзге семантикалықталдау жасау қабілетінің мүлдем жоқтығы) жетілмеуі.

Жоғарыда айтылғанның бәрі, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам үрдісінің дефициттілігі жүйелі, терең сипатқа ие және баланың жасы есейе келе, әдеттегі арнайы коррекциялық тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің әсерінен өз бетімен қалыптаспайтынын дәлелдейді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, жаңа сөздердің семантикасын, сөзжасамның тәсілдері мен құраптарын меңгеру деңгейі томен болу салдарынан ЖСТД балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуы артта қалып, сөз қоры да аз болып, балабақша бағдарламасында қойылған білім, білік, дағдыларды меңгеруге кедергі болатынына көз жеткіздік.

Эксперимент қорытындысына сәйкес, мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамның ерекшеліктерін ескеріп алдағы кезеңде сөзжасам дағдыларын қалыптастыру әдістемелерін құрастырып, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындайды.

1. *Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б.: Логопедия, оқулық. — Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.*

2. *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістемелері» Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы: ғыл. мақ. жинағы. - Алматы, №3-4(30-31), -2012.*

3. *Туманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР. // «Дефектология» - №5, 2004.*

#### Резюме

В статье представлены результаты исследования состояния словообразовательных навыков дошкольников (с казахским языком обучения) с общим недоразвитием речи.

#### Summary

The article provides data research on the state of word-formation skills of preschool children (with the Kazakh language of instruction) with a total underdevelopment of speech on a specially developed techniques.

#### ДИАГНОСТИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ УЧИТЕЛЯ-ЛОГОПЕДА

Н. В. Шарабаева- учитель начальных классов, логопед, КГУ «Специальная (коррекционная) школа-интернат №9 для детей с тяжёлыми нарушениями речи» г. Алматы

Современное образование, являясь системным элементом общества, должно соответствовать стратегическому курсу страны, ориентированному на инновационную модель развития, консолидации казахстанского общества с вектором на социальные запросы, требованиям конкурентоспособности на образовательном рынке ведущих государств мира.

Важность формирования личности школьника для современного Казахстана, отметил президент Назарбаев Н.А. в своей стратегии «Казахстан-2050». В частности, он сказал: «Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией». (Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 15 декабря 2012 г.).

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

Таким образом, модернизация всей системы образования обуславливает принципиально новые требования к уровню профессиональной компетентности педагогических кадров, их готовности к внедрению инновационных образовательных технологий, педагогической позиции в целом. К педагогическому мастерству учителя нового поколения предъявляется более высокий уровень и термин «профессиональная компетентность учителя» приобретает более глубокое и социально важное значение.

Термин «профессиональная компетентность» начал активно употребляться в 90-е годы прошлого века. В настоящее время под профессиональной компетентностью педагога понимается совокупность профессиональных и личностных качеств, необходимых для успешной педагогической деятельности.

Современные исследователи выделяют следующие виды профессиональной компетентности:

- Специальная компетентность - владение собственно профессиональной деятельностью на достаточно высоком уровне, способность проектировать свое дальнейшее профессиональное развитие.
- Социальная компетентность - владение совместной (групповой, кооперативной) профессиональной деятельностью, сотрудничеством, а также принятыми в данной профессии приемами профессионального общения.
- Личностная компетентность - владение приемами личностного самовыражения и саморазвития, средствами противостояния профессиональным деформациям личности.
- Индивидуальная компетентность - владение приемами самореализации и развития индивидуальности в рамках профессии, готовность к профессиональному росту, неподверженность профессиональному старению.

Особенного внимания требует необходимость поиска новых подходов к повышению профессиональной компетентности учителей-дефектологов. Это вызвано, во-первых, фактом стремительного роста числа детей с ограниченными возможностями. Увеличение количества школьников, требующих специальной педагогической помощи и поддержки в условиях специальных (коррекционных) учреждений и рост количества учащихся общеобразовательной школы, испытывающих трудности в усвоении образовательных программ, не вызывает сомнений. А во-вторых, особое отношение к профессиональной компетентности учителя-дефектолога обусловлено спецификой их профессиональной деятельности.

Профессиональная деятельность учителя-логопеда выходит за рамки традиционной учительской деятельности, тесно взаимодействует с различными видами социально-педагогической, реабилитационной, консультативно-диагностической, психотерапевтической, коррекционной деятельности. Отсюда следует, что учитель логопед должен обладать не только базовыми компетенциями педагога, но и специальными. К ним можно отнести:

- Диагностические компетенции (планирование, прогнозирование и достижение эффективных результатов в коррекционной работе)
- Речевая компетенция дефектолога.

Многолетний опыт методической работы, ведущийся в школе-интернате для детей с тяжелыми нарушениями речи позволяет определить реализацию успешной деятельности учителя-логопеда в следующих направлениях работы, обеспечивающих комплексный подход к ее организации: диагностическое, коррекционное, аналитическое, консультативно-просветительское и профилактическое, организационно-методическое. Помимо традиционных направлений работы можно выделить аналитическое, которое определяет взаимодействие специалистов в работе, а также позволяет корректировать программы занятий в соответствии с достижениями учащихся.

Диагностическая компетенция включает в себя:

#### 1. Теоретический компонент

Теоретический компонент области диагностики письменной и устной речи обучающихся профессиональной компетентности в предполагает наличие у учителя-логопеда:

- ориентации в вопросах о: специфике овладения письменной речью обучающимися; психологических, нейропсихических и лингвистических основах письменной-речевой деятельности;
- знаний о симптоматике нарушений письма и чтения, их причинах;
- профессиональных представлений о системе работы учителя-логопеда по восполнению пробелов утраченных высших психических функций
- знаний о современных тенденциях в организации и содержании коррекционной работы по предупреждению и преодолению нарушений письменной и устной речи.

#### 2. Технологический компонент

Технологический компонент предполагает владение логопедами практическими навыками изучения, предупреждения и преодоления нарушений письменной и устной речи обучающихся



- владение методами дифференцированной диагностики для определения типа отклонений;
- умение логопеда разработать технологию проведения логопедического обследования; адекватный диагностический материал; провести системный анализ полученных результатов;
- умение логопеда проводить обследование письменной и устной речи обучающихся разного возраста с целью определения структуры дефекта, в соответствии с возрастными нормами;
- логопедическое заключение;
- умение разрабатывать и реализовывать коррекционно-образовательные программы по преодолению нарушений письменной и устной речи.

### 3. Личностный компонент


Личностный компонент предполагает уровень личностно-оценочного отношения педагога к детям, испытывающим трудности в овладении речью (интерес к личности ребёнка, коммуникативная направленность коррекционно-развивающей работы, понимание академических затруднений младших школьников как следствие их речевых и когнитивных особенностей, принятие ответственности за организацию психо-лого-педагогического сопровождения детей с нарушениями письменной речи), а также мотивационноценностное отношение к собственной личности и к себе как к педагогу профессионалу (самооценка, рефлексия педагогической деятельности, ориентация на профессиональное совершенствование).

Основная задача диагностического направления - прогноз возможных трудностей обучения на его начальном этапе, определение причин и механизмов уже возникших учебных проблем, систематическое отслеживание результатов работы логопедов школы и динамики состояния речи учащихся с тяжелой речевой патологией. Поэтому в обследовании детей с ОНР учителем-логопедом выделяются два аспекта: психологический и педагогический. При этом психологический аспект является основанием для квалификации школьных трудностей ребенка и определения соответствия уровня актуального развития его учебным достижениям.

Диагностическое направление работы в нашей школе-интернате для детей с тяжёлыми нарушениями речи включает в себя: первичное логопедическое обследование; систематические этапные наблюдения специалиста за динамикой и коррекцией психического развития; проверку соответствия выбранной программы, методов и приемов обучения реальным достижениям и уровню развития ребенка, мониторинговую диагностику состояния речи учащихся индивидуально и по классам.

Первичная диагностика учащихся с ОНР. Диагностическое исследование проводится в течение сентября (ориентировочные сроки 1-15 сентября). Учитель-логопед обследует все стороны речи - звуко-произношение, фонетико-фонематические представления, словарь, грамматическую сторону речи, технику качества чтения и письма. По его результатам происходит: распределение детей на группы по ведущему нарушению, определение оптимальных условий индивидуального развития, зачисление учащихся на индивидуальные и подгрупповые занятия. Логопедом оформляется протокол обследования, логопедическое представление учащегося, планируются основные этапы коррекционной речевой работы. На основании этих данных так же составляются диаграммы диагностического состава класса и школы.

Диагностический состав учащихся школы-интерната №9 для детей с тяжёлыми нарушениями речи



Динамическое изучение учащихся. Проводится с целью отслеживания динамики развития ребенка, определения соответствия выбранных форм, приемов, методов обучения уровню развития учащегося. В процессе динамического изучения также решается задача дифференциации сходных состояний нарушения развития, выявление детей, не подлежащих обучению в общеобразовательной школе даже на интегрированной форме обучения. Динамическое изучение проводится не менее двух раз в году

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.

(сентябрь-октябрь-май). Результаты обсуждаются на заседании ШМПК и оформляются в виде представления на учащегося. Динамическое изучение также включает в себя сопоставление результатов развития учащихся с результатами учебной успешности по предметам, поэтому содержит анализ контрольных и текущих работ учащихся, определение сформированное™ учебных навыков и способов учебной работы (умения и навыки восприятия информации, планирования учебной деятельности, самоконтроля и др.) Данный вид диагностики тесно связан с мониторинговой диагностикой. Мониторинг имеет важное значение в развитии функциональной грамотности педагога. Однако комплексная оценка достижений в логопедической работе разработана недостаточно. В школе-интернате №9 введены следующие виды мониторинга логопедической работы.

Результаты обследований сводятся в таблицы и диаграммы, позволяющие отследить динамику развития речи учащихся школы-интерната.

В подготовительных-четвертых классах обследуется состояние звукопроизношения (на уровне изолированного произношения звука) Общие результаты оформляются диаграммами и таблицами по категориям основных групп звуков речи.

Класс	свистящие		шипящие		соноры	
	сентябрь	май	сентябрь	май	сентябрь	май
1 «А»	70%	95%	30%	85%	25%	65%
1 «Б»	45%	100%	35%	100%	20%	100%
1 «В»	25%	100%	20%	100%	0%	75%
1 «Г»	30%	100%	25%	100%	15%	60%
1 «Д»	40%	100%	40%	100%	20%	70%
1 «К»	30%	80%	20%	80%	10%	50%

На основании состояния звукопроизношения в конце учебного года составляется мониторинг в виде диаграммы.

**Мониторинг качества звукопроизносительной стороны речи с 2009 по 2012 год**



Она момент поступления Рв конце 2 класса

Состояние результатов всей логопедической работы определяется по уровневым критериям (низкий, ниже среднего, средний, достаточный) в параметрах всех компонентов речи и ее психологической базы:

- звукопроизношение;
- фонематические процессы;
- словарный запас;
- грамматический строй речи;
- связная речь;
- пространственная ориентировка;
- артикуляционная моторика;
- тонкая моторика.


Критерии оценки уровня развития той или иной функции имеются у каждого логопеда. Например:

№п/п	Параметры	Уровни развития функции	Характеристика
	Звукопроизношение	Низкий Ниже среднего	Нарушено несколько групп звуков. Недостаточность произношения одной группы звуков, изолированное

		Средний Достаточный	произношение всех групп, но при речевой нагрузке - общая смазанность речи. Звуки в речи присутствуют, но наблюдаются нарушения дифференциации звуков. Звукопроизношение в норме.
	Грамматический строй речи	Низкий Ниже среднего Средний Достаточный	Речь резко аграмматична Допускает большое количество ошибок при словоизменении и словообразовании Допускает незначительное количество ошибок при словообразовании и словоизменении Грамматический строй близок к возрастной норме

Данные так же сводятся в мониторинговые диаграммы (по классам и общешкольные)

Диаграмма результатов логопедической работы



Этапная диагностика. Данный вид диагностики необходим для констатации результативности и определения эффективности коррекционного воздействия на развитие учебно-познавательной деятельности детей, посещающих занятия логопеда. Промежуточная диагностика проводится в устной и письменной форме. Результаты этапных заключений специалиста отражаются в речевой карте учащегося в конце каждой четверти. При необходимости учитель-логопед класса корректирует содержание перспективной коррекционно-развивающей работы.

Текущая диагностика. Диагностика направлена на обследование учащихся школы по запросу родителей, педагогов, специалистов школьного консилиума. Временных рамок этот этап не имеет, обследование проводится на протяжении учебного года по мере необходимости.

Подобные формы мониторинга коррекционно-развивающей логопедической работы способствует более глубокому и детальному изучению речевого развития каждого воспитанника и помогает намечать наиболее эффективные пути коррекции речевой патологии.

Однако, при наличии методов и приемов обследования, разработанном стимульном материале, само описание диагностической деятельности логопеда и, её структурных компонентов, приемы технологий оценивания (измерения), внедрения объективных методов контроля и их практического использования на отдельных этапах образовательного процесса в специальном (коррекционном) образовательном учреждении изучены недостаточно.

Следовательно, проблема изучения вопроса диагностической компетенции учителя-логопеда является актуальной.

1. *Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 15 декабря 2012 г.*
2. *Приказ МОН РК от 13 июля 2009 года №338. Типовые квалификационные характеристики должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц.*
3. *Специальная педагогика / Под ред. Н.М. Назаровой. - М.: Академия, 2006.*
4. *Бездухов В.П., Мишина С.Е., Правдина О.В. Теоретические проблемы становления педагогической компетентности учителя. - Самара, 2001.*
5. *Вильшанская А.Д. Содержание и методы работы учителя-дефектолога в общеобразовательной школе. - М.: Школьная Пресса, 2008.*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 20/3 ж.*

*6. Инновации и современные технологии в системе образования: материалы международной научно-практической конференции 20-2/февраля 2011 года 2011 года. - Пенза-Ереван-Шадринск: Научно-издательский центр «Социосфера», 2011. - Маркевич И.Д. Профессиональная компетентность учителя-дефектолога как важное психолого-педагогическое условие коррекционно-развивающей работы с обучающимися.*

Түйін

Мақалада логопедтің диагностикалық біліктілігін, көтермелеуінің сұрағы қарастырылады. Тіл дамытудың мониторингі (динамикасын) мысалға келтірілді.

Summary

The article deals with the issue of increasing the diagnostic competence of a speech therapist. The examples of monitoring the dynamics of the speech.

#### ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ДИСГРАФИЯСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Қ.Қ. Өмірбекова,  
Н.К. Калыбекова

Дисграфия жалпы білім беретін мектеп оқушыларында басқа ауытқушылықтар арасында жиі кездесе- тін тіл кемістігіне жатады. Ол оқушылардың жазуды, ана тілінің грамматикасын меңгеру барысында үлкен кедергі жасайды.

Жазбаша сөйлеуді игеру процесінің ауытқушылығы қазіргі кезде әртүрлі аспектілерде қарастырылады: клиникалық, психологиялық, нейропсихологиялық, психолінгвистикалық, педагогикалық (А.Р. Лурия, Т.В. Ахутипа, Л.Н. Ефименкова, А.Н. Корнев, Р.И. Лалаева, Р.Е. Левина, Е.А. Логинова, Н.А. Никашина, Л.Г. Пармонова, И.Н. Садовникова, Л.Ф. Спирина, О.А. Токарева, М.Е. Хватдев, С.Н. Шаховская, А.В. Ястребова және т.б.).

Жазудың бұзылысы (дисграфиясы) өз тарапынан орфографияны игерудің (О.П. Азова, Р.И. Лалаева, Л.Г. Пармонова, И.В. Прищепова), тұрақты үлгіреушілікке, баланың тұлғалық қалыптасуының ауытқу- шылығына әсерін тигізеді.

Р.Е. Левина өз жұмыстарында атап көрсеткендей жалпы білім беретін мекемелерінің бастауыш сынығы оқушыларының үлгіреушілігі ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі ауытқушылықтар, дұрыс оқу және сауатты жазуын меңгеруге қиындық туғызуда кең тараған себептерінің бірі болып табылады деген. Мектептің бірінші сыныбынқа қабылданған балалардың кейбірінде сөз қорының аздығы, сауаттылық құрылымы мен сөйлем байланыстарының ауытқушылығы, дыбыс айту кемшіліктері, фонематикалық қабылдауының толыққанды еместігі байқалады. Аталған сөйлеу тілінің ауытқушылықтарының барлығы баланың оқу бағдарламасын игеруіне теріс ықпалын тигізеді.

Жалпы мектептегі логопедиялық жұмыстың мақсаты уақытылы, дер кезінде төменгі сынып балаларының тіл кемістігін байқап, оны жоюдың нәтижесінде үлгіреушіліктің алдын алу болып табылады. Дисграфиясы бар балапармен заманауи әдістерді пайдаланып төменде аталған қағидаларды басшылыққа алып жүйелі түрде жұмыс жүргізу қажет.

Түзету жұмысының негізгі қағидалары:

- сақталған анализаторларға сүйене отырып жұмыс жасау (толық дамыған анализаторларды жүзеге асыру);
- алдын ала ауызша тілін дамыту (жазбашадан бұрын);
- баланың психологиялық ерекшелігін ескере отырып жұмыс жүргізу;
- ойлау әрекеттерін кезектілікпен қалыптастыру (жеңілден ауырға біртіндеп көшу);
- тапсырмалармен сөздік материалдарды біртіндеп күрделендіру;
- жүйелік қағидасы;
- онтогенетикалық қағидасы.

Тіл кемістігі механизмінің әр түрін ескере отырып, өз зерттеулерін логопедияның осы саласына арнаған Р.И. Лалаева, И.Н. Ефименколар, мектептегі логопедиялық жұмыстарда қолданылып жүрген түзету жұмыстарының әдістемелерінің алуан түрін ұсынады. Мектептерде логопедиялық жұмыстар 4 кезеңде жүргізіледі.

Бірінші кезеңде мектепке қабылданушылардың ауызша сөйлеудің алдын ала сараптамасы жүргізіледі. Балалардың артикуляциялық құрылғыларының күйін, сөйлеудің дыбыстық және фонематикалық тұста- рын, сөз қорының деңгейін, лексика - сауаттылық құрылымын, сөз саптау және сөз талдау қабілетін, жазу және оқу қабілетін байқау.

Екінші кезеңде ой - өрісін дамытуға, талдауға, жинақтауға, салыстыруға, жалпылақалауға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалардың дыбыстаудағы қателіктерін түзеуге, дыбыстарды қабылдауды тәрбиелеуде сабақ құрылымын және түзету жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл кезеңде алуан түрлі ойындар, жұмбақтар, ребустар, кроссвордтар, әріптік лабиринттер, логопедиялық лото және т.б. қолданылады.

Үшінші кезеңде балалардың жазу және сөйлеу ауытқушылықтарын жоюға бағытталған түзету жұмыстары жүзеге асырылады. Түзету - логопедиялық сабақтар әр түрлі формада жүргізіледі.

Баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның көзқарасына, эмоциялық байланысын нақты - лап, спецификалық ауытқушылықтарын жоюға бағытталған жаттығулар жинақтамасын қарастырып, оны жүзеге асыру жеке сабақтарда жүргізіледі.

Шағын топтарда ұжымдық жұмыстар қабілеті, тындау қабілеті және логопедті есту, берілген жаттығуларды орындауы тәрбиеленеді.

Топтық дәрістерде жекелеп, шағын топтардағы сабақтардағы материал, өзіндік жұмыс істеу барысын - да тереңдетіліп белсендіріледі.

Логопедиялық жұмыстың төртінші кезеңінде оқушылардың тіл дамуының мониторингісі жасалтынып, түзету сабақтарының ықпалы зерделенеді.

Бұл бағыттардың әрқайсысында сабақ барысында қолдануға болатын, жұмыс кезеңдері ерекше белгіленген тапсырмалар мен жаттығулар түрлері ұсынылады.

Қазіргі кезеңде жазбаша сөйлеу тілінің бұзылу мәселесімен шұғылданған авторлардың көпшілігі дисграфияны түзету логопедиялық жұмыс барысында баланың сөзсіз функцияларын дамытуға ерекше көңіл бөледі. (Н.И. Садовникова, И.В. Прищепова, Л.Г. Парамонова). Сол бағыттағы жұмыстарға толығымен - рақ тоқталайық.

Кеңістік пен уақыттың кезектілігін анықтауға арналған жаттығулар сөздің дыбыстық, буындық және морфемдік құрылымын талдауға негіз болады. Сонымен қатар уақыт туралы ұғымдарын дамыту сөз қорын белсендетуге және етістіктің шарттарын түсінуге бағытын тигізеді.

**Кеңістікті бағдарлау** жұмысы өзара тығыз байланысты екі бағытта жүргізіледі:

- өз денесін бағдарлау, оң, сол дене мүшелерін ажырату;
- қоршаған кеңістікті бағдарлау;

Қоршаған органы бағдарлау жұмысын жүргізу барысында онтогенезде кеңістікті қабылдау және түсінігін ескеру қажет.

Алдымен бала оң - сол қолын білуі қажет, соның негізінде дене мүшелерінің оң солын айыра бастайды.

Одан кейін жалпы кеңістікті білдіретін ұғымдарды қалыптастыруда жеңіл схемаларды пайдалану тиімді. Ол үшін мынадай тапсырмаларды қолдануға болады:

Логопед кеңістікті білдіретін сөздерді айтады. Мысалы: астында, үстінде, томен т.б. бала соған сәйкес суретті схемамен табады.

**Уақытты бағдарлауын** дамытуда негізгі жұмыс бақыттары: уақыт өлшемі турапы негізгі түсінігін анықтау, адамның жас мөлшері, әртүрлі іс-әрекеттің, болған уақиғаның кезектілігін бақылау және анықтау, сөз қорын молайту, белсендіру.

Суреттерді жыл мезгілінің кезектілігімен реттеу. Жыл мезгілдеріне сөйлем құрау.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылған бабаларда **көріп қабылдау**, көргенін есте сақтау оптикалық ұқсас формаларды ажырату қиындықтары кездеседі. Бұл қиыншылықтарды түзету жұмысы мынадай бағыттар - да жүргізіледі:

- ° Көріп қабылдауын және танымын қалыптастыру;
- ° Көріп есте сақтауын дамыту;
- ° Көріп талдау мен жинақтауын дамыту;
- ° Заттарды көріп тану және қабылдауын дамыту үшін төмендегідей тапсырмаларды пайдалану қажет;

Алдымен ондай тапсырмалар заттарды танып қабылдауға беріледі, содан соң сондай тапсырмаларды әріптерді танып, қабылдауға беріледі. Бұл бағытта әртүрлі төмендегідей тәсілдерді қолдануға болады:

- ° әр түрлі шрифты (баспа, жазба) әр түрлі көлемде берілген әріптерді салыстыру, тану;
- ° контур бойынша әріптерді жазу;
- ° бірінің үстіне бірі түскен әріптерді оқу;
- ° қисық орналасқан әріптерді оқу т.б.

Мысалы:

Бір әріпті басқа әріптердің арасынан табу.

## Вв ШВв Вви

Керісінше бейнеленген әріптердің арасынан дұрысын табу.

ав ав 1Г эе еэ нн хк яр ос у  
у чн эе яр

**Қол моторикасының** жоғары деңгейі баланың мектепке деген психологиялық дайындығын, ақыл кіргенін түсіндіреді. Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына да әсерін тигізеді.

Бала саусақтарымен әр түрлі жаттығулар орындап, үлкен жетістіктерге жетеді және баланы сурет салуға үйретеді, ары қарай жазуға да көмектеседі. Егер баланың саусақтары шапшаң жұмыс жасап, иілгіш болса жазуы да әдемі болады.

Тіл дамыту жұмысы қол арқылы жүруі тиіс. Сонда ғана - соғұрлым үлкен жаттығу болады. Балаға тапсырмалар қызықты және түсінікті болуы керек.

Баланың қол қимылын дамыту үшін әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдалануға болады

- эр саусақпен тасты, шарикті айналдыру
- алақандарымызды жұмып ойын ойнау (таңертең тұрдык - ашылу, кешке ұйқтадық - жабылдык)
- екі қолдың саусақтарымен «Жүру» үстелмен, алдымен ақырын, біреу ұрлану, содан кейін тез жүгіріп келуі.

Жаттығу алдымен оң қолмен, содан кейін сол қолмен.

- жеке бір саусақты көрсету, содан соң екеуін ары қарай үш, төрт, бес
- барлық қолдың саусақтарымен үстелді соғу
- қолдың басымен фонарик жасау
- қол соғу: ақырын, қатты, әр түрлі әрекетке
- барлық саусақты бірге жинау (саусақтар жиналды - қашты)
- жуан жіпке түймелер, шарлар, мойыншақтар кигізу.
- түрлі түсті жіңішке сымды катушкаға орап, өзінің саусағына арнап жасау (сақина немесе спираль шығады)
- қалың арқан, жіп ұштарын байлау
- түймелерді, ілгіш, замок, қақпақтарды жабу, механикалық ойыншықтарды кілтпен жүргізу
- болттар мен гайкаларды

бұрау -ауада сурет салу

- құммен, сумен ойнау
- қолмен поролон шарларын, губканы жұмсарту
- тігу, шимен тоқу
- әр түрлі материалдармен сурет салу (қаламмен, қарындашпен, бормен, түрлі-түсті бояу, гуашьпен, көмірмен,

түрлі-түсті борлар және т.б.)

Диграфияны түзету жұмысы Н.И. Садовникова бойынша үш деңгейде жүргізіледі:

° фонетикалық деңгейінде °

лексикалық деңгейінде °

синтаксистік деңгейінде

**Фонетикалық деңгейдегі** жұмыс келесі бағытта жүргізіледі:

- дыбыс айту кемшіліктерін түзету
- сөздік дыбыстық құрамын талдау (жай түрінен күрделіге қарай)
- фонетикалық қабылдауын яғни ұқсас фонемаларды ажырату

Бапалардың фонематикалық түсінігі (қабілеті) фонемалардың әртүрлі варианттарын қабылдап, оларды өзара салыстырып, талдап, қорытындылау нәтижесінде қалыптасады. Фонематикалық түсінігінің қалыптасуына артикуляциялық кинестезияның маңызы зор. Сондықтан артикуляциялық аппараттың жұмысына алғашқы сабақтан бастап балалардың зейінін, көңілін аудару керек. Сабақтың бастапқы кезеңінде алдыңғы қатардағы дауысты дыбыстар және айтылуы сирек бұзылатын дауыссыз дыбыстар (П, М, Н, Ф, Т, К ...) өтіледі. Бұл кезеңде артикуляцияның сипаттамасына терең тоқталмай, оның негізгі белгілеріне ғана тоқталған жөн.

Дыбыстарды ажыратуын анықтау, бекпуге бағытталған логопедиялық жұмыс әртүрлі жұмыс анализа- торға (сөйлеу, есту, кимыл, көру т.б.) сүйене отырып жүргізіледі.

Шатастыратын дыбыстарды ажырату жұмысы екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезеңде шатастыратын дыбыстардың эрқайсысының айтылуы мен естілуі жеке анықталады. Ол жұмыс мынандай кезектілікпен жүргізіледі: көру, есту, сезіну анализаторларына сүйене отырып дыбыстық артикуляциясы мен дыбысталуын анықтау; оның буындағы орнын анықтау; сөздегі орнын анықтау; (сөздің басында, ортасында, соңында); сөздегі дыбысты; оның орнын анықтау; қандай дыбыс- тың алдында, қандай дыбыстың алдында, қандай дыбыстан кейін естілуін анықтау; дыбыстың сөйлемдегі, тексттегі орнын анықтау.

Екінші кезең шатастыратын дыбыстарды қатар айтылуымен естілуін салыстыру. Ажырату жұмысы жоғарыда көрсетілген кезектілікпен жүргізіледі. Бірақ негізгі жұмыстың мақсаты ажырату болғандықтан сөздік материалдар шатастыратын дыбысты 'бірдей қамту керек. Түзету жұмысы барысында дыбыстарды ажыратуын бекітетін жазбаша жаттығулар ерекше орын алады. Дисграфияны түзету жұмысының алдында міндетті түрде дыбыс айту кемшіліктерін түзету қажет.

Әдетте дыбыс айтуын түзету жеке логопедиялық сабақ барысында жүргізіледі, содан **соң** дисграфия тобының сабағына қатысады. Түзету жұмысының барлық кезеңінде балардың танымдық процестерін, сөз қорын, грамматикалық құрылымын дамытуға бағытталған жұмыс түрлері қарастырылады.

Түзету жұмысы барысында балалардың фонематикалық талдау жинақтау дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Фонематикалық талдау, жинақтауға дыбыстық талдаудың қарапайым және күрделі түрі жатады.

В.К. Орфинскаяның мәліметтері бойынша дыбыстық талдаудың қарапайым түрі тек арнайы оқыту барысында дамыды. Талдау, жинақтау дағдалары белгілі кезектілікпен жүргізіледі.

1. Арнайы жаттығулардан соң, ойынның алдында дауысты дыбыстардың артикуляциясы бекітіледі. Бекіту барысында әртүрлі схемаларды пайдаланған тиімді.

2. Дауысты дыбысты алдымен дауысты дыбыстардың қатарынан, сөздің басынан, сөздің ортасынан есту, тану.

3. Дауысты дыбыстардың қатарынан, буыннан, сөзден дауысты дыбысты естіп бөліп айту.

4. Дауыссыз дыбыстарды естіп тану. (сөздің басындағы, ортасындағы, соңындағы)

5. Дауыссыз дыбыстарды сөздің басынан, ортасынан, соңынан естіп бөліп айту.

Дыбыстық талдаудың күрделі түріне сөз құрамындағы фонемалардың кезектілігін, оның санын, басқа дыбысқа қатысты орнын анықтау жатады. 2-3 дауыстыдан тұратын қатарды, дауысты, дауыссыздардан тұратын қатарға қарағанда жеңіл талданады. Сондықтан фонематикалық талдау, жинақтауды қалыптас- тыруды алдымен тек дауысты дыбыстар қатарынан (ау, уа) бастап сосын (ум, на) содан соң бір-екі, одан да көп буынды сөздерге көшкен тиімді.

Фонематикалық талдаудың күрделі түрін қалыптастыру барысында, мынаны ескерген жөн. Кезкелген ойлау іс- әрекеті даму барысында бірнеше кезеңнен өтеді: материализация негізінде іс әрекетті игеру, сөйлеу негізінде, ойлау негізінде (П.Я. Гальперин бойынша)

I кезең - көмекші тәсіл мен іс әрекетке сүйене отырып фонематикалық талдау мен жинақтауын қалып- тастыру. Алғашқы жұмыс барысында фишка, сөздік, графикалық схемалар сияқты көмекші тәсілдер қолданады.

II кезең - фонематикалық талдауда сөйлеу негізінде қабыптастыру. Сөз айтылады, бірінші, екінші, үшінші т.б. дыбыстар анықталады, дыбыс саны анықталады. Қойылған сұрақтар арқылы сөздік дыбысты к құрамы талданады. Мысалы: «тал» сөзінде бірінші дыбыс қандай? Екінші, үшінші дыбыс қандай? Барлы- ғы неше дыбыс? Неше дауысты дыбыс? т.б.

III кезең - ойлау негізінде фонематикалық талдауын қалыптастыру. Оқушы сөзді атамай, естімей яғни елестету негізінде сөз құрамындағы дыбыстың санын және кезектілігін анықтайды.

Осы кезеңде қолданылатын тапсырмалар:

- 3,4, 5 дыбыстан тұратын сөздер.

- 3, 4 дыбыстан сөздерді іріктеу.

- Суреттегі заттың атында неше дыбыс болса, сонша цифрды көрсету.

- Дыбыс санына байланысты суреттерді екі қатарға бөлу.

Фонематикалық талдау, жинақтау жұмыстары уақытты, жылдамдық және жұмыс барысында әртүрлі тәсілдерді, тәсілдерді пайдалануды талап етеді. Жұмыс барысында жазбаша жаттығулар кеңінен қолданады.

**Лексикалық деңгейіндегі** түзету жұмысының негізгі міндеттеріне мыналар жатады.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

Бұл кезеңде оқушылар сөзді буындық және морфемдік талдауға, жинақтауға, сөздің мағынасын, синонимін, антонимін және амоним сөздерді бақылауға жаттығады. Түзету жұмысы мынандай бағыттарда жүргізіледі:

- ° Оқушылардың белсенді сөз қорын тексеру, анықтау.
- ° Сөз қорын байыту (синоним, антоним, амоним, жаңа сөздер пайдалану арқылы).
- ° Сөздің буындық құрамын талдау және жинақтау.
- ° Буын түрлері (ашық, жабық).
- ° Екпін
- ° Сөз құрамы (сөз түбірі, түбірлес сөздер, күрделі сөздер, жалғау, жұрнақтар).

**Синтаксистік деңгейдегі** түзету жұмысы келесі бағытта жүргізіледі.

Бұл деңгейдегі түзету жұмысының негізгі бағыттары:

1. Оқушылардың сөйлеу тіліндегі кездесетін қате тіркестерін түзету, сақтандыру, саналы түрде сөйлем құрамын игеру.

2. Синоним, амоним, антоним сөздермен синтаксистік құрылымдармен таныстыра отырып оқушылардың байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Логопедиялық жұмыс барысында сұрақ қою арқылы сөйлемдегі сөздердің байланысын, септік жалғаулар мен жұрнақтардың мағынасын түсініп дұрыс меңгеруіне көңіл бөлу қажет. түзету жұмыс барысында әртүрлі әдіс тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы:

- сурет бойынша сөйлем құрау
- сюжетті суретке қарап сұрақ арқылы жайылма сөйлем құрау
- сөз тіркестері мен сөйлемдерді ажырату.
- сөйлемді бөлек, сөз тіркестерін бөлек жазу
- сөйлемнің қатесін түзетіп жаздыру.
- жай сөйлемді жалаң сөйлемге айналдыру
- жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдыру т.б.

Жалпы мектеп жағдайындағы дисграфиясы бар балалармен логопедиялық түзету жұмысы мектеп бағдарламасына сай жүргізіледі.

1. Левина Р.Е. «Нарушения письма у детей с недоразвитием речи». - М., 1961 г.
2. Садовникова И.Н., «Нарушение письменной речи и их преодоление у младших школьников» - М.: «Владос» 1997 г.
3. Эльконин Д.Б. «Развитие устной и письменной речи младших школьников» - М., 1998 г.
4. Лалаева Р.И. «Логопедическая работа в коррекционных классах». — М.: Владос, 2004 г.

#### Резюме

В статье рассматриваются вопросы организации коррекционной логопедической работы с дисграфиками в условиях общеобразовательной школы.

#### Summary

The article approaches the problem of organizing the correctional speech therapy with persons who have dysgraphia under the conditions of general educating schools.

#### БОЛАШАҚ ЛОГОПЕДТІЦ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Г.С. Дербисалова - аға оқытушы, дефектология магистрі,  
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы, ҚазМемҚызПУ,  
А.Ы. Ермагамбет - аға оқытушы, дефектология магистрі,  
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы, ҚазМемҚызПУ

Қазіргі таңда жоғары кәсіби білім беру жүйенің алдына қойылған өзекті мақсаттардың бірі - заманауи нарықтық экономикалық және әлеуметтік жағдайларының тез ауысып тұратынын есепке ала тұрып өзінің кәсіби жұмысын нақты, жетік және шығармашылық танытып жасайтын мамандарды дайындау. Болашақ педагог маманы оқу мекеменің кез келген түрінде бейімделуге және өз біліктілік профилін сол мекеменің қажеттілігіне сәйкес қысқа мерзімде өзгертуге қабілетті болуға тиіс. Осындай талаптардың жүзеге асуы жоғары білім беру жүйесінің барлық сатыларында құзыреттілік тәсілдемені енгізуі қамтамасыз етеді. Құзыреттілік тәсілдемені жоғары білім берудің барлық сатыларында енгізу қажетті білім-дағдыларды жетік меңгерген, сол дағдыларды практикалық тәжірибеде қолдана алатын, өзінің болашақ кәсіби



жұмысын жасай білетін және жасағысы келетін, оны жасауға құлшынатын маман дайындауға бағытталуына себеп болады [1]. Бұл тәсілдеменің талабы бойынша білім берудің басты мақсаты - білім алушының болашақ кәсіби жұмысын нәтижелі орындау үшін қажетті білім- дағдыларды, тәсілдерді және тұлғалық қасиеттері мен ұстанымдарын меңгеру болып табылады, яғни ол қажетті құзыреттерді меңгеруі қажет.

Құзыреттер - бұл тек білім, түсініктер мен дағдылар ғана емес, бұл адамның сол білім-дағдыларды табысты қолдана алуы және жұмысты жағымды нәтижелерге жеткізуге құштарлығы, моралды құндылықтары, ерік-жігері, өзін-өзі ұстауы, белгілі шешімді қабылдай алуы, жауапкершілікті сезінуі, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуі және тағы бір қатар жеке сипаттары [2].

Құзыреттерден құзыреттілік қалыптасады. Сонда, құзыреттіліктің табиғатын түсіндіру үшін оны білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті деп анықтауға болады. Әдетте, құзыреттілік - ті бергілі іс-әрекет түріне тиісті деп қарастырады, бұл кәсіби құзыреттілік деп аталады. Ю.Г. Фокинның [3] іс-әрекет құрылысы туралы ілімдерін жалдау негізінде Ю.Г. Татур [4] құзыреттіліктің құрамына кіретін компоненттерін былай көрсетті: а) адамның жағымды уәждемесі; б) құндылықтары пен мағынасының бағдарлануы; в) тиісті іс-әрекетке қажетті білімдері; г) жұмыстың нәтижелі болуын қамтамасыз ететін ептілік пен дағдылары. Әдебиетте көрсетілгендей, белгілі құзыреттілікке кіретін құзыреттер саны түрлі болып келеді, Дж. Равен [5] айтуынша - 3 тен 37 ге дейін, басқа авторлар одан да көп сандарды айтады. Оларды топтастыруға болады. Құзыреттерді топтастыру бойынша да бір нақты жүйе қалыптаспаған, бірақ түрлі авторлардың осыған байланысты тұжырымдамаларын есепке алсақ, болашақ педагог-дефектологтың кәсіби құзыреттіліктің құрамына кіретін құзыреттерді бөліп-бөліп қарастыруға болады. Мысалы, А.К. Маркова [6] құзыреттердің төрт блогын ажыратады. Олар: арнайы, әлеуметтік, тұлғалық және жеке дара. А.К. Маркованың айтуынша педагогтың кәсіби құзыреттілігі бір жағынан кәсіби білім және дағдылардан тұрса, екінші жағынан маманның кәсіби тұрғылары мен ұстанымдарынан және психологиялық қасиеттерден тұрады.

5B010500-Дефектология мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (ҚР ЖМБС 6.08.061-2010) [7] бакалаврға берілетін білім бағдарламасына қойылатын талаптар берілген. Ол талаптарда білім алушы кәсіби іс-әрекетінің мақсаттары мен түрлеріне сәйкес жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді меңгеруі қажет деп берілген. Стандартта дефектология мамандығына қатысты мамандандыру тізімі ұсынған. Олардың жалпы саны бес. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 5B010500-Дефектология мамандығының кадрларын дайындау екі мамандандыру бағыты бойынша жүргізіледі: «5B010501 - Зияты зақымдалған балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі мұғалім, олигофренопедагог, логопед» және «5B010502 - Логопед, тіл кемістігі бар балаларға арналған бастауыш сыныптың мұғалімі». Екі мамандандыруда да логопед мамандығы қосылып тұрғаны анық. Мұның себебі - тіл кемістігінің мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық категорияларында кездесуі және соңғы уақытта байқалған тіл кемістігі бар балалардың санының өсуі. Әдетте, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мамандандыруға байланысты кәсіби құзыреттіліктің ерекшеліктері толық ашылмайды. Жеке мамандандыру бағыт бойынша берілетін құзыреттер білім беру бағдарламасын да ашышуы керек деп беріледі. Сол бағдарламаларды мамандық шығаратын кафедраның профессор- оқытушылар құрамы өндеп шығарады. Осы талаптарға сай Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасында логопед мамандығының білім беру бағдарламасы құрастырылды. Бағдарламада логопедия бағыты бойынша дайындалатын бакалаврдың құзыреттілігі жалпы және кәсіби деп бөлінеді. Жалпы құзыреттілікке инструменталды, тұлға аралық және жүйелілік құзыреттер кіреді, ал кәсіби құзыреттілік пәндік, әдістемелік, әлеуметтік және тұлғалық құзыреттердің болуын көздейді. Бұл құзыреттілік жүйесін келесі схемада көрсетуге болады (Схема 1).

Жалпы құзыреттіліктер  
I -----

Кәсіби құзыреттіліктер

Инструменталды Тұлға аралық | Жүйелілік | Пәндік | Әдістемелік | Әлеуметтік | Тұлғалық

Жалпы құзыреттілікке кіретін инструменталды, тұлғалық (тұлға аралық) және жүйелілік құзыреттерге жеке-жеке тоқталып кетейік.

Блок А. Инструменталды құзыреттер:

1. «Қазақстан тарихы» пәнін ғылым және оқу пәні ретінде тану, оның нысанын, мақсатын, міндеттерін, ұғымдық-категориялық аппаратын білу. Негізгі табиғи және техносфералық қауіптерді, олардың адам мен табиғи ортаға тигізетін кері факторлардың әсер ету сипатын, олардан қорғанудың кәсіби қызметіне қатысты әдістерін білу. Саясаттанудың ғылым және оқу пәні ретінде пәні мен әдістерін, оның негізі ұғымдарын білу.

2. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдана білу, орыс тілін мәдениаралық және ұлтаралық тілі ретінде пайдалана білу. Кәсіби іс-әрекетке қажетті көлемінде бір шет тілінің активті және пассивті лексикасын пайдалану.

3. Педагогикалық үрдісте инновациялық технологиялардың қолдану біліктілігі. Ақпараттық-қатынысушылық технологиялар (АҚТ) саласындағы ақпараттың барлық түрімен жұмыс істей білуі. Ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, таңдау, сақтау және жөнелту.

Блок В. Тұлға аралық құзыреттер:

1. Өз сезімін көрсете білу, өзіне сыни тұрғыдан қарау қабілеті. Позитивті ойлауға қабілеті. Қазақстан Республикасының полиэтникалық және поликонфессиялық кеңістігінде қажетті отансүйгіштік, азаматтық, шыдамдылық ұстанымдарына негізделген оң қозғалыстағы қатысымдық біліктіліктерді қалыптастыру.

2. Командада жұмыс істей алу. Ресми және бейресми жағдайда қарым-қатынас жасау қабілеті. Тұлға аралық рефлексияға қабілеті. Көз жеткізу, дәлелдеу, қорытынды жасау қабілеті.

3. Төзімділік негізінде әлеуметтік өзара қарым-қатынасқа түсу қабілеті. Әлеуметтік және ізгілік көзқарасы мен ойын жеткізу біліктілігі. Субъектілік қарым-қатынас триадасында (бала-педагог-ата-ана) педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыра білуі.

Блок С. Жүйелілік құзыреттіліктер:

1. Мамандық бойынша ғылыми білім жүйесін түсіну қабілеті; олардың кәсіби білім мән мәніндегі рөлін ұғыну; білімнің негізін оны ары қарай дамыту үрдісін ажырата білу.

2. Тұтасты оның бөліктері немесе элементтері негізінде ұғыну және қабылдау қабілеті; білімді өзара қисынды байланысқан ғылыми ұғымдардың жүйесі ретінде түсіну біліктілігі; үрдістерді зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық көзқарастарды бөлу біліктілігі; әлеуметтік шындықтың құбылыстары мен үдерістерін, заттарды зерттеуде жалпы ғылыми және философиялық амалдарды қолдана білу.

3. Өзін-өзі дамыту және үздіксіз білім алуға, кәсіби сынға, өзіне өзі сын көзбен қарауға дайын болуы. Кәсіби іс-әрекеттің түрі мен сипатының өзгеруіне психологиялық және әдіснамалық тұрғыдан дайын болуы, өз бетінше шығармашылық іс-әрекетке дайын болуы.

Бағдарламадағы кәсіби құзіреттіліктер төрт топқа белінген, олар: пәндік, әдістемелік, әлеуметтік тұлғалық. Кәсіби құзыреттердің осылай бөлнуін неміс ғалымы В.Д. Веблер [8] ұсынған. Неміс моделін негізге алып, біз логопедия мамандығына қажетті кәсіби құзыреттілігіне кіретін пәндік, әдістемелік, әлеуметтік және тұлғалық құзыреттердің тізімін құрастырдық.

Пәндік құзіреттерге маманның кәсіби білімдері мен белгілі когнитивті қабілеттері жатады. Ол когнитивті қабілеттер кәсіби қызмет аясындағы ақпаратпен дұрыс жұмыс жасай білуге қатысты, мысалы ақпаратты жинақтау, жалпылау немесе жүйелеу және ақпаратты дұрыс қолдануға дайын болу. Пәндік құзіреттерге логопедтің келесі білімдері мен қабілеттері жатады:

1) кәсіби іс-әрекеттің типтік максаттарын орындау үшін қажетті жалпы теориялық ғылымдардың негіздері;

2) логопедия мен оған шектес ғылыми пәндер бойынша базалық және арнайы білімдер; оларды кәсіби іс-әрекет барысында қолдана білу.

3) тіл кемістігі бар балалар туралы ілімдердің дамуы жайлы, логопедияның тарихына қатысты білімдер;

4) сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған мекемелер жүйелерін білу; ҚР мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау және қорғау аясындағы нормативтік-құқықтық актілердің жүзеге асуына ықпал ете білу және кәсіби құжаттарды қолдана білу.

5) тіл кемістіктерін жою мен болдырмаудың бағыттарын, әдістері мен технологияларын білу, балалардың психологиялық және сөйлеу тілі дамуын диагностикалаудың әдіс-тәсілдерін; түзетудің кешенді әдістің қолдануын және тіл кемістігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, әлеуметке бейімдету, еңбекке дайындау, қоғамға кіргізу принциптерін, әдістерін, формаларын, бағыттарын, коррекциялық жұмыстың негізгі әдістемелерін білу.

Әдістемелік құзыреттер кәсіби іс-әрекет барысында логопедиялық білімдерді саналы және бағытты түрде қолдануда көренеді. Оларға жатады:

1) кешенді диагностиканы жүргізе білу және оның нәтижелерін кемістіктің құрылымын дұрыс талдауда, коррекциялық-педагогикалық жұмыс жоспарын, жеке даму бағдарламаларын құрастыруда пайдалана білу.

2) баланың даму болашағын болжай алу;

3) тіл кемістігі бар баламен жұмыс жүргізу барысында жеке-дара тәсілдемені және тұлғалық дамуына бағытталу принциптерін ұстанып, білім беру, коррекциялық бағдарламаларды дұрыс тандай білу мен оларды жүзеге асыра алу.

4) кемістіктің құрылысын, баланың жеке және жас ерекшелігін есепке алып, коррекциялық-педагогикалық және логопедиялық жұмысты жоспарлауды, ұйымдастыруды, жүргізуді және жетелдіруді орындай алу.

5) әдістемелік материалдарды дайындай алу - сабаққа қажетті дидактикалық және әдістемелік құралдарды тандай білу, жұмыс әдістерін балалардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуді білу;

6) Инклюзивті білім беру жағдайында және арнайы білім беру мекемесінде логопедиялық жұмысын дұрыс орындай алу және сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған арнайы мектептің бастауыш сыныпта-рында негізгі және түзету пәндерін оқыта білу.

7) басқа мамандармен, басшылықпен дұрыс қарым-қатынас орната білу баланың ата-анасына кеңес беру және бірлескен әрекетін құрастыра алу;

8) балапар арасындағы қарым-қатынастың жағымды түрлерін қалыптастыра білу;

9) қазіргі заман талабына сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу, ақпаратты жинақтау, сақтау және өңдеу әдістерін меңгере алу.

Әлеуметтік құзіреттер - маманның өз кәсіби қызмет аясындағы әлеуметтік қатынастарын дұрыс қалыптастыра білу қабілеті. Оларға келесі дағдылар, қасиет-қабілеттер жатады:

1) кәсіби сөйлеу тілін меңгеру - ауызша сөйлеу тілінің мәнерлі, екпінді болуы, жазбаша сөйлеу тілін ің сауатты және көрікті болуы, дискуссия жүргізу және көпшілік алдында сөйлеу білу;

2) эмпатия - көңіл білдіру, аяушылық пен тілектестік және қайырымдылық, басқа адамдарды түсіну және тиімді қолдау көрсете білу;

3) әлеуметтік рөлдерін дұрыс қабылдау және орындау (орындаушы, басшы, эксперт және басқа), командада жұмыс жасай алу;

4) сын пікірлерді дұрыс қабылдау және оны қолға алып, өз жұмысын дұрыстау;

5) кәсіби қызметке қатысты қоғамдық мәселелерді талдай білу;

Тұлғалық құзыреттер - логопедтің кәсіби жұмысына қажетті тұлғалық қасиеттер. Оларға жатады:

1) кәсіби қызметінің әлеуметтік маңызын түсіну, өз жұмысын орындауға құлшыну, белсенділік таныту;

2) өзіндік рефлексия - өз тәжірибесін қайта қарау, ойлану, талдай білу, өз сынынан өткізу;

3) толеранттылық таныту - басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу;

4) дербестілік пен жауапкершілік - өз бетінше шешім қабылдау алу және жауапкершілікті апа білу;

5) алғырлық пен шапшандылық - жағдай-шарттарды өзгерте білу немесе жағдайлардың өзгеруіне бейімделу;

6) эмоциялық және психикалық тұрақтылық - дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс жасау барысында шыдамдылық пен сабырлық сақтау, жүктеменің артуына төзе білу;

7) жаңа білім-дағдыларды үйрену, өз біліктілігін артыруға дайын болу, және осыған өздігінен таппыну.

Дефектологиялық, нақты айтқанда, логопедиялық кадрларды дайындаудың жаңа моделіне кіретін осы құзыреттіліктер қазіргі кезде республикамызда болып жатқан экономикалық және әлеуметтік, қоғамдық өзгерістерді талдау негізінде құрастырылды. Бұл өзгерістер, біріншіден, отандық білім беру жүйесінің интеграцияға бағыт алуына және инклюзивті білім беруді қолдауына байланысты. Инклюзивті мекеме жағдайында коррекциялық-педагогикалық ықпалдың нәтижесі түрлі мамандардың бір-бірімен тиімді жұмыс жасай алуына, мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты болады. Сонымен қатар, мұндай жағдайда әр бапаға жеке жұмыс жасаудың мазмұны мен маңыздылығы күшееді. Педагогтың басты міндеттердің қатарына ауытқуы бар балалардың психикалық, интеллектуалдық және тұлғалық барынша дамуына мүмкіндік беру және осыған жаң-жақгы эсер ету, ыңғайлы психологиялық жағдай жасау қосылады.

Әрине, логопедия (немесе басқа мамандық болсын) бағыты бойынша құзіреттіліктер жүйесін құрастыру сол құзыреттіліктердің тізімін жаңа білім беру бағдарламасында көрсетуімен шектелмейді. Шешуді талап ететін бір қатар мәселелер бар. Мысалы, құзыреттілердің қайсысы қандай пәнді оқыту нәтижесінде және қалай қалыптасады? Оларды нақты белу және көрсете білу керек. Алайда, әр құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін ажырату үшін бағалау өлшемдерін де өңдеу қажет және тағы осындай мәселелер. Жалпы алғанда, құзыреттілік тәсілдемесін қолдану жоғары білім беруде бастапқы сатысында ғана деп айтуға болады. Бұл бағыт аясындағы мәселелерді әрі қарай қарастыру және тиімді шешудің қажеттілігі бар екені сөзсіз.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.

2. Демченко С.О. Профессионально-педагогическая компетентность преподавателя специальных дисциплин как признак (черта характера) личности //Демченко С.О. //Вестник Черкасского университета. - Черкассы. - 1998. - Вып. 8.
3. Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр "Академия", 2002. - 224 с.
4. Татур Ю. Г. Высшее образование: методология и опыт проектирования. - М.: Логос, Университетская книга 2006. - 153 с.
5. Шадриков В.Д. Модель специалиста и высшее профессиональное образование / В.Д. Шадриков. - М., 2003.
6. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. — М.: «Когито- Центр», 2002. - 396 с.
7. Маркова А.К. Психология профессионализма. — М.: Международный гуманитарный фонд «Знание» 1996. -312 с.
8. 5BO10500-Дефектология мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 6.08.061-2010/авт. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Абаева Г.А.
9. Веблер В.Д. Профили компетенций выпускников как основа планирования учебных курсов: материалы к семинару /под науч. ред. А.П. Чернявской. -Ярославль: Изд-воЯГПУ им. К.Д Ушинского, 2009. -27 с.

#### Резюме

Настоящая статья посвящена проблемам компетентностного подхода в подготовке дефектологических кадров, в ней представлены общие и профессиональные компетенции будущих логопедов.

#### Summary

This article is devoted to problems of the competence approach in training specialists for special education, it is a system of general and professional competence of future speech therapists.

#### ОРТАША ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗУ МЕН ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚА ЛЫПТ АСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

К.Б. Бектаева - п.ғ.к., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Ш.Е. Абиырова - дефектолог, №7 арнайы (түзету) мектеп-интернатының мұғалімі

Барлығына бірдей білім беру туралы заңдар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Баланың құқықтары» заңы және де басқа заңдар бұрынғы кезде оқуға жарамсыз болған зияты зақымдалған балалардың білім алуына қазір жол ашып отыр. Осыған байланысты соңғы 5-7 жылда зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептер құрамында өзгерістер болып отыр. Әрбір мектепте екі бөлім қалыптасқан. Бірінші бөлімде - жеңіл зияты зақымдалғандар (F-70). Екінші бөлімінде ақыл ойы орташа зақымдалған (F-71). 2009-2010 жылдары орташа деңгейде зияты зақымдалған балаларға арналған жастар құрылды. Бірақ, өтілген тәжірибелер бойынша жасалған бағдарламалар дәстүрлі түрде арнайы мектегітер- де орташа деңгейде зияты зақымдалған балаларға оқытылып жүрген сабақтар әсерсіз, қорытындысыз болатынын көрсетіп отыр. Бұл зияты зақымдалған балаларға арналған білімдік, тәрбиелік, коррекциялық жоспарларды ғана емес, педагогикалық жүйенің мынандай компоненттерін өзгертуге тура келеді: заттық- техникалық заттар, оқыту әдістері мен қабылдауларды, педагогикалық құжат турлерін даярлау.

Біз жүргізген зерттеу жұмыстары бойынша орташа деңгейде зияты зақымдалған балалардың мектепте- гі оқуға «психологиялық» жасы жетіспейтіндігі анықталған (2-3 жасқа тән). Әр түрлі психикалық дағды- лардың дамымағандығы, мысалы, жеті жасар баланың ұсақ қол моторикасының дамуы қалыпты дамыған бір жасар баламен тең сөйлеу тілі бір жарым жасарға тең болса, ойын әрекеті 3-5 жастағы балаға тең келеді. Бұндай дамудағы асинхрония баланың жеке тұлғалық эмоциялық ерік-жігер сферасының дамуына кері әсерін тигізеді. Біз тексеруден өткізген бапалардың көбісінде сенімсіз жүріс немесе жүгіру мен секірулер байқалса, ал барлығы кішкентай кедергілерден аттап немесе секіріп өте алмады. Ал, 1-2 сынып балапарының ұсақ моторикасының дамымағандығы соншалық балалар түймесін түймелей алмайды, бауын байлай алмай, қасық ұстай алмайды, және өзіне-өзі қызмет ету әрекетін орындауға киналады. Олар бағдарлаушы сенсорлық қабілеттерін дамыту мен қалыптастыруды қажет етеді.

1-2 сыныпта «сөзсіз» бапардың саны көп (1-2 сыныптың 60% дейін). Олар педагогтың айтып тұрған сөзін түсіне алмайды, осыған байланысты мұғалім вербапді емес қарым-қатынас тілін қолданып және оқушыларға үйретуге мәжбүр. Бұндай қарым-қатынасқа үйрету балаларды аз деген түрде жүргізу керек.

Балалардың іс әрекеттерінің сипаттамасы (ойын, еңбек, құрастырғыштық) зияты зақымдалған балаларды орташа сатыда тұрғаны соншалықты олармен сабақ жүргізгенде мұғалімнің дидактикалық ережелерді қолдану мүмкіндігі болмайды. Бұл балалар дәстүрлі түрдегі мектепке келсе немесе ортаға

түссе олар элементарлы түрде заттарды да қабылдағанда ешқандай нәтиже, жетістік болмайды деген болжам бар.

Осы сипаттапқан ситуацияға байланысты мынандай сұрақтар туындайды:

Осындай оқушылар келе бастаған кезде арнайы мектеп қандай әрекет орындау керек?

Мектеп элеуметтік қамтамасыздандыру орындарымен алмастырылып кетпейме?

Бала қандай мақсатпен мектепке келу керек?

Баланы неге және қалай оқыту керек?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін біз оқушыларды жан-жақты №7 арнайы (түзету) мектеп интернаты- ның 2-сынып оқушыларын тексердік. Барлығы 12 орташа зияты зақымдалған оқушы, оның аптауы «Дауна», екі оқушы аутизмі бар балалар, төртеуі зияты орташа түрде зақымдалған балалар. Осы оқушы- ларды оқу жылының басында сыныпқа келгенде оқу-жазуға қабілеттерін тексердік: тексеру кезінде біз жазу, оқу сабақтарында мынандай көрсеткіштерге сүйендік:

1. Жазу сабағы бойынша

1. Сызықтарды (түзу, қисайған, ирек) саусағымен, бояумен, қаламмен, ерексектермен бірлесіп өзі сызу.
2. Сабақ барысында сөйлеу тілін түсінуді меңгеру;
3. Объекті мен сөздің арасында байланыс орнату;
4. Іс-әрекеттерді бақылау

II. Оқу сабағы бойынша

1. Дыбыстарды естігенде және айтқанда оны басқа дыбыстардан ажырату;
2. Өзініңесіміненазараудару;
3. Сұраққа жауап қайтару;
4. Ересектің қозғалыстарына назар аудару;
5. Тұрмыста қолданатын заттардың атын атау, білу.

Осы көрсеткіштерді іс жүзінде орындау үшін, оқушыларды мүмкіндігіне қарай 3 топқа бөлдік:

- 1 топ - нашарлау - 3 оқушы;
- 2 топ - төмен - 5 оқушы;
- 3 топ - өте төмен - 4 оқушы.

1- топтағы оқушылар (3 оқушы) төменгі көрсеткіштер бойынша: сабақ барысында сөздерді түсіну, мәтіндерді тындап әңгімелеу мен сөздің арасында байланыс орнату, сұраққа нақты, толық жауап беру, дыбыстарды естігенде, айтқанда басқа дыбыстарын ажыратуға мұғалімнің көмегімен ғана жазу мен оқу сабағында орындады.

2 топ оқушылары (5 оқушы) жоғарыда аталған көрсеткіштер бойынша мұғалімнің көмегін дұрыс қабылдаған жоқ, көп қателер жіберді. Мысалы: өзі мұғалімнің тапсырмасы мен сұрақтарына теріс және бұрмалап жауап берді, жиі жауапты бір сөзбен қайтарды, көп атау сөздер мен сөз тіркестерін тапсырма- лар мен сұрақтарға жауап беру кезінде пайдалана алған жоқ.

3-топ оқушылары (4 оқушы) мұғалімнің көмегімен де тапсырмаларды орындай алмады, сұрақтарға жауап бермеді.

Үш топтағы оқушылардың ерекшелігін есепке ала отырып, оқу мен жазу сабақтарында арнайы әдісте- меліктерден [Аксенова А.К., Воронкова В.В, Өмірбекова Қ.Қ.Бектаева К.Б. т.б.] әр топқа әдіс-тәсілдер жүйеленді:

1. Сөздерді түсінуге арналған әдіс-тәсілдер қолданды: заттар, заттық және сериялық суреттер, әр түрлі көрнекі құралдар, дидактикалық ойындар пайдаланып оқушылардың іс-әрекетіне назар аудар- дық және т.б.

2. Мәтіндерді тындауға және сөздің арасындағы байланыстарды түсіну үшін оқушылардың жеңіл және мазмұны қызық мәтіндерді қайтап оқып, кейбір үзінділеріне суреттер сапуға мұғалім көмектесті және өздері салған суреттер бойынша оқушылар мәтінді қысқаша әңгімелеп берді.

3. Мұғалімнің қосымша сұрақтары бойынша оқушылар толық жауап беруге талпынды.

4. Мұғалім оқушылардың сұраққа жауап беру барысында дыбыстарды дұрыс айтуды әрдайым қадаға- лап отырды.

Осы әдіс-тәсілдерді мұғалім оқу мен жазу сабақтарға дайындалғанда және сабақтар барысында жиі қолданып, оның нәтижелерін жылдың аяғында оқушылардың жазу мен оқу дағдыларын қайталап тексе- ріп, оқушылардың білім, білік, дағдыларының сапалары көтеріліп, олар екі топқа бөлінді. Бірінші топтағы оқушылар сабақ барысында сөздерді түсініп, мәтіндерді тындап әңгімелеу мен сөздің арасында байланыс орнатып, мұғалімнің сұрағына нақты, толық, дұрыс жауап беріп отырды. Бұл жауаптары екінші топтың оқушыларның жауаптарына үлгі болып, дұрыс қайталауға мүмкіндік туғызды.

Сонымен орташа зияты зақымдалған баланың ерекшеліктерін жазу мен оқу сабақтарында ескере отырып жасалған педагогикалық іс-шаралар оқу мен жазу сабақтарында оқушылардың жеке және топтық мүмкіндіктерін, белсенділігін және өзінше жұмыс жасау қабілеттерін ашуға бағытталған болуы керек, сондықтан бұл бастауыш сынып оқушыларының белсенділігі мен өзінше жұмыс жасау қабілеттіктерін көрсетуге мүмкіндік беретін оқу мен жазу сабақтары өткізілді.

Күршінін мақсат, міндет, қағидалардың арнайы (түзету) мектептерде іске асуы әрбір оқушының жеке дамуында жетістікке жететін және арнайы педагогикалық және психологиялық талаптарын қамтамасыз ететін білім ортасын құруға жасалатын негізгі шарттардың бірі.

1. Аксенова А. К. *Обучение русскому языку в коррекционной школе.* - М., 2005.
2. Воронкова В. В. *Методик обучения грамоте и правописанию в младших классах вспомогательной школы.* - М., 1995.
3. Өмірбекова Қ.Қ., Мовкебаева З.А. *«Сауат ашу дәптері»: Мектеп, 2002.*
4. Өмірбекова Қ.Қ., Бектаева КБ. *Әліпте. Әдістемелік нұсқау.* - Алматы, 2001.

#### Резюме

В статье рассматриваются некоторые аспекты обучения чтению и письму учащихся с умеренной степенью умственной отсталости.

#### Summary

The paper reviews current methods of teaching reading and writing of students with moderate mental retardation.

#### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙШІ ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ЖАППАЙ (ГЛОБАЛЬДЫ) ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Л.А. Бутабаева - оқытушы, магистр, арнайы педагогика кафедрасы,

Ж.О. Базылбекова - есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернаты, естіп қабылдауын дамыту жұмысы бойынша әдіскер

Сөйлеу адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының бірден-бір құралы болып табылады. Есту қабілеті зақымдалған балаларды еститіндер қоғамына интеграциялау мемлекеттің инклюзиялық білім беру саясатының бір бөлігі болып табылады. Сол себепті, аталған балалардың сөйлеу іс-әрекетін дамыту-дың алғышарты ретінде жаппай оқу дағдыларын қарастыру маңызды болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға айналадағы дүниені еркін танытудың, ұлттық салт-дәстүр, әдет-дағдылармен сусында-тудың, жалпы рухани толысуымыздың кілті сөйлеу тілінде екенін біле тұрсақ та, елімізде есту қабілеті зақымдалған балаларды сөйлеу тіліне оқыту, соның ішінде, мектеп жасына дейінгі есту қабілеті зақым-далған балаларды сауаттылыққа үйрету мәселесі өзекті болып отыр.

Сауаттылыққа үйрету табличкалар қолданудан басталады, яғни балалар сөздерді бүгіндей қабылдайды (глобальды). Табличкалар баспа әріптермен жазылып, біркелкі және баланың назарын аудармас үшін қарамен жазылғаны дұрыс. Табличканы оқитын кезде ол міндетті түрде ауыздың қасында болуы тиіс, себебі бала бір уақытта табличкамен артикуляцияны көруі тиіс.

Алдымен сәлемдесуге қатысты табличкаларды қолданамыз. «СӘЛЕМ», «САУ БОЛ». Табличкаларды есіктің қасына қалташаларда көрінетіндей етіп салып қоямыз. Басында олар тұрақты бір жерде орналаса-ды. Біреуі оң жақта, біреуі сол жақта. Бала керекті табличканы тани бастаған соң олардың орнын ауысты-рып қоюға болады. Себебі балалар табличкалардың тұрған орнына үйреніп қалмас үшін, керісінше керек-ті таблична назар аудару үшін. Бұл екі табличканы ойын кезінде де қолдануға болады, мысалы, ойыншықпен амандасу кезінде осы табличкаларды қолданамыз [1].

Кейін сабақ кезінде нұсқау сөздер жазылған табличкаларды қолдана бастаймын. Дене тәрбиесі сабағында, «БАР», «ЖҮГІР»; заттармен әрекететуге үйрету барысында «КИГІЗ», «АЛ», «КӨРСЕТ»; сурет сабағында «СУРЕТ САЛ», «ЖАБЫСТЫР», «ҚҰРА»; әуен сабағында «БИЛЕ», «ШАПАЛАҚТА». Барлық сабақ барысында БЕР, АЛ, ТҰР, ОТЫР, ДҰРЫС, ДҰРЫС ЕМЕС, ЖАРАЙСЫҢ, КӨМЕКТЕС, АТТІ, ЖАП, және т.б. Сабақ немесе қарым қатынас барысында осы сөздерді қолдану қажеттігі пайда болған кезде, педагог керек табличканы алады да, аузының жанына апарды да, сол сөзді немесе фразаны айтады.

Бала жазбаша берліген нұсқауларды түсіне бастаған кезде, ол нұсқаулар ауызша беріледі, табличкасыз. Бала орындай бастаған кезде, ересек адам оның дұрыс орындап жатқанын айтып, мақтайды, және жазыл-ған сөздерді көрсетеді.

Көптеген балалар жазбаша сөйлеу тіліне қарағанда ауызша сөйлеу тілін тез тани бастайтынын ескеру 29-----

кажет. Бұндай балаларды оқуға дайындау үшін, басқадай тәсілді қолданған жөн: ересек табличканы үндемей көрсетеді, ал бала соған сай әрекетті орындай бастаған кезде, табличканы ересек оқиды [2].

Арнайы нұсқау сөздер жазылған табличкалардан басқа заттардың атаулары жазылған табличкаларды соған сәйкес заттармен сәйкестендіріп үйрету қажет: жақсы таныс 4-5 ойыншық атаулары, 2-3 ыдыстың, жиһаздың немесе киімнің, тамақтың атаулары. Бұл жұмыс мынадай жолмен жүзеге асады: баланың алдына екі заттың өзі немесе солардың суреттері қойылады, мысалы, *ат және этеш*. Сурдопедагог ит сөзі жазылған табличканы аузының қасында ұстап тұрып айтады. Сол сөзге сәйкес келетін затты немесе суретті көрсетуін баладан сұрайды. Сосын табличканы балаға береді де, оның керек заттың (суреттің) астына қоюына көмектеседі. Осындай жұмыс екінші табличкамен жүргізіледі. Осыдан кейін сурдопедагог бала «ит» сөзі жазылған екінші табличканы көрсетіп оқиды және соған сәйкес суретті немесе затты беруін сұрайды. Екінші табличкамен де жұмыс тура солай өтеді. Сосын үстелнадірдің үстінде ылғи табличкалар қалады, қолында ұстап тұрған табличканың көшірмесін сұрайды. Көшірме табличкаларды сәйкестендіруге үйрету бірнеше күнге созылады. Осы кездері заттармен суреттер өзгеріп тұрады. Сосын жаңа сөздердің жұбын алады. Мысалы, «мама» және «баланың аты» (фотоларын қолдануға болады), «доп», «алма», «ат» «машина» т.б.

Осыдан кейін бала табличкадағы сөздерді керек затқа немесе суретке өзі апарып қою керек. Немесе керісінше, суретке сәйкес келетін табличкаларды қояды. Алдымен бала 2 заттың немесе суреттің атауы жазылған табличкаларды сәйкестендіреді. Кейіннен 3 және одан да көп. Бала заттармен суреттерге қатысты табличкаларды сәйкестендіріп үйренген соң, табличкалардағы сөздерді тек алдарында жатқан суреттермен ғана емес, бөлмедегі, көшедегі заттармен сәйкестендіріп үйретеді. Бұл кезеңде балаларға таныс табличкалар берілетін болғандықтан, ересек адам табличканы үндемей береді. Тек бала тапсырманы дұрыс орындағаннан кейін барып, ол сөзді оқиды және бала дұрыс орындап па соны анықтайды. Әр табличканы керек заттармен сәйкестендіргеннен соң, оқиды: алдымен сурдопедагог қолымен жүргізіп оқиды, одан кейін сурдопедагогпен бірге бала қолымен жүргізіп шамасы келгенше оқиды. Созып буындап оқиды (дыбыстап оқымайды!). Жақсы таныс табличкаларды бала өз бетімен оқып шығады [3].

Сабакта табличкаларды қолдана бастаған кезден бастап, барлық жаңа сөздік материалдарды тек ауызша ғана емес, жазбаша да ұсына бастады. Сондай ақ үйдегі заттардың барлығына табличкалар жабыстырылып қойылу керек. Бала сөзді ауызша және жазбаша меңгергеннен кейін, бұл табличкаларды апып тастайды.

Балаларды кеспе әріптермен сөз құрап үйренеді. Бала он шақты табличкалармен танысқан соң, кеспе әріптермен жұмыс жасаймыз. Алдымен табличка үлгіге қарап, сөз құрайды (мысалы, «алма» табличкасына қарап алма сөзін құрайды). Бұл кезде балаға тек сол сөз құралатын әріптерді ғана береміз. Бұл кезеңде әріптерді атамайды. Бала осы тапсырманы орындай алған соң, сөзді есте сақтауына қарай, үлгісіз құрастырады. Қысқа және балаларға жақсы таныс өз бетімен айта алатын немесе жобасымен айта алатын

сөздерден бастаған дұрыс. Сөзді қойып бала оны айтады: «үй». Мысалы, у дыбысын айтқан кезде, педагог бапаға соған сәйкес әріпті табуға көмектеседі және оны табличканың астына қояды. Сосын баланың қолының бірінші әріптен алып келесі әріпке апарды ү\_й\_ деп оқи отырып, сол әріпті тауып қояды.

«Доп» сөзін жазу сәл басқаша болады. Бұл сөздердегі кейбір дыбыстарды созып айтуға болмайды (созып жатқанда керекті әріпін тауып алу үшін). «доп» сөзін жинау үшін педагог баламен бірге алдыңғы буынын айтады да, саусағын бірінші әріпке әкеліп, соны табуын сұрайды. Сосын бірінші буынды қайтадан оқиды да, о созып айтып жатқанда, о әріпін тауып қояды. Бұның саусағын қайтадан, бірінші

әріпке әкеледі де, сөзді толығымен оқиды: «доп». Осы кезде соңғы әріпін тауып қояды.

Бала осы тапсырманы орындап үйренген соң, үлгісіз, есте сақтап сөз құрауға үйретеді. Ақырындап, тапсырма қиындайды. Келесі кезектілікпен жұмысты жүргізуге болады:

**Бірінші кезең.** Бала затқа сәйкес табличканы қояды, оны оқиды. Сосын табличканы төңкеріп жабамыз. Бала есте қалғанына сүйеніп сөз құрайды, Кейін табличканы ашып, баланың құраған сөздерімен сәйкестендіреді. Егер бала осы тапсырманы орындай бастаса, келесі кезеңге өтуге болады.

**Екінші кезең.** Бала затты немесе суретті өз бетімен атайды, сосын педагог берген әріптерден сол сөзді құрайды. Басында тек сол сөз құралатын әріптерді ғана ұсынамыз, кейіннен артық әріптерді де береміз, керек емес әріптерді бапа өзі ысырып тастауы тиіс.

**Үшінші кезең.** Бала затты немесе суретті өзі атайды да, сосын қассадағы бүкіл алфавиттің арасынан керек әріптерді тауып, сол сөзді құрайды [4].

Магнитті әліппені қолданып, әріптер жазылған кубиктерді қолданып сөз құраған балалар үшін өте қызықты. Бала айта алатын дыбыстардың (мысалы, *а, у, м, н, л*, т.б.) әріптік таңбасымен таныстыруға болады. Бірақ ол кезде, әріп емес дыбысты айтқызады, мәселен «эм» емес «м», «пэ» емес «п» т.б. Егер

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

балаға әріптермен жұмыс істеген ұнаса, онда жеке буындарды оқытып, жаттықтыруға болады. Мәселен, кубиктермен *па, пу, пи, пә* буындарын жазып, балалар соны оқиды. Бірақ, бұл жаттығуларға көп уақыт бөлудің қажеті жоқ. Толық сөздерді оқытып, әріптерден сол сөздерді құрап үйрету пайдалы болып табылады. оқуға үйрету күнделікті жүру керек: әріптерден күніне бір сөз құрау керек.

Қорыта айтқанда, есту қабілеті зақымдалған мекіепке дейінгі балалардың жаппай оқу дағдыларын қалыптастырудың негізгі мақсаты оны қарым-қатынасты дамытудың алғышарты болып табылады.

1. *Белянин В.П. Психолінгвистика. - М.: Флинта, 2004.*
2. *Головниц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика, воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха. Владос, 2010.*
3. *Шматко Н.Д. Если малыши не слышат. - М., 2003 г.*
4. *Леонгард Э.И., Самсонова Е.Г. Развитие речи детей с нарушенным слухом в семье. - М.: Просвещение, 1991. - 319 с.*

#### Резюме

В статье рассматриваются пути формирования глобального чтения у детей с нарушениями слуха дошкольного возраста.

#### Summary

In article questions of a way of formation of global reading at children with a hearing disorder of preschool age are considered.

#### КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТ АНТТ АРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

*З.А. Мовкебаева - доцент, п.ғ.д.,*

*А.Б. Бейсенова - Магистратура және PhD докторантура институтының*

*2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі кезде кохлеарлы имплантациясы бар баланың есту-сөйлеуін оңалтуы бойынша көптеген әдістер қолдануда және ол балаға оң әсерін тигізуде, бірақ баланы оңалту барысында тек қана педагогика-лық сүйемелдеу орын алатыны емес, оның ішінде баланың ортасы да оның әрі қарай дамуына, есту-сөйлеу оңалтылуының тиімді жүретініне әкелетіндігіне ұмытпауымыз керек. Сондықтан баланың бұлай жан-жақты дамуының бірден-бір шарты ретінде, яғни есту-сөйлеу тілінің де, коммуникациялық қарым-қатынасының бірден бір орны ретінде жалпы білім беру үрдісі болып табылады.

Баланың жалпы білім беру үрдісінде кірігуі өзін-өзі ұстауы, мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынасы бірден-бір кепілі болып табылады. Бұл түсінік барлық елдерде қалыптасқан және баланың еститін балалармен қарым-қатынасы кезінде ашылып, коммуникациялық даму үрдісі қарқынды жүретіні де қарастырылған. Қазақстан Республикасында да кохлеарлы имплантация өткізілген балалар жалпы білім беруге кірістірілсін деген Білім және ғылым беру министрлігінің 2009 жылғы №4-02-4/1228 бұйрық бар. Сондықтан, бұл бұйрық бойынша және әдебиет көздерін саралай отыра, бұл балалар категориясы басқа балаларға Қарағанда қазіргі уақытта дамып келе жатқан инклюзиялық білім беруге кіріге алатын бірден-бір балалар категориясы болып табылады. Бұл мәселедегі негізгі қажеттіліктердің бірі болып балабақшадағы баланың эмоционалдық қанағаттылығы, қолайлығы болып табылады. Мектепке дейінгі кезде эмоционалдық ортаны қалыптастырудың негізгі ерекшеліктері тұлғаның қалыптасуына және үрдіс-тің жалпы дамуына әсер етеді. Эмоциялық жағынан өзін жақсы күйде сезіну баланың психикалық денсаулығының және дұрыс психикалық дамуын қамтамасыз етеді [1].

Кохлеарлы имплантациядан (КИ) өткен мектепке дейінгі балалардың жалпы білім беру үрдісіне кірігуі, онымен жүргізіліп жатқан түзету-педагогикалық жұмыстың тиімділігін, балалардың қарым-қатынасқа түсуін анықтау, қарым-қатынас барысында қоршағандардың өздерін қалай ұстаулары және көрсетіліп жатқан көмектің дәрежелілігін анықтау барысында эксперименталдық тәжірибе жүргізіліп, пақтылаушы және қалыптастырушы кезеңдер бойынша жұмыс басталды. Эксперименталдық база ретінде Павлодар қаласындағы №3 жалпы білім беретін балалар балабақшасы **алынды**. Жалпы зерттеуге мектеп жасына дейінгі (6-6,5 жас) 5 бала қатысты. Эксперимент мақсаты ретінде балаларға тән, тандалатын қарым-қатынас түрлерін, формасын анықтау болып алынды. Ұйымдастырылған эксперименталдық зерттеуде КИ бар балалардың келесі біліктіліктері анықталды: үлкендермен қарым-қатынастың басым түрі; мектеп жасына дейінгі балалардың оларға деген үлкендердің қатынасы туралы түсініктері; баланың өзіне деген жақын адамдардың қатынасын түсіну сипаты және дәрежесі; балалардың үлкендерге деген қатынасы.



КИ бар балалардың үлкендермен қарым-қатынас формаларын анықтау мақсатында М.И. Лисина және Х.Т. Шерьяздановамен [2] ұсынылған балалардың қарым-қатынас формаларының жіктелімі қолданылды:

1. Қарым-қатынастың жағдаяттық-тұлғалық (тікелей эмоционалды) формасы;
2. Қарым-қатынастың жағдаяттық-іскерлік (заттық-эрекеттік) формасы;
3. Қарым-қатынастың жағдаяттан тыс-танымдық формасы;
4. Қарым-қатынастың жағдаяттан тыс-тұлғалық формасы.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде қарым-қатынас бала дамуының негізгі шарты, өзге адамдармен өзара әрекеттесу арқылы өзін-өзі тану және бағалауға бағытталған адамның жетекші іс-әрекеті, оның тұлғасының қалыптасуының маңызды факторы ретінде қарастырылады. Кохлеарлы имплантациясы бар мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу қарым-қатынасын ұйымдастырудағы күрделі қиындықтардың болуын И.В. Королева, Т.В. Пельмская, Н.Д. Шматко [3] және т.б. атайды.

КИ бар балалар сөздік коммуникация мүмкіндігінен айырылғандығына байланысты оларда тұлғааралық қатынастарды жақсартуда айтарлықтай қиындықтар байқалады. Онтогенетикалық даму барысындағы бұзылыс сипатымен шарттанған айқын ауытқулар, сөйлеу қарым-қатынасының уақытылы және толыққанды дамуы үшін айтарлықтай кедергі тудырады, ол КИ бар мектеп жасына дейінгі балаларда нашар қалыптасады, оның мотивтері негізінен балалардың органикалық қажеттіліктерінен туындайды. Қоршағандармен қарым-қатынас қажеттіліктері, әдетте, физиологиялық қажеттіліктерге байланысты болады. Бізбен балалардың бірнеше көрсеткіштер бойынша сөйлеу пікірлері талданды. КИ бар балалар жиі және көбірек қарым-қатынастың ситуативтік-іскерлік формасын модельдейтін жағдаяттарда сөйледі (барлық пікірлердің 58,4%). Біраз аз бала жағдаяттан тыс-танымдық қарым-қатынас формасын модельдейтін жағдаятта сөйледі (26,3%). Және барлық пікірлердің тек 15,3% жағдаяттан тыс-тұлғалық қарым-қатынас формасына тиесілі болды. Алайда атап кететін жайт, тұлғалық әңгімелесуге келіскен КИ бар балаларда бұл арақатынас өзгеше: 49,6%, 25,5% және 24,9% сәйкесінше. Барлық сөйлеу пікірлерінің басым көпшілігі жағдаяттық пікірлерден болды (80,2%). Балалар танымдық сұрақтарды талқыламады, өзінің достары туралы ойлары туралы, топ бойынша құрдастарымен бөліспеді. Жиірек олар өздері туралы айтты. Тұтастай алғанда оларда заттарды игеру туралы, жануарлар, ойыншықтар және тұрмыстық заттары туралы хабарламалар басымдық болды. Мәлімет кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1 - Қарым-қатынастың әр түрлі жағдаяттарындағы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу пікірлерінің саны (%)

Қарым-қатынас формасы	Сөйлеу пікірлерінің саны	
	Қалыпты балапар	КИ бар балапар
Жағдаяттық-іскерлік	12,7	58,4
Жағдаяттан тыс-танымдық	23,4	26,3
Жағдаяттан тыс-тұлғалық	63,9	15,3

Мазмұны бойынша КИ бар балаларда айғақтарды қарапайым деректеу түріндегі ақпараттық пікірлер басым болды ("Менде ұшақ"). Олар пікірлердің 86,25% құрады. Балапар танымдық сипаттағы сұрақтарды аз қойды ("Балада неге ақ қалпақ (панамма)? Өрмекші неге шыбындарды өлтіреді?"), олар барлық пікірлердің 4,5% құрады. Бағалау сипатындағы хабарламалар тек 1,8% болды ("Данияр жақсы, ол менімен бірге ойнайды").

Бұл кезеңде біз ересектермен баланың қарым-қатынасына арнайы бақылау ұйымдастырылған. Нәтижесінде экспрессивті-мимикалық сөйлеуді қолданады, заттық іс-әрекеткі сирек қолданады. Экспрессивті-мимикалық қарым-қатынас санаулы. Көбіне ересектермен қарым-қатынаста олар жимиып, эмоциялық жағдайлары кейде мимикамен бағананда. Бақылау барысында, бала ересектеп қарым-қатынаста өте көп бетіне қарайды және де әңгімелесу кезінде. Ереже бойынша бап бұл кезде кітап немесе ойыншықпен ойнап отырады, егер бос уақыт болса жәй ғана көзін алып қашады. Заттық іс-әрекет жақындасудың амалы болды, және де ересек адаммен қарым-қатынас жасау амапы. Ересек мектеп жасына дейінгі КИ балалардың қарым-қатынасы 2 кестеде берілген.

Кесте 2 - КИ бар балалардың үлкенмен қарым-қатынасының жетекші құралы (%)

Қарым-қатынастың жетекші құралы	Топ	
	КИ бар балапар тобы	Қалыпты балапар тобы
Экспрессивті-мимикалық	12	2
Сөйлеу	3	18
Заттық-эрекеттік	5	0

Жоғарыда өткізілген зерттеу бойынша біз балапардың сөйлеу пікірлерін бірнеше көрсеткіштер бойынша — \_\_\_\_\_

ша талдадық. Балалар көбінесе және жиірек жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас формасын модельдейтін жағдаяттарда сөйледі (барлық пікірлердің 58,4%). Біраз аз бала жағдаяттан тыс-танымдық қарым-қатынас формасын модельдейтін жағдаятта сөйледі (26,3%). Және барлық пікірлердің тек 15,3% жағдаяттан тыс- тұлғалық қарым-қатынас формасына тиесілі болды. Қарым-қатынастың спецификалық ерекшеліктерін жалпылай келе КИ бар балаларға тән сипаттарды атап өтуге болады:

- Қарым-қатынастың мотивациялық-қажеттілік аймақтарының, сөйлеу белсенділігінің төмендеуімен, сөйлеу және паралингвистикалық құралдарды жүзеге асыру қиындықтарымен бірге жүретін, мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтілік дағдыларының қалыптасуына кедергі тудыратын сөйлеу коммуникациясының шектеулі мүмкіндіктері;
- Көрнекі-бейнелік әрекет бойынша пікірлерді құрудағы қиындықтар, пікірдің мағыналық ұйымдастырылуының, мектеп жасына дейінгі балалардың хабарлама элементтері арасындағы логикалық байланыс- тың болмауы;
- Сөйлеу құралдары, формалары, қарым-қатынас белсенділігі және мінез-құлық ерекшеліктерінің дамуы бойынша (негізінен төмен деңгей) коммуникативтік дағдылардың әртүрлі қалыптасуы;
- Үлкенге деген қызығушылықтың жоқ болу беталысы, байланыстан қайту ниеті.

Біз жүргізген деректеуші эксперимент және оның барысында алынған мәліметтер КИ бар балалар тобында қалыпты дамудағы мектеп жасына дейінгі балалардан ерекшелігі олардың статустық қалпы есту, сөйлеу және психикалық мүмкіндіктердің дамуына айтарлықтай әсер ететінін, және физикалық ақау ауырлығын көрсетеді. Қолайсыз статустық санаттарда сөйлеу, психикалық және физикалық даму мүмкін- діктерінің шектеулігі коммуникативтілік біліктілік пен дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуына себеп болған. КИ бар балалардың кешілігіне жасқаншақтық (қорқақтық), ұялшақтық, ренжігіштік және ашуланшақтық тән. Осылайша, КИ бар балаларда ұзақ уақыт аралығындағы өзарақатынастың дамуында- ғы дизонтогенез байқалады, ал қарым-қатынас үрдістері аталған сезімдердің айқындығы салдарынан қиындатылған. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық түзету ойын іс-әрекетіндегі өзара қатынасты жасауды көздеді. Аталған ерекшеліктерді баланың кейінгі дамуында кері әсері, депривация, үлкендермен өзара әрекеттесу жетіспеушілігі және құрдастарымен өзара әрекеттестікті өзбетімен ұйымдастыра алмау біліктілігі салдарларын жеңуді қамтамасыз ететін жағдайларды жасау қажет. Тек осы жағдайда ғана әлеуметпен гармониялық өзара әрекеттестіктің қалыптаспаушылығында көрініс табатын әлеуметтік сенімсіздікті жену және әртүрлі өмірлік міндеттерді шешу тәсілдерін дербес табуға деген ұмтылыстарды эзирлеу мүмкіндігі мүмкін болып табылады.

КИ бар мектеп жасына дейінгі балаларды арнайы оқыпудың басты мақсаты болып олардың сөйлеу қарым-қатынасы дағдыларын игеру табылу керек, ол педагогтың педагогикалық өзара әрекеттесу және әсер ету шарттары мен ережелерін сақтау кезінде мүмкін болмақ. Жоғарыда айтып кеткендей қазіргі уақытта бұл балалар жалпы білім беру мекемелерімен қатар, арнайы мекемелерде де баршылық. Бұл жағдайда мектеп мұғалімі немесе тәрбиешісі бұл балалармен жұмыс жасап жатқан жоқ деп айта алмай- мыз. Педагог көп жағдайда бұл балалармен жалпы есту-сөйлеуін дамытуға көңіл аударады. Соның негізінде ол есту қабылдауына көп көңіл аударып жұмыс жасайтын болса, баланың сөйлеу қабылдауы шетте қалып, бұл бағытта жұмыс жүргізілмейді. Бұл жағдайда біз педагогтарға балалардың сөйлеу қабыл- дауын дамытуға оның ішінде коммуникативтік дағдыларын дамытып қалыптастыруды да ұмытпауыз қажет екендігін айта кеткіміз келеді. Балалардың сөйлеу әктісі арқылы коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша көптеген теориялар бар. Бұл бағытта көптеген ғалымдар еібек етті. Солардың бірілері К.Бюлер [4] и Р.О. Якобсон [5] болып табылады. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде сөйлеу әктісін ашып, сөйлеу комму- икациясының теориясын жазып сипаттаған болатын. Аталған теория негізінде бізбен КИ бар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі құрастырылды. Жұмыстың мақсаты - КИ бар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникатив- тш дағдыларын қалыптастыру болып анықталды. Анықталған мақсатқа сәйкес бізбен келесі міндеттер көрсетілді:

- Балаларда сөйлеу мотивациясын тудыру;
- Балаларға қоршағандармен коммуникацияның түрлі әдістері туралы түсініктерін кеңейту;
- Өзіне және қатарлас балаларға деген позитивті қарым-қатынасты қапыптастыру;
- Қайшылықты жағдайларда жалпылай шеше алу, қарым-қатынасқатүсе алуды тәрбиелеу;
- Балаларда мәдениетті сөйлеуді қалыптастыру

Берілген міндеттер негізінде бізбек жұмыстын келесі ұстанымдар ұсынылды:

- Қарым-қатынастың әрекеттілігі және бірізділігі;
- Шығармашылықтың эмоционалдық елэктеуінде;

- Минимаксималдық және гуманистілік бағыттылық;
- Интеграция және дүниенің тұтастығы туралы түсінік;

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша бізбен 3 кезең атап көрсетілді. Бұл коммуникацияға дейінгі, коммуникация және посткоммуникациялық кезеңдер. Әрбір эрекет өзіне келесі эрекеттерді ендіреді. Осылайша коммуникацияға дейінгі кезеңге - пікір айтылымдар мотивінін пайда болуын, сөйлеудің ішкі, ойлық дайындалуы және оның мазмұны және тілдік формасы жатқызылды. Ал коммуникация кезеңдеріне бізбен ойлық кодтан акустикалық немесе графикалыққа ауысуы, сөйлеуді қабылдау және она перцепиенттің түсінуі секілді кезеңдер алынса, ұсынып отырған жұмыс жүйесінің посткоммуникациялық кезеңінде қарым-қатынасқа түсушімен кері байланыс орнату, жаңа сөйлеу актісі, эрекеттер қарастырылып, олар коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бірден- бір көмек тигізетіні көрсетілді.

Бізбен балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ұсынылып отырған жұмыс жүйесі тек қана аталған кезеңдерді қамтып жұмыс жасауда ғана жүзеге аспайды. Бұл кезеңдердің әр қайсысында балада сөйлеуге деген мотивті тудыруға арналған әдіс-тәсілдерді де қолдануымыз. Баланың сөйлеуге деген мотивін тудыру үшін баламен «Позициялық кодтау»,

«Блисс тілін», «Пиктограмма», «Коммуникативтік тақталар», «Леб жүйе» әдістерін қолдануға ұсынамыз. Бұл әдістемелер мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуге деген мотивтерін тудырса, әрі қарай туындаған мотивтің сөйлеу, ойлық сөзге айналдырып, қарым-қатынасқа шығуын тудыратын әдістемелерді қолданып, балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелерді бірі ретінде «Пиктограммалық схемаларды ұсына аламыз. КИ бар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ерекше ескеретін бір жайттардың бірі балаларда физиологиялық алғышарттар бар, ал олардың коммуникативтік дағдылары онтогенетикалық нормадан томен болып келеді. Сондықтан бұл жерде биологиялық алғышарттар, оны сөйлетуге, коммуникацияға тудыратын арнайы алғышарттарды ұйымдастыру керек.

Жеке тұлға болып өсуіне ықпал жасау, тәрбиеде білім алу барысында КИ балаға болашаққа өз орнын табуға, ортада кездесетін кедергілерді шектеу және балалардың коммуникативтік дағдылары дамуы үшін шарттарды жасаған кезде ғана біз аталған нәтижеге жете аламыз.

1. *Кохлеарлы имплантациядан кейінгі балалардың білімін ұйымдастыру бойынша бұйрық 02.07. 2009 - №1228.*
2. *Шерьяданова Х.Т. Учите детей общению,— Алма-Ата: Рауан, 1992.*
3. *Короленко И.В. Кохлеарная имплантация. - СПб., 2008. - 751 с.*
4. *Бюлер К. Теория языка. Репрезентативная функция языка. — М.: Прогресс, 1993. - 502 с*
5. *Якобсон Р. Тексты, документы, исследования. - М.: РГГУ, 1999. - С. 184.*

#### Резюме

В статье рассматриваются система работы по формирования коммуникативных навыков у детей с кохлеарными имплантами. Описываются основные методики работы по формированию коммуникативных навыков у детей с кохлеарными имплантами.

#### Summary

The article is about of the system to formation of communicative skills the children with cochlear implants. It describes the main methods of working to build communication skills of the children with cochlear implants.

## АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІМӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### СОВРЕМЕННАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ В ГЕРМАНИИ

Г.А. Абаева - к.п.н., доцент, зав. кафедрой специальной и социальной педагогики КазГосЖенПУ

Проблемы образования детей с ограниченными возможностями в каждой стране зависят от многих факторов: состояние экономики, политическое устройство, социальная политика государства, религия, ментальность той или иной нации и проч. Кроме того в последнее время проблемы образования решаются в зависимости от того, какой подход лежит в основе проводимой в стране интеграции. Интеграция часто рассматривается как стратегическая задача развития системы образования лиц с ограниченными возможностями, а именно как один из **возможных** подходов к образованию детей данной категории и обеспечение доступа к образованию.

Если обратиться к опыту Германии, то ее законодательство регулирует систему образования немного иначе, чем в Казахстане. Есть общие законы и принципы, в частности то, что все дети, несмотря на имеющиеся нарушения и степень их тяжести должны пойти в школу с 6 лет; должен быть обеспечен транспортный доступ всем детям с особыми образовательными потребностями, но в тоже время каждый регион (Земля) имеет собственные законодательные акты. Например, обучение в начальной школе в Берлине может продлиться до 6 класса, в Цюринге - до пятого, а в школах Северной Вестфалии (Дюссельдорф) - до 4 класса.

Система общего образования начинается с детского сада, который дети посещают с 3 до 6 лет, но его посещение необязательно. Детские сады подразделяются на частные, государственные, от общественных организаций и церковные.

В 70-80 годы XX века, когда по всей Европе активно закрывались специальные школы в целях реализации интегрированного обучения, Германия не торопилась повторить данный шаг, и ориентировалась на желания родителей.

Спустя 20 лет опыт показал, что инклюзия не всегда работает, и на Западе приходят к мысли, что ликвидация всех типов специальных школ была ошибочной. В настоящее время ряд стран начал заново открывать отдельные тапы специальных школ. Ряд зарубежных исследований показывает, что инклюзия для некоторых категорий детей, в частности для тотально слепых, умственно отсталых неприемлема.

Изоляция незрячего ребенка в обычной среде, в силу особенностей его развития в начальный период обучения особенно бросается в глаза. Он не участвует в играх, общении, повседневной деятельности, так как еще не обучен этому. Однако, постепенно, по мере развития незрячего возможна его интеграция в коллектив группы, класса.

У ребенка с интеллектуальной недостаточностью все наоборот. Чем старше возраст, тем более усиливается его изолированность. Его сверстники слишком быстро идут вперед и, разница в их развитии становится все более очевидной. Некоторые исследователи даже полагают, что у ребенка с нарушением интеллекта нет шансов для развития в интегрированной среде.

Система общего школьного образования в Германии носит выраженный дифференцированный характер, что определяет возможности для дальнейшего образования.

1. Простая школа (5-10 класс) - самая низкая ступень, образование после которой можно продолжить только в профессиональной школе.

2. Политехническое образование (5-10/11 классы) - из нее могут поступать в высшую школу (институты, прикладные университеты) по определенным специальностям.

3. Элитарная школа (5-12/13 классы) - из нее могут поступить в любое высшее учебное заведение, по любой специальности, в том числе университеты с высокими рейтингами.

Помимо этого некоторые организации образования: детские сады, школы (не все!) имеют статус интегративных, например, в Северной Вестфалии есть 3 интегративные школы, и при желании любой ребенок может пойти в одну из них.

Инклюзивное образование действует преимущественно в отношении детей с более легкими нарушениями, и здесь приоритетным является желание родителей + наличие соответствующих условий.

Система специального образования в Германии не была подвергнута такой кардинальной перестройке, как в других странах Запада. На сегодняшний день в Германии существует 8 типов специальных школ: \_\_\_\_\_ 35

- для детей с детским церебральным параличом;
- для детей с пониженной обучаемостью - это дети не с задержкой психического развития, как можно подумать, а преимущественно с ранним детским аутизмом;
- для детей с интеллектуальной недостаточностью в выраженной степени (эти два типа школ имеют ограниченный учебный план и не дифференцируются по классам: 1-2,3-4, 5-6 кл. объединены);
- для детей со сложными нарушениями (это не аналогичные нашим сложные нарушения, может быть даже норма интеллекта, но очень сложная социальная адаптация и поведенческие трудности);
- для слепых детей (единственная школа интернатного типа);
- для незлышаших детей;
- для детей с тяжелыми нарушениями речи;
- школа-больница (обучение проводится на территории больницы, если ребенок находится в ней более трех недель). Учитель - приходящий, от школьного управления города;
- для одаренных детей.

Все школы, за исключением школ для детей с пониженной обучаемостью и умственной недостаточностью, имеют дифференциацию по классам, работают по общеобразовательным программам, ориентированы на получение аттестата и продолжение образования после школы. Хотя эти программы приспособлены к возможностям учащихся.

Аутисты направляются в школы для детей нарушениями интеллекта или в школы для детей с пониженной обучаемостью. При сопровождении ребенка с аутизмом дается помощник в интеграции.

Система дошкольного обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями также дифференцированный характер: есть обычные детские сады, есть интегрированные и специальные дошкольные организации. Специальный или интегрированный детский сад должен принимать всех детей, даже самых тяжелых. В детские сады принимаются дети от 3 до 6 лет.

В каждой группе интегрированного детского сада в среднем по 15 детей. В том садике, который мы посетили в рамках стажировки из 15 детей пятеро имели особые образовательные потребности, т.е. соотношение нормы к ОВ примерно 1 к 2. Среди них дети с задержкой речевого развития, с нарушением зрения, интеллектуальной недостаточностью, с ранним детским аутизмом и дети эмигрантов (языковая интеграция). В каждой группе работает социальный педагог или дефектолог в зависимости от состава группы, воспитатель и 2 практиканта. Практиканты - это выпускники ВУЗов, еще не получившие диплома. Согласно их системе подготовки дефектологических кадров после 4 лет бакалавриата студент должен отработать не менее 2-х лет по специальности (что-то наподобие ординатуры) - только потом сдается второй государственный экзамен и, выпускник получает диплом по специальности

Основной подход в коррекционной работе с детьми с особыми образовательными потребностями - ситуативно-ориентированный. Ситуативно-ориентированный подход впервые был описан в 1967 году и опирался на исследования мозга. Для развития и интеграции важно знать ситуацию, в которой растет ребенок, и строить работу в соответствии с ней (две сестры вместе посещают детский сад для лучшей интеграции). Девиз команды педагогов-дефектологов «Помоги мне самому это сделать».

План мероприятий на каждого ребенка с ограниченными возможностями дошкольного возраста:

1. Диагностика.
2. Описание актуального состояния ребенка.
3. Составление индивидуальной программы развития.

С каждым ребенком индивидуально занимаются: логопед, моторный терапевт (аналогично нашему инструктору ЛФК), педагог речевого развития и психолог. В отдельных случаях приглашаются специалисты извне.

В специальных детских садах количество детей меньше, менее десяти и более лучшие условия педагогического сопровождения: на 8-10 детей 3 человека персонала.

Система обучения и воспитания в детском саду не носит строго регламентированный характер: детям ничего не навязывается, их плавно подводят к тому, чтобы этот вид деятельности для него стал приятным, радостным событием. Очень много внимания уделяется ритуалам, традициям (аналогична системе воспитания А.С. Макаренко).

При поступлении в школу ребенка с ОВ требуются:

- характеристика из детского сада
- наблюдение двух учителей: начальной школы и специальной школы. Они дают совместное заключение «Отчет о развитии ребенка».
- одновременно организовывается наблюдение на дому.

*Абагі атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

- параллельно проводится тестирование в разных условиях (на дому, в школе, в детском саду) на развитие эмоций, моторики, социального развития, интеллекта.

Все результаты направляются к врачу. Затем общий пакет, включая заключение врача, направляется в Управление школами, где ребенку выдают направление в конкретную школу.

Родители имеют право отвергнуть заключение, при этом ребенок поддается повторной диагностике.

Родители вправе выбрать школу для своего ребенка - интeгративную или специальную. Обучение в специальной школе не строго регламентировано. Есть общее положение, в котором указано, какими компетенциями должен овладеть ребенок, и учебная программа школы строится в соответствии с ней. Программа определена по ступеням развития: одна ступень длится от 2 до 4 лет.

Этапы:

- предступень (6-8 лет);
- низшая ступень (8-12 лет);
- средняя (12-14/16 лет);
- высшая ступень (до 18 лет) - не все дети с ОВ овладевают эту ступень;
- профшкола (старше 18 лет).

В спецшколе для детей с нарушениями интеллекта нет предметных занятий, учебный процесс построен как интегративный курс, цель которого: дети должны овладеть различными компетенциями, преимущественно социальными. Процесс обучения направлен на социализацию, а не на получение минимума образования, как у нас. Учат считать на уроке, а при планировании похода в магазин. Четко действует схема: говорить-показать-повторить-играть-действовать в жизни.

В интегративных классах на 4 часа в неделю берут специального педагога: 2 часа тратится на обучение ребенка, 2 часа - на консультирование учителя. В данных школах, помимо учителей, медицинской сестры, психолога работает персонал по уходу. Однако, любой учитель должен уметь оказать любую помощь ребенку, в том числе и физическую.

В данной статье мы дали лишь краткую характеристику системы образования лиц с ограниченными возможностями в отдельно взятой стране. Исследуя данный опыт, можно прийти к выводу, что простое, часто формальное перенесение опыта западноевропейских стран не приемлемо в такой сфере как образование. Опыт Германии показывает, что они, не увлекаясь реформированием и модернизацией, осторожно и последовательно выбирали свой путь, делая упор на то, что развитие системы обучения детей с особыми образовательными потребностями направленно, прежде всего, на защиту их интересов.

*/ В статье использованы материалы стажировки на базе Международного образовательного центра г. Дюссельдорфа (Германия) по теме «Система специального образования и социальной интеграции с ограниченными возможностями в Германии» 12-27.08.2011 г.*

#### Резюме

В данной статье рассматривается опыт и современная система образования лиц с ограниченными возможностями в Германии.

#### Resume

This article describes the experience and modern education system of people with disabilities in Germany.

#### ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Х.Е. Искакова, С.Ш. Байсултанова - *ҚазҰПУ-нің арнайы мақсаттағы ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушылары*

Қазіргі заман әр адамнан жоғары деңгейде мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларын терең меңгеру мен мамандануды талап етеді /1/.

Мәдениет ұғымы, әсіресе ересек адамның мәдениеті біртұтас көп аспектілі болып табылады және осы ұғымға сәйкес анықталулар отандық және шетел дерек көздерінде көптеп кездеседі. Мәдениет қоғамдағы адамның рухани қызмет түрлері мен тәрбиелерін, сонымен қатар білім беру үдерісінде адамдардың нақтылы даму деңгейін және ересек адамның ортақ мәдениет түрғылары тұрмыстық, кәсіби, гуманитар- лық және ғылыми-техникалықтармен сипаттайды.

Бүгінгі таңда ақпараттық мәдениет мәдениеттің жаңа бір түрі болып табылады. Бұл ұғым ақпараттық қоғам шеңберінде мәліметтің басты стратегиялық қоры ретінде жаңа технологиялар арқылы мәліметті сақтау мен өндеу үшін қарастырылады.

Устаздық жалпы мәдениетінің жоғарғы дәрежесі, оның кең ой-өрісі оқу тәрбие жұмысын жүргізуде -----

табысқа жетуге көп эсер етеді. Алайда халықтың жалпы мәдени және білім дәрежесі айтарлықтай өсіп, жастардың ынта қояр тілектерінің ауқымы ұлғайып отыруына ақпараттық мәдениет ерекше орын алады.

Ақпараттық мәдениет термині отандық кәсіби әдебиетте ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында тұңғыш рет пайда болған. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша ақпараттық мәдениет дегеніміз бұл белгілі бір мақсатта жұмыс істей алу, осы ақпаратты өңдеу, компьютер немесе қазіргі техникалық ақпараттық технологиялар арқылы түрлі әдістерді қолдану [2.141]. Ендеше адамзат мәдениетіндегі ақпараттық алмасуда жеке тұлғаның да ақпараттық мәдениетін көрсетуімізге болады.

Соңғы жылдарда әлемдегі мүмкіндігі шектеулі балалардың саны күрт өсуде. Әсіресе экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жағдайы төмен мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі балалардың саны жоғары. Бала мүгедектігінің деңгейінің өсуі дәстүрлі түзете-педагогикалық білім берудің және әлеуметтік бейімдеудің нәтижесіздігін көрсетеді. Көптеген мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастан түзете-педагогикалық көмек көрсету жобаларын жүзеге асыру - денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау іс-шараларында әлеуметтік жоба ретінде көрініс алады. Батыс елдерінің мемлекет деңгейінде «ерте жастан көмек көрсету» жүйесі, ғалымдардың және педагогтардың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде көрініс алады. «Ерте жастан көмек көрсету» бағдарламаларын жүзеге асыру арнайы білім беру жүйесінің дамуына ғана жағымды әсерін тигізіп қоймай, сонымен қатар ерте жастан даму мүмкіндігін алған балалардың өмірін түбегейлі өзгертті. Шетелдік ғалымдардың зерттеуі бойынша ерте жастан ата-аналарды қатыстыра отырып жүйеленген медико-психолого-педагогикалық көмек көрсету баланың дамуын спалы деңгейге көтеріп қоймай, арнайы қажеттіліктері бар адамды тек құқылы адам ретінде әлеуметке ендіруге мүмкіндік береді. Бүкіл әлемде соның ішінде Қазақстанда да мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастан көмек көрсету арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл баланың мектепке дейінгі және мектеп жасындағы кезеңдері педагогикалық негізделген және әртүрлі топтағы мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке дейінгі, мектеп жасындағы білім беру жүйесі құрастырылып қойғанына байланысты. Туылғаннан 3 жасқа дейінгі кезеңдерді алатын болсақ ол негізінде дәрігерлердің еншісінде. Ал дәрігерлерді баланың сенсорлық, ақыл ой және эмоционалдық дамуы емес физикалық, саматикалық денсаулығы қызықтырады. Қатер тобындағы балаларды анализдерге негізделген отырп диагностикалауды емдеу және алдын алу денсаулық сақтау мекемелері сияқты, білім беруде ұйымдастырылған ерте жастан көмек көрсету мекемелері де белсенді қолданады. Өйткені ерте жастан көмек көрсету мекемелерінің мақсаттарының бірі ол нақты диагностикалауды таппа ететін балаларды анықтау, яғни баланың арықарайғы жағымсыз дамуының алдын алу. (С.Д. Забрамная, В.И. Лубовский,

А.Р. Лурия, К.С. Лебединская, Ж.И. Шиф және т.б.) дефектологтар балаларды зерттеуде объективтілікке бағытталған. Алдыңғы қатардағы шет елдік және отандық педагог ғалымдар өз еңбектерінде (М.Монтессори, К.Д. Ушинский, В.М. Бехтерев, Ж.Пиаже, Л.С. Выготский) баланы өмірінің бірінші күндерінен бастап тәрбиелеу маңыздылығына көңіл бөлген.

XX ғасырдың басына дейін мүмкіншілігі шектеулі балаларға ерте жастан көмек көрсетудің негізделген теориялық базасы болмаған. Бұл жағдайды шешуге Н.И. Красногорский, Н.М. Щелованов, Н.Л. Фигурин, Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин сынды ғалымдар айтарлықтай үлес қосты. Л.С. Выготский, В.И. Лубовский, Е.А. Стребелева, Е.М. Мастюкова, Е.И. Морозова, Ю.А. Разенкова сияқты Ресейлік ғалымдардың айтуынша 0-3 жас аралығындағы балаларға түзетедамытушылық көмек көрсету, дамудағы кемшіліктердің алдын алу және орын басудың кәзіргі заманауи педагогика ғылымында ең нәтижелі тәсілдерінің бірі. В.И. Лубовский әр түрлі ақыл ой және дене кемістіктері бар балаларға терең ғылыми жобаларға негізделіп ерте жастан көмек көрсетудің жүйесін жасудың маңыздылығын айтқан. Сонымен қатар ресейлік ғалымдар ерте жастағы балаларға көмек берудің жүйесін көрсететін бір қатар әдістемелер жасады (Е.М. Мастюкова, Е.А. Стребелева, Н.Н. Печора және т.б.). Бұл бағдарламалардың теориялық базасы Л.С. Выгодскийдің еңбектеріне негізделген. Оның «өзекті даму аймағы», екіншілік кемістіктің алдын алу теориялық еңбектері, туа біткен даму кемістіктері, сәби және ерте жастағы медициналық, генетикалық және әлуметтік қатер тобындағы балаларды зерттеуде үлкен үлесін тигізеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды түзетедамыту жұмыстарының негізінде психология және педагогиканың үздіксіздігі жатыр. Баланы тәрбиелеу және оқытудағы психикалық дамуы психолого-педагогикалық теорияның негізгі принциптерін атақты Ресейлік ғалымдар құрастырды, олар: Л.С. Выгодский, П.Я. Гальперин, А.В. Запорожец, А.Н. Лурия, С.Л. Рубинштейн және т.б. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауда осы теориялар әдістемелік негіз болады. Атақты Л.С. Выгодский, Д.Б. Эльконин, М.Монтессори сынды педагог және психологтар сенситивті кезендерді қамтитын бір қатар іс-әрекеттердің баланың психикалық дамуындағы, яғни аталып отырған іс-әрекеттер сыртқы ортаның әсеріне сезімтал келетіндігін және соның әсерінен қарқынды дамуына ерте жас маңыздылығын бұрында да айтып келген. Бірақ тәжірибиеде ерте даму кезеңінде физикалық және ақыл ойы кемістіктері бар балалардың кей біреуі ғана түзетедамытушылық көмек алады. Ерте жастан түзету және тәрбиелеу мәселелерін талқылауда әртүрлі функциялардың дамуындағы сенситивті кезендердің маңыздылығы айтылады. Дамуы қалыпты балаларда да нерв құрлымының жетілу уақыт көрсеткіштері қалыпты еместігі бәрімізге мәлім. Бұндай қалыпсыздық, дамуында ауытқушылықтары бар балаларда сау балаларға қарағанда айтарлықтай көп. Осыған орай, бұндай балаларда нерв құрлымдарының жетілу уақыты әртүрлі деңгейде болатындығын ескерген жөн, ол даму ауытқушылықтаға әкеп соқтыратын органикалық бұзылыстардың деңгейіне және құрлысына байланысты. Нәтижесінде қалыпты балалармен салыстырғанда мүмкіндігі шектеулі балаларда жеке функциялардың жетілу уақыты ғана емес, жоғарғы психикалық іс-әрекеттердің қалыптасуының да маңызы зор уақытымен жетілу тәртібі де бұзылады. Ауытқушылығы бар күрделі функциялардың қалыптасуы кезінде қосалқы жолдарға негізделген жөн. Қандай жағдайда болмасын арнайы ұйымдастырылған түзетедамытушылық жұмыс қажет. Жоғарғы психикалық немесе оның қосалқы функцияларының даму бұзылыстары кенеттен дамып кетпейді. Жоғарғы психикалық функциялары жайлы айтылған мәліметтердің бәрі арнайы білім беру кезінде тәжірибиеде үзеге асырылады, бірақ көп жағдайда мүмкіншілігі шектеулі балалармен бұндай жұмыс өте кеш басталады. Психолого-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырылуы әртүрлі мемлекеттік мен әртүрлі кезендердегі дамуында ауытқушылығы бар адамдарға деген қоғамның және мемлекеттердің көзқарасы мен заңдылықтарына тәуелді. Ол арнайы білім берудегі ұлттық жүйеден, яғни мемлекеттік институттарда көрініс алады. Осыған орай мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуы «барлықтарихи кезендерде арнайы білім берудің ұлттық жүйесі мемлекеттің әлуметтік-экономикалық жағдайына, мемлекеттік саясаттың мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарасына, білім беру аясындағы заңдылықтарға, дефектология ғылымының медицина, психология, педагогика және тарихи-педагогикалық процестердің кірігу шекарасына байланысты». Шарттардың орындалмауы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсетуді қиындатады. Бірақ бұндай шарапарды қолдану мемлекеттік біртұтас жүйенің және ерте жастан кешенді көмек көрсетудің, ерте жастан диагностикалаудың жоктығына байланысты шектелген.

Ерте жастан көмек көрсету тиімді болып табылады, ал оған кеткен экономикалық қаражат ақталады, өйткені мектеп жасына дейінгі арнайы білім алуды қажет ететін балалар саны азаяды. Ерте жастан түзетедамытушылық көмек көрсету арнайы білім алу қажеттілігі бар балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен қатар білім алуға және әлуметке кіріктіру жағдайын жасайды, бұндай балалардың көбі цензді білім алуға мүмкіндік алады. Ерте түзетуден кейін пренатальды паталогиясы бар балалардың 30% 6 айында қалыпты жағдайға келеді, 90 % тұрақты және тиімді көрсеткіштер байқалады, осының негізінде баланы

өз құрдастарымен бірге мектепке дйінгі мекемелерге интеграциялау мүмкіндігі пайда болады. Ерте жастан кешенді түзете-педагогикалық көмек көрсету ол бала мүгедектігінің алдын алу шараларының бірі болып табылады.

Баланың ерте жастағы даму ерекшеліктері орталық жүйке жүйесінің икемділігі және кемшілігін компенсациялау мүмкіндіктері, ерте жастан түзете-педагогикалық көмек көрсетудің маңыздылығын көрсетеді, сонымен қатар мақсатты түрде біріншілік кемістіктерді түзей отырып екіншілік кемістіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Көзірігі танда мүмкіншілігі шектеулі сәби әлсіз, пассивті, ересектердің іс-әре- кетіне тәуелді тіріжан емес, бірікен іс-әрекет субъектісі ретінде қарастырылады. Ары қарай дамуға негіз болатын адам тәжірибесін жинау ерте жастан басталады; эмоция, өз бетінше жүруге дайындық, мотивациялық-сұраныс жағдайы, сөйлеу тілі іс-әрекеті, психологиялық іс-әрекеттің негізі қаланады. Ерте жаста қоршаған ортамен қарым-қатынастың жетіспеушілігі баланың психикалық іс-әрекетінің дамуына кері әсерін тигізеді. Л.О. Бадапаның айтуынша «осы кезеңде біріншілік білім беру үрдісі жүреді, яғни ары қарай™ күрделі білім алуға «нейронды ансамбльдардың» қалыптасуына негіз болады». Біздің елімізде де ерте жастан кешенді көмек көрсету арнай білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Отандық ғалымдардың зерттеулері мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы бұзылыстарын анықтау және түзете көмек көрсетудің маңыздылығын айқындайды (Р.А. Сүлейменова, А.К. Ерсарина, Б.С. Халыкова, А.Қ. Жалмухамедова, Р.Ж. Мухамедрахимов). Алғаш рет Қазақстанда Түзету педагогика- сының ұлттық ғылыми практикалық орталығында ерте жастан эсер ету жағдайлары бойынша ғылыми зерттеулерге арналған алаң болып табылатын кабинет ашылды. Зерттеулердің нәтижесі бойынша ерте жастан түзете-педагогикалық кешенді көмек көрсету мүмкіндігі шектеулі балалардың даму интенсифика- циясына эсер етеді. Қазақстан Республикасы бойынша Р.А. Сүлейменованың ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсету жүйесіне құрылды.

Европа және АҚШ мемлекеттерінің мүмкіндігі шектеулі балаларға түзете көмек көрсету тәжірибесін сарапқа салсақ: АҚШ PL 99-457 заңымен мүмкіншілігі шектеулі балаларға ерте жастан көмек көрсету (Early intervention.) бағдарламасына енетін 0-3 жас аралығындағы балапр тобы анықталған. Бұл ғылыми апробацияланған медициналық құрал жабдықтар және диагностикалау арқылы анықталған дамуы артта қалған балалар. Дамудың артқа қапуы бір немесе бірнеше даму аймағында болуы мүмкін: сөйлеу тілдік, моторлы, когнитивтік, тілдік, эмоционалдық, өзін-өзі күту, дене кемістігі немесе психикалық бұзылыста- ры бар балалар. Ал РФ келетін болсақ есту қабілеті бұзылған баларға ерте жастан көмек көрсету жүйесіне негізделі отырып қатер тобындығы және мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастан көмек көрсетудің бәрініе ортақ мемлекеттік жүйесін жасады (№3,2002).

Әр түрлі даму ауытқушылықтары бар балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсету көптеген түзету педагогикалық мекемелерде де көрініс алды (Жоғары білім беру ұйымдары, түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, ГИМГЖ), оның ішінде қарастырылтыны; сәби және ерте жастағы қатер тобындағы балаларға түзете көмек көрсету, ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету жұмыстарын жүргізу, тіл кемістіктерін ерте жастан анықтау және түзету, бала дамуындағы ойлау қабілетінің кемістіктерін анықтау және түзету, ерте жастағы балалардың көріп қабылдау бұзылыстарын анықтаудың психофизиологиялық әдістемесін жасау.

Баланың денсаулық жағдайына және ерекшеліктеріне қарамастан бәрине бірдей білім алу мүмкіндігін жасау халықаралық стандарттарға сай мынандай құжаттарда көрсетілген: «Бала құқығы туралы БҰҰ конвенциясы», «Балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруіне жағдай жасау және 2000 жылға дейін орындалу жоспары туралы бүкіл әлемдік декларация». Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау мынандай нормативті актілерде көрініс алады; ҚР Конституциясы, "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлуметтік және медико-педагогикалық қолдау" Қазақстан Республикасының Заңы 11.07.2002 №343-11. Қабылданған құжаттар ерте жастағы балаларға өз уақытында түзете-дамытушылық көмек көрсету мүмкіндік береді. Осыған орай ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту жағдайын жасау маңызды рөл атқарады, ол білім алуға оңтайлы дайындықты қамтамасыз етеді. Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепте білім алуға жоспарлы түрде дайындауда көмек көрсетудің маңыздылығын айқындайтын бірнеше факторлар бар. Біріншіден мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуына дұрыс жағдай жасау, оның өтемідік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және қалыпты жағдайға жақындауға мүмкіндік береді.

Дамудың әр кезеңі ерекше түзету стратегияларын талап етеді. Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы жаңа деңгейлердің әрқайсысы күрделі функционалдық өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Бала дамуында от-басы және ондағы тәрбиелеу жағдайы, зерделік эсер етудің жалғасы және қарқындылығы, сөйлеу тілдік қарым-қатынасы және тәрбиелеу түрі ата-ананың баламен қарым- қатынас жасаудағы психологиялық дайындығы үлкен рөл атқарады.

Соңғы жылдары бүкіл әлемде мүмкіндігі шектеулі балаларға және олардың ата-аналарына ерте жастан педагогикалық-психологиялық көмек көрсетуде жаңа бағдарламалар - ұйымдастыру формаларын іздестіруге бағытталған ғылыми зерттеу жүргізуге көңіл бөлуде. Әр түрлі мемлекеттерде ерте жастан көмек көрсетудің ұйымдастырылуы өзгеше болғанымен мазмұны бойынша ұқсас.

Отандық және шет елдік ғалымдардың зерттеулері мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы бұзылыстарын анықтау және түзете көмек көрсетудің маңыздылығын айқындайды (Р.А. Сүлейменова, Н.Н. Малофеев, Е.В. Кожевникова, А.К. Ерсарина, Н.Д. Шматко, Л.И. Аксенова, Е.М. Морозова, Ю.А. Разенкова, К.Хундейде, А.Қ. Жалмухамедова, Р.Ж. Мухамедрахимов).

Алғаш рет Қазақстанда Түзету педагогикасының үлгілік ғылыми практикалық орталығында ерте жастан әсер ету жағдайлары бойынша ғылыми зерттеулерге арналған алаң болып табылатын кабинет ашылды.

Егер мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жастан білім беру үрдісіне ендіру мақсатында медициналық және білім беру ұйымдарының тығыз қарым-қатынасы қалыптасса, осыған орай арнайы мамандар керекті құрал-жабдықтармен қамтылса, сонымен қатар ата-аналар бұл үрдіске тең құқылы серіктес ретінде қаттысса онда мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жаста әлеуметке интеграциялау (кіріктіру) мүмкіндігі пайда болады.

1. Аксенова Л.И. Ранняя комплексная помощь детям с отклонениями в развитии как одно из приоритетных направлений современной специальной (коррекционной) педагогики//Дефектология. 2002. -№3.

2. Жалмухамедова А.К., Халыкова Б.С. Раннее развитие детей с ограниченными возможностями - Алматы, 2010.

3. Сүлейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане проблемы создания и развития.

#### Резюме

В этой статье говорится об актуальности раннего развития детей с ограниченными возможностями.

#### Summary

In this article says aboutofearly children topically development with restriction possibility.

### ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІНІ

**А.Н. Аутаева - психол.ғ.к., арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Х. Макина - психол.ғ.к., арнайы педагогика кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ**

Бизнес және экономиканы жаһандандыру, сондай ақ 20 ғасырдың соңында жалпы адамзаттық мәселелерді шешу қажеттілігінде дамыған елдер алдына жоғары білім берудің жаңа міндеттерін қойды. Олардың ең маңыздысы - жаһандандырылған нарықта және жаһандандырылған «ғылыми лаборатория-ның» өзгермелі жағдайында белсенді жұмыс істей алатын мамандандырылған кадрлар дайындау. Ұзақ уақыт бойы халықаралық бірлескен стандарттың болмауы жоғарғы білім берудің мазмұны мен форма-сындағы міндеттердің орындалмағанын көрсетеді. Шет елдерде жұмыс істегісі келетін, ұлттық жоғарғы оқу орындарын бітіруші түлектер бар дипломдарын бекіту үшін қиын процедуралардан өтеді және қосымша емтихандарды тапсыруларына тура келеді.

Жоғары білім берудің сапасын және конвертирленгендігімен байланысқан осы немесе басқа мәселелерді тек жоғары білім берудің бірыңғай еуропалық кеңістігін құру арқылы шешуге болатындығы айқын болды. Еуропаға жақын мемлекеттердің 1999 жылы жоғары білім берудің жүйесін жақындату және сәйкестендіру мақсатында Болонский декларациясы құрылып, қол қойылды. Бұл форумды өткізетін орын жай тандалмаған: Болон университеті Еуропадағы ең тарихи оқу орны (1088 ж. құрылған). Оның негізіне өзін көптеген басқа елдерде жақсы ұсына алған үш деңгейлі жоғары білім беру жүйесі (бакалавриат, магистратура және докторантура) алынған. Қазіргі таңда Болон жүйесіне Еуропа Кеңесінің Еуропалық мәдениет конвенциясын (1954) бейімдеген 49 елдің ішінен 47 қатысушы елдер бар. 2010 жылы Будапеште Қазақстанды Болон декларациясына қосу туралы нақты шешім қабылданды. 2004 жылдан бастап Қазақстанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру көп сатылы құрылымы енгізілді: бакалавриат-магистратура-докторантура (PhD). Атапмыш құрылым Қазақстан Республикасының жаңа «Білім беру туралы» Заңында бекітілді.

Білім берудің үшкезендік жүйесіне көшу негізінде педагогтың кәсіби құзіреттілігі болашақ маманды даярлаудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. «Құзіреттілік» термині қазіргі кезде әлеуметтік және гуманитарлы ғылым салаларында жиі қолданылып жүр.

Кәсіби құзіреттілік мәселелері, жоғарғы кәсіби білім беру жүйесінің құзіреттілік бағыттарының әдістемелері отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде маңызды орын алады.

«Күзiреттiлiк» түсiнiгi этимологиялық көзқарастарда қабiлеттiлiк, жиынтық, қалыптастырушылық, дайындық, сапа ұғымдарымен түсiндiрiледi. Н.Б. Шмелеваның ойынша, «күзiреттiлiк белгiлi бiр бiлiм бiлiктiлiктер мен дағдылардың жиынтығымен қатар, әлеуметтiк нормаларды меңгеру мен игеру үрдiсi, құндылықтар бағдары мен оларды өз iс әрекеттерiнде жүзеге асыру, өз кәсiбiн құндылық ретiнде қабылдау, маманның өзiндiк дамуындағы шығармашылық мүмкiндiктерi» [1]. Дәл осы көзқарасты Ю.В. Сенко да ұстанады. Ол кәсiби күзiреттiлiктi «бiлiм алушылардың қызығушылықтары мен сұраныстарына жауап беретiн кәсiби ниеттерiн жобалау мен iске асыруға дайындығы мен қабiлеттiлiгiнiң даму деңгейiн көрсететiн педагогтың интегральдi мiнездемесi ретiнде қарастыруға болатынын» айтады [2]. Аталған контекстте мұғалiмнiң тұлғалық мүмкiндiкгерi, диалогтiк қарым-қатынас жасауға қабiлеттiлiгi, студенттен «өзгенi» көруге деген құлшынысы бiлiм берудi жанартудың мазмұнын құраушы болып табылады. Бұл субъекттi өзiнiң iс-әрекетiмен байланыстыруға, кәсiби тұлғалық қасиеттерiн әлеуметтiк-мәдени ортаға негiздей отырып өзектендiруге мүмкiндiк бередi. Григорьев С.И. «күзiреттiлiк бағыты бiлiм берудiң сапасын бағалауды осы кәсiптегi маманның күзiреттiлiктер жиынтығы жүйесiнiң форматына дейiн кеңейтiп, тереңдететiндiгiн» атап өтедi [3]. Зеер Э.Ф. шетелдiк зерттеулерге сүйене отырып, «күзiреттiлiк бағыты бiлiм берудiң мақсат-бағыттарына: бiлiм беру, өзiн-өзi тану, өзiн-өзi өзектiлеу, жеке тұлғалануының әлеуметтенуi мен дамуына оңтайлы бағдар ретiнде» анықтайды [4]. Сонымен қатар, өзiн-өзi өзектi-леудi кәсiби бiлiм берудiң қолжетiмдi мақсаттарының бiрi ретiнде қарастырады. Бiлiм беруде бұдан басқа да - шектеулi сипаттан бас тартуды бiлiмдiк парадигманың таяздығын жеңудi ұйғаратын көзқарастар кездеседi. Осылайша, «күзiреттiлiк» түсiнiгi когнитивтi-бiлiмдiк компонент ретiнде де, мотивациялық-реттеушiлiк және этикалық компонент ретiнде де қолданылады.

А.А. Орловтың тұжырымдамасы бойынша: қазiргi қоғамдағы өзгерiстердiң негiзiне қарай, жоғары мамандандырылған бiлiм беру жүйесiнде педагогикалық мамандыққа дәстүрлiк, бұрынғы көзқарас сақталып қалған «педагогты алдымен, пәндiк - мұғалiм ретiнде көредi» [2].

Жоғары мамандандырылған бiлiм беру жүйесi педагогикалық қоғам мен педагогтың өзiне тиесiлi. Оқушының iзденiсiн тудыратындай материалды ұсына бiлу, өзiндiк ойлау қабiлетiн қалыптастыру, пәндiк саланы меңгеру деңгейiне байланысты емес, педагогтың кәсiби түрде оқу барысын ұйымдастыра алуына байланысты. Сонымен қатар замануи ақпараттарды қолдана бiлу, түрлi әлеуметтiк-рөлдiк жағдайларды диалогтық әңгiме жүргiзу, адамдармен қарым-қатынас орнату адамның субъективтiк дамуына байланысты.

Оқытудың үшдеңгейлiк жүйесiне көшу мен жетекшi оқу бағдарламаларын жүзеге асыру - студенттiң оқу барысында әлеуметтiк ортада өз орнын табу мен өзiн-өзi танумен сипатталады. Сондықтан да бакалавриат мамандарын даярлау бағдарламасында студенттердiң өзiндiк жұмыстарына (СӨЖ, СӨӨЖ) арналған тапсырмаларға қойылатын талаптар жоғары және өзiндiк жұмыс жаңа бiлiмдердi меңгеру үрдiсiнiң негiзгi құрам бөлiгi болуы тиiс.

Психология-педагогика циклiнiң “Дефектология” мамандығы бойынша оқу-жұмыс бағдарламаларын талдау, көптеген оқытушылардың аталған бөлiмге аса мән бермейтiнiн көрсеттi, оқытушылар бiлiм алушылармен жұмыс барысында түрлi жұмыс түрлерiн ұйымдастыруда формальдi түрде мазмұнын суреттеумен шектеледi.

Көптеген оқытушылардың студенттердiң өзiндiк жұмысына беретiн тапсырмалары күрделiлiк деңгейi бойынша бiрдей, бiркелiкпен сипатталады және студенттердiң қызығушылықтары мен қажеттiлiктерi ескерiлмейдi. Бұл тапсырмалардың түрлерi: бақылау жұмысы, электронды түрде реферат, баяндама жасау, әдебиетке шолу, ал зерттеушiлiк жұмыс өте сирек қолданылады. Өкiнiшке орай, бұл жұмыстар бiлiм алушылардың шығармашылық мүмкiндiкгерi мен танымдық белсендiлiктiң дамуына септiгiн тигiзбейдi, себебi студенттердiң негiзгi iс-әрекетi репродуктивтi болып табылады. Сонымен қатар, оқытушының студенттерге орынсыз беретiн тапсырмалары да жиi кездеседi. Мұндай тапсырмалар түрлерiнiң бiрi - оқулық бөлiмдерiн аудару, оқу бағдарламаларын аудару. Мұндай өзiндiк жұмыс тиiмсiз сипатта жүредi, студенттiң көп уақытын алады, пәнге деген қызығушылығын бәснетедi, себебi: «бiлiм - ойланбай, өзiндiк iзденiссiз қалыптаспайды».

Түрлi өзiндiк жұмыстарды талдау барысында, ғылым саласында жаңа ашылуларды қазiргi қоғамда бейнелейтiн - ғылыми-зерттеу жұмысын атап өту қажет. В.А. Козыреваның тұжырымдамасы бойынша «ғылыми-зерттеу жұмысы - бакалавр бойынша бағдарлама құрылымының қосымша бөлiмi мен университеттiң бiлiм берудiң нәтижесi болып табылады». Бакалавриаттан магистратураға, докторантураға көшу барысында ғылыми-зерттеу жұмысының маңыздылығы мен рөлi артады. Жалпы студент дефектологтардан сауалнама жүргiзу барысында (65%) ЖОО мен кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу мүмкiндiгi туралы ешқандай мәлiмет берiлмегендiгi анықталған.



Бүгінде біз, жоғарғы мектеп педагогын жоғарғы білім иесі ретінде ғана емес, педагог - зерттеуші ретінде қабылдаймыз. В.А. Сухомлинскийдің айтуы бойынша, «білім - адамға табиғат күшін басқаруда үлкен билік береді, тіпті, мыңдаған адамның тағдыры бір адамға байланысты болады» [6].

Педагогика ғылымының қазіргі даму кезеңінде «құзыреттілік» пен «құзырет» ұғымына нақты түсінік жоқ. Бұл сұрақ бойынша түрлі ойлар қалыптасқан. Осы бойынша ең танымал ғалым Эдинбург университетінің профессоры Джон Равен құзыреттілікті белгілі бір жұмысты, белгілі бір пән аймағында орындау барысында нақты іс әрекет пен ойлау қабілетін, жауапкершілікті түсінуді талап ететін специкалық мүмкіндік ретінде қарастырады. Басқа да зерттеулерде «құзыреттілік» түсінігімен қатар «құзырет» түсінігі бар, ол жеке құрылым ретінде бөлінеді, түрлі сипатта қолданылады.

Д.И. Ушакованың басқаруымен «Түсіндірмелі сөздікте» «құзыреттілік» сөзіне беделділік және «құзырет» сөзіне сұрақтар тобында, көріністерде аталмыш тұлға беделділік, танымдығымен, тәжірибелік- ке ие екендігі анықталды.

Т.М. Сорокиннің пікірі бойынша педагогтың кәсіби құзыреттілігінің астары, оның педагогикалық іс- әрекеті жүзеге асыруға теориялық және тәжірибелік дайындығының бірлесуі екендігін түсінуде. Құзырет- тілік кәсібиліктің бір сатысы ретінде қарастырылады. Педагогтың педагогикалық іс-әрекетінің негізін құрайтын ол: педагогтың құзыреттілігі әр түрлі деңгейде түрлі педагогикалық міндеттерді шешу ұғымда- рымен түсіндіріледі. Ал педагогтың кәсіби құзыреттілігі динамикалық, оның кәсіби дайындығының үрдістік жағы, кәсіби дамуының сипаттамасы, кәсіби өзгерістерді түрткі ретінде де, іс-әрекет ретінде де түсіндіріледі.

Демек қазіргі педагогикада «құзыреттілік» және «құзырет» түсініктерінің мазмұны бойынша жеткілік- ті түрде қарама қайшы жағдаяттар пайда болды.

Педагогикада кәсіби құзыреттілік пен педагогтың кәсіби құзырлығына (не білуі керек? қандай болу керек? кім болу керек?) ерекше назар аударылады.

Педагогты кәсіби дайындауда құзыреттілік бағытын құрастыруда П.Ф. Каптерев үлкен үлес қосты. Ол педагогтың тұлғалық ерекшеліктерін объективті (мұғалімнің өз пәнін білу деңгейі, оның ғылыми білімінің тереңдігі, жалпы дидактикалық және әдістемелік қағидаларды меңгеруі) және субъективті (мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, шығармашылығы т.б.) деп бөліп көрсетті [5].

XXI ғасырда мұғалімнің кәсіби жеке құзыреттілігінің мазмұнын Т.Е. Исаева ашып көрсетті, ол құзыреттіліктің келесі түрлерін атады: өркендеу-бейімдеушілік құзыреттілік; элеуметтік құзыреттілік; элеуметтік-ұйымдастырушылық құзыреттілік кәсіби (пәндік/әдістемелік) - білім жиынтығы, білім беру әдісі, кәсіби-ұжымдық тәжірибесін көрсету, толық мағыналық.

Жалпы зерттеушілер педагогтың 112 сапалы қасиеттерін аныққады [3]. Осылайша педагогтың құзыреттілігін, кәсіби жетістігін келесідей атап көрсетуге болады:

- нәтижеге бағдарлау (осындай құзыреттілікке ие қызметкер әрқашан оның алдына қойылған міндет- терді шешу жолдарын таба алады, өзінің санатын үздіксіз жоғарылатады);
- шығармашылық ойлауы (өзінің жұмысының сапасын жаңа ойлардың негізінде жақсартады);
- әріптестермен өзара түсіністік;
- жеке тұтастығы;
- топпен, ұжыммен жұмыс істей алу қабілеті;
- талдай алу қабілеттілігі;
- кешбасшылық;
- креативті ойлау.

Құзыреттің осындай жүйесі жоғары мектеп педагогының мәнді қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде білім беру мен тәрбиелеудің элеуметтік жүйесі және мақсатты бағытталған үрдісі ретінде жалпы адамзаттық құндылық, тек сипаттап қана қоймай, сондай-ақ элеуметтік-мәдени өзгерістерге негіз- деледі. Білім беру саласы мемлекетіміздің басты саласы екенін ескерсек, жоғары мектеп оқытушысының алдына күрделі міндеттер қойылады: оқытудың жаңа үш деңгейлі жүйесіне көшу жағдайында қазақстан қоғамының құндылығын, ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалу. Бұл салада студенттің өзін тануына эсер ететін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің рөлі одан әрі өсуде.

1. Шмелева Н.Б. *Профессиональная и социально-личностная компетентность и компетенция, их соотношение в подготовке социальных работников // Вестник учебно-методического объединения ВУЗов России по образованию в области социальной работы. 2008. - №3. - С. 99-103.*

2. Грачев В.В., Жукова О.А., Орлов А.А. *Компетентный подход в высшем профессиональном образовании // Педагогика. 2009. -№2. - С. 107-112.*

3. Григорьев С.И. *К вопросу о базовых критериях качества образования и ключевых компетенциях в современ*

ной России // Вестник учебно-методического объединения ВУЗов России по образованию в области социальной работы. 2006. - №2. — С. 19-27.

4. Сластенин В.А., Андриенко Е.В. Содержание высшего образования: компетентностный подход через универсальные технологии // Педагогический профессионализм в современном образовании. Мат-лы V Междунар. науч.-практ. конф. - Новосибирск, 2009. - С. 28-45.

5. Акулова О.В., Вершинина Н.А., Даутова О.Б. и др. Российский ВУЗ в европейском образовательном пространстве: Методические рекомендации преподавателям ВУЗов по вхождению в Болонский процесс / Под ред. А.П. Тряцкиной. - СПб. : Изд-во РГЛУ им. А. И. Герцена, 2006. - 175 с.

6. Сухомлинский В. А. Разговор с молодым директором школы. - М.: «Просвещение», 1973. - 204 с.

7. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь: Для студентов высш. и сред. пед. учеб. заведений / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. - М.: Изд. центр «Академия», 2004. - С. 162.

#### Резюме

В статье рассматриваются вопросы профессиональной компетентности педагога высшей школы, а также различаются понятия «компетенция», «компетентность» и «профессионализм».

#### Summary

In article questions of professional competence of the teacher of the higher school are considered, and also the concepts "competence", "competence" and "professionalism" differ.

### ЕСТІМЕЙТІШ БАЛАЛАРДЫ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕУДЕГІСӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Қ.К. Ибрагимова - аса оқытушы, I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасы, Талдықорған қаласы,**

**Г.Б. Өміржанова - ММ «№1 психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинетінің» меңгерушісі, Талдықорған қаласы,**

**Ә.Б. Ибраимова - ММ «Ескелді ауданының №12 психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинетінің» меңгерушісі, Алматы облысы**

Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Нурсултан Өбішұлы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңғыру жолында» атты Қазақстан халқына жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырлыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жақсартуымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінің әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құрай алмаймыз», - деп атап көрсеткен болатын [1].

Қазіргі кездегі замана талабына сай білім беруде көптеген инновациялық өзгерістер енгізілуде. Бұл өзгерістер - оқу үрдісін белсендіру, білім сапасын көтеру, мамандардың кәсіби педагогикалық шеберлігін арттыру, арнайы педагогикада жанаша әдістер мен технологияларды кеңінен қолданысқа енгізу. Осыған орай әр мамандық иесі кәсіби білімін терең меңгеруін орынды креативті түрде қолдана білуі қажет. Сурдопедагог құзыреттілігін кәсіби-педагогикалық білімі, педагогикалық шеберлігі, танымдық мотивациялық аймағы, кәсіби-педагогикалық тұрақты қатынас жүйесі, оқушының іс-әрекетін ұйымдастыра білуі, анықтайды. Ал кәсіби міндетін атқару үшін сурдопедагог маманнан педагогикалық ғылым негізінде әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік білімі тапап етіледі. Сурдопедагог іскерліктері, құрылым керсеткіштерінің негізінде бағаланады. Құрылым есту кемістігі бар балалардың сөйлеу тілі дағдыларын және есту қабілетін дамыту барысындағы тактикалық және стратегиялық іскерліктен тұрады. Бұлар технологиялық құзыреттіліктің субъективтік, объективтік және пәндік компоненттерінің жетілуімен сипатталады.

Сурдопедагог маманның ең басты атқаратын міндеттерінің бірі - есту кемістігі бар балалардың байланыстыра сөйлеу тілін жан-жақты дамыту - өмірге бейімдеу. Естімейтін балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту - өте күрделі үрдіс. Оның сәтті жүзеге асып, жақсы нәтиже беруіне есту кемістігі бар балалардың дыбыстарды өзбетінше қадағалап, дұрыс сөйлеуі және есту қабілетінің жүйелі түрде дұрыс даму факторлары эсер етеді. Естімейтін және нашар еститін балаларды жана инновациялық жолмен оқыту және тәрбиелеу үрдісі - деңгейлік тапсырмаларды қолданып, саралап жіктеу арқымы дамыта оқыту және әр балаға жекелей келу арқылы жүзеге асырылады.

Естімейтін балалардың ауызша сөйлеуге үйренуі қарқынды жұмыс жағдайындағы есту арқылы сөйлеу тілін дамыту бойынша естіл-көру-кинестетикалық байланыстың бірыңғай жүйесін жасауға негізделеді. Осындай жағдайда оқушылардың ауызша сөйлеу тілін қабылдаудың жаңа полисенсорлы негізі қалыпта-сады. Бұл ауызша сөйлеу тілін естіп-көру арқылы қабылдау (есту аппараты көмегімен) және естімейтін

балалардың еститін балалармен ауызша байланысын белсендіруге қажетгі табиғи және маңызды сөйлеу тілін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Арнайы мектептерде естімейтін балаларды оқыту тәжірибесі көрсеткендей, ауызша сөйлеу тілін дамыту (оны қабылдау және қайталап айта алу) барлық балаларда бірдей бола бермейді: ауызша сөйлеу тілін еркін және жеткілікті меңгерген түлектердің қатарында еститін балалармен ауызша байланысқа шығудан қашатын және ауызша сөйлесу кезінде біршама қиындыққа тап болатын оқушылар кездеседі. Мұндай қиыншылық туудың маңызды бір себебі - балалардың есту қызметінің жағдайын, сөйлеу тілінің дамуын, ауызша сөйлеу тілін қабылдау және қайталап айта алуын және жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптастырудың саралап жіктеу тәсілінің жеткіліксіз зерттелгендігі болып табылады.

Қазіргі кездегі психофизиологиялық-педагогикалық беталысына сәйкес, дифференциациялап оқыту білім беру үрдісінің гуманистік бағыты қағидасына сүйенетін педагогикалық технологияларының бірі болып табылады. Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін қабылдау және айта алу дағдыларын дамыту арнайы жасапған әдістеме бойынша кешенді тексеру үрдісі барысында ауызша сөйлеу тілін, есту қабілетін дамыту жағдайын тексеру негізінде құралады. Арнайы мектептердегі оқытудың бастапқы кезеңінде естімейтін балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру барысы еститін балалармен ауызша қарым- қатынасқа түсу іскерлігін дамытуға және күнделікті бірге жүрген әріптестерімен (мұғалімдермен, ата-анасымен, еститін туған-туыстарымен, таныс ересек адамдармен және құрдастарымен) ауызша байланыс жасауды қамтамасыз ететін естіп-көру арқылы сөйлеу тілін қабылдау (есту аппараты көмегімен) деңгейі - не жетуге бағытталған. Балалар өздеріне таныс және таныс емес жағдайларда меңгерген сөйлеу үлгілерінің көмегімен ересек адамдармен және балалармен байланыс жасауға, өзімен әңгімелесуші адамның өтінішіне сай әрекет етуге, сұрақтарға жауап беруге, өз әрекетін, тілегін хабарлауға, дұрыс естімеген сөздерін айқындауға үйренеді. Арнайы мектептердегі оқытудың бастапқы кезеңінде естімейтін балалардың есту қызметінің жағдайын ескере отырып, сөйлеу тілін қабылдау балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі мен бірдей топтағы оқушылар үшін құралған әртүрлі деңгейдегі бағдарлама негізінде жүзеге асады. Дифференциациялап оқыту сурдопедагогикада қолданылатын әртүрлі маңызды педагогикалық қағида негізінде әр баланың жеке басының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, есту арқылы сөйлеу тілін дамытудың және балаға жеке тіл таба білудің іске асуын қарастырады.

Сөйлеу тілін оқыту үрдісінде тілдесуге қажетгі сөйлесу тәсілін кең түрде қолдана отырып, оқушылардың ауызша байланысын жандандыру бойынша арнайы жұмыстар қарастырылған. Бұл балалардың ауызша сөйлеу негізінде тілдесу іскерлігі мен сөздік тілінің дамуына, қалыптасқан дағдыларын бекітуге ықпал етеді. Ауызша сөйлеу тілін қабылдау дағдыларын оқыту мерзімі баланың сөйлеу тілінің деңгейіне, есту қабілетіне, психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Сонымен бірге, оның принциптік мәні ауызша сөйлеу тілінің айтылуы, қабылдау дағдыларын кезеңмен есепке алуы, мұғаліммен, сурдопедагогпен, психологпен және мектеп дәрігерімен түскен нәтижелерді талдау және талқылауы арқылы іске асырылады. Сонда ғана оқытудың жай немесе қарқынды оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдасқан (жалпы білім беру сабақтарында, жеке, музыкалық-ырғақтық сабақтарда, есту кабинетінде, сабақтан тыс уақыттарда) ауызша сөйлеу тілінің бірізділігі анықталады.

Ауызша сөйлеу тілін айта алу және қабылдау дағдыларының әртүрлі деңгейі бар оқушылармен жұмыс істеу тәжірибесі көрсеткендей, оқытудың белгілі бір мерзіміне көрсетілген бірыңғай бағдарламалық талаптарды орындау нәтижелі болмайды, өйткені, көптеген жағдайда оқушылардың қалыптасқан іскерліктері жеткілікті түрде бекітілмейді. Нәтижесінде тұрақсыз іскерліктер тез жойылып кетеді: оқушылардың сөйлеу тіліндегі ақаулар қайта пайда болады, есту және естіп-көру қабілеті қарқынды дамымайды. Жылдан жылға жиналған қиыншылықтардың көбеюі оқушыларда ауызша сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігіндегі сенімсіздіктің дамуына әкеліп соғады. Ал мұғалімдерде өз жұмысының қорытындысына деген қанағаттанбаушылық пайда болады. Естімейтін балалардың бастапқы кезеңдегі ауызша сөйлеу тілін қабылдауы және оның қалыптасуы баланың жеке сөйлеуі мен психофизиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алатын саралап жіктеу тәсілі болып табылады. Саралап жіктеп оқыту үрдісі кезінде естімейтін балалардың сөйлеу тілінің даму жүйесінің негізгі ережелері жүзеге асады. Бұл үрдіс бастапқы кезеңде ЕС- тімейтін балалардың сөйлеу тілін дамытудағы сурдопедагогтың сараланған тәсілдері арқылы жүргізіледі:

- мектептегі оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың ауызша сөйлеу тілін, есту қызметін кешенді тексеру;
- мектептегі оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың сөйлей білу және қабылдау дағдыларын (естіп-көру және есту арқылы), есту және сөйлеу тілінің даму жағдайын есепке ала отырып, сөйлеу тілінің айту жақтарын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту бойынша жасалынған әртүрлі ден/ейдегі бағдарламаларды қолдану;

- әртүрлі түрдегі электроакустикалық аппаратураны үнемі қолдана отырып, арнайы жасалған сөйлеу, есту ортасында ауызша сөйлеу тілін қабылдау, айту дағдылары мен қалдық есту қызметін қарқынды дамыту негізінде балалардың естіп-көру-кинестетикалық жүйесін қалыптастыру (стационарды ұжымдық және жеке есту аппараттарымен);
- естімейтін оқушылардың есту арқышы сөйлеу тілін, естіп-көру арқылы қабылдау дағдыларын, анық, табиғи сөйлей алу дағдыларын және пікірін өз бетінше үлгілеу, оны өз сөзінде көкейкесті ету, сөйлеу апаратын болжау мүмкіндігі, сөздік мән-мәтін негізінде оны өңдеу, ауызша байланысқа қажетті оқушы-лардың жеке басындағы қасиеттерін қалыптастыруға арналған арнайы жұмыстарды бірыңғай педагогика-лық үрдістермен біріктіру;
- диалогты кең түрде қолдану кезіндегі оқушылардың белсенді ауызша байланыстарына бағытталған арнайы жұмыстарды қолдану;
- ауызша сөйлеу тілін қабылдау және айту дағдыларының дамуын ағымдық және мерзімдік есепке алу; ауызша сөйлеу тілін зерттеу І қорытындысын сабақ беретін сынып мұғалімімен, тәрбиешімен, психологпен және мектеп дәрігерімен бірге талқылау;
- арнайы мектептердегі оқпудың әртүрлі ұйымдастыру түрлерінің ауызша сөйлеу түрі жұмысымен сабақтастығы: жалпы сабақтарда, жеке және музыкалық-ырғақтық сабақтарда, есту қабілетін дамыту кабинетінде, сабақтан тыс уақыттарда және т.б.

Мектептегі алғашқы кезеңде балалардың ауызша сөйлеу тілін, есту қызметі жағдайын кешенді тексеру арнайы жасалынған әдістеме бойынша жүргізіледі. Бұл әдістемеге есіу қабілетінің жағдайын педагогика-лық тексеру (электроакустикалық аппаратураны қолданбай), есту арқылы сөйлеу тілін қабылдауды дамытудың жағдайы мен қорларын анықтау (электроакустикалық аппаратураны қолданып), сөйлеу тілін талдамалы тексеру және оқушылардың әріптестерін түсіну мүмкіндігін тексеру әдісі жатады. Есту қызме-ті жағдайын кешенді тексеру - оқушыларды жалпы дәрігерлік-психолого-педагогикалық тексерістің бір бөлігі болып табылады. Есту кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша түзете-дамыту жұмыстарын өткізу, жоспарлау және әрбір баланың психофизиологиялық даму ерекшеліктері, естудің бұзылу сипаты мен себептері, есту мүшесін протездеу мен ерте нәрестелік және мектепке дейінгі жастағы түзету жұмыстары туралы мәліметтері ескерілуі қажет (ПМПК қорытындысы, мектепке дейінгі мекеме-лердің берген психологиялық-педагогикалық мінездемесі, ата-аналардың сөзі бойынша). Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы мекемелер арасындағы оқытудағы сабақтастықты ұйымдастыру үшін балаларды мектепке қабылдаған мұғалімдердің сабаққа және оның соңғы оқу жылындағы тексерулерге қатысқаны жақсы болатынын белгілеп көрсетуге болады.

Дәрігерлік-психолого-педагогикалық кешенді тексеру үрдісінде баланың сөйлеу тілімен қатар қозға-лыс жағдайын анықтауға көп назар аударылады. Соның ішінде баланың жалпы моторикасын, қолдың буыны мен саусақ моторикасын, артикуляциялық моторикасын анықтау маңызды болып табылады. Сурдопедагог оқытудың бастапқы кезеңінде әртүрлі деңгейдегі бағдарламаларды қолдануы (үш деңгейлі) керек. Бұл бағдарлама қабылдау дағдылары, есту қызметі және сөйлеу тілін дамыту жағдайын ескере отырып жасалынған.

Балалардың әрбір категориясы (естімейтін, нашар еститін) есту қызметі мен сөйлеу тілі дамуының өзіндік зақымдану ерекшелігімен ерекшеленеді. Қазіргі кезде тағы басқа үрдістер бар-жаппы мектептерге есту қабілеті бұзылған балаларды ықпалдау қолға алынып отыр. Жалпы мектептерде мұндай балалардың тағдыры әрқалай болады: кейбіреуі еститін балалар арасында тез бейімделеді, ал кейбіреуі қиындықпен үйренеді. Бірақ, осындай ықпалдаудың дұрыс шешімі де болады. Бүгінгі күні оқыту мерзімі шектелінбей-ді. Осыған жаппы мектептердің оқыту мен тәрбиелеу үрдісін демократияландыруы мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл мектептердегі түзету түріндегі жұмыстар: арнайы бағдарламасын жасау, оқыту мерзімін анықтау, тәжірибелі-эксперименталды мектептерді және жаңа енгізілімдерді өрістетуге, жалпы мектептерге есту қабілеті бұзылған балаларды ықпалдау, яғни инклюзивті оқыту жүйесін қалыптастыру көзделіп отыр.

Қорыта келе, естімейтін балаларды емірге бейімдеудегі сөйлеу тілінің маңызы - әртүрлі әдіс-тәсілдер-ді жүйелі түрде пайдалана отырып, оқушының есту қабілетін дамытып, сөйлеу тілі дағдыларын қалыптас-тыру арқылы өз ортасында қарым-қатынасқа түсе білуге бейімдеу.

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңғыру жолында. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2009, №10.*
2. Рау Ф.Ф. *Формирование устной речи у глухих детей. - М., 1981.*
3. Кузьмичева Е.П. *Развитие речевого слуха у глухих. - М., 1983.*
4. Назарова Л.П. *Методика развития слухового восприятия у детей с нарушениями слуха. - М., 2001.*

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы современной сурдопедагогики. Одной из основных задач социальной реабилитации детей с нарушениями слуха является формирование словесной речи как средства общения со слышащими.

Summary

The article investigates problems of modern deaf-and - dumb pedagogy. One of the main tasks of social rehabilitation of children with hearing impairment is forming of verbal speech as a method of communication with those who can hear.

РАЗВИТИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*З.А. Мовкебаева - д.п.н., доцент, кафедра специальной педагогики, КазНПУ им. Абая*

В соответствии с основополагающими международными документами в области образования в Республике Казахстан предусматриваются равные права всем категориям граждан на качественное образование. Гарантии данных прав законодательно закреплены в Конституции Республики Казахстан, Законах Республики Казахстан "О правах ребенка в Республике Казахстан", "Об образовании", "О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями" и др. В этих документах утверждается право родителей выбирать то образование, которое наиболее подходит их ребенку-инвалиду и создание всех необходимых условий для получения им образования с учетом его психофизических особенностей.

Законодательно зафиксированное расширение прав и образовательных возможностей детей с ограниченными возможностями повлекло за собой широкомасштабное внедрение в систему республиканского образования идеи их совместного обучения с нормально развивающимися сверстниками - инклюзивного образования, которое начинает рассматриваться как важный экономический ресурс, поскольку дает детям более широкие образовательные и социальные преимущества и вносит значительный вклад в повышение их профессиональной квалификации и обеспечение конкурентоспособности на рынке труда. В выступлении Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 10 июля 2012 г. «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу всеобщего труда» [1] четко указано на необходимость разработки целостной модели социальной модернизации, при которой «главным подходом должна стать не опека государства, а создание таких условий, которые бы помогли этим гражданам обрести веру в себя, в свои возможности к социально полезному труду». В данном контексте становится очень важной популяризация идей инклюзивного образования.

По данным Департамента дошкольного и среднего образования Министерства образования и науки Республики Казахстан 51216 детей имеют ограниченные психофизические возможности. Более 21801 детей интегрированы в образовательную среду, обучаясь и воспитываясь со своими сверстниками. Для них действуют 1462 школы (охват составляет 20,2%). В соответствии с «Государственной программой развития образования РК на 2011-2020 гг.» [2] к 2020 году планируется увеличение до 70% (от общего количества) школ, создавших условия для инклюзивного образования, а доля детей, охваченных инклюзивным образованием, от общего количества детей с ограниченными возможностями в развитии составит 50%.

В казахстанском педагогическом обществе уже общепринятым является мнение, что эффективность интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями зависит от уровня развития в общеобразовательных организациях учебно-материальной и технической базы и наличия скоординированной и комплексной системы общеобразовательной, медицинской и психолого-педагогической коррекционной поддержки. В настоящее время реализация одной из важнейших задач «Государственной программы развития образования РК на 2011-2020 гг.» [2], предполагающей «совершенствование системы инклюзивного образования», осуществляется в виде планомерной деятельности по обеспечению оптимальных условий обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями в общеобразовательных детских садах и школах: организация доступности физической (архитектурной) среды (вход в здание, лестницы, ширина дверных проемов, подъемные устройства, пандусы, специальные приспособления в санитарных комнатах, оснащение поручнями, специальными партами, столами и др.) и обеспечение специальным транспортом, доставляющим детей к учебному заведению, оснащение специальным, вспомогательным оборудованием и другими специальными компенсаторными средствами, повышение квалификации и переподготовка педагогов общего образования и др.

Создание указанных условий призвано обеспечить эффективное инклюзивное образование, которое будет способствовать тому, что дети с ограниченными возможностями станут полноправными членами общества. Обеспечение равного доступа детей с ограниченными возможностями к обучению и воспита-

нию вместе со здоровыми сверстниками позволит им в дальнейшем вносить свой собственный вклад в развитие общества, а не просто рассчитывать на помощь и сострадание окружающих. В связи с этим, в настоящее время активно проводится работа по обеспечению условий эффективного инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями в развитии:

1. **Разрабатываются нормативно-правовые документы, регламентирующие работу с детьми с ограниченными возможностями в условиях общего образования.** В настоящее время в Республике Казахстан создана нормативно-правовая база, регулирующая на государственном уровне необходимые условия включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Так, Стратегическим планом Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2012-2015 годы, Долгосрочной программой развития образования до 2020 года и Национальным планом действий по развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан предусмотрено создание условий и совершенствование механизмов управления и финансирования системы инклюзивного образования с учетом подушевого финансирования. Одним из важных государственных документов является Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 16.03.2009 «Рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии», в соответствии с которыми «по согласованию с органами образования и с учетом интересов родителей (иных законных представителей) в общеобразовательной школе при наличии контингента детей с ограниченными возможностями в развитии могут открываться: классы интегрированного обучения, которые осуществляют полную интеграцию детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательный процесс; специальные (коррекционные) классы, которые осуществляют частичную интеграцию детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательный процесс» [3]. Для интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями в развитии разработаны и утверждены «Методические рекомендации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями» [4].

В 2012-2013 годы в Республике Казахстан осуществляется первый этап реализации Национального плана по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов на 2012-2018 годы. В целях приведения законодательства Казахстана в соответствие с нормами Конвенции о правах инвалидов проводится масштабная работа по поправкам в действующие нормативные правовые акты и технические стандарты.

2. **Развивается комплексная система раннего оказания психолого-медико-педагогической помощи ребенку с отклонениями в развитии,** которая позволяет вывести ребенка с проблемами в развитии на максимально возможный уровень его психофизического развития, создающий ему возможность влиться в общеобразовательную среду. В соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 29.01.2003 №83 «Об утверждении Правил организации скрининга психофизических нарушений у детей раннего возраста» в РК организуется массовое стандартизированное обследование детского населения в возрасте до 3-х лет с целью выявления группы детей с риском отставания в психофизическом развитии и направления их в психолого-медико-педагогические консультации (далее - ПМПК) для оказания им коррекционно-развивающей помощи. С целью дальнейшего совершенствования оказания медицинской помощи детям впервые с 2007 года в республике начато проведение уникальных операций по кохлеарной имплантации детям, страдающим тяжелыми врожденными и приобретенными нарушениями слуха. С 2010 года начинает проводиться новорожденным и детям раннего возраста скрининговый осмотр на выявление нарушений слуха в соответствии с приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 28.09.2009 года №478 "Об утверждении Правил организации скрининга и диагностики нарушений слуха у детей раннего возраста". В целях совершенствования дородового скрининга на генетические заболевания и врожденные пороки развития плода осуществляется реализация Дорожной карты по организации пренатального скрининга в Республике Казахстан, утвержденной приказом №183 МЗ РК от 19 марта 2012 года;

3. **Активно развивается система специальных (коррекционных) организаций и широко распространяются новые их типы и виды:** психолого-медико-педагогические консультации (ПМПК), службы ранней помощи, лекотеки, кабинеты психолого-педагогической коррекции, реабилитационные центры, логопедические пункты, кабинеты коррекции и инклюзивного образования, консультационные пункты для родителей и др., способные оказать адресную, профессиональную помощь детям с ограниченными возможностями, семье и педагогам общеобразовательных организаций, реализующих инклюзивное образование на практике. Данный факт свидетельствует о том, что в Республике Казахстан формируется новый институт поддержки и помощи ребенку с ограниченными возможностями - психолого-педагогическое сопровождение в общеобразовательном процессе, предполагающее взаимодействие, сотрудничество общего и специального образования и междисциплинарный подход.

4. **Осуществляется планомерная деятельность по организации беспрепятственного доступа людей с ограниченными возможностями развития к основным объектам и образовательным услугам с целью интеграции их в общество.** В рамках ратификации Конвенции ООН Министерством труда и социальной защиты разработан План мероприятий по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012-2018 годы, утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 января 2012 года №64, в соответствии с которым во всех регионах будет проведена инвентаризация объектов для решения в дальнейшем проблемы безбарьерной среды. Основной его задачей является формирование к 2018 году условий для беспрепятственного доступа инвалидов к основным объектам и услугам.

5. **Проводится активная деятельность по материальному и аппаратно-техническому оснащению в организациях системы общего дошкольного и школьного образования для эффективного воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями.** В 2012 г. был доработан Инструктивно-методическое письмо по обеспечению программно-техническими средствами рабочих мест детей-инвалидов, обучающихся на дому и направлено в регионы (№02-5/647 от 08.05.2012 г.). Между МОН РК акимами областей, городов Астана и Алматы подписаны соглашения по обеспечению оборудованием рабочих мест детей-инвалидов, обучающихся на дому с уточненным количеством детей-инвалидов, которым не противопоказана работа с компьютерным оборудованием. В результате данной деятельности, количество детей-инвалидов, обеспеченных компьютерным оборудованием, в 2011 году составило 2520 детей, а в 2012 году - 2636 детей-инвалидов.

6. **Повышается активность родителей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями развития, и их готовность включиться в процесс абилитации и реабилитации собственного ребенка.** В целях стимуляции деятельности по активному привлечению родителей к процессу образования и воспитания детей с ограниченными возможностями, Министерством образования и науки, Министерством социальной защиты РК и другими ведомствами проводится разнообразная деятельность: в целях обобщения и распространения опыта работы создан Республиканский банк данных о лучших родительских общественных организациях, открыта страница WEB-сайта о педагогическом взаимодействии с родительской общественностью и др.

7. **Осуществляется модернизация процесса подготовки в ВУЗах учителей-дефектологов.** В настоящее время подготовка специалистов для работы с детьми с ограниченными возможностями в развитии ведется на дефектологических отделениях психолого-педагогических факультетов педагогических институтов и университетов, которые ежегодно выпускают около пятисот выпускников- педагогов по разным специализациям специальной (коррекционной) педагогики. До сего времени подготовка педагогов-дефектологов осуществлялась традиционно и была направлена на усвоение специфики коррекционно-развивающей работы с детьми с ограниченными возможностями в специальных (коррекционных) школах и детских садах. Указанная подготовка не ориентировала будущих педагогов-дефектологов на работу в условиях инклюзивных школ и детских садов. Однако, содержание разработанной и действующей с 2012 года государственной образовательной программы международного образца, соответствующей требованиям Болонской системы высшего образования, по специальности 5В010500 - Дефектология (Специальное образование) (авторы: Vehbi Aytekin Sanalan, Mehmet Bekdemir, Movkebaeva Zulfiya) [5] в значительной мере учитывает современные тенденции развития инклюзивного образования и направлена на профессиональную подготовку компетентных и конкурентоспособных специальных педагогов (дефектологов), способных эффективно осуществлять коррекционно-педагогическую деятельность с детьми с ограниченными возможностями развития в системе общего, специального и инклюзивного образования, здравоохранения и социальной защиты на основе учёта потребностей, потенциальных возможностей и способностей детей. В образовательную программу впервые включены такие учебные дисциплины, как: «Образовательные модели инклюзивного образования», «Инклюзивная образовательная среда», «Правоведение с основами семейного права и прав инвалидов», «Проектирование индивидуальных маршрутов развития», «Консультирование в специальном образовании» и др.

8. **Начинает решаться актуальная проблема подготовки педагогических кадров системы общего образования с целью ориентации их на работу в условиях инклюзивного образования.** Поскольку неподготовленность к осуществлению продуктивной педагогической деятельности с детьми с нарушениями развития педагогов общеобразовательной организации значительно затрудняет процесс эффективного внедрения инклюзивного образования, в настоящее время пересматривается содержание их подготовки. Так, в содержание разработанных в 2012 году государственных образовательных программ для всех специальностей ВУЗов в Модуль профессиональных дисциплин в качестве обязательной была включена

учебная дисциплина «Инклюзивное образование» на 3 кредита ECTS. Изучение данной дисциплины позволит подготовить педагогов общеобразовательной организации к осуществлению продуктивной педагогической деятельности с детьми с нарушениями развития: предъявлять адекватные требования к ребенку с ограниченными возможностями в развитии, понимать его объективные затруднения и оказывать ему необходимую педагогическую поддержку в процессе освоения государственного общеобязательного стандарта образования.

9. **Активизируется деятельность по повышению квалификации и переподготовки педагогических кадров системы общего образования, проводится обучение их специфическим методам, приемам и средствам воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями.**

В 2012 году повышение квалификации специалистов для интегрированного обучения детей дошкольного и школьного возраста (инклюзивное образование) прошли 146 педагогов. Так, на базе ГУ «Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики» в г. Алматы прошли повышение квалификации 86 педагогов общеобразовательных школ, из них: 32 педагога по теме: «Организация коррекционно - развивающего обучения детей с задержкой психического развития в условиях общеобразовательных школ» на казахском и русском языках; 24 педагога по теме: «Психолого-педагогическое сопровождение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательную среду». Также, по государственному заказу ТОО «Центр САТР» проводил выездные курсы повышения квалификации специалистов для интегрированного обучения детей дошкольного и школьного возраста (инклюзивное образование) в городах Алматы, Атырау и Кызылорда. В указанных курсах приняли участие 60 специалистов, городских, районных управлений образования, руководители общеобразовательных школ и дошкольных организаций г. Алматы, Алматинской, Жамбылской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Кызылординской, Мангистауской областей. Слушатели получили необходимую информацию по интегрированному обучению детей школьного возраста, основным направлениям психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями и организации работы с их родителями.

10. **Средствами массовой информации активно проводится деятельность по преодолению отрицательных социальных установок и стереотипов по отношению к лицам с проблемами в развитии.**

Таким образом, процесс внедрения инклюзивного образования в Республике Казахстан приобретает комплексный и системный характер, в нем участвуют различные государственные структуры, органы и организации образования и др. Вместе с тем, для полного удовлетворения прав детей с ограниченными возможностями в развитии в получении качественных образовательных услуг необходимо проводить широкомасштабную работу по проведению научных исследований по проблемам инклюзивного образования, направленных на разработку технологий включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательную среду.

1. *Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 10 июля 2012 г. «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу всеобщего труда».*

2. *Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 гг., утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 07.12.2010 №1118.*

3. *Рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии. Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 16.03.2009 - №4-02- 4/450.*

4. *Методические рекомендации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями Приказом №524 от 12.12.2011 г.*

5. *Sanalan V.A., Bekdemir M., Mowkebaeva Z. Образовательная программа высшего профессионального образования. 5B010500-Дефектология (Специальное образование). - Алматы: Улагат, 2012. -51 с.*

#### **Түйін**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы дамуындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзиялық білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары сипатталады және оны тиімді кірістіру және өрістету шарттарын қамтамасыздандыру бойынша өткізілетін қазіргі таңдағы шаралар талданады.

#### **Summary**

The article describes the main directions of development of inclusive education for children with developmental disabilities in the Republic of Kazakhstan and analyze ongoing activities to ensure the conditions for its effective implementation and dissemination.



**ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАРТТАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ  
МАМАНДАРДЫҢ РӨЛІ**

**Э.Т. Мукажанова - оқытушы, арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасы, ҚазМемҚызПУ, Г.Ниязова -  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 3 курс студенті**

«Қазақстан-2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - атты Қазақстан респу- бликасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына - зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және т.б. атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады және мемлекет әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетуі тиіс - деген болатын [1].

Халықтың әл-ауқаты, әлеуметтік жағдайының жақсаруы ол экономиканың дамуына тікелей байланысты. Қазақстандықтардың әрбір жаңа буыны үлкендердің даналығынан, олардың бай іс-тәжірибесінен және жоғары рухани байлығынан үлгі алады. Сол себепті де қарттарға күнделікті қамқорлық көрсетігі, оларды ұдайы қолдап, мұн- мұқтаждықтарына көңіл бөлу бүгінде мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Қазақстанда әрбір азаматтың қарттық шағын лайықуы етіп қамтамасыз ету қарт адамдар өмірінің сапасы мен әлеуметтік стандарттарын үнемі жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болды. Бұған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануы игі ықпал етті. Қарт кісілер кез келген мемлекеттің экономикасын дамытудың маңызды бір ресурсы болып табылады. Қазіргі таңда жаһандық деңгейде «Күміс экономика», яғни қарттар экономикасы деген дәстүр қапыпта- сып келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қарт адамдардың жалпы азаматтық және арнайы құқықтары мен мүдделері, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері бекітіл- ген. Осыған орай республикамыз әлеуметтік салаға бағдарланған мемлекет ретінде жыл сайын зейнетақы- мен қамсыздандырудың ынтымақты жүйесінен төленетін зейнетақы мөлшерін арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылдауда. Қазақстандағы мүгедектер мен қарттар үйінде 30 мыңға жуық қарттар бар.

БҰҰ-ның егде адамдарға қатысты 1-қағидасынан шығатын, егде адамдар оларға қоғам тарапынан қолдау көрсету, кіріс қамтамасыз ету арқылы азық-түлік, су, тұрғын-үй және медициналық қызмет көрсету талаптарына сәйкес қол жетімділікке не болу тиіс. Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлері бүгінде қарттарға қамқорлықты жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің кең тараған түрі болып табылады [2].

Қарттармен әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету жұмысына баса назар аудару қажет. Қазіргі таңда қарттармен тікелей жұмыс жасауда әлеуметтік педагогтардың алатын рөлі өте зор [3].

Қарт адамдармен жұмыс жасауда әлеуметтік педагогтың басты міндеті - қарт адамдарға әлеуметтік- педагогикалық қолдау көрсету, көмек көрсету түрлерін ұйымдастыру, мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты тиімді ұйымдастыра білу болып табылады. Сонымен қатар, қарттарға медициналық, психоло- гиялық, педагогикалық көмек көрсете білу, олардың қажеттілігіне қарай мекемелерге орналастыру, мүгедек қарттарға жәрдемақымымен қамтамасыз ету, түрлі әлеуметтік көмек көрсету іс-шараларын ұйымдастыру [4].

Бұл мемлекет тарапынан қарт адамдардың мүмкіндік деңгейіне сәйкес бөлінген ыңғайлы аяқ киіммен, киіммен, қарт адамдардың жүріп тұруына жеңілдік беретін құрапдармен, кейбір гигиеналық жұмысты жүргізу кезінде киіндік тудырмайтын құрапдармен қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай адамдармен жұмыс жасау үшін білім мен тәжірибенің және жан дүниесінің үйлесімділігі қажет. Осы үйлесімді- лікке ие бола отырып қана, қарт адамдардың өмір сүру салтын жақсартуға, олардың тәуелсіздігін, мәрте- бесін көтеруді қамтамасыз етуге болады

Қарт адамдардың әлеуметтік мәселелері қазіргі таңда әр түрлі демографиялық мәселелер бар. Қарт адамдардың әлеуметтік мәселелері әр түрлі, бірақ, оларды бірнеше топқа біріктіруге болады: бұл матери- алдық-қаржылық сипаттағы мәселелер, медициналық-әлеуметтік мәселелер. Материалдық-қаржылық мәселелерге зейнетақының төмендігі жатады [5]. Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс әр бағытта жүргізі-

леді. Қарт адамдар - әлеуметтік қоғамның аз қорғалған тобы, ол қоғамның және мемлекеттің қолдауын қажет етеді. Қарттарға қатысты мемлекеттің әлеуметтік саясаты, біріншіден, қоғамда болып жатқан демографиялық өзгерістер болып табылса, екіншіден, егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, үшіншіден, бұл категориядағы адамдардың қажеттіліктеріне сай әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту болып табылады [6].

Қазіргі таңда қарттарға көмек көрсету және оның жүзеге асырылуында әлеуметтік педагог мамандарының ролін анықтау мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің студенттерінен сауалнама алынды. Сауалнама 40 студентке жүргізілді.

Сауалнаманың құрылымы 9 сұрақтан тұрады. Сауалнамада келесідей мәселелер қарастырылады:

- 1) Студенттердің елімізде қарттарды зейнетақы қорымен қамсыздандыруға деген көзқарасын анықтау.
- 2) Оқушылардың Қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері туралы түсінігін анықтау.
- 3) Студенттерден Қазақстанда қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған заңдар немесе бағдарламалар туралы түсінігін анықтау.

Сауалнаманың сұрағы («Қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету қаншалықты деңгейде деп ойлайсыз?») студенттерден қарттарға қызмет көрсету деңгейіне көзқарасын анықтау болатын. Студенттердің басым бөлігі, яғни, 80% қарттар үйіндегі қарттарға қызмет көрсету деңгейі орташа деген ортақ пікірге келді. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан қоғамның әлсіз, әлеуметтік көмек көрсетуді қажет ететін топтарына соның ішінде, қарттарға жүйелі көмек көрсетілуде. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жыл сайын пәтер беріліп, материалды тұрғыдан көмек көрсетілуде және т.б.

Ал аз мөлшері төмен, яғни, 15% қарттар үйіндегі қызмет көрсету деңгейіне көңілі толмайтындығын білдірді. Яғни, бұл мемлекет тарапынан қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету деңгейін әлде де жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Жоғарыдағы тапданған сауалнаманың бірінші сұрағының нәтижесі төмендегідей.

№1 Қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету қаншалықты деңгейде деп ойлайсыз?			
%	Жоғары	Орташа	Төмен
100	5%	80%	15%

Сауалнаманың екінші сұрағы («Елімізде қарттарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне көңіліңіз тола ма?») студенттерден еліміздегі қарттарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне көзқарасын анықтау болатын. Студенттердің тең бөлігі, яғни, 47,5% қанағаттанарлықсыз деп жауап берсе, ал тең жартысы, 47,5% көңілім толмайды деп жауап берген болатын. Өйткені, жыл сайын зейнетақыны көтергенмен, есесіне азық-түлік бағасының соғұрлым өсетіндігін студенттер алға тартты. Тек 5% ғана жоғары дәрежеде деген болатын. Өйткені, көршілес мемлекеттермен салыстырғанда біздің еліміздегі зейнетақымен қамтамасыз ету әлдеқайда жоғарлығын статистикалық мәлімет көздерінен көруге болады деген болатын. Қорытындылай келе, студенттердің пікірінше, біздің елімізде әлде де қажетті деңгейде зейнетақымен қамсыздандыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді. Сауалнама қорытындысы №2 кестеден көре аламыз.

№2 Елімізде қарттарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне көңіліңіз тола ма?			
%	Қанағаттанарлықсыз	Көңілім толмайды	Иә, жоғары дәрежеде
100	47,5%	47,5%	5%

Студенттердің қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету жүйесіне деген көзқарасын білу мақсатында жүргізілген («Қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету жүйесі қандай?») сауалнама сұрағына студенттердің басым бөлігі, 82,5% әлде де, жақсартуды қажет етеді дей отырып, қарттарға қызмет көрсетуде қызмет етуші мамандардың дұрыс қарым-қатынас жасамайтындығын айтты. 17,5% шет елдермен салыстырғанда төмен деген болатын. Қарттар үйіндегі қызмет көрсету жүйесі жоғары деңгейге көтерілмегендігін, өзгерістерді, дамытуды және қызмет көрсету жүйесіне мамандарды жұмылдыру қажет етеді. Шет елдерде қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету жүйесі біздің елмен салыстырғанда әлдеқайда ілгері дамыған және тиісінше қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оның нәтижесін біз төмендегі кестеден көре аламыз.

№3 Қарттар үйіндегі адамдарға қызмет көрсету жүйесі қандай?			
%	Жоғарғы деңгейде	Әлде де жақсартуды қажет етеді	Білмеймін
100	-	82,5%	17,5%

Сауалнаманың төртінші сұрағына («Қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері бар ма?») жауап беруде студенттердің 32,5% қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері бар екендігінен мүлдем хабарсыз болса, яғни, БАҚ мәліметтердің аздығын, маман-

Абай атындағы ҚазУПУ-нің Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33') 2013 ж.

дықтарының басқа екендігін, қызығушылық танытпайтындығын айтқан болатын. 30% Қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері бар екенін алға тартып, тіпті, оларды «Қарттар үйі», «Әлеуметтік қолдау көрсету» мекемелері және т.б. атап өткен.

37,5% мүмкін бар шығар деген жауап беріп, Қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелерінің бар немесе жоқтығына күмән келтірген. Студенттердің 37,5% қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері туралы мәліметтерінің аздығы, бұл туралы мәлімет көздерінің БАҚ арқылы үгіт-насихат жүргізуді, жарнамалауды қажет етеді. Сұрақты қорытындылай келе, қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері туралы студенттердің ақпараты аз екендігін байқауға болады. Сондықтан, БАҚ қарт адамдарға арналған мекемелер және ондағы адамдардың тыныс-тіршілігі туралы ақпаратты молайту қажет.

№4 Қазақстанда қарт адамдарға арналған әлеуметтік қолдау көрсету мекемелері бар ма?			
%	Білемін	Білмеймін	Мүмкін бар шығар
100	30%	32,5%	37,5%

Студенттердің қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған заңдар немесе бағдарламалар туралы түсінігін анықтау мақсатында қойылған сұрақтар («Қазақстанда қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған қандай заңдарды немесе бағдарламаны білесіз?») студенттердің басым көпшілігі, яғни, 42,5% мүмкін бар шығар дел жауап берсе, олардың 30% қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған заңдар мен бағдарламалар туралы мүлдем хабары жоқ болса, 27,5% қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған заңдар мен бағдарламалар туралы біле тура, олардың бірнешеуін атап көрсетті: Мысалы, ҚР Конституциясы, «Қазақстан-2050» стратегиясын ерекше көрсеткен. Қорытындылай келе, студенттердің жартысынан көбі қарт адамдарға көмек көрсету бағытталған заңдарды немесе бағдарламалардан хабарларының аздығы, жастар арасында аталмыш заңдар мен бағдарламаларға мамандар тарапынан үгіт-насихат жүргізуді қажет етеді. Сауалнама нәтижесін төмендегі кестеден көре аламыз.

№5 Қазақстанда қарт адамдарға көмек көрсету бағытталған қандай заңдарды немесе бағдарламаны білесіз?			
%	Білемін	Білмеймін	Мүмкін бар шығар
100	27,5%	30%	42,5%

«Мемлекет тарапынан қарттарға көрсетіліп жатқан шараларға көңіліңіз тола ма?» атты сұраққа студенттердің басым бөлігі, яғни, 67,5% жақсартуды қажет етеді десе, олардың 25% мүлдем көңілі толмайтындығын ашық білдіріп, мереке күндері ғана қарттардың мерейлерін өсіріп, түрлі концерттік, көмек көрсету іс-шаралары жүргізілсе, ал, қарттардың күнделікті тыныс-тіршілігінен бейхабар екендігін алға тартты. 7,5% көңілі толатындығын айтып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан түрлі көмек турлерін атап өтті. Оларға: жыл сайын қарттарға берілетін зейнетақының өсуі, әртүрлі жеңілдіктер, Ұлы Отан соғыс ардагерлерін пәтермен қамтамасыз ету және оларға қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігі және т.б. Жоғарыдағы сауалнама қорытындысы №6 кестеден керуімізге болады.

№6 Мемлекет тарапынан қарттарға көрсетіліп жатқан шараларға көңіліңіз тола ма?			
%	Иә, көңілім толады	Жақсартуды қажет етеді	Мүлдем көңілім толмайды
100	7,5%	67,5%	25%

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі («Сіздің ойыңызша қарттар үйіне келушілердің санының артуының себебі неде?») студенттерге қарттар үйіне келушілердің санының артуына түрліше көзқараста екендігі анықталды. Олардың 50% ата-ана жастайынан балаларына дұрыс тәрбие бермеуінің ықпалы десе, 37,5% балалар мен ата-аналардың тіл табыса алмауы, отбасындағы дау-дамайлар, ортақ ымыраға келмеу деп түсінеді. Сонымен қатар қазіргі таңдағы қазақ елінің шет елдерге еліктеуі дел түсіндіреді. Қарт адамдарды қарттар үйіне алып келуіне мәжбүрлейтін факторлардың бірі ретінде студенттердің 12,5% мүгедек ата-аналарына күтім көрсетуден бас тарту мен қаражаттың жетіспеушілігінің салдарынан деп түсінеді. Бұл сауалнаманың нәтижесі төмендегідей.

№7 Сіздің ойыңызша қарттар үйіне келушілердің санының артуының себебі неде?				
%	Балалар мен ата-аналардың тіл табыса алмауы	Балаларға дұрыс тәрбие берілмеуі	Балалары мүгедек ата-аналарына күтім көрсетуден бас тарту	Балаларының шет елдерге кетуі
100	37,5%	50%	12,5%	-

«Қарттар үйіне келуші қарттарымыздың санын азайту үшін мемлекет тарапынан көмек немесе жеке шаралар қолдану қажет па?» деген сұраққа студенттердің көпшілігі, яғни, 55% арнайы заң қабылдау қажет. Сол кезде ғана қарттар үйіне келушілердің санын азайтуға болады десе, 32,5% мемлекет тарапы-

нан қатаң түрде бақылау жасай отырып, арнайы шаралар қолдану қажет десе, өйткені өз баласы қарай алмаса, жат адам мүлдем жағдайын жасай алмайды десе, 12,5% арнайы мамандар даярлау, яғни әлеуметтік педагог маманының қажеттілігі туындайды деген болатын. Бұл сауалнаманың нәтижесі төмендегідей.

№8 Қарттар үйіне келуші қарттарымыздың санын азайту үшін мемлекет тарапынан көмек немесе жеке шаралар қолдану қажет па?			
%	Арнайы заң қабылдау қажет	Мемлекет тарапынан қатаң түрде бақылау қажет	Арнайы мамандар даярлау қажет
100	55%	32,5%	12,5%

Қорытындылай келе, студенттер мемлекеттің қарттарға көмек көрсету жүйесіне көңілі тола қоймайтындығы анықталды. Сонымен қатар, студенттер арасында «Қарттарға әлеуметтік көмек көрсету» туралы заңдар мен бағдарламалардан хабарларының аздығы байқалады. Сондықтан да, қарттарға әлеуметтік көмек көрсету және қолдау туралы бағдарламаларды жүзеге асыратын және заңдарды насихаттайтын, әлеуметтік педагог мамандарының санын көбейту қазіргі заманның бағты тапаптарының бірі деп қарастыру қажет.

Әлеуметтік педагог мамандары қарттарға және қоғамның әлсіз, әлеуметтік көмекті қажет ететін әр түрлі категориядағы адамдар тобына мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты бөле отырып, қарттарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырады. Әр түрлі іс-шараларды бастауға, ұйымдастыруға негіз болады.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде қарттардың жағдайын жақсарту үшін елімізде келесі жұмыстар қолға апыну қажет:

- Зейнеткерлермен жұмыс жасайтын арнайы мамандарды даярлауды күшейту;
- Зейнеткерлермен жұмыс жасайтын арнайы мекемелердің санын ұлғайту;
- Зейнетақыны көбеюі;
- Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің күшейту;
- Үйде қызмет көрсету жұмыстарын дамыту;
- Қарттарға арналған үйлер және онда тұру жағдайларының жақсарту;
- Мемлекет тарапынан қарттарға көмек көрсету шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруда әлеуметтік педагог мамандарының жұмысын күшейту;

- Қарттарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырып, жүзеге асыруда әлеуметтік педагог мамандарын даярлау.

«Қариясы бар елдің дариясы бар, қартты бар елдің қазынасы бар» демекші, қазақ халқында ежелден-ақ қарттарды ардақтап, олардың өсиеттеріне құлақ асып, оларға әрдайым құрмет көрсете білген. Сондықтан да, қарттарымызды қарттар үйіне жатқызу бұрын сонды болмаған, қазақ халқына жат қылық болып табылса, мемлекетіміз болдырмаудың шараларын қарастырып, әлеуметтік педагог мамандары қарттарға әлеуметтік педагогикалық қолдау көрсетуді басты мақсат тұтса, қарттардың әлеуметтік жағдайы әлдеқайда жақсаратыны сөзсіз.

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - атты Қазақстан республикасының Президенті! — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Турганбекова Қ. Әлеуметтік ғылымдар циклындағы әлеуметтік жұмыс. //Ізденіс, - №1, 2002. - 189-194 б.

3. Социальная педагогика: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под редак. В.А. Никитина. - М.: ВЛАДОС, 2002. -272 с.

4. Василькова Ю.В., Василькова Т.А. Социальная педагогика: Курс лекций: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. Заведений. - М.: Академия, 2000. - 440 с.

5. Гордин В.Э. Чем старость обеспечить. - М.: Мысль, 1988.

6. Дельпере Н. Защита прав и свобод граждан преклонного возраста. - М.: Деловая игра, 1993.

7. Настольная книга специалиста: Социальная работа с пожилыми людьми. / Отв. ред. Е.И. Холостова. - М.: Инст. Соц. работы, 1995.

#### Резюме

В статье рассматриваются система помощи людям престарелого возраста и роль социальных педагогов в оказании социальной помощи им.

#### Summary

The article is a system of care homes for elderly of today and the role of social educator in their.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СӨЙЛЕУ ТІЛБУЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ЖҮМЫС ЖҮРГІЗЕТІН ПЕДАГОГ-  
ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Ж.Е. Мусина, Б.Дж. Нурғалиева - *«Сөйлеу қабілеті өте нашар балаларға арналған №9 арнайы (түзету) мектеп-интернаты», КММ бастауыш сынып мұғалімі, мұғалім-логопед, Алматы қаласы*

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің өткен жылғы Жолдауында алдағы он жылдың міндеттерін саралап көрсетіп, соның ішінде осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлауға, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалануға қатысты ойларын айтқан [1]. Қазіргі таңда қалыптасып калған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа әлеуметтік экономикалық қоғам қажеттіктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Заман талабы педагог-дефектолог мамандардың құзыреттілік сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты - педагог-дефектологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог-дефектолог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Құзыреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін басты екі түрі белгіленіп отыр. Олар - «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттіліктер. Атап айтқанда, «пәндік» құзыреттілікке белгілі бір пәнді меңгеруге (ұстаздар үшін) немесе белгілі бір саланы меңгеруге қажетті білім мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттілік ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері жатқызылады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, кәсіби шеберлік қалыптасуы мен даму үрдісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланып келеді. Оның біріншісіне «Қазақ Совет Энциклопедиясының» орысша-қазақша сөздігінде «хабардар, жетік, терең білетін» деп, ал екіншісіне «хабардарлық, міндет, қызмет бабы» деп аныққама берілген [2].

Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді. Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретінде ахуалы. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагог-дефектологтың еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог-дефектолог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы кәсіби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орындай алатын болса, кәсіби құзыретті болып саналады.

Бүгінгі таңда біздің қоғамымызда жаңа типтегі арнайы білім өте қажетті. Себебі ол - еуропалық үлгіде қалыптасқан әлеуметтік саланы қайта өзгертудің маңызды құралдарының бірі. Бұл екі маңызды жағдаймен байланысты келісілген: біріншіден, евроодақпен жақындасуға бағытталған әлеуметтік модернизациямен, екіншіден, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін көрсетілетін қызметтердің саласын кеңейту. Қазіргі кезде «Инклюзивті білім» деп аталатын мүгедек балалар жөніндегі білім беруде мемлекеттік стратегиялық саясаты оларды жалпы білім беру саласына қосуды көздеп отыр.

Қазіргі таңда психолого-педагогикалық және медико-әлеуметтік мәселелердің аса маңызды шеңберіне ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетуді енгізу. Сондықтан да дефектологтар, психологтар, педагогтар мен дәрігерлер балалардың дамуына ерте жастан бастап көңіл бөлуге тиісті. Дәл осы кезең балалардың ойлау қабілетін, денесінің өсуіне, тілдік және сезімдік дамуына өте қажет. Бұл кезеңдегі шешілмеген мәселелер баланың одан кейінгі дамуына кері әсерін тигізеді.

Жалпы арнайы қызмет көрсетуді қажет ететін түзету оқу мекемелеріндегі жұмыс істейтін мұғалімдер мына құзыреттіліктерді меңгеруге тиісті:

- кәсіби сана-сезім, білімдарлық және ой-өріс, этика мен доэнтология жиынтығымен көрінетін дүниеге көзқарастар құзыреттілігі;
- олигофренопедагогика, арнайы психология, логопедия, тифлопедагогика, технология және кәсіпкер-

лік салаларында әрі арнайы, әрі психолого-педагогикалық білімдерді меңгеруден тұратын теориялық құзыреттілік;

- кәсіби іскерлік пен дағдыны игерумен сипаттапатын тәжірибелік құзыреттілік;
- кәсіби міндеттерді, педагогикалық жағдайларды ерекше шешім қабылдауымен көрінетін шығарма-шылық құзыреттілік.

Бүгінгі таңда ұлттық арнайы білімді дамытуға негізделген стратегиясын ғылыми тұрғыда құру мына жағдайларды ескертуді қажет етеді: дағдарыстың эволюциялық сипаты, оның етуінің ұлттық социомәдени, экономикалық және саяси жағдайларының ерекшелігі, тәуелсіздік алудың қарсаңындағы арнайы білімнің мемлекеттік ұлттық жүйесінің жетістіктері мен өзіне тән ерекшеліктері.

Қазіргі жағдайда арнайы білім жүйесінің эволюциялық дамуы үшін жүйені эртүрлі деңгейде жоюарлы және жүйелі түрде өзгерту қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайында және жеке адамның құзыреттілігінің негізін қалыптастыру үшін денсаулығын ескеруде арнайы тәсілдер мен әдістер пайдалану қажет. Барлық тәсілдер мен әдістерді үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа сыныпта қолдануға болатын тәсілдер мен әдістерді қосамыз. Оған мынандай шараларды жатқызуға болады: сабақ кестесін бақылау; сынып оқушысының орташа оқу мүмкіндігімен сәйкес сабақтың қиындығын бақылау; сабақта қызметтің әр алуан түрлері (бірсарындылықты шешу);

Шаршағанды болдырмау және ойлау қызметін арттыру үшін сабаққа дене шынықтыру минуттарын енгізу; әзіл-оспақ психотерапевтік тәсілдер арқылы жүйке-психикалық шиеленістің алдын алу; сыныпта психоэмоциялық жағдай жасау;

Екінші топқа қолданылатын тәсілдер мен әдістер. Бұған ақпарат оқу тапсырмалары мен бақылау әдістерін беру тәсілдерін жіктеуді жатқызуға болады. Ол жетекші модальдықпен, мидың функциялық асимметриясымен, ойлаудың түрімен, жүйке процестерінің күшімен және қозғалысымен, денсаулығының деңгейімен сәйкес болады.

Үшінші жеке түрде қолданылатын тәсілдер мен әдістер. Оған баланың оқу мүмкіндігіне байланысты тапсырмалардың қиындығын жіктеу; оқу тәртібінің жеке стратегиясын жасау;

Қазіргі кезде инклюзивті білім беру оның жетілуіне қиындық туғызатын эртүрлі факторлар кездеседі. Олар: кемтар балалардың ата-аналарының жалпы типтегі білім алу мекемелерінде білім алуға дайын еместігі; қоғамдық көліктердің білім беру ортасының, байланыс құралдарының мүгедектерге бейімделмегендігі; мамандардың жетіспеушілігі және олардың кәсіби құзыреттілігінің төмендігі.

Осы жағдайларды ескере отырып, мүгедек балалардың құқығын қалпына келтіру үшін басты үш саланың өзара тығыз қатынасын жөнге келтіру керек, яғни әлеуметтік қорғау, білім және жұмыспен қамтамасыз ету сапалары [3].

Қорыта келе айтқанда, түзету - білімділік және құқығын қалпына келтіру шараларының түпкі мақсаты - мүгедек балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамдық тиімді жұмыстармен айналысу және қоғамның толық қанды мүшесі ретінде сезінуі. Ол үшін тек баламен ғана емес, оның жанұясымен де қажетті жұмыстарды жүргізу қажет.

Баланың сөйлеуінің бұзылуына биологиялық, психологиялық факторлар, сондай-ақ қоршаған ортаның келеңсіз жағдайлары себепші болады. Сондықтан сөйлеуі бұзылған және тіл мүмкіндігі бар балалар тұйықталып, бойында толымсыздық кешені пайда болмас үшін, ата-ана тарапынан қолдау, мейірімділік, жылылық аса қажет. Қазіргі кезде экологиялық және психологиялық фактордың әсерінен сөйлеу қабілетінде ауытқуы бар және мүмкіндігі шектеулі балалар жылдан-жылға саны көбейіп келеді. Мұндай балаларға арналаған арнайы мектептер мен оқыту бағдарламалары жоқтың қасы. Бұл мәселе психиатр, логопед, невролог, психолог және т.б. мамандардың және қоғамның араласуымен шешілетін өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек [4].

Соңғы жылдары көптеген мемлекеттерде ерте жастағы балалардың толыққанды дамуын, жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларының басты назардағы мәселесі болып отыр. Себебі дәл осы ерте жастағы кезеңде баланың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан және тұлға ретінде қалыптасуының алғышарттары қапанады. Мүмкіндігі шектеулі балаға ерте жастағы көмек көрсетудің маңызын келесі факторлармен түсіндіруге болады: баланың дамуы белсенді динамикалық үдеріс, яғни дамуында кездесетін ауытқулар мен тежелістер арнайы жағдай жасау арқылы баланың орын толтыру мүмкіндігін жүзеге асырады; баланың орталық жүйке жүйесі өте бейімделгіш болғандықтан, олар жаңа ақпарат пен дағдыларды бойларына жылдам сіңіреді; өмірінің алғашқы жылдары бала ағзасының психикалық және моторлық қызметтері қарқынды дамиды. Осы факторлардың барлығы ерте жастағы кезеңнің дамыту мен түзетудегі маңызы зор екендігін дәлелдейді.

Арнайы әдебиеттер мәліметтерін қарастырып талдайтын болсақ, сөйлеу тілінің дамуы тежелген ерте жастағы балалардың саны артып келе жатқандығын көреміз. Әсіресе тұрақты түрде мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленетін балдырғандар арасында сөйлеу тілінің дағдылары жеткілікті деңгейде қалып- таспағандығы анық байқалады. Осы балалардың сөйлеу тілін бағытты түрде түзету, олардың жалпы дамуының да бірде бір шарты болып табылады және екіншілік кемістіктердің пайда болуының алдын алады. Сөйлеу тілі тежелген ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға едәуір үлес қосатын бағдар- лама дайындау бүгінгі таңда көкейкесті мәселелердің бірі деп санаймыз.

Соңғы кездері білім көлемінің ұлғаюы балалардың сөйлеу тілінің дамуына жоғары тапап қояды. Балаларға алда күтіп тұрған күрделі мәселелерді шешуге көмектесу үшін сөйлеу тілінің дер кезінде және толыққанды қалыптасуының алдын-ала қамын жасау керек. Өйткені сөйлеу тілі арқылы ойлау дамиды, жеке басының қасиеттері қалыптасуға ықпал етеді. Ерте жастағы кезеңде ана тілін меңгерудің тілдік және ақыл-ой аспектілерінің өзара байланысын қарастырды, тіл мен сөйлеу тілі құбылыстарын түсіне білуді қалыптастыру қажеттілігін нақты түрде негіздеді. Бұл тұжырым сөйлеу тілін дамытуға қатысты барлық зерттеулердің тірегі болды. Ол байланыстырып сөйлеу тілі баланың ана тілін меңгерудегі барлық жетіс- тіктерін өзіне жинайды деп белгіледі (дыбыстық жағын, сөздік қорын, грамматикалық құрылымын) [4].

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету» Қазақстан Республикасы Заңы 4 тармағын іске асыру мақсатында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін кешенді көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету жолында жаңа үлгідегі арнайы (түзету) ұйымдары ашылған. Арнайы білім беру ұйымдарының жаңа түрлері: оңалту орталықтары (республикалық және облыс деңгейіндегі қалаларда), мектеп жанындағы логопедтік пунктер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (аудан орталықтарында).

Жаңа үлгідегі арнайы (түзету) ұйымдар қызметтері «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына, ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес және осы ережелер негізінде жүзеге асырылады.

Оңалту орталығының қызметін ұйымдастыру тәртібі. Оңалту орталығы арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің бірі болып табылып және облыстың әкімдерінің шешімдерімен құрылады.

Оңалту орталығының негізгі міндеттері:

- 1) сөйлеу тілінде, көру, есту, тірек-қозғалыс аппаратында бұзылуы, оқып-үйрену, қарым-қатынас жасау мен жүріс-тұрысында қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдерге психологиялық түзеу мен оңалту түрінде кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету;
- 2) дамуында, оқытуда, қарым-қатынас жасауда, жүріс-тұрысында проблемалары бар балалардың әр түрлі топтарына қатысты жаңа педагогикалық технологияларды эзирлеу, сынақтан өткізу және енгізу;
- 3) мамандардың пәнаралық тобымен (командалық бағалау) балаға қатысты мәселелерді кешенді оқып- үйрену және баланың медициналық, психологиялық, түзету-педагогикалық көмекке деген мүмкіндігі мен қажеттілігін анықтау;
- 4) баланың дамуының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, жеке дамыту бағдарламасын эзирлеу және жасап шығару;
- 5) жеке, топтық сабақ түрінде түзете-дамыта оқытуды жүргізу;
- 6) отбасы жағдайында даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата- анапарға (занды өкілдерге) ақш-кеңес беру және оқыту;
- 7) жалпы білім беру және арнайы (түзеу) білім беру мекемелерінің педагогтеріне мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық күйінің ерекшеліктері мен даму мүмкіндіктері жайынан әдістемелік басшылық жасау және көмек беру.

Оқыту мазмұны түзеу мекемелерінің білім беру стандарттарымен, Оқу жоспарымен және оңалту орталығында түзеу көмегін алатын әрбір баланың мүмкіндігі мен қажеттілігі ескеріліп эзірленетін жеке дамыту бағдарламасымен анықталады.

Сөйлеу функциясы адамның психикалық функциясының бірі болып табылады. Сөйлеу тілі дамуы үрдісінде танымдық эрекеттің жоғарғы формалары, ұғымдық ойлау эрекетіне қабілеттілік қалыптасады. Сөз мағынасы ездiгiнен жаппылау болып табылады және осымен байланысты тек сөйлеу бірлігін ғана емес, сонымен қатар ойлау бірлігін қорсетеді. Олар ұқсас емес және бір-бірінен тәуелсіз түрде пайда болады. Бірақ баланың психикалық даму барысында күрделі сапалы жаңа бірлесу пайда болады, ол тілдік ойлау және сөйлеу-ойлау эрекеті.

Сөйлеуі дамыған балада саналы, жоспарлы және реттелген мінез-құлық эрекеті болады. Тілдік қарым- қатынас дамудың әр түрлі формаларының қалыптасуына жағымды эсер етіп, жалпы психикалық дамуды қамтамасыз етеді.

Сөйлеу тілінің қандай да бір дәрежеде (тілдік бұзылыс сипатына қарай) бұзылуы баланың барлық психикалық дамуына, іс-әрекетіне, тәртібіне әсерін тигізеді.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылуы баланың қоршаған орта шындығын тануы іске асатын әлеуметтік (негізінен тілдік) қатынастардың шектелуімен және сөйлеу мен ойлаудың тығыз өзара байланысымен шартталған таным әрекетінің жоғарғы деңгейлерінің қалыптасуына, ақыл-ой дамуына әсер етеді.

Сөйлеу бұзылысы, тілдік қарым-қатынастың шектелуі баланың түлғасының қалыптасуына кері ықпалын тигізеді, психикалық қабаттауларды, ерік-жігер сферасының спецификалық ерекшеліктерін туғызуы мүмкін, ерік-жігер сферасының спецификалық ерекшеліктері туғызуы мүмкін, мінездің кері сипаттарының (үялшактық, ұяндық, негативизм, т.с.с) дамуына әсер етуі мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін сөйлеу бұзылыстары оқытудың бастапқы кезендерде ана тілі грамматикасын және гуманитарлы пәндер бағдарламаларын меңгеруге бөгет болады. Сөйлеу тілі бұзылыстары себебінен баланың бастауыш мектеп бағдарламасын меңгере алмауы, ал күрделі жағдайлар- да оның жалпы мектепте оқуға мүмкіндігінің болмауы туралы сұрақтың туындау жағдайлары да кездесе- ді. Түзету жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы мен өткізілуі кезінде логопед-мұғалім бұндай балаларға оларда бар сөйлеу тілінің бұзылуларын жеңуге және өзге балалармен тең дәрежеде мектептік білімдерді меңгеруге. Соның нәтижесінде толыққанды, жан-жақты дамуға көмектеседі.

Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникативтік технологияларын меңгеру - қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр - ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуни- кативтік технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технология- лық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 -бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық- коммуникативтік технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [5].

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалай- мыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізі- луде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген [6].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттанды- ру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағда- йында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық- коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың өзіндік тиімділігі бар. Атап айтқанда:

Оқушы дербес компьютер, аудио, видео құрылғылардың көмегімен мәтінді тындайды, бейнесюжет- терді көре алады;

Аз уақытқа оқушы көп ақпарат алып, уақытты үнемдейді;

Қашықтан білім алу мүмкіндігін пайдаланады;

Мәтіндерді оқу арқылы есте сақтау қабілеті артады;

Қажетті ақпаратты жедел түрде алады;

Аудио кассетапар мен CD дискке қажетті материалдарын көшіріп жазып алады;

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімде- рін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмапар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырма- ларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен



әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындыр- са, жаңа тақырыпқа деген бапаның күштарлығы оянады.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, - Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Сөйлеу қабілеті өте нашар балалармен жұмыс жасау барысында бастауыш сынып мұғалімі ретінде ашық сабақ өткізу кезіндегі өз тәжірибемем тоқталатын болсам. 3 сынып оқушыларымен тіл дамыту пәнінен «Нан - дастарқан байлығы» және «Көкөністер, жеміс-жидектер» деген тақырыпта өткен ашық сабақтарда интербелсенді тақтаны пайдаландым. Интербелсенді тақтаны сабақта пайдалану өте ыңғайлы және қолайлы. Оқушылардың да сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын оятады. Әрбір көрсетілген суреттер мен тапсырмаларды орындауда оқушылар өз ойларын еркін түрде айтып, қорытынды шығара алды. Интербелсенді тақтада тапсырмалар орындау барысында уақытты үнемді пайдалануға көмегін тигізеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу қабілетінің кеш басталуына байланысты, олардың сөйлеуін ауызша, сөз жүзінде емес тәсілдерімн үйрету керек. Мысалы: қимыл арқылы сөйлеу немесе белгілі бір дыбыс, үн арқылы үйрету дағдыны қалыптастырып қана қоймай, сөйлеуге де әсерін тигізеді.

осылай бала айтылған сездерді түсінуді үйренеді. Есту қабілеті бұзылған баламен қарым-қатынас жасаған кезде арнайы жағдайларды ескеру керек. Сэби ересектің бетін жақсы көру керек, үнемі бала зейінің еріннің қозғалысына аудару керек. Егер балада есту аппараты бар болса баламен 1м ара қашықтықта қарым-қатынас жасау керек - осылай бала сөйлеу тілін естіп көруі арқылы қабылдайды. Кей кездерде сөздің айтылуын бекіту үшін сөзді бір неше рет қайталаған мақсатты, сонымен қатар бала ерінді көрмей- тіндей естіп қабылдауына сүйене отырып сөзді қайталау керек. Баланың зейінің қай жерде болмасын дыбыс заттарға аудару керек, дыбысты қайталап, дыбыс шығаратын заттын атын атап отыру керек (қасық құлады: бах; ит үрді: ав-ав-ав: шаңсорғыш гүілдейді: у-у-у). Бала сөзді немесе дыбысты қайталауға талпы- ныс жасау кезінде ересек баламен бірге қуанып оны қолдайды. Бала іс-әрекетінің барлығы ересек арқылы педагогикалық ықпалмен жүруіне қарамастан үнемі жүйеленген сабақ жүргізу керек, сабақ мазмұны баланың жалпы дамуына және сөйлеу тілін дамытуға бағытталған арнайы ойындар мен жаттығулар жүргізілуі керек. Сабақ ұзақғығы мен саны бапаның жас ерекшелігіне тәуелді. Сабақ бапаның сергектігіне қарай күніне бір неше рет өткізіледі. Мамандардың айтуы бойынша бір жасқа дейін 3-5 минуттан күніне үш сабақ; екі жасқа дейін 10 минуттан 2-3 сабақ; екі жастан үш жасқа дейін 15-20 минуттан бір сабақ өткізу керек. Ережеге сай сабақ күнің бірінші жартысында және түскі ұйқыдан соң жүргізіледі. Сабақ бағытына қарай кезектесіп отырады. Маман сабақтың өтетін жерін анықтайды: ойын бұрышында немес үстелде. Сабаққа дайындықтың маңызы зор: әр сабақтың мақсатын ойластыру, оның жоспарын құру, әр түрлі дидактикалық материалды таңдау. Сонымен бірге сурдопедагог маман ата-аналарға от басында сабақты ұйымдастыруда туындайтын сұрақтары бойынша кеңес жүргізіліп отыру керек. Ерте жастағы баламен жұмыс жүргізу барысында қимыл-қозғалысты дамытуға бағытталған жаттығулар, ойыншықтар немесе заттармен іс-әрекет, (көру, тактильді-қозғалыс) қабылдауын дамытуға бағытталған ойындар және жаттығулар, вибрациялық сезімталдығын дамытуға бағытталған қоршаған ортаның құбылыстарымен және заттарымен таныстыруға бағытталған жаттығулар, сурет салу, ермексазбен жұмыс, конструктормен жұмыс үнемі жүргізіліп отыру керек. Әрине айтылған кейбір бағыттар, мысалы, сурет салу, ермексазбен жұмыс және конструктормен жұмыс бапа өмірінің тек үшінші жылдарында ғана пайда болады. Есту қабілеті бұзылған баланың бірінші жылдарынан бастап музыкалық тәрбиені жүйелі түрде ендірген мақсатты. Баланың жалпы дамыту жұмыстары, бір жағынан, танымдық дамуын ынталандырады, балалық іс-әрекеттің түрін дамытуға әсер етеді, яғни баланың қарым-қатынас жасауына, сөйлеу тілдік дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді. Екінші жағынан бұндай жұмыстарды жүргізу үрдісінде бала біртіндеп меңгеретін сөйлеу тілдік материалдың үлкен көлемі пайдаланылады. Сонымен қатар ата-аналар немесе мамандар ерте жастан есту қабілеті бұзылған баларға арнайы көмек корсету бойынша кеңесті, мына авторлардың зерттеулерінен ала алады (Б.Д. Корсунская, 1970; Э.И. Леонгард, Е.Г. Самсонова, 1991; Н.Д. Шматко, Т.В. Пельмская, 1995 және т.б.). Қалыпты жағдайда ерет жастағы бапардың қимыл қозғалысын дамытуға, сенсорлық тәрбиеге, әр-түрлі ойын түрлерін, қоршаған ортамен танысуға бағыт- талған әдибеттаерді де пайдалануға болады. Баланың жалпы дамуына бағытталған ойын, жаттығулармен салыстырғанда сөйлеу тілін және естіп қабылдауын дамытуға бағытталған жұмыстар спецификалық сипатта болады, өйткені ол баланың дамуындағы естіп қабылдау бұзылыстарына байланысты негізгі қиыншылықтарға бағытталған. Түзету жұмыстарын өткізу үшін ата-аналар үнемі сурдопедагогтын кеңсін алу керек. Ерте жастан есту және сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының негізгі бағыты, ол есту аппаратта- рын үнемі қолдану жағдайында сөйлеу тілдік органы ұйымдастыру. Ерет жастан сөйлеу тілін дамыту жұмыстары, ересектің келбетіне, оның сөйлеуіне, заттарына баланың көру және есту зейінің аударуға; балада бышдьфдльщ пайда болуына, ересектің заттық және сөйлеу тілдік іс-әрекетгеріне елікгеуін дамыту- га, қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыруға; кейбір былдырдың және сөздердің мағынасын түсінуге бағытталған болу керек. Бұл бір күн бойына және сабақ барысында баламен қарым-қатынас үрдісінде өтетін күрделі жүйеленген жұмыс түрі. Егер есту қабілеті бұзылған баламен түзету жұмыстары өмір сүруінің бірінші жылдарынан басталса, онда өмірінің екінші-үші жылдарында баланың сөйлеу тілін дамыту қарқыны жоғары болады. Ойын немесе заттық қимыл қозғалыс үрдісінде баламен дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас ересектің сөйлеу тілін түсінуге және баланың өзінің сөйлеу тілінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл кезең еститін және есту қабілеті бұзылған баларға өте сензитивті. Деген- мен естімейтін баларда бұл кезеңде белсенді сөйлеу тілдік нәтиже болмасада, бұл кезең есту қабілеті бұзылған баланың сөйлеу тілінің дамуында маңызы зор. Әр-түрлі заттарды және құбылыстарды тануға байланысты балада заттың атауы, олармен жүргізілетін қимыл-қозғалыс сөздігі пайда болады. Балаға етістіктерді (бер, ал, ки, же, жүр және т.б.) түсінуді үйрету өте маңызды, өйткені ол сөз тіркестерін түсінуге және қолдануға қажет. Сабақ барысында заттар мен ойыншықтарды ойнату, балаға түсінікті сурет- терді көру, ойыншықтарды пайдалана отырып балаларға ертегі айту үрдісінде сөз және сөз тіркестерінің

еаны үнемі өсіп отырады. Бұл жұмыс есту қабілеті бұзылыстары бар балалардың екінші жылдарында жүйелі түрде түзету және дамыту кезінде басталады. Ол бала сөзінің сөдік қорын толтыру және ауызша сөйлеуіне дайындық болып табылады. Баланың ауызша сөйлеуін қалыптастыру жұмыстарының негізгі міндеті біржарым-екі жас аралығындағы балаға ауызша сөйлеу қажеттілігін қалыптастыру. Сондықтан ойын және іс-әрекет барысында педагог немесе ата-ана заттарды, ойыншықтарды баланың даму барысын дағы қабылдау деңгейіне байланысты атайды. Ең маңыздысы - баланың өз бетінше дыбыстарды, буындарды, сөздерді еліктеу арқылы айтуға талпынуы. Сондықтан дене қимылына елктетуді үйретуге көңіл бөлген жөн. Ересектің қимыл әрекетіне еліктей отырып бала қимылмен бірге жүретін дыбыс, буын, былдыр сөздерді еліктеу арқылы айтуға ұмтылады. Фонетикалық ырғақ - есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін негізгі тәсілдердің бірі. Фонетикалық ырғақты жүргізу барысында дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері белгілі бір қимыл қозғалыспен бірге жүріп отырады. Кәзіргі таңда фонетикалық ырғақты пайдалану әдісі көптеген ғалымдардың әдістемелік құралдарында жазылған (Э.И. Леонгард, 1976, 1991; Т.А. Власова, А.Н. Пфафенродт, 1989, 1998; Н.Д. Шматко, Т.В. Пельмская, 1991, 1993, 1995). Есту қабілеті бұзылыстары бар балапардың қалдық естуін дамытуды неғұрлым ерте бастаған жөн, өйткені бала дамуының бірінші жылдары есту анализаторларының жетілуі жүреді, ол педагогикалық жұмыстың әсерлі нәтижесін қамтамасыз етеді. Бала өмірінің бірінші айларында ересек дауысына, ойыншықтардың сылды-рына кешенді көру-есту арқылы зейінің тоқтату үрдісі басталады. Баланың естіп қабылдауын дамытудың негізгі шарты ол ерте жастан есту аппараттарын пайдалану, есту аппараттарын пайдалана отырып бала кейбір дыбыстарды қабылдайды әсіресе ересек сол дыбыстарға көңіл аударған жағдайда. Аппаратты тағу ересектер мен бала арасындағы қарым-қатынас барысында пайда болған былдыр сөздер мен гүілді жақсартқады. Баламен ойыншықтардың сылдырына, өзінің атын атағанда, дыбыстың бағытын анықтауға, ойыншықтың атын білдіретін былдыр сөздерге және еліктеуші дыбыстарға көңіл белуге арнайы жатты-туларды жүргізу басталады. Айтарлықтай жүйеленген жұмыс түрі бала дамуының екінші жылдарында басталады. Балаға таныс затты білдіретін былдыр және толық сөздерді ажыратуды үйретеді. Баланы аппаратпен және аппаратсыз тындауды үйретеді. Біртіндеп айтылатын сөздердің ара қашықтығын ұлғай-тады. Естіп қабылдауын дамыту бойынша жүгізілетін жұмыстар сөйлеу тілін қалыптастырумен тығыз байланысты: баланы естігенің қайталауға ынталандырады. Сонымен қатар балар әуенді ойыншықтармен танысады және олардың дыбыстарын ажыратуды үйренеді. Біртіндеп естіп қабылдауына берілетін сөз және сөз тіркестерінің саны ұлғаяды. Арнайы естіп қабылдауын дамытуға бағытталған сабақтармен қатар баларды қоршаған ортаның, көлік сигналдарын, тұрмыстық шуылдардың мағынасын және қажеттілігін түсінуге үйретеді.

1. *Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика. Воспитание и обучение дошкольников с нарушением слуха. - М., 2001.*
2. *Корсунская Б.Д. Воспитание глухого дошкольника в семье. - М., 1970.*
3. *Шматко Н.Д., Пельмская Т.В. Если малыш не слышит. - М., 1995.*

#### Резюме

В данной статье говорится о формах коррекционно-педагогической помощи детям раннего возраста с нарушениями слуха

#### Summary

In this article says aboutof form correct pedagogical held for children with early infringement acoustic.

#### ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЫРҒАҚТЫҢ БАЛАЛАР ДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛШ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

М.М. Рахимова - *оқытушы*

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға кешенді психолого-логопедиялық, педагогикалық және емдеу-сауық-тыру әсер етудің негізгі міндеті олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу тілсіз және сөйлеу тілдік функциональны жүйесін қалыптастыру, дамыту және түзету болып табылады. Осыған орай соңғы жылдары елімізде логопедиялық ырғақ логопедиялық әдістемелердің ажырамас бөлігі болып келеді. Балаларға логопедиялық ырғақтық әсер етудің маңыздылығын көптеген зерттеушілер көрсеткен.

В.М. Бехтерев әуенді тәрбиелеудің келесі мақсаттарын белгілеген: әуенді рефлексдерді айқындау, бала-ның ағзасын белгілі бір тітіркенулерге (есту және көру) жауап беруіне бейімдеу, бапаның жүйке жүйесі-нің іс-әрекетінің бір қалыптығын орнату, дұрыс емес және артық қимылдарды реттеу. В.А. Гиляровский логопедиялық ырғақ жалпы тонусқа, маторикаға, көңіл-күйге әсер ететіні және орталық жүйке жүйесінің үрдістерінің қимылдылығын жаттықтыруға жәрдемдесетіні туралы жазған. Е.В. Чайнова, Е.В. Конорова 102



логопедиялық ырғақ зейінді (концентрациясын, көлемін, тұрақтылығын), есте сақтауды (көру, есту, мо- торлы, логикалық) дамытады деп есептеген. В.А. Гринер және неміс зерттеушілері К.Колер (Cr. Kohler), К.П.Вабе (Chr. Selrwabe) логопедиялық ырғақты психотерапиялық әдіс (ұжымды-психологиялық әдіс, әуенді терапия) ретінде қолданылуына болатыны турапы айтқан. Логопедиялық ырғақ баланың физика- лық, ақыл-ой және эстетикалық тәрбиеленуіне әсер ететіндігіне нұсқай отырыға, балалардың сөйлеу тілін түзету үрдісінде логопедиялық әуенді қолданудың қажеттілігі туралы В.А. Гринер, Н.С. Самойленко, Н.А. Власова, Д.С. Озерецковский, Ю.А. Флоренская нұсқаған. А.Розенталь логопедиялық ырғақты - сөзбен сәйкес келетін әуенді ырғаққа сүйенетін, сөйлеу тілді түзетудің жаңа тәсілі деп есептейді [1].

Логопедиялық ырғақ - логопедиялық, әуенді-ырғақтық және физикалық тәрбиелеудің тәсілдерінен тұратын кешенді әдістеме болып табылады. Логопедиялық ырғақтың бірінші түсінігі сөздің, әуеннің және қимыл-қозғалыстың сәйкестенуіне негізделген. Осы жиынтықтың өзара әрекеттесулері түрліше болуы мүмкін, біреуінің басымдылығы немесе арасындағы байланыспен.

Логопедиялық ырғақтың екінші түсінігі, оның дамуында түрлі бұзылыстары және сөйлеу тілінің ақаулықтары бар балаларды тәрбиелеудің, оқытудың және емдеудің кез-келген оңалту әдістемесіне ендірілуін шарттайды.

Логопедиялық ырғақ өзінің ұйымдасқан түрдегі жүйесіне қарамастан логопедиялық сабақтардың қосымшасы болып табылады, өйткені логопедиялық ырғақтық жаттығулар логопедияның мақсаттарына бағынады. Түзету жұмысының үрдісі кезінде логопедиялық ырғақ патологиялық үрдістің пайда болу және дамудың заңдылықтарына, сөйлеу және психикалық ақаулары бар балаларға қатысты дефектология- да өндірілетін әсер етудің әдістеріне сүйенеді [1].

Логопедиялық ырғақтың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- Жүйке жүйесінің бір қалыптылығы бұзылған сөйлеу тіл бұзылыстары бар балалардың тежегіш және қоздыру үрдістерін жаттықтыруға жағымды жағдай тудырады;

- қоздырғыштардың: темп, ырғақ, әуен және сөздің динамикасының нақты мөлшері есебі арқылы ақаулықтарға нәтижелі әсер етеді. Әуен және сөздік нұсқаулар балаларда уақыт, күші және түрі бойынша дифференцияланған қимылды реакцияларды тудырады. Әуенді немесе сөздік қимылды белсенді іске асыруды немесе моторлы реакцияны тежеуге көмектеседі.

- баланың жеке ырғағын және ұжымның ырғағын анықтау мүмкіндігі, баланың ырғағын адамдардың сол жыныстағы және жастағы биологиялық ырғағына сәйкес келуін орнатуға мүмкіндік береді;

- адамдағы қимылды, ырғаққа қабілетін жетілдіре түседі, зейіннің тұрақтылығын дамытады. Топтағы жұмыс әлсіз балаға, басқаларға еліктеу арқылы ырғақты жаттығуларды орындауға көмектеседі.

Логопедиялық ырғақты тәрбиелеуде екі негізгі бөлімді белуге болады:

**біріншісі**, сөйлеу тіл патологиясы бар балалардың сөздік емес үрдістерін дамыту, тәрбиелеу және түзету: есту зейінін, естіп есте сақтауын, оптико-кеңістіктік түсініктерін, әңгімелесушіні көру-бағдарлау- ын, қимыл-қозғалыс координациясын, қозғалыстағы темп және ырғақты сезінуін, тұлғаның тәрбиеленуі мен қайта тәрбиеленуін;

**екіншісі**, сөйлеу тілді дамыту және сөйлеу тіл бұзылыстарын түзету: тыныс алу және сөйлеу тілдің темпі мен ырғағын, оральды праксисті, фонематикалық есту және т.б этиологиясына, жасалу жолына, белгілері мен жоюдың әдістемесіне байланысты сөйлеу тіл бұзылыстарын [1].

Логопедиялық ырғақтың бірінші бөлімінің мазмұнына толығырақ тоқталайық:

Қабылдау, есту зейіні және есту есте сақтауының дамуы балаларға арнап музыкалық инструмент- тің, музыкалық ойыншықтардың жеке дыбыстарын ажыратудан басталады және музыканың дыбыс жоғарылығын, ырғағын, динамикалық толыққандылығын толық, саналы қабылдаумен аяқталады. Нәтижесінде адамда музыкалық бірінғай - эмоционалды және есту - музыканы қабылдау тәрбиеленеді.

Логопедиялық ырғақ сабақтары сөйлеушіге оптико-кеңістіктік түсініктері мен дағдыларын, көріп орналастыруын дамытуға кеңінен мүмкіндік береді [2].

Қимылдың кеңістіктік сипаттамасы бастапқы қапыпты қосады, қимылдағы дененің қалпы - бұл жаттығудың басындағы қимылсыз қалып, ол іс-әрекетке даярлықты көрсетеді. Қимылдар кеңістікте белгі- лі бір бағытта орындалады. Адам денесінің негізгі бағыттарына жататын: жоғары-төмен, алдыға-артқа, оңға-солға. Аралық бағыттар да бар, мысалы оңға жартылай бұрылу. Кеңістіктік бейімделуде қимылдың бағытын бақылау бойынша бастапқы ролге көру ие, сондықтан бастың қозғалысы дененің басқа бөлікте- рінен озады. Әр жеке қозғалыс белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір кеңістікпен шектелгендік- пен іске асырылады. Қозғалыс-музыкалы жаттығуларда уақытта қозғалысты ұйымдастырушы музыка болып табылады. Көптеген жағдайларда ол қозғалыстың кеңістік шекараларын анықтайды [2].

Логопедиялық ырғақ жалпы қимылдардың координациясын, жіңішке ерікті моторика және бет

мимикусының дамуына жәрдемдеседі. Қимылдың координациясын дамыту баламен қозғалыс біліктілігі мен қозғалыс дағдыларын меңгеруді болжайды. Қозғалыстар музыка арқылы жетілдірілсді, ол орындау- дың сапасына әсер етеді - айкындылық, ырғақтылық, нақтылық, жұмсақтық, бірегейлікке. Эмоциональды безендірілу, адаммен музыканы қабылдау салдары қозғалыстарға энергия және жұмсақтық, ұстамдылық және еріктік, еркіндікті береді, музыка және қимылдың көмегімен белгілі бір бейнелерді құрудың мимика мен пантомимиканың дамуына жәрдемдеседі.

Логопедиялық ырғақпен қозғалыстағы темп және ырғақ сезімін тәрбиелейді. Адамда ырғақты қимылға деген табиғи жақындылық бар. Кішкентай бала музыка ырғағына қарай қимылдай алады, реакция кенет- тен пайда болады. К.Орфтың ойынша балаларда музыкалық ырғақты қабылдау кезінде шапалақтау, аяқ тарсылдары пайда болады - бұл эспрессияның шынайы тәсілдері. Бала, ырғақтың көмегімен өзінің шынайы қозғапыстарын ұйымдастыра келе, олардың координациясын жетілдіреді [3].

Ырғақ - түрлі жоғарылықтағы және ұзақтықтағы дыбыстарды кезектілі алмастыру. К.В. Тарасованың ойы бойынша ырғақты сезіну негізгі үш компонентті құрайды:

- 1) темп - тіреуіш дыбыстарды қабылдау мен орындауға қабілеттілік;
- 2) метр - акценттелген және акценттелмеген дыбыстарды қабылдау мен орындауға қабілеттілік;
- 3) ырғақты сурет - дыбыстар мен кідірістердің ұзақтығының қатыстығын қабылдау және орындауға қабілеттілігі.

Адамда ырғақ сезімін дамыту үшін оны музыка немесе ырғақты суретпен есту арқылы қабылданған қимылдарды дұрыс координациялау және қабылдауды үйрету қажет. Ол үшін қозғалыс аппаратының немесе оның жеке бөліктерінің сақалғандығы қажет.

Ырғақ сезімінің компоненттеріне: темп, метр, такт, ырғақты сезіну жатады. Ырғақ уақытта күшті, қимылдық әлсізбен, акцентацияланған бөлімдерінің сәйкестіктері болып табылады. Қимылдың акцент- телген бөлімі үлкен бұлшық еттің күштеуімен енжар - инерция бойынша аз бұлшық-ет күштеуімен орындалады. Бұлшықеттің күштелуі және босансытуды уақытылы алмастырып отыру қозғалысты дұрыс орындаудың дұрыс көрсеткіші болып табылады. Егер жаттығулар ырғақты дұрыс құрылса, онда олар жеңіл орындалады және ұзақ уақыт бойы шаршауды тудырмайды. Белгілі бір ырғақты пульсте, қозғалыс- пен байланысты, барлық мүшенің біріге шешілген реакцияларын шақырады, сонымен қатар психиканың эмоциональды-жағымды қимылын дамытады, ол адамның жалпы сауығуна жәрдемдеседі.

Белгіленгендей, қозғалысты жетілдірудің нәтижелі тәсілі музыка болып табылады. Музыка, қозғалыс сияқты уақытты жүреді, оның қатты бөлімі қозғалысты ұйымдастырады. Музыкалық-ырғақты жаттығу- лардың әсері арқылы тісхикалық және физикалық қызметтердің өзара әрекеттескенде гармония орнатылады.

Адамдардағы музыкалық-ырғақты бейнелерді орындау нәтижесінде өзінің бұлшық ет аппаратын басқару біліктілігі пайда болады. Музыканы музыкалы-ырғақты этюдтерге толыққанды, түрлерінің нақтылығына, бейнеленуіне, мелодиялылығына қарай іріктейді, өйткені музыкалық айкындылықтың эмоцияналды элементтерінің бірі болып табылады.

Логоритмикалық ырғақтық сабақтар сөйлеу тілі бұзылыстары бар баланың жеке сапаларын тәрбиелеу- ге жәрдемдеседі: еліктеушілік, белсенділік, инициативтілік, өзбеттілік, ұжымдық; ерік сапаларын дамыту: батылдық, шешім қабылдай алу, шыдамдылық. Айтылған сапалар оқытушының жеке мысалының әсері арқылы және музыкалық және сөйлеу тілінің жаттығуларының мақсаттылы бағытталған іріктеу арқылы қалыптастырылады.

Логопедиялық ырғақтық әсер етудің *екінші бөлімі* сөйлеу тілін дамыту және сөйлеу тілінің бұзылыста- рын түзетуді құрайды. Берілген бөлім сөйлеу тілі бұзылыстарына тәуелділіктегі сабақтар көмегімен іске асырылады:

Темп пен ырғақтылық тыныс алуын тәрбиелеу және дамыту (әсіресе тұтықпа, тахилалия, брадилалия, ринолалия кезінде) тыныс алудың темппен ырғақ қозғалыс жаттығуы үрдісі кезінде тәрбиеленеді; басын- да - сөйлеу тілсіз, кейін - сөйлеушімен.

Оральді праксисті дамыту (дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, тұтықпа). Бұл бағытты жұмыстар еліктеу және динамикалық, бірінғай, нақты, дене мен қол, аяқ бас жалпы қимылдарды орындау арқылы өтіледі; қимылды автоматтылыққа жеткізу арқылы моторлы және сенсомоторлы координациясын дамытады. Осы негізде қозғапыс және артикуляторлы мүшелер жетілдіріледі.

Артикуляторлы моториканы дамытуды сонымен қатар мимикалық бұлшық ет, тіл, төменгі жақ, жұмсақ таңдайға арналған арнайы қимыл қозғалыстар қолданылады және лого-ырғақты сабақтарды артикуляторлы жаттығулар қол қимылдарымен сәйкестендіру тиімді.

Тұтықпа, дизартрия, ринолалия және дауыстың бұзылысы бар балаларда просодикасын дамыту лого-

ырғақ тәсілдері арқылы тыныс алу темпі және ырғақ, дауыс, артикуляторлы аппарат, сөйлеу есту негізінде іске асырылады. Сөйлеу тілі музыкамен ортақ элементтерге ие: мелодия, темп, ырғақ, акцент (сөйлеу тіліндегі логикалық екпін) кідіріс. А.Митринович-Маджеевскаяның айтуынша акцент және мелодия артикуляторлы бұлшық еттер мен олардың күштемі, бұлшық ет спазмасының жұмыстық көрінісі болып табылады. Бұлшықеттің күштелуіне динамикалық акцент тәуелді, бұлшық ет спазмаларының байқау уақытына- ырғақты акцент тәуелді. Жұмсақ тандай, тіл бұлшықеттерінің қалпына әуендә акцент тәуелді- лікте. Сөйлеу тілінің бұзылысы кезінде акценттердің органикалық және функционалдық сипатта болады. Акцентті айта алуда сөйлеу тілінің басқа құрамдары ие, олар артикуляторлы бұлшықеттің қозғалыс көлемі кинестетикалық-вербалді рефлекстерді өндіруге қабілеттілігі просодикалық компоненттерді жетілдіру түрлі тәсілдер, ең басты ән салумен іске асырылады [3].

Логопедиялық ырғақ фонематикалық қабылдаудың дамуына жәрдемдеседі. Түрді тональдылыққағы әуенді дауыс жоғарылығын, темп және ырғақты қабылдау фонематикалық үрдістердің жетілуіне негіз қалыптастырады, музыканың сүйемелдеуімен мәтінді айту (опозиционды дыбыстармен безендірілген) фонемдерді естіп - дауыстард ажыратудың дамуына жәрдемдеседі.

Логопедиялық ырғақ көмегімен темп және ырғақты тәрбиелеу сөйлеу тілінің темп және ырғағын тәрбиелеу тұтықпа, тахилалия, брадилалия, афазиясы бар балалармен арнайы түзету жұмыс бөліміне арналған. Бұл логопедиялық әсер ету аталған сөйлеу тілінің бұзылыстарының түрлерінде сөйлеу тілінің темп және ырғағын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Лого-ырғақты мұғалім өз түрлілігі бар қозғалысты сөйлеу тілді негізді құрастырады, логопед оны өзінің сабақтарында сөйлеу тіл жоспарына қарай жетілдіреді [3].

Сөйлеу тіл бұзылыстарын түзету сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар балалардың қозғалыс және акустикалық мүмкіндіктерін және қозғалыс мүмкіндіктерін есепке алу есебімен іске асырылады, және логопедиялық ырғақ сабақтарына сөйлеу тілі материалын мақсатты бағыттылықпен іріктеледі.

Сонымен, логопедиялық ырғақты-сөзбен сәйкес келетін әуенді ырғаққа сүйенетін, сөйлеу тілді түзету- дің тиімді тәсілі деп қарастыруға болады.

1. Волкова Г.А. *Логопедическая ритмика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений* - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2010 г.
2. Волкова Г.А. *Логопедическая ритмика. Учеб. для студ ВУЗов. -Детство-Пресс, 2010 г.*
3. Анищенко Е. С. *Логопедическая ритмика для развития речи дошкольников.* —М.: АСТ, Астрель, 2006 г.

#### Резюме

В статье рассматриваются роль логопедической ритмики в развитии речи детей.

#### Resume

The article discusses the role of rhythm in speech therapy speech development of children.

#### **БАЛАЛАР ТАМАҚТАНУЫНЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ Д.К. Байдосова - аға оқытушы, арнайы педагогика**

##### *кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

«Ас - адамның арқауы» - деген қазақта нақыл сөз бар. Ал аштық адамдарды әлсіретеді, түрлі ауруларға алып келеді, ұзақ уақыт тамақтанбаса онда қайғылы жағдайға да ұшыратады. Тамақтану - ағзаның өмірлік қажеттілігі болып саналады. Ол адамды сумен, энергия мен қамтамасыз етеді. Жасушаларды құру үшін, сол себепті әр түрлі жағдайда емдем-терапиясы қолданылады. Су адамның бір тәуіліктегі тиімді тамақтану рационы (1280-3000 ккал) бұл өмір сүру деңгейіне байланысты. Азықпен адам жалпы тіршілікке қажетті ақуыз, май, көмірсутегі, минералды тұз, су, дәрумендермен ұлпаларды қалпына келтіруге, энергия шығынын және ағзаның қажеттерін толтыруға арналған басқа да заттар алады. Осы заттардың барлығы күрделі апмасу үрдісіне қатысады. Ақуыздар, көмірсулар, майлар, ағзаны энергия мен қамтамасыз ету- де басты қызмет атқарады. Метаболизм үрдісі кезінде ақуыздан, майдан, көмірсулардан энергия бөледі. Олар құнарлықпен өлшенеді. Ағзадағы 1 кг ақуыздың тотығуынан - 4 kkal, 1 g майдан - 9 kkal, 1 kg көмірсудан - 4 kkal энергия түзіледі. Тағам құнарлығы арнайы кестемен көрсетіледі. Дені сау адамға тәуліктік үлестегі жануар ақуызының мөлшері көрсетілген қалыпқа сәйкес құрастырылуы керек. Өсімдік - 40 g, жануар майы - 85-90 g көмірсулар - 400 g-500 g, төрт мезгіл тамақтануда жалпы тамақ салмағы 3 kg дейін жетуі қажет. Физикалық жұмыс пен айналыспайтын ауруханада жатқан науқастарда тағамның құнарлығы қалыптан аспауы керек. Төсек тартып жатқан ауруларда энергияға қажеттілік біршама төмен болады. Ақуыздар, майлар, минералды заттар, ұлпалар мен тіндердің қызметін қалпына келтіру үшін “құрылыстық” заттар болып табылады. Сау адам қалыпты жағдайда 4 мезгіл тамақ ішіп отыруы керек.

Тәуліктік рационды қуру

1. Ертеңгі ас 25%.
2. Түскі ас 35%.
3. Бесінас 15%.
4. Кешкі ас 25%.

Тәуліктік тамақтану құрамын ағзаның күнделікті энергетикалық шығынына, оның қажеттілігіне байланысты құру керек. Тәуліктік тамақтандырудың құндылығы ағзаның қажеттілігіне сәйкес келуі. Ағзаның жалпы негізгі энергиялық шығын алмасуы барлық ішкі ағзаны және ағзаның бұлшық ет жұмысын психологиялық тыныштықта 12-16 сағаттан соң 18-20 с температурада қапыпты жағдайда ұстап тұра алады. Зат алмасу ағза иесінің жынысына, жасына тәуелді болады. Ер адамда зат алмасу әйелдерден гөрі 10-15 есе көп, егде адамдарда төмен. Қосымша зат алмасу энергияның жұмсауымен белгілі бір жұмыс түрін анықтайды. Ағзаның энергетикалық шығыны калориямен есептеледі. Тағамның құрамы, азық-түліктің калориялығы арнайы кестемен белгіленген. Тағам құрамындағы калорияны ағзаның физиологиялық қажеттілігіне сай құру қажет. Тағам құрамының калориялығына қарамастан, тағам мөлшері оны қабылдаған кезде асқазанды қанағаттандырып, тойымжылық сезімін тудыру керек. Токшылық сезімі асқазандағы тағамның ыдырау ұзақтығына байланысты болады. Ең алдымен көмірсулары, одан кейін ақуыздар, ең соңынан майлар ыдырайды. Қортылған тағамнан кейін тоқшылық сезімі, ұсақталған немесе жаншылған тағамдарға қарағанда ұзаққа созылады. Асқазанды тітіркендіруші, асқазан сөлін еріксіз бөледі.

Астың маңыздылығы мен сіңімділігі оның құрамына байланысты. Зат алмасуы тірі табиғаттың ерекше маңызды және организмнің негізгі қызметі Ассимиляция, яғни организмге енген заттарды өздеріне бейімдеп өзгерту. Мұнымен бірге организмде жасушалар мен олардың бөлшектері ескіреді, олар ыдырайды, яғни диссимиляция байқалады. Ассимиляция мен диссимиляцияның нәтижесінде организм ескіріп тозған қажетсіз заттарды сыртқа шығарады және қызметіне қажетті қуат алады. Зат алмасуы баланың өсіп, дамуы кезінде күшті болады. Бұл адамның жас ерекшелігінің ауқымды бір көрсеткіші. Балаларда ассимиляция диссимиляциядан басым болады, олар тек ересек адамда ғана теңеседі. Бала кезінде ассимиляция басым болса, қартайғанда, керісінше диссимиляция басым болады. Бұл заңдылық түрлі ауруларға, сыртқы ортаның қауырт жағдайларының әсеріне байланысты бұзылады. Адам организміндегі клеткалардың құрамында көптеген химиялық заттар бар. Олар органикалық және бейорганикалық болып екі топқа бөлінеді. Органикалық заттарға: ақуыз, май, көмірсу, гормондар мен ферменттер, ал бейорганикалық заттарға: су, түрлі минерал тұздары жатады. Дені саулығы бар ересек, 70 кг салмағы бар, адамның организмінде шамамен 40-45 л су, 15-17 кг ақуыз, 7-10 кг май, 2,5-3 кг тұздар, 0,5-0,8 кг көмірсу болады. Бірақ дененің химиялық құрамы біркелкі тұрақты болмайды. Организмдегі үнемі болып жататын синтез-деу мен ыдырау қажетті заттармен ұдайы дұрыс және жеткілікті шамада қамтамасыздандыруды тапап етеді. Организмге қажетті "құрылыс материалдары" денеге тамақтану арқылы жеткізіледі.

Тамақты ең құнды бөлігі ақуыз. Адамның тіршілігіне қажетті ақуыз мөлшерін ақуыздық минимум дейді. Ол жасқа байланысты өзгереді. Қарапайым ақуыздың құрамында 4 зат қана бар: оттегі, сутегі, көмірсу және азот, ал күрделі ақуыздарда (мысалы мидың белогында) бұлардан басқа күкірт, фосфор, темір т.б. бар. Ақуыздар мономерлі амин қышқылдарынан тұрады. Амин қышқылдарының 10% организмнің өзінде өндірілмейді, сондықтан оларды таптырмайтын қышқылдар дейді. Бұларға аргинин, триптофан, лейцин, изолейцин, валин, треонин, лизин, метионин мен фенилаланин жатады. Өсіп, дамып жатқан бала организмне бұларға қоса 10-қышқыл - гистидин аса қажет. Осы атап алынған ауыстырылмайтын амин қышқылдары жейтін астың құрамында жеткіліксіз болғанда адам денесінде, әсіресе балалар мен жас өспірімдердің организмінде айтарлықтай өзгерістер пайда болады. Денеге ақуыздың қоры онша көп емес, сондықтан ашығу баланың өсуін мүлде тоқтатады, кейде ұзаққа созылған жағдайда ақыл кемшілігі пайда болуы мүмкін, баланың жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілеті нашарлайды. Өмірге жаңа келген нәресте тек қана ана сүтімен қоректенеді. Сүт табиғаттың нәресте үшін арнап жасаған дайын тағамы. Нәресте тәулігіне 600 мл сүтті анасының емшегінен сорыпалады. 3-6 айлығында оған 700-800 мл сүт керек. Ана сүтінің құрамында ақуыз, май, қант, минерал заттары, витаминдер т.б. бала тірлігіне қажетті заттардың бәрі бар және олар сапалы болады. Әсіресе биологиялық, өте құнды - альбумин, гамма-глобулин т.б. - ақуыздың түрлері, ферменттер, гормондар, иммунды денешіктер жеткілікті мөлшерде болғаны баланың дұрыс өсуіне өте қажет. Ақуызды бала ана сүтінен ғана ала алады. 1-3 жасар баланың жейтін тамағының ақуыздың 75% жануар текті, ал 25% өсімдік текті болуы қажет. 5 жасар балапар үшін бұлар тең мөлшерде қажет болса, жас өспірімдер үшін өсімдік ақуызының мөлшерін көбейте түсу қажет.

Май мен көмірсудың құрамдары ақуыздан гөрі қарапайым, бұлар химиялық үш заттан түзіледі: көмір-

сутегі, оттегі және сутегі. Бұл екеуінің құрылысының бірдей болуы организмге бірі жеткіліксіз болғанда оның орынына екіншісін пайдалануға мүмкіндік береді. Қажет болғанда майдан көмірсу, ал көмірсуден май оңай түзіледі. Орта есеппен алғанда денедегі майдың мөлшері 10-20%, ал көмірсудың мөлшері 1% шамасында. Майдың көбі май ұлпасындағы организмнің қуат қоры. Аздаған мөлшері жаңа жасушаның мембранасының құрылысына және соларды ауыстыруға пайдаланылады. Дененің кейбір жасушалары өз құрамында майды өте көп мөлшерде жинайды да, организмнің жылу және механикалық изоляторы ретінде пайдаланылады, яғни ол қорғану қызметін атқарады.

Дені сау ересек адамның тамағында 30%-дай май болуы тиіс. Олай болса, адам күніне 80-100 г май жейді. Тамақтың құрамында жануар майы да, өсімдік майы да болуы тиіс. Олардың ара қатынасы шамамен 2:1 қатынасындай болуы керек. Өсімдік майының линоль, линолен, арахидон іспетті кейбір май қышқылдарының түрлері организмде өндірілмейді. Бұлардың жейтін тамаққа жеткіліксіз болуы зат алмасуын бұзады және жүрек-қан тамырлар жүйесінде атеросклерозды дамытады. Көмірсулары адам организмінде глюкоза, фруктоза, галактоза, лактоза т.б. іспетті моносахаридтерге дейін ыдырайды. Глюкозаның мөлшері адам қанында шамамен тұрақты 0,1%. Глюкозаның қандағы мөлшері 0,11-0,12%-ға дейін көбейгенде ол қаннан бауырға және бұлшық еттерге тасылады да, онда жануар крахмалы деп аталатын зат - гликогенге айналады. Егер 0,12%-дан асып кетсе, артық қантты денеден шығаруға бүйрек кіріседі. Мұны глюкозурия деп атайды. Бұл ауру ұйқы безінің Лангерганс аралшаларының ішкі секрециялық қызметі бұзылып инсулин гормоны жетіспегенде байқалады.

Көмірсуының көбі денеден сол организмге тән бейімделіп қайтадан өндіріледі. Олар клетканың дитоплазмасы мен ядросының құрамына кіреді. Көмірсуы нуклеин қышқылдарының күрделі тізбектерінің құрамының негізгі бөліктерінің бірі саналады.

Балалардың майға мұқтаждылығы ересек адамдардан көбірек болады. Жарты жастағы нәрестелерге қажетті қуаттың 50% майдың алмасуынан алынады. Бұл кезде дененің массасының әрбір килограммына 6-7 г, 2-4 жаста - 3,5 г, мектепке барар алдында 2,5 г май қажет. 6 айдан 4 жасқа дейінгі балаларға қажетті қуаттың 30-40%, ал одан үлкенірек балаларға - 25-30% майдан алынады. Май қышқылдары баланстың жүйке жүйесінің дамуына аса қажет, әсіресе нәрестелердің жүйке жүйесінің қалыптасуында, дамуында май қышқылдары маңызды орын алады, сондықтан баланы емізетін аналардың азығында май жеткілікті болуы тиіс. Өсу барысында балалардың көмірсу қажеттілігі жоғары, себебі ыдырау қарқыны Бұл кезде үздіксіз жоғары деңгейде болады. Және жас өспірімдерде көмірсу ақуызбен майдан өте аз мөлшерде түзіледі, сондықтан оның қоры көп болмағандықтан жылдам жұмсалады. Ал, жалпы алғанда, бала денесінде көмірсу тиімді түрде сіңеді. Дене массасының 1 кг-ына шаққанда көмірсуының мөлшері емшектегі нәрестеде 10-12 г, 1-3 жаста - 12-13 г, 4-7 жаста - 13-14 г, 8-13 жастағы балаларда - 10-11 г болады. Ересек адамдарда оның мөлшері 3 г/кг-нан аспауы керек.

Су мен тұздардың организмдегі маңызы өте ерекше. Тұздар адам тамағына қажетті. Бірақ олар қуат көзіне жатпайды, клеткалар мен организмнің сұйық ортасының құрамына кіреді, сөйтіп ішкі ортаның тұрақтылығын және тіршілікті сақтауға қажет. Олар барлық ұлпаларда, әсіресе сүйекте жеткілікті болуы тиіс. Тұзсыз нервтің, еттің козу белсенділігі мүмкін емес. Организмдегі ұлпалардың құрамында 3,45% кальций, 1,58% фосфор, 0,65% калий, 0,45% хлор, 0,1% магний болады. Бұларға қосымша йод, темір, бром, мыс, цинк сияқты микроэлементтер бар. Олар қан өндіруге, гормондардың түзілуіне қатысады. Тұздар денедегі осмотық қысымды реттейді, қанның сілтілі-қышқылды реакциясын бір қалыпта сақтауға қатысады, катализаторлық қызмет атқарады, сүйек, шеміршек т.б. ұлпалардың құрамына кіріп, олардың беріктілігін қамтамасыз етеді. Фосфор мен күкірт мидың құрамына кіреді, натрий мен калий жүйке жүйесінің қызметінде маңызды орын алып, электрофизиологиялық жағдайын қалыптастырады. Темір гемоглобиннің құрамына қажет. Фосфор, күкірт, натрий калий, кальций т.б. организмге айтарлықтай шамада қажет. Молибден, мыс, кобальт қан өндіру қызметіне қатысады, йод қалқанша безінің гормонының құрамына кіреді, фтор тіс ұлпасының, әсіресе эмалінің дұрыс қалыптасуына қажет.

Бұлар организмге аз мөлшерде қажет болады, сондықтан микроэлементтер деп аталады. Жалпы алғанда микроэлементтер зат алмасуын реттейді. Балалар мен ересек адамның минерал заттарына мұқтаждығы әртүрлі. Минерал заттарының тамақта жеткіліксіз болуы бала организміндегі зат алмасуын бұзады, олай болса бапаның өсуі мен дамуы кешігеді. Кейбір элементтердің организмге қажетті мөлшері 20-шы кестеде берілген. 1 жасқа дейінгі балалар үшін кальций көп мөлшерде қажет, бұл кезде оның қажет мөлшері 2 жастағыдан 8 есе артық. Кальций мен фосфор тұздарының ара қатынасы мектеп жасына дейінгі балаларда 1:1,8-10 жаста 1:1,5 жасөспірімдер мен жоғарғы сынып оқушыларында 1:2. Мұндай арақатынаста қанқа дұрыс өсіп, жетіледі. Кальций мен фосфордың ара қатынасы сүттің құрамында өте жақсы теңестірілген, сондықтан балапардың тамақ мәзіріне сүтті міндетті түрде енгізу қажет. Организмге қажетті тұздар көбінесе жеткілікті мөлшерде тамақтың құрамында болады (1-ші кесте).

1-ші кесте. Балалар организміне қажетгі кейбір элементгердің мөлшері (күніне, мг)

Баланың жасы	кальций	фосфор	магний
1 жасқа дейін	1000	1500	-
4-6	1000	1500	140
7-10	1200	2000	220
11-13	1500	2500	360
14-17	1400	2000	400
Ересек	4500	2000	530
			-

Организмнің тірлігі үшін аса маңызды заттардың бірі - су. Ол организмнің ішкі ортасын құрады. Ересек адамның дене салмағының әрбір килограмм массасына 0,4 л су қажет. Ал нәрестелерде. Бұл мөлшер 5 есе артық. Егер баланың денесінде су жетіспесе, оның өсуі тежеледі. Жалпы ер адамның денесінің 61%, әйел адамның 50% судан тұрады.

Нәрестенің дене салмағының 75% - су. Оның ұлғаларының клеткасындағы судың мөлшері - 80%. Мектепжасына дейінгі балаларда өсу, даму қарқыны жоғары болғандықтан, денесіндегі судың мөлшері де көп. 1 жасқа дейінгі сәби тәулігіне 800 мл, 2-4 жаста - 950 мл, 5-6 жаста - 1200 мл су ішуі керек. Ұл балалар қыздарға Караганда суды көбірек ішеді, өйткені олардың дене қимылдары кезінде бұлшық еттері- не су көбірек қажет болады. Жалпы, бала организмінде зат алмасу күшті болғандықтан, суды көп қажет етеді. Қуаттың алмасуы мен негізгі зат алмасуы. Ұлпадағы клеткаларда ақуыз, май, көмірсу оттегінің қатысуымен тотығып ыдырайды және осы заттар денеге бейімделіп қайтадан өндіріледі. Қоректік заттардың тотығу нәтижесінде бөлініп шығатын қуаттың мөлшері бірдей емес. Белгілі бір қоректік заттың 1 г тотыққанда шығаратын қуаттың мөлшерін сол заттың калориялық коэффициенті деп атайды. Бұл мөлшер капориямен (кал), килокалориямен (ккал) немесе джоульмен (Дж), килоджоульмен (кДж) өлшенеді. Тәуліктегі жұмсалатын қуат мөлшері адамның жасына, денсаулығына, азығына және іс- қимылына байланысты. Жеңіл дене еңбегінде тәулігіне 2000-2300 ккал қуат жұмсалады, ал ауыр жұмыс кезінде Бұл мөлшер істеген жұмысқа сай 2-3 есе артады. Атқарған жұмыстың ауыр- жеңілдігіне, күрделі- лігіне, денеге түсетін жүктеменің салмағына қарай қуат мөлшері әр деңгейде өзгеріп отырады (2-кесте). Ми еңбегінде дене еңбегінен гөрі қуат аз жұмсалады. Мамандығына сай адамдардың қуат жұмсау мөлше- рі әркелкі болады. Адамның жасына сай тәуліктік қуат жұмсау мөлшері әртүрлі, жас ұлғайған сайын азаяды. Ер балалардың тәуліктік қуат жұмсау мөлшері қыздардан жоғары. Өсуге жұмсалатын қуат мөлшері негүрлым бала жас болса, солгүрлым жоғары болады. Мысалы, бұл мөлшер азық қуатының 3 айда - 36%, 6 айда - 26%, 9 айда - 21%-ына тең болады. Гликолиз және аэробты тотығуы кезінде, яғни қуатқа бай фосфорлы заттар түзілген кезде сутегінің атомдары және құрамында азоты бар заттар да босайды. Олар амин қышқылдарының синтезінде пайдаланылады, сондықтан балалардың қуат алмасуы ересек кісілерден анагүрлым жоғары болады. Адам толық тыныштыққа болғанның өзінде белгілі мөлшер- де қуат жұмсайды. Денедегі физиологиялық қызметгерге тынымсыз үнемі қуат жұмсалып жатады. Қалыпты жағдайда адам организміндегі ең төменгі деңгейлі зат алмасуы мен қуаттың жұмалуын негізгі зат алмасуы дейді. Негізгі зат алмасуы кезіндегі қуат тыныштық жағдайдағы тіршілікті сақтайтын жүрек-қан тамырлар, бүйрек, бауыр сияқты мүшелердің үздіксіз қызметі үшін, клеткалардағы зат алмасу- ын қамтамасыз етуі үшін жұмсалады.

2-ші кесте. Дененің 1 кг массасына жұмсалатын тәуліктік қуаттың мөлшері

Жасы	Жұмсалатын қуаттың тәуліктік мөлшері, кДж/кг
1-3 ай	462-504
3-6 ай	420-462
6-12 ай	378-420
2-6 жас	294-315
7-11 жас	252-294
11-15 жас	189-281
Ересек адам	147-168

Витаминдерді латын әрпімен А, В, С, Д, Е, К, Р, РР деп белгілейді және химиялық құрамдарына сай атайды (Мысалы, аскорбин қышқылы немесе С витамині), Барлық витаминдерді екі топқа бөледі: майда еритіндер және суда еритіндер. Майда еритіндер тобына А, Д, Е витаминдері, ал суда еритіндер тобына басқа қалған витаминдер (В, В<sub>2</sub>, С, Р т.б.) жатады. Витаминдердің біразы гормондардың, ферментгердің т.б. биологиялық белсенді заттардың құрамына кіреді. Ал біразы (Е, С, Р витаминдері) клетка мембрана- сының құрамына кіріп қорғаныс, яғни антиоксиданттық қызмет атқарады.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

Көптеген витаминдер адам денесінде өндірілмейді. Олар ішкен, жеген тамақтың құрамында провитамин (витамин алды) түрінде болады. Провитаминдер витаминдердің белсенді түрі емес, Бұлар адам организмінде ғана белсенді түрге ауысады. Кейбір витаминдер организмде химиялық жолмен түзіледі. Инозит, пангам қышқылы, убихинон, холин т.б. витамин тәрізді органикалық қосындылар да витаминдердің ролін атқарады.

Ұзақ мерзім бойы жеген тамақтың құрамында витаминдер мүлде болмаса, онда авитаминоз, ал жеткіліксіз болса гиповитаминоз, мөлшерден артық болса гипервитаминоз деп атапатын сырқаттар пайда болады.

Гипервитаминоз көбінесе майда еритін витаминдердің денеде көп болуына байланысты туады. Витаминдердің мөлшеріне байланысты сырқаттар көпке созылса, адам өліп те кетуі мүмкін. Ал жетіспеген витаминдерді тағамдарға қосып немесе жеке өзін қабылдаған жағдайда адам ауруынан сауығады.

Өсіп келе жатқан бала организмінде витаминдер өте қажет, еондықтан баланың жасына лайық витаминдердің мөлшері ішіп-жейтін тамақтың құрамында болуы тиіс. Қазіргі кезде баланың жасына лайық витаминдердің қажетті мөлшері толық анықталған. А витамині (аксерофтол) майда ериді, қыздырғанда ыдырамайды, тек оттегі мен күннің күлгін сәулесінің әсерінен ыдырайды. Сырт көрінісі сары май түсті зат. Сәбіздің құрамында каротин түрінде болады. А витамині жетіспесе, онда баланың өсуі тежеледі және көзінің өткірлігі нашарлайды халық арасында "соқыр тауық" деп аталатын, яғни іңірде көрмеушілік пайда болады. Оған қоса қуықның, жатырдың, ішектің, өкпенің кілегей қабығы бұзылады. Балалардың жұқпалы ауруларға төзімділігі төмендейді. Бұлар құрамында А витаминдері бар балық майын, жұмыртқа- ны, сәбізді жесе біртіндеп жойылады.

В витамині (тиамин). Ас қорыту, жүрек, жүйке жүйесінің қызметіне өте қажет. Ол белок, май, көмірсу алмасуына қатысатын ферменттердің құрамына кіреді, өсу мен даму, жүрек, қан тамырларының т.б. ішкі мүшелердің қызметінің нервтік реттелуіне қатысады. Бұл витамин ішкен тамақта болмаса, не жеткіліксіз болса адам "бери-бери" (аяғын сүйретіп басу) немесе полинефрит деген сырқатқа ұшырайды.

В<sub>2</sub> витамині (рибофлавин) - сары түсті кристал зат. Суда жақсы ериді. Рибофлавин авитаминозы кезінде адамның көзі ауырып катаракта, анемия, яғни қан аздылық, өкпе сырқаты және әлсіздік пайда болады.

Рибофлавин жануарлар текті тамақта көп болады. Әсіресе бауыр, бүйрек, ми және бұлшық еттерде көбірек. Оның адамға қажетті тәулік мөлшері 2-3 мг.

В<sub>6</sub> (пиридоксин) витамині табиғатта пиридоксаль және пиридоксамин түрінде болады. Олар тотықтырғыш ферменттердің құрамында болады және зат алмасуына қатысады. Пиридоксин жануар текті және өсімдік текті азықтың құрамында жиі кездеседі: бауырда, бұлшық етке, балықта, бидайда, картопта, капустада, күріште, сәбізде және ашытқыда мол болады. Бұл витаминнің қажетті мөлшері тәулігіне 1,5 мг.

В<sub>12</sub> витамині (цианкобаламин). Бұл витаминді антианемиялық витамин деп те атайды, себебі оның организмде жетіспеуінен анемия, яғни қан аздылық пайда болады.

Бұл витаминді тағаммен бірге әдеттегідей қабылдағанда оның витаминдік қасиеті азаяды, өйткені ішек-қарындағы микроорганизмдер оны бойына сіңіріп, адамға пайдасы болмайды, сондықтан оны таза қарын сөлімен бірге ішкізу керек, сонда қарын сөліндегі апоеритеинмен қосылып, оны микробтардан сақтайды да қанға өтіп, қан өндіру мүшелеріне барып, өз қызметін атқарады. Адамның Бұл витаминге тәуліктік қажеттілігі 10-20 мкг. Мөлшері аз болғанымен, оның іршіліктегі маңызы зор.

С витамині (аскорбин қышқылын) антицингалық фактор деп те атайды. Бұл организмде жетіспесе, күрқұлақ (цинга) ауруы пайда болады және қан тамырларының, әсіресе капилляр тамырларының серпімділігі төмендейді. Сондықтан күрқұлақпен ауырған кісі қансырайды, алдымен қызыл иектері қанағыш болады. Мұның нәтижесінде тіс босап, түсіп қалады және терінің қан тамырларының серпімділігі бұзылып, бетінде қоңыр дақтар пайда болады. Ең қиыны сүйек ұлпасының белок коллагені бұзылып, сүйек сынғыш болады. С гиповитаминоз кыста, көктемде азық-түліктің құнарлығы азайғанда пайда болуы мүмкін, сондықтан оның апдын алу үшін жылдың бұл мезгілінде қосымша аскорбин қышқылын ішу қажет.

Д витамині (кальциферол) организмде жетіспеуінен мешел немесе рахит (грек, рахис - омыртқа) ауруы пайда болады. Мешелмен ауырған балада кальцидің және фосфордың алмасуы бұзылады, сондықтан олардың сүйектері дұрыс өсіп жетілмейді. Сүйектері жұмсарып, борпылдақ болады, дене салмағының ауырлығынан аяқ сүйектері қисаяды, бас сүйегі мөлшерден тыс үлкен болып, тістері кешігіп өседі.

Бұл витаминнің тәуліктік қажетті мөлшері 25 мкг.

Е витамині (токоферол). Токоферол жыныс мүшелерінің өсіп, дамуы үшін қажет. Ер азаматтарда оның мөлшері азайғанда сперматогенез, яғни ерлердің ұрық клеткасының өндірілуі тежеледі, сперма- тозоидтардың жіпшелері жоғалып, қозғалу қабілеті жойылады. Жүкті әйелдің Е авитаминозы пайда

болса, дұрыс бала табуы мүмкін, бірақ сүті болмайды және аналық мейірімі дамымайды. Тәуліктік қажет мөлшері 1-1,5 мг.

К витаминінің филлохинон (К) және фарнохинон (К) деген екі түрі бар. Екеуі де қанның ұюына қатысады. Бұл витамин денеде аз болғанда протромбиннің өндірілуі тежеледі, қанның ұю қабілеті мен белоктың түзілуі нашарлайды, адам қансырайды. К витамині азық-түліктің бәрінде дерлік бар, әсіресе шпинатта, капустада көп болады.

Р витамині (флавин, цитрин) С витамині іспетті қан тамырларының беріктігін сақтайды. Р авитаминозы кезінде қан тамырларының серпімділігі төмендеп, қан айналысы бұзылады. Бұл витаминнің молекула-лық құрамы флавоноидқа негізделген, сондықтан оның флавоноид және полифенол түрлері де бар. Бұлар эвкалипт ағашының, қышаның, шайдың жапырақтарында т.б. өсімдіктерде көп болады.

Тамақтану мөлшері астың қуаттылығына негізделеді. Бірақтіршілік үшін бұл жеткіліксіз. Организмнің қажеттілігін толық қамтамасыз етуге белок, май, көмірсу, су, витаминдер және минерал тұздары міндетті түрде жеткілікті мөлшерде болу керек. Олардың қатынас мөлшері де есте болуы керек, әсіресе бұл балалардың тәулік мезірінде ескеріледі (3-ші кесте). Бастауыш сынып оқушылары үшін органикалық заттардың қатынас мөлшері мынадай: белок - 1, май - 1, көмірсу - 6 есе. Ал мектепке дейінгі балаларда Бұл көрсеткіштер 1:2:3.

3-ші кесте. Органикалық заттардың тәулік мөлшері, г

Жасы	Белок	Май	Көмірсу
2-3 ай	8-10	25-30	55-55
5-6 ай	12-15	30-40	60-75
1-1,5 жас	34-38	40-50	90-120
3-4 жас	42-46	60-70	180-230
5-7 жас	45-48	75-80	250-300
8-11 жас	55-57	80-95	350-380
12-14 жас	61-63	90-110	380-400
15-16 жас	66-70	90-110	420-450

Балалардың тәулік азығында витаминдер мен амин қышқылдары мол болғаны жақсы. Тәуліктік азықтың барлық мөлшері жасына қарай 2000-2600 г шамасында болуы шарт. Піскен ас буы шығып, иісі аңқып, дәмді және көрер көзге жағымды болса, сілекей шұбырғып, қарын сөлі көбірек бөлініп, тағам жағымды болып, бойға жақсы сіңеді. Тәуліктік азықта минерал тұздары, әсіресе кальций мен фосфор тұздарының мөлшері жеткілікті болуы тиіс, себебі балалардың сүйегінің өсіп жетілуіне Бұл минералдар аса қажетті. Егер кальций, фосфор және Д витамині жеткіліксіз болса, сүйек ұлпасының өсіп, жетілуі нашарлайды да, баланың бойы еркін өспейді, нәрестелер ауруға шалдығады. Кальций мен фосфордың өзара қатынасы мектеп жасына дейінгі балаларда 1:1,5, бастауыш сыныптағыларға 1:1,7 жоғары сынып оқушыларына 1:1,4 болуы керек.

Тамақтану тәртібі сақалмай, қалыпты жағдайдан бұзылса, гастрит, қарын мен ішектің жаралы науқасы, атеросклероз, дененің мөлшерден тыс толуы және т.б. сырқаттар пайда болуы мүмкін. Мұндай сәтсіздік ересектерде де, балаларда да байқалады, әсіресе жұмыс істемей, қозғалмай бір жерде отыратын адамдарда сырқат өршіп кетеді. Күндіз тамақ ішу арасы 4-5 сағат болуы тиіс. Түнде тамақ ішпей, ас қорықу мүшелерінің демалуы 8-10 сағатқа созылады. Әрине, бұл тәртіп, жұмыс істеу уақыты мен жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Тамақтанудың ертеден қалыптасқан тәртібі бойынша таңертеңгі ас тамақтың тәуліктік мөлшерінің 20-25%, 2 сағаттан кейінгі жеңіл тамақ 10-15%, түскі тамақтану 40-45%, ал кешкі 20-25% болуы керек. Ал 3 мезгіл тамақтанғанда таңертеңгі ас 25-30, түскі - 45-50, ал кешкі 20-25% болады. Өсіп, дамуына байланысты балалардың тамақтану тәртібі ерекше. Олардың тамағының тәуліктік мөлшерінің құрамында белоктың үлесі жасына лайық болуы тиіс: 1-3 жаста - 55 г, 4-6 жаста - 72 г, 7-9 жаста - 89 г, 10-15 жаста - 100-106 г.

Балалар бақшасында тамақтану әрбір 3-3,5 сағаттан кейін, ал мектеп жасындағыларда 3,5-4 сағатта, жас өспірімдерде тәулігіне 4 рет болады. Тәулік тәртібі мен тамақтану үлесі балалардың жасына байланысты болады.

1. Петровский К.С. Ванханен В.Д. ГИГИЕНА ПИТАНИЯ. - М.: Издательство «Медицина».
2. Шарманов Т.Ш. Тағам гигиенасы. - Алматы: "Эверо" баспасы, 2010.
3. Кенесариев У.И., Балмахаева Р.М., Жоламанов М.Е., Алимова Н.Е. Тамақтану гигиенасы. I бөлім. - Алматы: "Эверо" баспасы, 2009.
4. Интернет деректері.



Резюме

В данной статье описывается необходимость знания гигиенических требований, предъявляемых к питанию детей. Строгость гигиенических требований к питанию особенно важна в детских коллективах, где живут и воспитываются дети с различными отклонениями в развитии. Неблагоприятный преморбидный фон и сниженный иммунитет у таких детей требует строгого соблюдения гигиены питания.

Summary

This article shows how importance observer sanitary of foods, in particular, for disabled children. The disabled children have very low immunities, so, this demands strict observance hygiene of preparing foods.

РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ОРНЫ Р.Ә. Скакова - *п.ғ.к.*,

*«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы, ҚазМемҚызПУ*

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелердің аса күрделілігіне қарамастан оның мемлекет ретінде қалыптасуы халықтың ұлттық менталитетіне, әсіресе жастар арасында дағы тәрбиеге байланысты. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнеге-лі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жеткіншектер бойына қабыптастыруда оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондай-ақ, ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Қазіргі заманда елімізде орын алып отырған кемшіліктер мен құбылыстар - тастанды, жетім балалар, «қиын» балалар, ана тілін, тарихы мен мәдениетін, салт дәстүрлерін білмейтін жастар, ішкілік пен нашакорлыққа салынған жастар, қылмыстың көбеюі, жұмыссыздық халықтың тұрмыс тіршілігі мен табиғат жағдайларының нашарлауын жоюдың басты жолы - жас ұрпақтың бойына сәбилік кезеңнен бас-тап ұлттық тәлім-тәрбие мен халық педагогикасы мұраларын сіңіріп тәрбиелеудің қажеттігін көрсетеді.

Халық педагогикасы-ұлттық тәрбие мен тағылымнан туған бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері: ертегілер, жырлар, аңыздар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ұлттық салт-дәстүрлер, халық-тық ойындар мен тойлар, әлеуметтік тағылымдар мен тәжірибелер, үлгі-өнегелер - халықтық құнды мұра, тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз хапқы-ның перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақында да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткенінің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы жас ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек» екендігі айтылған [1,268 б.].

Қазіргі кезеңдегі саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, тұрмыстағы күйзеліс, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген жастардың ынтасының азаюы, зорлық-зомбылық пен қатігездіктің бел алуы т.б. жастар тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Осы ретте бүгінде экономикалық әлеуметтік саяси өзгерістермен байланысты оқушы-жастарды ізгілік, имандылық тұрғыда өмір сүріп, шығармашылықпен еркін еңбек ете алатын және өзі-өзі дамыта алатын жаңа азаматты тәрбиелеудің қажеттігі туындауда.

Адамзат қоғамының тарихи даму тәжірибесінің проблемалары үнемі жаңа адам тәрбиелеудің міндеттерімен байланысты болып келгені белгілі.

Егер ұлттық тарихқа үнілетін болсақ, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәлімдік мұралардың да бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне берері мол. Құлтегін, Тонькөк ескерткішіндегі жазбалар, Асанқайғыдан бастау алған философиялық тұжырымдар, Бұқар жырау, Ақтамберді т.б. мұралары бүгінгі тәрбие беру үрдісінде негізгі орын алуы қажет. XIV-XV ғасырда өмір сүрген Асанқайғы мұрасында тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі философиялық тұрғыда зерделенген. Асанқайғы шығармаларында нағыз кісілік қасиет пен зиялылық жан-жақты қамтылады.

Адамның шынайылығы, таза ой-санасы, білімі, т.б. қасиеттердің рухани тазалықтың белгісі екенін көрсетеді.

Артына үлкен философиялық мұра қалдырған Бұқар жыраудың негізгі тақырыбы - адам-қоғам-табиғат, олардың бірлігі, имандылығы, ана махаббаты, анаға деген сүйіспеншілік, ынтымақ, бірлікке шақыру т.б.

Бұқар жырау бабамыздың өмір сүрген кезі Абылай хан ғасырмен тұспа-тұс келеді. Бұқар жырау мен Абылайхан арасындағы байланыс арқылы сол кездегі қоғамдағы жариялылық, әділдік ұстанымдарын байқауға болады.

Жыраудың ең ірі шығармасы «Тілек» атты жырында адамның рухани-адамгершілік құндылықтары жан-жақты ашылып беріледі [2,268 б.].

Расында да, әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн т.б. ұлттық тәлім-тәрбие мұраларында тұлғаның бойында адамшылық мәселесі, ізгілік, ар-ождан т.б. жан-жақты қамтылған. Осындай көне тарихымен, рухани мұраларымен атадан-балаға мирас болып келген тарихи өлкенің ешкімге ұқсамайтын, ешкіммен салыстыруға болмайтын философиялық ойлардың дамып, қалыптасқанын тарихи мұраларға талдау жасағанда айқын аңғарамыз.

Қазіргі кезеңде еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл санағи мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрды. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда әлеуметтік қызметкердің міндеті кеміс бапапардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бапа ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, дені сау баламен арапасуына жағдай туғызу. Демек, мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беруде халық қазынасы қорын тиімді қолдану қажет. Сондықтан тұтас педагогикалық процесте жеке тұлғаның өн бойына асыл қасиеттерді сіңіру, ұлттық тәрбиенің сарқылмас көздерін (ертегілер, жырлар, аңыздар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ұлттық салт-дәстүрлер, халықтық ойындар мен тойлар, әлеуметтік тағылымдар мен тәжірибелер т.б.) мүмкіндігі шектеулі мектептегі тәрбиеде қоғамдық орта мен тығыз сабақтастықта жүргізілуі керек.

Мүмкіндігі шектеулі арнайы мектеп оқушыларының жеке тұлғасын заман талабына сай қалыптастыру мынандай мәселелерді шешуді талап етеді:

- халықтық педагогика мұраларын жинақтап, жүйелеп, баланың даму дәрежесіне сәйкес етіп ықшамдау;
- Мүмкіндігі шектеулі арнайы мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту жолдарына назар аудару;
- Мүмкіндігі шектеулі арнайы мектеп балаларының жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін басылымдар мен әдістемелік нұсқаулар, ойындар, суреттер, көрнекі құралдар, ұлттық өрнектегі керекті құралдар жүйесін жасау;
- Мүмкіндігі шектеулі арнайы мектепті халық педагогикасы негіздерімен қаруландыруды, педагогика ғылымының озық жетістіктерімен ұштастыруды қамтамасыз ету.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері тәрбиеленушілердің ақыл-ойын кеңітеді, тілін ширатады, жеке тұлғапық адами ізгілік қасиеттері мен тапғамын күшейтеді, ата-баба мұрасын құрметтеуге тәрбиелейді.

Біздің пайымдауымызша мүмкіншілігі шектеулі бабалардың тұлғасын қалыптастыруда халық педагогикасының құралдарының ролі ерекше. Халық педагогикасы құралдарының ауыз әдебиеті үлгілері мүмкіндігі шектеулі балалардың жае ерекшелігіне орай, олардың өзіндік дүниетанымы мен ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты қабылдау, сезіну, түйсіну, есте сақтау мүмкіндіктері мен сөздік қорын, адами ізгілік қасиеттерді дамытатын асыл мұра.

Қай ұлттың, қай халықтың болмасын кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, әдеби-мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек - ұлттық ойындар. Бұл бүгінгі күні ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Кезінде түрлі кезеңдердегі педагогтар мен ойшылдар қазақтың ойындары туралы, онда ұлттық педагогикадағы үлгі-өнегені халық даналығының көрінісі ретінде пайдалану жөнінде құнды идеялар айтқан. Оларды өздерінің тәжірибесіне арқау етіп оның тәрбие саласындағы күшіне сенген.

Ойыннан үлкен істер өрбиді, ол бар өнердің бастауы. Қазақтың ұлттық ойындарын үйрене отырып, ата-бабаларымыздың болмысымен, олардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерімен танысады. Әр ойынның уақыт өткізу үшін емес, белгілі мақсатпен, ойлауға, айналаға көз салуға, шапшаң, епті болуға, күшті-мықты болуға, әсемдікке-сыпайылыққа тәрбиелейтінін аңғару қиын емес.

Ұлт ойындары атадан-балаға, үлкеннен кішіге мұра етіп беріліп отыратын халқымыздың мәдениетінің, шаруашылығының, өмір тіршілігінің жиынтық көрінісі, бейнесі.

Қазақ балаларының ойындары мен сауық жиындары көшпелі-малшы жанұясының күнделікті еңбек

өмірімен тығыз байланысты болған. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің қағидалары- на негізделген. Балаларын кішкентай кезінен аттың үстінде ер тоқымсыз жүруді, тізгінді жіберіп аттың жалынан ұстанып жүруді ертеден үйреткен.

Психология, дефектология және педагогика саласындағы қазіргі зерттеуші-ғылымдар мүмкіндігі шектеулі баланың психикалық дамуында ойын әрекетінің үлкен маңызы бар екендігіне ерекше назар аударуда.

Біздің пікірімізше, психикалық үрдістің ырықтылығын дамыту үшін ойынның маңызын анықтауға бағытталған зерттеулер басты назарда болып отыр. Л.С. Выготский мінез-құлықтың ырықтылығын қалыптастыруды эффективті-қажеттілік шеңберінің даму тұрғысынан қарастыра келе «Кемістігі бар бала ойында өзіне ұнаған нәрсесін, әрекетін жасайды, мейлінше қарсылықсыз бағытта әрекеттенеді. Сонымен қатар, қарсылықтың мейлінше аз болатын бағытында әрекет етуге үйренеді, ережеге бағына отырып, өзінің жасағысы келетін жағдайдан бас тартады, өйткені, ойында ережелерге бағыну, тікелей импульс бойынша қимылдан бастарту - максималды ләззат алуға барар жол», - деп жазды [4]. Д.Б. Эльконин жұмыстарында дамуында ауытқуы бар баланың қажеттілік-мотивациялық сферасын дамыту мәселелерін ашып көрсетеді. Ойын әрекетінде баланың жеке басының барлық жақтары өзара бірлікте және өзара әрекеттестікте қалыптасады.

Балаларды қазақ халқының өмірінде болған сан қилы оқиғаларды бастан аяқ баяндап беретін, ғасыр- лар бойы бірге жасасып келген әдет-ғұрып ойындарымен таныстыру мен күштіліктерін, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту мақсатында үлкен тойларда, мерекелерде, думандарда ойналатын ойындарды жүргіздік. Қазақ ұлттық ойындары сюжетті, сюжетсіз ойындар болып бөлінеді. Мысалы: «Орамал жасыр- мақ», «Хан ойнау» сияқты ойындарды сюжеттік элементтерімен бірге хормен эн салып, бидің қимылы- мен ойынның мазмұны терең көрсетілді.

Ұлттық ойындарда әзіл, қалжың, қуаныш, жарысуға деген ынта өте көп, қимылдары бейнелі, нақты, көңілді санамақтар, көңіл көтерулер, жаңышпаштармен сүйемелденеді. Оларда күнды ойын фольклоры сақталған.

Қазақтың ұлттық ойындарын үйренудің, мүмкіндігі шектеулі балаларға күнделікті сабақ барысында, сыныптан тыс уақытта, тәрбие сағаттарында пайдаланудың, заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеудегі тигізе- тін пайдасы орасан зор. Ойын баланың апдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Міне, ойын дегеніміз тынысы кең, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі демекпіз.

Егер ұлт ойындары ұрпақтан-ұрпаққа халық ауыз әдебиеті арқылы жетіп, таралып отырды десек, бұл саладағы негізгі жанрлар: мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен өсиетгерге, шежірелерге, жұмбақтарға, санамақтарға тоқталмай кетуге болмас деп есептейміз.

Балалар арасында әйгілі болған ойынның түрі - жұмбақтар шешу. Суреттер арқылы жұмбақтар шешкізу, балалардың тәрбие сағатына қызығушылықтарын, ынтасын арттыра түседі. Олардың қимылын дамытып, сабаққа белсінді араластыруға мүмкіндік береді. Жұмбақ шешу ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Жұмбақ ойыны балалардың өздігінен ойнауына мүмкіндік жасайды, оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі. Осының барлығы күрделене түскен сайын оқушылардың ойы өсіп жетіледі. Ойын әрбір пән бойынша ұйымдастыру мұғалім үшін де, оқушылар үшін де тиімді.

Бұл ойындардың мағынасында үлкен тәрбиелі-білімділік мүмкіншіліктері бар. Ауызша ойындар балаларды төңірегіндегі қоршаған табиғатпен, аңдар әлемімен, адамның шаруа істерімен таныстырып, жаппы адам туралы, адам өмірі жөнінде білім, түсінік алады. Жұмбақтарды тәрбие сабақтарында пайдалана отырып, түрлі ойындар өткізу арқылы балалардың ақыл-ой еңбегін ерекше қажет еткізіп, дамытуға мүмкіндік етеді. Жұмбақ табиғат заттарының немесе құбылыстарының, тек өздеріне тән ерекшіліктерін, қайталанбас қырларын астарлы түрде береді. Жұмбақ - оқытудың жанама тәсілі. Бұл тәсілдің маңызы мынада:

- баланың ойлауын (таптау, салыстыру, қорытындылау) жетілдіреді;
- кемтар баланың есте сақтау қабілеттері дамиды;
- мүмкіншілігі шектеулі баланың түйсік үрдісі дамиды, яғни заттар мен құбылыстардың жеке бөлікте- рінің сипаттары сезім мүшелеріне (анализаторларына) әсер ету арқылы мида бейнеленеді;
- тіл кемістігі бар баланың сөздік қоры жетіледі.

«Сақина салу», «Орнынды тап», «Соқыр теке», «Жұмбақ айтысы» ойындарында бірінен соң мақал- мәтелдер, жұмбақтар, өлең-әндер, билер, аспаптық көріністер пантомим икал ық үзінділер ауысып отыра- ды. Ойнаушылар ойын кезінде өздерін махаббат, поэзия, өнер әлемінде сезіне алады. Өздерінің орындап тұрған рольдерінен үлкен эстетикалық қанағат алуғатырысады.

Сонымен қатар, ойынның шарты бойынша ойынға қатысушылардың жалпыға бірдей тәртібі болады: қалай отыру, қалай сөйлеу, өзін-өзі ұстауға және бір-бірімен сөйлесіп араласу.

Балалардың зейін қойып ойнайтын ойындарының тағы бір түрі - бұл үстел үстінде ойналатын ойындар: «Тоғыз құмалақ», «Бес тас», «Дойбы ойыны» және т.б. Бұл ойындар балалардың есте сақтау қабілетін, тапқырлығын, ойлауын, ақылын, шапшандығын, қолы мен саусақтарының жылдамдылығын, жалпы моторикасын, есте сақтау, көз мөлшерлік, шыдамдылық пен күте білу қабілеттерін дамытады. Оймен келетін ойындар логикалық ойды жетілдіре түсуге, тез шешім қабылдауға, жастардың психологиялық жүйелерін жетілдіре түсуге негізделген. Педагогика саласында қазақтың ұлттық ойындарын оқуға қарсы қоймайды, қайта оларды өзара байланысты деп қарап, оның балаға деген әсерін, тәрбие үрдісіндегі байланыстылығын белгілеп отырады. Баланың меңгерген білімін ретке келтіріп жүйелеп тереңдететін ұлттық ойындардың маңызы зор, сондай-ақ оқудың ойынға әсері де ерекше. Бұл сыныпта тәрбие оқудың кең көлемде тұрақты орын алуы ұлттық ойынның мәнін бұрынғыдан да көтереді және оның тақырыбы мен мазмұнын кеңейте түседі. Ал бұл баланың айнала өзін қоршаған өмір туралы тереңірек мағлұмат алуына мүмкіндік береді. Көмекші мектептердегі сыныптан тыс жүргізілетін сабақтар балалардың өмір танымын кеңейтіп, оны ұйымдастырумен қатар олардың қазақтың ұлттық ойындарына деген мәдениетін өсіріп, балалардың мінез-құлқын жақсартуға да тиімді ықпал жасайды. Баланың ойын үстінде қол жеткен табыстары мен одан алған әсері, баланың жаңа білімге деген қызығушылығын арттыра түседі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларымыздың мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін күдіретті қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Халықтың әріден келе жатқан тәлім-тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізіп отырған жандардың бірі - тәрбиешілер қауымы. Мүмкіндігі шектеулі балаларымызды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогиканы, қашан да халық тәрбиесін үлгі етіп ұстаймыз. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы - осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаларымыздың бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек. Олар адамдардың іс-қылқытарынан, мінез-құлқытарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл - сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады,

Аға ұрпақ пен бала ұрпақ арасындағы байланысты күшейтіп, барды бағалау, келелі істер жайында ақыл қосуды ойластырып отыру керек сияқты. Барды бағалай білу, дәстүрдің озығын үлгі-өнеге етіп, ал тозығын қоғамдық ортадан аластау өскелең өмір заңы. Осыны заң ретінде берік тұтыну, бүгінгідей тәуелсіздіктің таңы атып, күні шығып халықтық ата салтымызбен қайта қауышқан шақта, ұлттық мәдениеттің бір түрі жаңарған салт-дәстүрді кең өрістетудің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері мол халықтық бай қазына екенін үнемі есте сақтау қажет.

1. Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Тәлім-тәрбие түжырымдамасы» // Қазақстан мұғалімі, 1993 ж., 5 ақпан.
2. Қазақхалқының философиялық мұрасы - Астана, 2006. - 544 б.
3. Қалиев С, «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы». - Алматы, 1998 -1266.
4. Выготский Л.С. «Мышление и речь» -М., 1982.

#### Резюме

В статье рассматриваются проблемы духовно-нравственного воспитания детей с ограниченными возможностями на материалах народной педагогики.

#### Summary

In this article it is considered the moral and spiritual education of disabled children through folk pedagogic.

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІШГІ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛДАМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ФОНЕТИКА-ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ТҮ СІПТЕРШ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Г.Н. Тулебиева - аға оқытушы, «Арнайы педагогика кафедрасы», Абай атындағы ҚазҰПУ**

Сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық дамымауы және оны түзету мәселесі бойынша зерттелген психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық арнайы әдебиеттердегі деректер, жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижелері жалпы сөйлеу тілі дамымау бар балалардың фонетика-фонематикалық процестерін түзету жұмысын жүйелеуге мүмкіндік берді, Осы категориядағы балалармен түзету жұмысын ертерек бастаған және басқада коррекциялық жұмыстың әдістеріне енгізу тиімді екені белгілі.

Түзету жұмысы бір қатар қағидалар негізінде жүргізіледі:

- дифференциалды тұрғыда ықпал ету қағидасы. Фонематикалық функцияларының бұзылуының деңгейінің әртүрлі болуымен, баланың жеке психологиялық ерекшеліктерімен шартталған.
- Онтогенетикалық қағидасы. Фонематикалық функцияларының онтогенезде дамуының реттілігін ескеруді талап етеді. Осыған байланысты түзету жұмысы белгілі реттілікпен жүргізіледі.
- Ой әрекеттерін кезенді қалыптастыру қағидасы. Фонематикалық қабылдаудың күрделі түрлерін дамыту бойынша түзету жұмысы кезінде әр ой әрекеттің қалыптасуы белгілі кезендерден өтетінін ескерілді: әрекеттерді заттандыру арқылы менгеру, қатты дауыспен айтылған сөз негізінде, ойда жоспарлауға көшу. Алғашқыда жұмысқа көмекші құралдар жұмылдырылып, кейін жұмыс қатты айтылған сөз негізінде, содан ары ішкі жоспарлау бойынша атқарылды.
- Сөйлеу материалдарын және тапсырмаларын біртіндеп күрделендіру қағидасы.

Алғашқы кезде оңай сөйлеу материалдары берілді, ал машықтандыру кезінде біртіндеп күрделі тапсырмаларға ауыстырылады. Бұл әрине жұмыстың жоғары деңгейіне көшуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған қағидалармен қатар жалпы дидактикалық қағидаларда қолданылады: көрнекілік және қол жетерлік қағидасы, білім алушының белсенділігі, білімді саналы түрде менгеру қағидасы, баланың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы, т.б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті ойын болғандықтан, түзету жұмысында ойын, ойын тәсілдері кеңінен пайдаланады.

Түзету жұмысының негізіне М.Б. Филочева мен Г.В. Чиркинаның әдістемесі алынды. Бұл әдістеме қазақтілінің ерекшеліктерін ескере отырып бейнделіп, қарастырылды.

Балалардың фонемаларды қабылдау және ажырату қабілетін дамыту жұмысын бірнеше кезеңге бөлген тиімді деп санаймыз.

1. Сөзсіз дыбыстарды танып, ажырату кезеңі.
2. Дауыстың жоғарлығына, күшіне, тембріне қарай бірдей дыбыстарды, дыбыс тіркестерін, сөздерді, фразаларды ажырату кезеңі.
3. Дыбыстық құрамының ұқсастығы бар сөздерді ажырату.
4. Дыбыстарды, буындарды ажырату кезеңі.
5. Фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту кезеңі.

Бұндай кезектілікте өткізілетін түзету жұмысы баланың есту зейіні мен жадын, айналасындағы адамдардың сөзіне зейін қойып тындауын, акустикалық жінішке саралауын қалыптастыруға көмектеседі, фонематикалық түсініктерін жетілдіріп, баланы сөздің дыбыстық құрамын талдау бойынша жұмысты жоспарлы түрде өткізуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада *фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту* кезеңінің мазмұны қарастырылады.

Бұл кезеңде балаларда ана тілінің дыбыстарын ажырату, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдылары біршама қалыптастырылады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балалар үшін дыбыстық талдау күрделі процестердің бірі болған-дықтан алдымен осы дағдыларын қалыптастырудан бұрын *дайындық жұмысын* жүргізген жөн.

Сөз - белгілі бір дыбыстардың кеңістік-уақыттылық реттілігі болғандықтан, бала математиканың оқу бағдарламасын менгеру кезінде *шатар* ұғымын түсінбесе, дыбыстарды талдауды менгеру қиынға түседі.

Э.В. Рыбина, З.А. Мовкебаева, Л.С. Цветкова, Г.Н. Градова т.б. айтуы бойынша жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың кеңістікте бағдарлауы дамымаған болады [1, 2]. Балалар затты нұсқау бойынша дұрыс орналастыра алмайды, өйткені олар *сол, оң жақта, алдында, артында, арасында, үстінде, орта-сында, соңында, басында* деген ұғымдарды білмейді. Сондықтан реттілікпен берілген қатардағы заттарды таба алмайды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздік қорында фонематикалық талдау мен жинақтауын қалыптастыруда қажет сөздер мен терминдер жетіспейді: **қатар, қатардың басы, ортасы, соңы, заттың көлемі, түсі, пішіні, нешінші? қай? қандай?**

Дыбыстық талдау бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде саналы, толық операциялар жүйесі түрінде қалыптастырылады. Бала неғұрлым кеңістік түсініктерін, айнапаны бағдарлауды, сандық және реттік санауды, кеңістік қатынастарын білдіретін сөздер мен терминдерді меңгерсе, солғұрлым әрекеттері жақсаратүседі.

Дыбыстық талдауға үйрету логопедиялық жұмыстың негізгі міндетінің бірі. Ол үшін «қатар» ұғымын қалыптастыру жұмысы ерекше орын алады. Оқыту мазмұны дайындық және негізгі кезеңінде топпен немесе кіші топпен ұйымдастырылған іс-әрекеттерде іске асырылады.

Түзету жұмысы нәтижелі болу үшін сапалы, мазмұнды, талаптарға сай дидактикалық материалдар жеткілікті болуы қажет. Белсенді заттық әрекеті әртүрлі талдаушылардың (қору, есту, кинестетикалық, сөйлеу-қимыл) іске қосылуын талап етеді. Тек сонда ғана оң нәтиже күтуге болады.

Заттық қатар мазмұны бойынша алуан түрлі: тақырыптық қатар, заттың пішіні, түсі немесе түрі бойынша құрылған қатар. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсатына, баланың мүмкіндіктеріне қарай қатарды өзгертуге болады. Алғашқыда «қатар» деген ұғым логопедиялық сабақтан тыс уақытта қалыптастырылады.

Дайындық кезеңде логопедтің басқа педагогтар және ата-аналармен тығыз байланыста болуы өте қажет. Логопед педагогтар мен ата-аналарға кеңес (консультация) өткізіп тұру керек. Бапаның ата-анасы- на ойын түрінде бір лексикалық тақырып бойынша заттық қатарға тапдау жасауды үйретуге болады (мысалы, жемістер, киім, ыдыс аяқ т.б.). Ал тәрбиешілер бұндай жұмысты математика, айналамен таныс- тыру, бейнелеу, илеу бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жүргізулері тиіс. Бұл жұмыс музыка, дене шынықтыру сабақтарында да жалғастырылуы керек.

Логопедиялық сабақтарда «қатар» ұғымын қалаптастыра отырып, кеңістік және уақыттық ұғымдарын анықтап желдіреміз, сөзде машықтандырамыз, балапандың сөздік қорын молайтамыз. Заттарды санау, орнын анықтау арқылы балалар реттік есепті және реттік сан есімді меңгереді.

Заттық қатар құрамын талдау - күрделі зерделік әрекеттің (сөздің дыбыстық талдауының) негізінде жатқан әрекеттің материалды деңгейі.

Мысал ретінде **«Мақта қыз бен мысық»** ертегісінің негізінде тақырыптық заттық қатар құрастырайық.

Бұл қатарды құрастыру нәтижесінде белгілерін анықтай отырып сурақтар арқылы кезкелген затты қатардың басынан, ортасынан, соңынан ажырата аламыз. Сонымен осы кезде қатардың өзгеруін байқауға болады (бір зат екінші затаен алмастырылады, орнын ауыстырады, жоқ боп кетеді немесе артық зат пайда болады). Балалар осы өзгерістерді байқап, айтып отырады.

Бұл жұмыс нәтижелі болу үшін әр бала ертегінің мазмұнын, кейіпкерлерін, әрекеттерінің реттілігін жақсы білулері шарт.

Ертегіні педагог үстел үстілік театр арқылы айтып береді, ертегі бойынша қатарды құрып көрсетеді, қатар құрамын есте сақтап өз бетінше көрсетіп беру бойынша жұмыс жүргізіледі. Балалар әбден жаттық- қаннан кейін бақылау және өзгерген қатар құрамымен жаттығу жұмысы басталады. Бұндай жұмысқа балалар қызыға қатысады. Ойын барысында бапалардың диапогтік сөйлеу тілі жетіледі, олар әр жаңа сөздің мағынасын түсініп, есте сақтайды.

**«Мақта қыз бен мысық»** ертегісінің негізінде құрастырылған бір неше ойын, жаттығулар түрлерін қарастырайық.

Тақырыбы: **«Мақта қыз бенмысық».**

**Мақсаты:** дыбыстық тапдауға дайындау. Қатардың құрамы және оны құрастыру турапы балалардың түсініктерін қапыптастыру.

**Мәнін меңгеретін сөздер:** қатар, орын, қатардың басы, ортасы, соңы, бірінші, екінші орын, оң, сол жақта, алдында, артында, арасында, қасында т.б.

**Пайдаланатын құралдар:** үстел үстілік театр фигуралары.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны**

Алдымен логопед ертегінің мазмұнын балалардың есіне түсіріп, үстел үстілік театр фигуралардан қатар құрамының реттілігін көрсетеді: «Алдымен мысық қызға келеді. Біз қызды қатардың басында қоямыз. Содан кейін мысық сиырға барады. Біз сиырды қыздан кейін қоямыз (сөйтіп мысықдың ертегіде- ті кейіпкерлерлерімен кездесу кезектілігін сақтай отырып қатарды құрастырамыз). Барлығы бірінің артынан бірі тұрды, осылай қатар құрастырылды (қолмен сол қатар көрсетіледі)».

«Қатар сол жақтан басталады. Мына жерден (қолмен көрсетіледі). Сол қолдарыңды көтеріңдер. Қыз

сол қолға жақын, сол жақтан тұрды. Қатар сол жақтан оң жаққа, қыздан тышқанға қарай созылады. Ал мына жерде қатар аяқтап (қолмен көрсетіледі). Тышқан соңғы. Тышқаннан кейін мысық ары қарай барған жоқ (кері қайтты). Бұл қатардың соңы.

Қыз қатардың басында, ал тышқан қатардың соңында тұр. Олардың арасында сиыр, ағаш, қыздар, дуkenші, тауық тұр. Олар қатардың ортасында орналасқан. Бұл қатардың ортасы (қолмен көрсетіледі)».

Логопедтен кейін балалар ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қатарға орналастыру бойынша жаттығады. Осылайша ертегінің мазмұны, кейіпкерлердің қатардағы орны, реттілігі баланың есінде қалады.

Ары қарай ертегіні жалғастырып мысықтың кері қайтқан әрекетін сипаттап жаңа қатар құру мүмкіндігін көрсетуге болады.

«Мысық тышқаннан тарыны алған соң не істеді? (кері қайтты). Кері қайтқанда қатардың басында тышқан тұрады. Ол сол қолға жақын тұрады, қатар сол жақтан басталады. Тышқаннан кейін не тұрады? (тауық). Қатардың соңында кім тұрады? (Мақта қыз). Қатардың ортасында тауық, дуkenші, қыздар, ағаш, сиыр тұрады. Бұл қатардың ортасы. Мысық Мақта қызға қайтып келеді. Мақта қыз қатардың соңында тұр. Бұл қатардың соңы».

Балалар ертегінің мазмұнына қарай фигурапардың қатардағы орындарының өзгергенін түсінеді.

Осы ертегінің негізінде тапсырмаларды әртүрлі деңгейде пайдалануға болатын материалдармен күрделендіріп, реттік сан есімдерді менгерту мақсатымен *«Нешеу және нешінші»*, «Аулада» т.б. ойындарды ойнатуға болады.

**«Нешеу және нешінші» ойынның мазмұны:**

Логопед: «Мен мысық барған кейіпкерлерді атаймын. Сендер олардың санын айтасындар».

Логопед: Бірінші - Мақта қыз. Екінші - сиыр, Олар нешеу?

Балалар: біреу, екеу. Барлығы екеу.

Логопед: Бірінші - Мақта қыз. Екінші - сиыр. Үшінші - ағаш. Олар нешеу?

Балалар: біреу, екеу, үшеу. Барлығы үшеу.

Логопед: Қатарда бірінші кім тұр? Екінші фигураны көрсет, ата. Оны қатардың соңына қой. Орнына қой, қатарда тышқан (сиыр, Мақта қыз) нешінші? т.б.

**«Аулада» ойынның мазмұны:**

Логопед балаларды ойын шарттарымен таныстырады: «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің кейіпкерлері аулада доп ойнауға шығыпты. Допты кезекпен бірінен кейін бірі лақтырмақ болды. Кімнен кейін кім допты лақтырады? (балалар кейіпкерлерді реттілікпен атайды - Мақта қыз, мысық, сиыр, қыздар, дуkenші, тауық, тышқан). Енді допты бірінші болып тышқан лақтырғысы келді: «Допты мен бірінші лақтырайыншы. Мақта қыз, менің орныма бар». Фигуралардың орындары алмастырылып қойылады. Қатардың басында тышқан тұрады, соңында - Мақта қыз. «Допты мен бірінші лақтырайыншы» - деп дуkenші сұрайды. «Тышқан, менің орныма бар». Дуkenші қатардың басында. Тышқан қатардың ортасында орналасады. Өстіп қатардың құрамын өзгертуге болатынына балалардың көзі жетеді. Логопед бұған балалардың назарын аударып, көңіл бөледі.

Осыдан кейін балаларға үстел үстілік театрдың фигураларын таратып береді. «Мақта қыз орнында қалады. Қалғандары аулада өзбетімен ойнауға кетеді. Бірақ ойнап жүріп, Мақта қызды тындауларың керек. Мақта қыз шақырғанда, соның нұсқауларың орындайсыңдар».

**Мақта қыз:** орындарыңа тұрыңдар.

Балалар фигураларын орындарынажайғастырады. Содан кейін қайта кетеді.

**Миқта қыз:** көршінің орнына тұр! Балалар тапсырманы орындайды.

Ойын бірнеше рет қайталаынады. Қатар алғашқы нұсқада құрастырылады.

Заттық қатар құрамын қазақ халық ойындарының негізінде қалыптастыруға болады. Мысалы, «Қарамырза» ойыны:

**Ойынның дәстүрлі жүргізілуі**

Ойынға 5-10 ойыншылар қатысады. Олар шеңбер құрып отырады. Санамақ арқылы ойын жүргізушісі анықталады. Ол шеңберді айиалып жүріп бір бапаға былай дейді: «Сәлеметсізбе, мен Қарамырқамын». Ойыншы оған: «Сәлеметсізбе, мен бірінші Қарамырқамын» деп жауап береді. Ойын жүргізуші келесі ойыншыға жақындап: «Сәлеметсізбе, мен Қарамырқамын» дейді. Ойыншы оған: «Сәлеметсізбе, мен екінші Қарамырқамын» деп жауап береді. Ойын бір ойыншы жаңылып қалғанша жалғасады. Зейінсіз ойыншы ортаға шығып, өлең айтып беріп, ойыннан шығады.

Ойынның соңында «бірінші, екінші, үшінші т.б. Қарамырзалар» реттілігін сақтай отырып сапта тұрады. Логопед балаларға сұрақ қояды: Саптың басында (соңында, ортасында) кім тұр? Сапта бірінші (екінші, үшінші т.б.) кім тұр? Санжар (Асхат, Батыр) еапта нешінші? Олар нешеу? Сен нешіншісің? Санжар саптың соңына тұр, кім бірінші? т.б.

Осылайша балаларда «қатар» ұғымы қалыптасқаннан кейін бесінші кезеңнің *негізгі* міндеті - дыбыс- тық талдау дағдыларын осы ұғым негізінде қалыптастыруға көшуге болады.

Фонематикалық талдаудың қарапайым (жай) және күрделі түрі белгілі. Қарапайым түріне сөздің фондында дыбыстарды ажырату. Күрделі түріне сөздің ішінен дыбыстарды ажыратып, оның реттілігін, санын және орнын анықтау жатады.

Фонематикалық талдаудың күрделі түрін қалыптастыру кезінде кезкелген ойлау әрекеті белгілі кезек- тілікпен қалыптасатын ойдан шығаруға болмайды: тапсырма туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру (болашақ әрекеттің юолжамалы негізі); затпен әрекет етуді үйрену, әрекетті қатты сөздің негізінде орындау, әрекетті іштей жоспарлауға көшу, ішкі әрекеттің ақырғы қалыптасуы (зерделік деңгейдегі дағды мен іскерлікке ауысу).

П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин және т.б. зерттеулері бойынша фонематикалық талдау функциялары келесі кезеңдер арқылы қалыптастырылады [3].

**Бірінші кезең** - фонематикалық талдауды көмекші құралдарға, сыртқы әрекеттерге сүйене отырып қалыптастыру.

**Екінші кезең** - фонематикалық талдауды қатты сөз негізінде қалыптастыру. Алғашқыда фонематика- лық талдау суреттердің көмегімен қатты сөз негізінде қалыптастырылады, кейін суретсіз. Балалар бір сөзді атап, бірінші, екінші, үшінші дыбыстарды атайды, дыбыстардың санын анықтап үйренеді.

**Үшінші кезең** - фонематикалық талдау әрекеті ойда жоспарлау арқылы қалыптасады.

Бұл кезеңде балалар дыбыстардың сөздегі орнын, санын, кезектілігін ажыратуын үйренеді. Мысалы, олар бес дыбыстан тұратын суреттерді іріктеп алады, суреттерді атамайды.

Фонематикалық талдаудың қалыптасуы кезінде тек талдау түрлерінің күрделенуін ғана емес, сөздік материалының күрделенуін ескеру қажет.

Фонематикалық талдау дағдыларын қалыптастыру төмендегідей кезектілікпен қалыптастырылады:

- Дыбысты сөздің фондында ажырату дағдыларын қалыптастыру (сөзде дыбыстың бар-жоғын анықтау). Мысалы, *шана, сана, шиіе, маса, ара* сөздерінде Шдыбысы бар ма?

- Дыбысты бірінші (соңғы) қай дыбыс? сұрақтары арқылы сөздің басынан және соңынан ажырату дағ- дыларын қалыптастыру. Мысалы, *ожау* (шаңғы, сағат т.б.) сөзінде бірінші (соңғы) қай дыбыс естіледі?

- Сөзде дыбыстардың саны мен реттілігін анықтау. Мысалы, *баца* (сандық, маса т.б.) деген сөзде неше дыбыс бар? Бірінші, екінші, төртінші т.б. қай дыбыс естіледі.

- Сөз ішінде дыбыстың орнын анықтау (аталған дыбыстың алдында, содан кейін қай дыбыс естіледі?). Мысалы, *агааи* деген сөзде 2 дыбысы қай дыбыстан кейін естіледі? Қай дыбыстың алдында естіледі?

Дыбысты сөздің басынан немесе соңынан ажырату және сөзде дыбыстардың саны мен реттілігін анықтау дағдыларын қалыптастыру кезінде дыбыстарды ажырату мен анықтау қиыншылықтары дыбыс- тың сапасы мен сөздегі орнына және дыбыс қатарының айтылу ерекшеліктеріне байланысты болатынын ұмытпаған дұрыс. Мысалы, екпінді дауыстылар, фриктивті (ф, в, с, з т.б.) және *р* дыбысы ұзақ айтыла- тын болғандықтан оңайырақ ажыратылады. Сонымен қатар дауыстылар мен фриктивті дауыссыз дыбыстарды сөздің басында ажырату оңай болады да, сөздің ортасы мен соңында қиынырақ болады. Ал шұғыл (п, б, т, к т.б.) дыбыстарды сөздің соңында ажырату оңай болады.

Сөздің соңында дауысты дыбыстың бар-жоғын анықтау белгілі қиындықтар туғызады. Бұны балалар- дың буынды қабылдау ерекшеліктерімен, оны бөлшектеудің қиындықтарымен түсіндіруге болады. Өйткені дауыссыз дыбыс дауыстаудың негізі болып табылады. Ал дауысты дыбыс дербес дыбыс ретінде емес, дауыссыздың айтуының ренкі ретінде қабылданады.

Екі-үш дауыстылардан құрылған дыбыстық қатары дауысты мен дауыссыз дыбыстан тұратын қатарға қарағанда оңайырақ талданады. Өйткені қатардағы әр дыбысты ұзақ созып айтуға болады және әр дыбыс- тың айтылуы жеке дыбыстардың айтылуымен теңбе-тең болады. Қатардағы дыбыстарға фонематикалық талдау жасау дағдыларын машықтандырған сайын дауыстылардың айтылу ұзақтылығы ауызша сойлеу тіліндегі табиғи қарқынына сәйкес келеді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаларда «қатар» ұғымын қалыптастыру фонематикалық талдау функциялары жете дамуына, мүмкіндік береді. Алдымен заттық қатарлар негізінде, кейін дауысты дыбыстар қатарының материалдарында, дауысты және дауыссыз немесе дауыссыз және дауысты дыбыс- тардан құрылған буындар, соңында сездерден құрылған қатарлар материалдарының негізінде қалыптастырылады.

Фонематикалық талдау дағдыларын қалыптастырғаннан кейін машықтандыру жұмыстары тек логопе- диялық сабақтарда ғана емес, кез келген ұйымдастырылған іс-әрекетінде жүргізілуі қажет.



Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.

1. Рыбина Э.В. Подготовка дошкольников с нарушениями речи к звуковому анализу // Дефектология, 1989 - №4, 61-64 бб. ■'
2. Мовкебаева. Готовность детей с общим недоразвитием речи к школьному обучению.—Алматы, 2009.
- 31 Развитие фонематического анализа и синтеза // Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах. ■ М.: Вчидос, 2004. ■ 112-129 бб.

#### Резюме

В статье рассматриваются некоторые пути совершенствования фонематических процессов у дошкольников с общим недоразвитием речи.

#### Summary

This article discusses some ways to improve phonemic processes in preschool children with general speech underdevelopment.

#### ӨЗШ-ӨЗІТАНУ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ МҮМКІНШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСТЕ САҚТАУЫН ДАМУЫ

С. Е. Агыбаева - педагогика және психология магистрі, ҚазМемҚызПУ,  
М.С. Жұматаева - 3-курс студенті

Мүмкіндігі шектеулі балаларға керекті педагогикалық қолдау көрсету - оларды оқу үрдісінде, элеуметтік бейімделуде және жалпы өмірінде де үздік болуға көмектеседі

Г.Ф. Кумарина

Әр ата-ана дені сау ұрпақты дүниеге әкелуді қалайды. Алайда қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі баба-сы бар отбасылар аз емес. Өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балалардың саны жыл санап артып отыр.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық дамуының жетіспеушілігі интеллектуалдық жетіспеушіліктен және танымдық үрдістердің (есте сақтау, ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерінің) нашарлығынан да көрініп отырады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың есте сақтауы көп жағдайда өте төменділігімен ерекшеленеді. Ол балалар аномальді жағдайда дамытын болғандықтан есте сақтау үрдістерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың материалды есте сақтауы мен оны қайта жаңғыртуы өте төмен және ақырын болып келеді. Көп жағдайда мағыналы есте сақтаудың нашарлығын байқауға болады. Қапышты балаларға қарағанда мүмкіндігі шектеулі балаларда ерікті есте сақтау қалыптасады.

Олардың есте сақтау қабілетін дамыту үшін түрлі тренингтер, жаттығулар және т.б. қолданылады. Алайда бір ескерте кететіндігі кей жағдайда бұл жаттығулар мен тренингтер өткізілгенімен үлкен нәтиже ала алмайтын кездеріміз де болады.

Жалпы есте сақтау таным үрдісінің ең негізгі баспалдағы деуге де болады. Ол анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, абстракциялау сияқты операциялық жүйелерден тұрады. Б.И. Пинский, И.М. Соловьев және Ж.А. Шифтың зерттеулері бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың есте сақтау қабілеті қалыпты балалармен салыстырғанда әлдеқайда төмен деңгейде екен.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың есте сақтауына тән:

- 1) Барлық ойлау функцияларының бұзылуы
- 2) Ойлау үрдістерінің төмендігі
- 3) Ең жиі кездесетін есте сақтау түрі - заттық
- 4) Қимыл-іс-әрекет кезіндегі іс-әрекеттің оқыс болуы
- 5) Ойпау үрдісінің өте төмен мотивациялануы.

Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларда тек есте сақтау ғана емес, есте сақтаған заттар мен құбылыстарды қайта жаңғырту қиынға соғады. Бірақ есте сақтау қабілеті жалпы мүмкіндігі шектеулі балалар үшін де, қалыпты дамыған балалар үшін де өте маңызды. Себебі, ең алдымен оқыған нәрселерді жадыда сақтау үшін, қайта жаңғырту және өндеу үшін есте сақтау қажет.

2010-2011 оқу жылдарынан бастап өзін-өзі тану пәні мектеп бағдарламасына енген болатын. Сол кезден бері бұл пән мектеп бағдарламасында тиімді оқытылып келеді. Сонымен қатар өзін-өзі тану пәні еліміздің арнайы мектептерінде де оқытылады. Сабақ барысында өткізілетін түрлі қызықты тренингтер мен жаттығулар жалпы адамзат тұлғасының дамуы үшін үлкен пайдасы бар. Ал арнайы мектепте өзін-өзі тану пәні арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуды мақсатқа ала отырып, түрлі тәсілдерді қолданып Алматы қаласындағы «Жанұя» арнаулы кешенінде, 6-сыныпқа зерттеу жүргіздік.

Зерттеу барысында ең алдымен «Он сурет» жаттығуын жүргізіп қарастырдық. Бұл жаттығудың барысымен таныстырсақ, тақпаға он түрлі заттары бар плакат ілінеді, оқушылар бір минуттың ішінде тақтада тұрған суреттерді жаттап, сурет алынып тасталған соң есінде қалған суреттерді айтуы керек болды. Бұл жаттығу негізінен заттық есте сақтауды дамытуға бағытталған. Жаттығу барысында балалар түрлі нәтиже көрсетті.

«Не өзгерді?»

Үстел үстіне 5-8 фигураларды (ойыншықтарды) жайғасытырындар. Бала оларды мұқият қарап, содан соң теріс айналу керек. Ол қарамай тұрған кезде бірнеше фигураларды алып тастау керек. Фигуралардың орнына басқаларын қоюға немесе орындарын ауыстыруға болады. Бала қайта қараған кезде одан не өзгергенін сұрау керек.

«Он сөз» жаттығуы.

Балаға он сөз оқытылады. Ол есінде қалған сөздерді қайталау керек. Мен ана, әке, мектеп, үй, орындық, ағаш, ұстаз, отбасы, доп, қар. Қалыпты жағдайдағы орта буын оқушысы 5-6 сөзді айтып бере алады. Содан кейін бір сағат уақыттан кейін жаңағы сөздерді қайта айтқызып көру керек. Бұл жаттығуды жүргізу барысында балалар нашар көрсеткіш көрсетті. Олардың көбісі тек 3-4 сөзді ғана айтып бере алды.

«Мен қапшыққа салдым...»

Бұл ойын түрі ұзақ мерзімді есте сақтауды дамытуға арналған. Ең алдымен сіз «Мен қапшыққа алма салдым» деп бастайсыз, бала соны жалғастырып «Мен қапшыққа алма, қалам салдым» деп жалғастырады. Осылайша әр оқушы ойындағы затын қапшықтың ішіне сала алады. Содан кейін әр оқушыдан қапшыққа не салынғанын сұрайды. Бұл жаттығуды келесі күні де жалғастырып, кеше қапшыққа не болғанын сұрау керек. Мен жаттығу жүргізген сыныпта сегіз оқушы болғандықтан және менің жауабым- мен қосқанда тоғыз түрлі заттар шықты.

Келесі жаттығу түрі моторикалық- заттық есте сақтауды дамытуға бағытталған жаттығу түрі.

«Іс-әрекетті жаттап ал»

Оқушыларға бірнеше қимыл-қозғалыс түрлері көрсетіледі (3-4 іс-әрекет көрсету тиіс). Ол қимыл-қозғалысты көрсетілген реті бойынша және керісінше қайталауы тиіс. Мысалы, сағат тілі бойынша бұрылдыңыз, тербелдіңіз, қолдарыңызбен сермедіңіз, отырып-тұрдыңыз. Бұл жаттығуды орындау барысында оқушылар қимыл-қозғалыстарды ретімен дұрыс орындай алса, керісінше қайталағанда көбісі дұрыс істей алмады.

Біз жоғарыда аталған жаттығуларды аптасына үш рет өзін-өзі тану сабақтарында өткізіп отырдық. Аптаның соңына қарай оқушылардың көп бөлігі жаттығулардың барлық түрін ойдағыдай орындай алды. Әрине, ішінде әлі де болса орындай алмаған оқушылар болды. Бірақ бұл тәжірибенің қорытындысы бойынша өзін-өзі тану сабағында өткізілетін жаттығулар мен тренингтер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға болатынын байқадық. Әрине, көп жағдайда бұл жаттығулар тобы тек қысқа мерзімді есте сақтауды дамытуға бағытталды. Бірақ осындай жаттығулар тобын күнделік-ті өткізіп отырса біраз жетістіктерге жетуге болатынына көзім жеткіздік. Жаттығулардың нәтижесін төмендегі кестелерден көруге болады:

Бірінші күн	Екінші күн	Үшінші күн
Оқушылардың 15 % жаттығулар тобын орындай алды	Оқушылардың 32% жаттығуларды орындай алды	Оқушылардың 55% жаттығуларды орындай алды
Екі ұл жаттығуды орындады	Үш ұл жаттығуды орындай алды	Төрт ұл жаттығуды орындай алды
Қыздар жаттығуды орындай алмады	Бір қыз жаттығуды орындай алды	Екі қыз жаттығуды орындай алды

1 - кесте. Оқушылардың жалпы көрсеткіші

«Не өзгерді?»			«Мен қапшыққа салдым...»			«Іс-әрекетті жаттап ал»			«Он сөз» жаттығуы		
1 күн	2 күн	3 күн	1 күн	2 күн	3 күн	1 күн	2 күн	3 күн	1 күн	2 күн	3 күн
Ұлдар-0	Ұлдар-1	Ұлдар-1	Ұлдар-0	Ұлдар-1	Ұлдар-2	Ұлдар-0	Ұлдар-1	Ұлдар-1	Ұлдар-0	Ұлдар-0	Ұлдар-1
Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-1	Қыздар-1	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-0	Қыздар-1

2- кесте. Оқушылардың жеке жаттығу бойынша көрсеткіші

Байқағанымыздай жаттығулардың көбісі қиынға соқпайды. Алайда бұл тек қалыпты дамыған адамдар үшін ғана, ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл жаттығулар тобын орындау үлкен қиындыққа соқты. Бірақ «Іс-әрекетті жаттап ал» жаттығуының жартысын оқушылардың біраз бөлігі орындай алды. Сондықтан күнделікті осындай жаттығуларды оларға орындатып тұрса, олардың есте сақтауы дамиды ма деген үміт оты ұялады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша адам кез-келген затты есте сақтауы үшін оған сегіз секунд уақыт қажет екен. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тәжірибе көрсетіп отырғандай сегіз секундтан да көп уақыт қажет болып отыр. Бірақ тәжірибе жүзі көрсеткендей олардың есте сақтау қабілетін күнделікті жаттықтыру арқылы жақсартуға болады.

1. Ануфриев А.Ф., Костромина С.Н. Как преодолеть трудности в обучении детей. Психодиагностические таблицы. Психодиагностические методики. Коррекционные упражнения. - 3-е изд., перераб. И дополн. - М.: Издательство «Ось-89», 2003.
2. Зяблицева М.А. Развитие памяти и воображения у детей. Игры и упражнения - Ростов н/Д: «Феникс», 2005.
3. Карбанова О. А. Игра в коррекции психического развития ребенка. - М., 1997.
4. Жадько Е.Г., Широкова Г.А. Практикум для детского психолога - Ростов н/Д: «Феникс», 2004.

#### Резюме

В статье рассматриваются особенности познавательных процессов детей с ограниченными возможностями и пути их развития.

#### Summary

The article about features processes of children with limit of the opportunity of the ways of their development.

#### **ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫ БАЛАЛАРДЫҢ МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ Қ.Қ. Өмірбекова, Э.Қ. Абдуразакова**

Монологиялық сөйлеу тілі-сөйлеу тілінің күрделі формасы болып табылады. Ол кең сипатқа ие, байланысты логикалық жүйелі ойды талап етеді, яғни алдын-ала ойластырылған және жоспарланған сипатқа ие.

Балалардың монологиялық байланыстырып сөйлеу тілін дамыту-сөйлеу тіліне тәрбиелеудің маңызды әрі күрделі міндеттерінің бірі. Балаларды монологиялық сөйлеу тілінің үш типіне үйретеді: сипаттау, әңгімелеу, пікір айту. Монологиялық сөйлеу тілінің жағдайы - бала дамуының маңызды диагностикалық белгісі тек сөйлеу тілінің ғана емес әңгімелеу қарапайым және әсерлі диагностикалық құрал, ал балалар әңгімесін талдау-зерттеудің сапалы әдісі, баланың сөйлеу тілінің жағдайы жайлы дәлелді, толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру жолдары еліміздің мектепке дейінгі білім беру бағдарламасындағы мемлекеттік құрылымдардағы талап- тарға сүйене отырып «Коммуникация» білім беру аймағында балалардың монологиялық байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған жұмыстар мазмұны мен орны анықтап жүзеге асыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың монологиялық байланыстырып сөйлеуін оқыту технологиясы мен әдістері ұсыныл- ған: суреттеуге, әңгімелеуге, пікір айтуға сонымен қатар балапардағы сөйлеу тіліне лингвистикалық қарым-қатынасы мен тілді элементарлы білуін қалыптастыруына тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық сөйлеу тіліне көп көңіл бөлінеді. Білім алу және өз бетінше іс-әрекетте балалардың сөйлеу тілі шығармашылығының жүзеге асыру және жағдай жасау тәсілдері, әдістері, мазмұ- ны сипатталады.

Сөйлеу тілі қалыпты балаларға қарағанда жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, монологті түрін меңгеруде қиындықтар кездеседі. Ол құрылымы бойынша диалогті сөйлеу тіліне қарағанда қиын. Себебі құрылған сөздік құрылымды, бүкіл сөйлеу әрекеті кезінде ойда, есте сақтап тұру қабілетін қажет етеді. Бұл процесте сөйлеу тілінің барлық жағын бақылау міндетті және адекватты лексикалық құралдарды мұқиятты түрде талдау және оларды қолдану, синтаксистік күрделі құрылымды қолдану. Лексика мен грамматика өрісінің жетіспеушілігі сөздік-логикалық ойлауға әсер етеді. Мұндай жоғары психикалық қызметтің дамуы және құрылуы қабылдау, зейін есте сақтау дефект құрылымын тереңдетеді. Фонетика-фонематикалық меңгеруде кезектілік сақталмайды. Өз мазмұндама- сында балалар ішкі үстіртін әсерде акцент жасайды және себеп-салдарлы әрекет етуші адамды қиындық- лен табады. 5-6 жастағы жаппы сөйлеу тілі дамымауы бар балалардың әңгімелеу кезінде логикалық кезектілік жоқ әңгімені кіші микротемаларға бөліп айтады, кідірісті көп жасайды. Әңгіменің мазмұнын шашыратып айтады.

ЖСТД балалар әңгімелеу кезінде логопедиялық әсер ету әрекетінің негізгі мақсаты: балаларды байланыстырып және кезектілікті сақтай отырып сөйлеуге, грамматикалық және фонетикалық қағидаларға сүйене отырып өз ойын дұрыс жеткізуге және қоршаған ортада болып жатқан оқиғалар жайлы әңгімелеу- ді үйрету болып табылады. Монологты байланыстырып сөйлеудің диагностикасы нәтижесінде мектеп

жасына дейінгі балаларға модификацияланған жүйе, В.К. Воробьев әдістемесін басшылыққа ала отырып ЖСТД балалардың ауызша байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысының бағыттары мен тәсілдері жүйеленді. Зерттеудің мақсаты - ЖСТД бар балалардың монологты сөйлеу тілін түзетуде қолданылатын әдістерді зерттеу және жүйелеу, тиімділігін көрсету және логопедиялық жұмыс кезектілігін белгілеу.

Бірінші кезеңде балаларды зат жайында немесе оқиғаны баяндауға үйретеді. Өңгімеде негізгі баян- лыптұрған оқиға жайлы бөлімі болады. Алғашында өлеңтүріндегі шығарманы аламыз, ол сөзді тындауға үйретеді. Мұнда негізгі баяндама болып тұрған сөз қайталанып келеді (зат есім, етістік). Бұл кезеңде синтаксисттік сұрақтардан (бұл кім? Кім жасап жатыр? Не істеді?) бас тартамыз. Сөздік сұрақтарды пайдаланамыз: қандай зат жайында? Біз ол жайында не білдік? Себебі жауап бергенде біріншісінде - етістікті лексика, екіншісінде - сын есімдік жүйе қолданады.

Берілген сурет қатарынан логопед оқыған әңгімеде көрсетілген топтаманы тауып, оны логикалық кезектілігімен өз бетінше орналастыру; сурет бөлімдерін логикалық қатар бойынша орналастыру және соған сай етіп әңгімелеп беру;

Екінші кезеңде түрлі ойындар пайдаланылды.

Жоғалған суретті тауып, фондагыорнын табу;

Берілген сурет бойынша оқиғаның кезектілігін тізбектеп қою;

Көрнек құралдар көмегімен сюжеттік оқиға құрастыру;

Логопедтің сөздерін жалпылайтын сөз ойлап табу;

Қарама-қарсы мағыналы сөзді табу;

Синоним болатын сөздерді табу;

- бірдей сөздерді тұрақты тіркеестерге немесе түрлі сөйлемдік сөздермен алмастыру.

А.Н. Гвоздектің айтуынша «Сөйлем - баланың сөйлеу тілінің дамуында үлкен рөлге ие болады. Ол жаңалық, мәлімет болады. Ол мәлімет ойлау мен сөйлеудің басты құралы. Ана тілін меңгеру түрлі сөйлемдерді меңгерумен атқарылады»

Монологтік сөйлеу тілін дамыту үшін мақсатты түрде келесі тапсырмалардан бастау керек:

- сөйлем құрау. Олар түрліше болады: сұрақ арқылы, үлгі бойынша, кесте, сызба бойынша (сөздердің), тірек сөздермен, 3-4 сурет арқылы, қимылдаушы суретке қарап, жартылай берілген сөйлемді толықтыру (сөйлемнің басы немесе аяғы ғана берілген) және т.б.

Бұл кезде балалардың сөйлем құрау және түрлі сөйлемдерді қолдана алу дағдысының қалыптасуына баса назар аударылады. Сонымен қатар себеп-салдарлы, салалас құрмалас сөйлемдерді пайдалануын қалыптастырамыз.

Тапсырма орындау барысында балада бұрыннан қалыптасқан сөз семантикасы, сөз тіркесі және сөздер- дің сөйлемдегі байланысы жайындағы түсініктері қайта жаңғыртылады. Жеке пікірін жеткізу үшін, тілдік құралдарды тексеріп айтады.

Ауызша сөйлеуін дамыту және ынталандыру үшін түзету әрекетін түрлендіру қажет. Олар: ойын әрекеті, сюжетті суреттерді қолдану. Ол әмбебап құрал болып табылады. Негізінде байланыстырып, монологтік сөйлеу тілін дамытуда.

Суреттерді моделдеу арқылы балалар өз әрекеттерін логикалық кезектіліпен айтады, талқылау түрін- дегі баяндама құрастырады. Балалардың монологтік сөйлеу тілін дамытуда маңызды бөлігі - фразаларды құрастыру. Сөйлем күрделі бір бүтін - тексттің негізгі құрылыс материалы.

Монологтік сөйлеу тіліне қатысты әртүрлі бағыттағы тапсырмаларды қолдануға болады.

*Баланың сөйлем құрауы мен оларды байланыстыру қабілетінің қалыптасуы мен жетілдіруіне бағыт- талған тапсырмалар:*

- Қимылдаушы сурет: «Қабырғаның артында не?»+

Құрастырылған жағдайлық ойын баланың қиялын дамытады және қатынасқа түсуге үндейді. Балаға аңдардың, жауарлардың, құстардың, түрлі заттардың фигурасы беріледі.

Денелердің іс-қимылын баламен бірге талқылаймыз, түсіндіреміз.

- Ойлап көр, қабырғаның артында не болуы мүмкін?

- Орманды көгалда біз бүгін кімді көреміз?

- Ағаш астында, орманды көгалда гулдер өседі.

- Сен қандай гулдер және қозықұйрықтар өсетінін айтуың керек.

- Орманды көгалда ағаш астында түймедақ, қоңырау гул екі ақ қозықұйрық және бір тереккүлақ өсіп тұр.

Сөйлемді құрауда маңызды өтетіні «түрлі түсті шарлар көмегімен, сөз тіркесі берілген, *сөйлем. құрау*. Балада фантазиялау қызығушылығы пайда болады. Олар өз тәжірибелерінен келіп, түрлі сөйлемдер айта бастайды. Баяндауға баланың мотивациясы өзіне таныс болған ертегіні естігенде күшейеді.

- Алаңқайда қоян мен түлкі отыр. Олар лаққа қандай түсті шар тура келетіні жайында сөз таластырып жатыр. Ол міндетті түрде әдемі сыйлыққа қуанады және күледі.

Жарым-жартылай жабылған сурет «Терезе сыртында не?»

Бұл әңгіме түрінде немесе баяндама, сипаттама түрінде болуы мүмкін.

Жүргізілген жұмыс көрсеткендей жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды жоғарыда көрсетілгендей арнайы ойышдық оқытудан кейін тіпті ең пассивті, өз қалауларымен сөздік қатынасқа түседі. Мазмұндауда, баяндауға деген қызығушылықтары оянып, оны тағы қайталауға ниет бідіреді.

Суреттер бойынша әңгімелеу: педагогтар-психологтар әр-түрлі жас ерекшелік кезеңдерінде ойын мотивтерін қолдану принциптері анықталған.

Әңгімелеу-суреттеу: ойын сәттерін көрнекіліктерді заттармен тәжірибелік әрекеттерді, әртүрлі нысан- дарға белсенді эпизодты және жүйелілік бақылау балаларда эмоциональді белсенділігі мен бірлескен іс- әрекеттегі қызығушылықтарын арттырады.

Сөйлеу-монологын дамыту өте маңызды, себебі өз бетінше әңгімелесу балалардың фантазисын дамытады. Егерде мектепке дейінгі жастағы балалар тек суреттеу әңгімесін құрастыра алса, жоғарғы мектеп жастағы балалар сюжетті ойлап тауып, өзіндік элементтерін қоса алады.

Әдебиеттегі шығармаларды әңгімелеуге жүргізілетін ең алғашқы ойын-сабақ өте таныс, әйгілі ертегі бойынша жүргізіледі. Алғашқы сюжеттері қарапайым, бірақ уақыт өте келе тапсырма күрделене түседі. Тәрбиеші ертегі жалғасын ойлап табуға немесе соның өзгертуді ұсынады, яғни олардың елестету қабіле- тін дамыту.

Біз балалармен жүргізілетін өз жұмысымызда ыңғайлы жақсы жағдай жасау үшін көркем шығармашы- лық әдісін жүргіземіз. Арттерапиялық жұмыс балалар мен ересектерде жағымды эмоция тудырады, шығармашылық мүмкіндігін шындайды. Бұл әсіресе сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларда үлкен жетістікке жетуге болады. Шығармашылық тапсырманың түрлері, оқыту кезіндегі тапсырмаға қосылған тапсырманы айтудың мақсатты. Ойын-айтылған шығарманы сурет бойынша сахналау (тәрбиеші). Тапсырма айтылған шығарманы өңдеу (суреттер мен сызбалардың көмегімен).

Айтылған мәтін бойынша сурет салып, содан әңгімені құрастыру (әңгіменің мүшелері мен үзінділерінің бейнелері және сөзбен суреттеп беру).

Мәтіннің "өзгерген" түрін құрастыру келесідей (тәрбиеші): а) мәтінде ескерілмеген сөздерді қалпына келтіру (сөзқұрам); б) керекті сөйлемдерді қайта құру. "Шығармашылық әңгімеде" әрекет түрін өзгертіп әрекет уақытын өзгертіп, әңгімені баяндау 1-ші түрден басқаға. Айтылған мәтінге қысқаша жалғастыру ойша (ертегіні жалғастыру, аяқталған әңгіме бойынша) Біз сабақ барысында қолданатын терапевтік қуыршақтар балада «басқа адамның өмірі үшін» жауапкершілік сезімін қалыптасырады психикалық шаршауды басуға көмектеседі. Балалар өз қатарластарына қиындықтарын айта бастайды, ертегі кейіпкер- лерін рөлге бөліп ойнайды.

Монологтік сөйлеу тілін дамытуға әртүрлі әдістерді пайдалану тиімді әсер етеді. Балалар бақылап отырған іс-әрекет бойынша, сюжеттік суреттер арқылы, мәтін бойынша естігендерінен және суреттерден, бір сюжеттік сурет бойынша есте сақтауы арқылы, символдар, сызбалар жеке бір заттар арқылы заттық суреттер арқылы берілген сөздер бойынша әңгіме құрайды.

Коллаж-кестелер есте сақтау, ойлауды дамытудың әр түрлі деңгейлерінде балалармен жұмыс жасау барысында өте ыңғайлы. Коллаждарды қолдану балаларда заттардың белгілерін атау, олар жайлы айту, мәтінді, өлең жолдарын есте сақтауға ана тілінің грамматикалық түрін бекітуге тапшынуға, үйренуге әсер етеді. Тақпақ жаттау есте сақтауды жаттықтырудың ең тиімді әдісі, сол себепті осы процесті жеңілдететін әдістерді қолдану қажет. Осындай әдістердің бірі көрнекілік үлгілеу. Ең басында біз тақпақпен тұтастай танысып аламыз, содан мағыналық бөлігі бойынша танысамыз. Осы бөлігі бойынша ойланып суретте салу ұсынылады. Бұл суреттің үлгілері сөзге, сөз жасауға сөйлемге сай келуі мүмкін. Бала өзінің бос уақытында өз-өзін тексере алады. Пиктограмма, сызба, кесте қолдану балаларда зейін, қызығушылықта сөйлеу белсенділігін жоғарлатады. Осылайша олар өздерін өз бетінше бақылауға үйренеді, ал бұл мектеп- те оқуға дайындалуына көмектеседі.

Монологтік сөйлеу тілін дамытуда жарнамалық хабарламаларды нәтижелі болады деп есептеледі. Балалар мнемокестелерде өзінің тауарын жарнамалайды мысалға корей қайынынан жасалған жиһаз экологиялық таза ауданнан өте мықты, берік. Жеңілдіктер тегін жеткізіп салу жайлы көрсетіледі... Бұл жұмыстар баланың лексикалық тақырыптарға байланысты сөздік қорын белсендіреді. Байланыстырып монологиялық сөйлеу тілін жүзеге асыру үшін. Бұл жаттығулардың негізгі жүйесі 5-6 жастағы балапар- дың шығармашылық әңгімелерді айтып беруге үйретудің көрнекілік құралы болып табылады. Балаларда- ғы монологиялық байланыстырып сөйлеу тілі логоритмикалық сабақтарда жүзеге асады.

Жазбаша монологиялық сөйлеу тілі үшін күрделі ұсақ саусақ қозғалыстары қажет екені мәлім... Бұл саусақ театры штрихтар фигуралардың үстін басып шығару, бүдір эріптерді сипап сезу арқылы анықтау. Сонымен қатар моншақтармен де жұмыс жасау пайдалы. Мынандай моншақтармен жұмыс түрлерін ұсынамыз. Бұл ойындарды «бір сөз, екі сөз...», «сиқырлы тізбек» «шеңберде дыбыстау» «сиқырлы шеңбер» деп атаймыз. Балалар ертегілер мен әңгімелер құрастырған кезде қолдарына моншақтарды алып алады. Моншақтарды ұстап отыру тыныштандырады, өз ойын айту инициативасын жоғарлатады. Балалар өзінің балалық шағындағы ойындарды еске түсіріп циклынан тастармен ойнағанды ұнатады.

Әрбір баланың жоғалған өзіндік сөйлеу тілін жоғарлату үшін тәрбиеші балаларды қимыл-қозғалысты ойындар араластыруы қажет, мұнда диалогтармен, күлдіргі сөздермен, фольклорлы формалармен, дыбыс-қа еліктеумен қамтамасыз етілген. Балаларға мынандай тапсырмалар шешуге бағытталған: ойлау арқылы шешетін тапсырмалар, ол ең алдымен кішкентай әңгімеден басталады, оның көлемі бір ойды қамтуы тиіс, содан соң мәтінге көшеді, оның көлемі бірнеше мағыналық бөліктен тұрады. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту сабақтарында фразаларды құрастыруға көмектесетін әртүрлі графикалық сызбаларды қолдану қажет. Ең алдымен ересектер пікірдің сызбасын құрастырады, содан соң балалар өз бетінше ұсынылған графикалық символдардан өз ойын айтады әрі қарау әңгіме құрастырады. Оқу материалдарын адекватты қабылдау адекватты қабылдау мен айту, сұрақтарға толық жауап беру, өз пікірін өзбетінше айта алу байланыстырып сөйлеу тілінің дамуының белгілі бір деңгейін қажет етеді, монологтық және диалогтық. Байланыстырып сөйлеу тілінің дамуы балалардың сөйлеу тілін қабылдаудың орталық міндеті болып табылады. Бұл оның әлеуметтік маңыздылығымен және тұлғалық қалыптасуындағы рөлмен шартталған. Барлық зерттеулерде байланыстырып сөйлеу тілінің күрделі сипаттамасын байқатады және мектепке дейінгі жастағы балалардағы монологиялық сөйлеу тілін дамыту және арнайы сөйлеу тіліне тәрбиелеу, арнайы оқыту қажеттілігі жайлы қарастырылған. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту мәселелеріне көп үлес қосқан А.М. Леушина және ол «балалардың сөйлеу тілінің өзі үшін біліп алу, себебі оларға потенциалды мүмкіндіктер.

Балаларды осындай күрделі сөздік іс-әрекетке біртіндеп, бірізділікке сүйене отырып үйрету қажет: — ересектер тобындағы жас-тәрбиеші бастап атқан фразаны аяқтау; мектепке дейінгі жас-өзі салғап сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастыру немесе әңгіме бөліктерін ойлап табу; жоғары жаста-пікір айту жоспарын құру, шығармашылық ойларын негізге алу.

Балалардың монологтік сөйлеу тілін оқыту мен меңгеруде жақын даму аймағын айту қажет. «Оқыту дамудың алдында жүрсе жақсы - деп жазған Л.С. Выготский. Сонда ол өмір сүруге деген бірнеше функцияларды оятады, пісіп жетілу сатысында болатын жақын даму аймағына жатады. Дамудағы оқуға үйретудің басты рөлі осыған байланысты. Оқыту жақын даму аймағын күрайды, яғни дамудың ішкі процесі, ол баланың өзара байланыс жасау сферасында ғана жүзеге асады, ең алдымен ересек адамдармен, бірақ «ішкі даму жолын өткерген соң» біраз уақыт өткен соң олар бапаның өзінің ішкі мүлкіне айналады.

Сол себепті бала өз пікірін қалай құрастырады, ол қаншалықты қызықты, шынайы, рөлге еніп әңгімені қалай айтады осыған қарап оның сөйлеу тілі дамуының деңгейін, ана тілін меңгеруін және бір уақытта оның ақыл-ойы, эмоциональді және эстетикалық дамуын бағалауға болады.

1. Левина Р.Е. Основы теории и практики логопедии. - М., 1968.
2. Глухов, В.П. Формирование связной монологической речи у детей с ОНР в процессе обучения пересказу // Дефектология. 1989. - №1. - С. 69-76.
3. Лалаева Р.П., Серебрякова Н.В. Коррекция ОНР у дошкольников. - СПб., 1999.
4. Жукова Н. С., Мастюкова Е.М., Филочева Т.Б. Логопедия. Преодоление ОНР у дошкольников. - М.: Наука, 2003.

#### Резюме

В статье рассматриваются пути развития монологической речи детей с общим недоразвитием речи.

#### Summary

The article deals with ways of developing the monologic speech in children with general speech underdevelopment.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

**АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН УЙЫМДАСТЫРУҒА СТУДЕНТТЕРДІ  
ДАЯРЛЫҒЫН ҚА ЛЫШТ АСТЫРУ**

**К.Б. Бектаева - ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., проф., Арнайы педагогика кафедрасы, Абай ат. ҚазҰПУ, Г.Т. Құлыназарова - магистрант, ҚазМемҚызПУ**

Қазіргі таңдағы мұғалім еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби жоғары мәдениетті, педагогикалық процестің инновациялық, ақпараттық, денсаулық сақтау технологияларын жетік меңгеруі тиіс. Жоғары оқу орындарында мамандар даярлау көп аспектілі және сан алуан мәселелерді қамтиды. Студенттердің сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлығының қалыптасуы жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық процестің мазмұнына және ұйымдастырылу әдістемесіне тікелей байланысты.

Жоғары оқу орнында студенттерді педагогикалық әрекетке даярлауда психологиялық-педагогикалық пәндер циклінің оқытылуы - кәсіби даярлық жүйесінің ең маңызды бөлігі. Сондықтан бұдан болашақ мұғалімдердің оқыту барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру дағдыларын, біліктіліктерін қалыптастыру мүмкіндігін анықтау мақсатынан психологиялық-педагогикалық пәндер циклі бойынша соңғы жылдары шығарылған оқу бағдарламаларына талдау жасалды.

Жаңа бағдарлама педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнында білім алатын студенттердің арнайы педагогика мен психология саласындағы белгілі бір көлемдегі білімі, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруын қамтамасыз ететін пәндердің бірқатарын оқытуға бағытталады.

Базалық пәндер тізбесіндегі «Арнайы педагогика» пәнінде студенттер арнайы педагогиканың жалпы негіздерін: арнайы педагогиканың қалыптасу тарихын, әдіснамасын, жеке тұлғаның даму процесі және әрекеттің адам дамуындағы орны, білімнің мәнін және жүйелігін үйренеді.

«Арнайы педагогика» курсына «Мұғалім және оның педагогикалық процесті ұйымдастырудағы рөлі» тақырыбы түрінде оқытылады. Білім философиясы мәселелерін қарастыруын, білімнің жеке тұлғалық бағыттылығын ашып көрсетуді мақсат тұтады.

«Арнайы педагогиканың даму тарихы» курсына түрлі елдердегі білім беру жүйесінің қалыптасуы, дамуы және педагогикалық ой-пікірлердің шығуын теориялық тұрғыда меңгерту. Ресей және Қазақстан еліндегі арнайы педагогикалық ой-пікірлерді және еңбектерін оқыту және оны талдау, салыстыру арқылы тәрбие туралы білім жүйесінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Осы курс студенттердің жалпы педагогикалық ой-өрісін кеңітіп, педагогикалық мұраны бағалай білуге баулиды, тәрбие мен оқыту теориясы мен практикасының даму процесі туралы түсінікті қалыптастырады, оның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне және әрбір тарихи дәуірдегі ғылыми білім деңгейіне тәуелді болатыны жөнінде ұғым береді.

Болашақ мұғалімдер бұл курсты меңгеру барысында педагогикалық категорияларды меңгереді. Мұнда педагогиканың қоғамдық талаптарға сай ілгерілеуі, ғылым дамуының тәрбие теориясы мен практикасына әсері, педагогикалық теорияда оқыту мен тәрбие жетістіктерінің көрініс табуы сияқты маңызды мәселелер тарихи тұрғыда қарастырылады.

«Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» пәнінен студенттердің тәрбие жұмысын ұйымдастыруда зерттеушілік қызметті меңгеруі қажеттігін міндеттейді. Оларға ғылыми ізденістің жалпы әдіснамасы, арнайы педагогикалық зерттеудің құрылымы және логикасы, зерттеу әдістерін үйренеді. Тәрбие және оқу тәжірибесіне арнайы педагогикалық зерттеу нәтижелерін енгізудің жолдарын меңгереді. Мұнда мұғалім қызметіндегі ғылыми зерттеудің маңызы аталып, оның әдіснамалық негіздері қарастырылады. Сонымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің мәні ашып көрсетіледі, студенттердің назарына педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және өткізудің әдістемесі ұсынылады. Осы курстың студенттері теориялық дайындықтан өтіп, қосымша білім беру бағдарламасымен «Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесі» атты практика арқылы практикалық дайындықтан өтеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы жүйесінде педагогикадан өткізілетін семинарлар мен практикалық сабақтардың маңызы зор. Бұл сабақтар студенттердің лекцияда меңгерген білімін бекітуге, тереңдетуге және байытуға мүмкіндік береді; педагогикалық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасау іскерлігін қалыптастырады; студенттерді негізгі педагогикалық іскерліктермен қаруландырады; студенттердің жеке педагогикалық ойлауын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына педагогикалық бағыттылық береді, сонымен қатар болашақ мұғалімдердің арнайы педагогика ғылымына және педагог қызметіне қызығушылығын арттырады. Енді жоғары оқу орнында педагог-дефектолог мамандарға оқытылатын арнайы психологиялық цикл пәндерінің бағдарламаларын сараптауға көшеміз.

Психологиялық пәндердің оқытылуы педагогикалық пәндердің оқытылуымен қатар жүреді. Соның

ішінде «Психология» пәнінен адамның психологиялық дамуды айқындайтын заңдылықтарды, оның тәрбие мен білім берудегі байланысын, бапаның жас кезеңіне қарай болатын психологиялық ерекшеліктерін, ұрпақтың жеке басының психологиясының дамуы мен қалыптасуын, білім мен тәрбие берудегі орнын, байланысын біледі.

Болашақ педагог даярлығы жүйесіндегі маңызы оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне және оқушылар ұжымындағы қатынастар сипатына ерекше көңіл бөлуінде, сонымен бірге жеке тұлға қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуында іс-әрекетке жетекші фактор ретінде назар аударуында. Қазіргі мазмұны жалпы психологиялық білім беріп қана қоймай, студенттердің оны оқушы тәрбиесінде, яғни болашақта кәсіби қызметінде пайдалануына мүмкіндік береді, сөйтіп болашақ мұғалімнің теориялық және практикалық даярлығындағы нақты міндеттерді шешуіне бағытталады. Басқаша айтқанда, психологияның қазіргі мазмұны жалпы психологиялық білім беріп қана қоймай, студенттердің бастауыш мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және тәрбиелеуде, олардың психологиясын түсініп, практикада пайдалануына мүмкіндік береді. Болашақ маманның теориялық және практикалық тұрғыда даярлауда дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталады.

«Мүмкіндігі шектеулі оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы» пәні бойынша студенттер мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық ерекшеліктерін, психикалық даму көрсеткіштерін, оқу мүмкіндігінің мониторингін, оқушы тұлғасын диагностикалау, өзара қарым-қатынасын сараптауға, бастауыш мектеп жұмысындағы диагностикалаудың орны, диагностиканың әдістемесі және ұйымдастыруына теориялық тұрғыда даярланады.

Жоғарыда талданған пәндерден алған теориялық білімдерінің негізінде 2 кредиттен тұратын 90 сағаттық «Мүмкіндігі шектеулі оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы» атты педагогикалық практика өткізіледі. Студенттер практика барысында одан әрі білімдерін тереңдету мақсатында оқу әрекеттерін жалғастырады. Студенттердің кәсіптік педагогикалық әрекетіне және жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай тапсырмалар алып, тәрбие және сыныптан тыс тәрбие жұмысының мазмұны және әдістемесімен танысып, мүмкіндіктері шектеулі балалардың дамуы мен білім деңгейлерін, психологиялық ерекшеліктерін анықсуға мүмкіндік жасалады. Оқушы тұлғасының психикалық жай-күйіне диагностика жасау, түрлі сапаларын анықтау, оқу-тәрбие процесінің кешенді түрде және нақты бір бағытта тапдау диагностикасын жүргізуді көздейді. Мұның өзі студенттердің тәрбие жұмысына теориялық және практикалық тұрғыда даярлығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Арнайы педагогикаға кіріспе» атты практикада студенттер болашақ мамандығының кәсіптік қызметінің ғылыми негіздерін, студенттің оқу еңбегінің, бастауыш мектеп педагогикалық ұжымы іс-әрекеттері мен, оқу кабинеттерінің материалдық базасымен, сынып оқушыларымен танысу көзделеді. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғасын зерттеу үшін мұғалімнің пайдаланатын зерттеу әдістерімен, мектеп құжаттары және оны жүргізу тәртібімен танысады. Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің құрылымын зерттеу арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын бақылайды және талдайды. Бақылай отырып мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас стилін анықтайды және өзінің кейінгі жұмыстарында басшылыққа алады.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің арнайы педагогика кафедрасының оқу-әдістемелік бірлестігі жасаған «Тәрбие жұмысының әдістемесі» типтік оқу бағдарламасының мақсаты: Бастауыш мектептегі сынып жетекшісінің кәсіби тәрбиелік іс-әрекетін тұтас көрсетеді.

«Тәрбие жұмысының әдістемесі» атты пәннен студенттер бастауыш мектептегі тәрбие процесі, тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі, тәрбие процесінің тиімділігі мен нәтижелерін оқып үйрену. Тәрбие процесін кешенді түрде өткізу және оқушы жеке тұлғасының ақыл-ой мәдениетін, адамгершілік біртұтастығын, еңбек - экономикалық мәдениетін, саяси және құқықтық, эстетикалық, экологиялық мәдениетін, дене шынықтыру мәдениетін қалыптастырудың мәні, мақсат-міндеттері, мазмұны қысқаша талданады. Одан кейін тәрбие әдістеріне, оларды тиімді қолданудың жағдайларына көңіл бөлінеді. Сонымен қатар ұжымдық тәрбие, сынып жетекшісінің қызметі, жанұя тәрбиесінің мәселелері қозғалады. Тәрбие жұмысы және сыныптан тыс тәрбие жұмысының түрлері, жоспарлануы, мақсат қойылуы, тиімділігі, нәтижесі және оны талдауға дағдыланады.

Ал негізгі міндеттері:

- студенттерде қазіргі бастауыш мектептерде тәрбие процесінің жетекші мәселелерін ғылыми түсінуді қалыптастыру;
- студенттердің мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық білік және дағдыларын жүйеге келтіру;
- студенттерде кәсіби іс-әрекеттегі тұрақты өз бетімен білім алуға және өз бетімен жетіле түсудегі қажеттілігін қалыптастыру.



*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

10 тақырыптан тұратын тәрбие жұмысының мазмұнын қамтиды. Бағдарламада сынып жетекшісі іс- әрекетінің қызметі мен бағыттары, тәрбие жұмысының формаларын таңдап ану әдістемесі, мектептегі тәрбие жүйесі, жоспарлау технологиясы, оқушылардың ұжым және тәрбиелік істі ұйымдастыру, негізгі тәрбие бағыттары, әлеуметтік тәжірибе қалыптастыруда ойынды құрал ретінде қолдану, оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелері енгізілген. Психологиялық-педагогикалық пәндердің мазмұнында студенттерді сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру міндеттерін шешудегі теориялық және практикалық даярлығын қамтамасыз ететін мәселелер жеткілікті қарастырылған. Атап айтқанда, оқу бағдарламаларында - сыныптан тыс тәрбие жұмыстары, сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық қызметі, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен әдістемесі, жоспарлау және құрастыру жолдары қарастырылған.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда педагогикалық пәндердің ішінде біз толықтырып ұсынған «Тәрбие жұмысы әдістемесі» пәнінің типтік бағдарламасы және «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы» практикасының бағдарламасы жаңа мазмұнды болып, студенттердің сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлығын қалыптастыруды қамтамасыз ете алады деп есептейміз.

Сонымен, дефектология мамандығына арналған оқу бағдарламасындағы базалық және арнайы пәндердің мазмұнын талдау барысында анықталды:

- студенттердің мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық білім, білік және дағдылары бағдарламаның мазмұнында жүйеге келтіргені;
- студенттерде кәсіби іс-әрекеттегі тұрақты өз бетімен білім алуға және жетіле түсудегі қажеттіліктерін арнайы мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған бағдарламаның мазмұны студенттердің даярлығын қалыптастыруға негіз болатыны анықталды.

1. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы. - Алматы, 2008.
2. Замский Х.С. История олигофренопедагогика. - М., 1980.
3. Олигофренопедагогика/под ред. Б.П. Пузанова и др. - М., 2001.
4. Специальная педагогика / под ред. Назаровой Н.М. - М., 2001.

#### **Резюме**

В статье рассматриваются вопросы подготовки студентов дефектологов к проведению внеклассной работы во вспомогательной школе.

#### **Summary**

The article deals with the content of extracurricular activities in junior classes at a special school by students defectological offices.

### **КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ**

**Л.М. Тыныбаева**

Қарым-қатынастың адамдар арасындағы байланыстарды құрудың және дамытудың күрделі, көпжоспарлы үдерісі болып табылатыны белгілі, қарым-қатынас өзінің құрамына ақпарат алмасуды, өзара іс-әрекеттестіктің бірыңғай стратегиясын құруды, серіктесті қабылдауды және түсінуді қамтиды **III**. Қазіргі кезде философияда қарым-қатынастың ролі қоғамдық қатынастарды жүзеге асырудың тәсілі ретінде талданып келеді. Қарым-қатынас адамзат іс-әрекетінің спецификалық түрі ретінде қарастырылып және зерттеліп келеді, онда қарым-қатынас пен жанасудың бірлігі заңының әрекетіне сәйкес, адамның өзінің әлеуметтік мәнін саналы ұғыну үдерісінің заңдылықтары ашылады. Психологияда тұлғаның коммуникативті қасиеттерін зерттеу үшін бастапқы негіз ретінде, қарым-қатынас пен тұлғаның мәселелерін зерттеу алынады.

Мақпаның мақсаты - кіші мектеп жасындағы балаларда коммуникативті дағдыларды дамытудың мәнін көрсету болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде, «коммуникация» ұғымы (латын тілінен communicati - жалпы, ортақ ету, хабарлау, әңгімелесу) XX ғасырдың басында пайда болады және аталған ұғымды шетелдік зерттеушілер 2 негізгі жаппы теориялық тұғыр контекстінде қарастырады: 1) бихевиоризм тұрғысында (бұл жерде коммуникацияның негізі ретінде, жүйе ретіндегі сөйлеу емес, мұнда тікелей тілдік сигналдар алынады, оларды манипуляциялай отырып, кез келген адамды тәрбиелеуге болады, атап айтқанда тұлғаның өкілі ретінде Д.Уотсонды атайды); 2) символикалық интеракционизм тұрғысында (персонализм), онда коммуникация тұлғаның өзінің бойында басқа адамның сезімдерін ашуының ішкі метафизи-

капық қабілеті болып саналады (Дж.Г. Мид) /2/. А.В. Петровскийдің ұсынған анықтамасында “коммуникация” латын тілінен аударғанда *communico* (байланыстырамын, қарым-қатынас жасаймын) - әлеуметтік өзара әрекет етудің мағыналық аспектісі дегенді білдіреді. Кез келген жеке әрекет ету басқа адамдармен жанама немесе тікелей қарым-қатынас жасау арқылы іске асады, сол себепті ол коммуникативті аспектіні де қарастырады /5/. Ал В.В. Давыдовтың берген анықтамасы бойынша “коммуникация” ағылшыннан аударғанда *communicate* - хабарлау, алмасу деген мағына береді /6/. Р.С. Немовтің анықтамасында “коммуникация” - адамдар арасында ақпарат алмасу, өзара әрекет ету, қарым-қатынас үрдісі деп саналады **III.**

Өткен ғасырдың 40-жылдары коммуникация қатысты екі негізгі тұғыр қалыптасты:

1. Ақпараттық - ақпарат құралдарын әлеуметтік дамудың жалғыз стимулы және бастау көзі ретінде қарастырады (Белл, Бжезинский);

2. Екінші тұғыр бойынша, коммуникацияның негізгі нәтижесі ретінде, адамның басқа адамды түсінуі, яғни өзара түсіністік алынады (Г.Шюц) /3/.

Бірқатар отандық зерттеушілер тілдік коммуникация мен техникалық коммуникацияны айқындап көрсетеді **14/**. Техникалық коммуникация ақпаратты қабылдау мен беруді қамтамасыз ететін құрылғылардың жиынтығын білдіреді. Коммуникацияның компоненттері ретінде алынатындар: 1) хабарламаны жіберуші; 2) хабарламаны жіберетін құрал; 3) байланыс арнасы; 4) қабылдағыш; 5) хабарламаны алушы. Тілдік коммуникация сөйлеушіні, сөйлеуді қабылдаушыны, олардың тілдік әрекетін және сөйлеу өнімі ретіндегі хабарламаны қамтиды. Байланыс арнасы мұнда тілдік әрекеттің жүру шарттарына сәйкес келеді, ал хабарламаны жіберетін құрал мен қабылдағыш - коммуникаторлардың тілдік механизмдерінің қасиеттеріне сәйкес келеді. Тілдік қарым-қатынаста қарым-қатынас ситуациясы ерекше назарға алынады.

Сонымен, келесі тұжырым жасауға болады: коммуникация қарым-қатынас болып табылады, апайда коммуникация қарым-қатынасқа қарағанда аса кең ұғым ретінде түсіндіріледі, сонымен бірге анықтамаға сәйкес, қарым-қатынас үдерісінің құрамдас компоненті болып табылады.

Соңғы жылдары бүкіл дүние жүзінде, әсіресе жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және экологиялық факторлар кешенінің әсерін басынан өткеретін елдерде, коммуникация мәселесінде қиындықтарға кезігетін балалардың санының арту тенденциясы байқалады. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалар үшін көмек берудің жаңа әдістемелік негіздерін құрастырудың қажеттілігі туындайды.

Адам коммуникативті тәжірибені сәбилік шақтан бастап меңгере бастайды. Оны меңгерудің ең табиғи жолы - ойын болып саналады. Адамның жасына сәйкес өзгере отырып, ойын баланың өмір бойында қатар жүреді. Бала ойнай отырып, өзін, басқаларды, қоршаған әлемді зерттей бастайды, бала өзінің бойында алуан түрлі рөлдерді қабылдайды, өзінің дүниетанымын, бағалау мен құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Адамзаттың өмір сүруі коммуникативті іс-әрекетсіз мүмкін емес, адамды онсыз елестетуге болмайды. Адамзат тұлғасын сипаттайтын мәліметтерге, атап айтсақ, оның жынысына, жасына, біліміне, әлеуметтік мәртебесіне, аймақтық және ұлттық қатыстылыққа, көптеген басқа мәліметтерге тәуелсіз, біз үнемі ақпаратты қажетсінеміз, сұраймыз, береміз, таратамыз, сақтаймыз, яғни коммуникативті іс-әрекетпен белсенді шұғылданамыз.

Тұлғаны дамыту үдерісі, оның мінез белгілерін қалыптастыру үдерісі тұлғааралық қатынастарға тікелей байланысты болады. Балалардың бір-біріне қатынасының шамасына қарай, олардың симпатиясы және антипатиясы тұрақты болады, олар тұлғаның жекеленген белгілеріне үлкен әсер етеді және нәтиже-сінде оларды анықтайды. Баланың қатарластарымен жақсы қатынастары, оның бойында мейірімділікті, жауапкершілікті, шынайылықты, адалдықты қалыптастырады; ал кикілжінді қатынастар - оқшаулануды, дөрекілікті, тұйықтықты қалыптастырып, мінез-құлыққағы агрессия элементтерінің пайда болуына ықпал етеді. Сондықтан, осы мектеп жасына дейінгі қалыптасқан барлық белгілердің әрі қарай сақталу үрдісі байқалады. Сол себепті, баланың қолайсыз жағдайының бір дерегін назардан тыс қалдыруға болмайтыны және мүмкіндігіне қарай оларға жедел түрде жауап қайтару аса маңызды болып саналады.

Қарым-қатынаста тұйық балалар көпшілік жағдайда жеке педагогикалық тұғырды қажетсінеді және тәрбиешінің дер мезгілде көрсеткен көмегін талап етеді, тәрбиеші баланың жолдастарымен жағымды қатынастарын құруға көмек беруі қажет.

Алайда, берілетін көмек дифференциалды түрде және ұжымда кикілжінді туындататын нақты себепті ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Олай болмаған жағдайда бапаның қатарластармен қатынастарын құруға деген барлық ұмтылыстары сәтсіз болуы мүмкін.

Мектепке дейінгі жас кезеңінде достық өзара қатынастар, кикілжінді қатынастар, сонымен бірге қарым-қатынаста қиындықты басынан өткеретін балалар айқындалады. Жас кезеңі өзгерген сайын, мектеп жасына дейінгі балалардың іскерлік сапалары мен тұлғалық-адамгершілік сапалары бойынша бағалайтын қатарластарына деген қатынастары өзгереді.

Балалар ұжымын зерттеушілер бір жағынан, ұжымның мүшелерінің бірлескен іс-әрекеті мен тұлғааралық қарым-қатынаста өзіне тән қатынастар жүйесі қалыптасатын және дамитын әлеуметтік-психологиялық қауымдастық ретінде қарастырады. Екінші жағынан, балалар ұжымы әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде, ересектердің тәрбиелік әсерлерінің объектісі ретінде, ұжым мүшелерін жан-жақты дамытудың инструменті ретінде қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалық кезеңде, баланың дамуында алуан түрлі қиындықтар пайда болады. Баладағы бұл қиындықтар оның туыстарымен және жақындарымен өзара қатынастардың бұзылуымен байланысты болады - айырылысу, балаға қажет махаббат пен ересектердің қамқорлығының болмауы, педагогикалық тұрғыда қараусыз қалу, ата-аналардың ішімдік ішуі мен қаңғыбастықпен шұғылдануы. Балалар өздеріне бағытталған агрессияны және зорлық-зомбылықты басына өткеруі мүмкін, сонымен бірге жағымсыз қылықтар мен эмоциялардың құрбаны болуы да мүмкін. Өмірлік тәжірибесі осындай балаларда мінез-құлқында және оқытуда көптеген қиындықтар байқалады.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің көпшілігінде, осындай балаларға қатысты «қиын бала» ұғымы кездеседі. Мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға қатысты, аталған ұғымның басқа атауы - «проблемалы бала» ұғымы енгізіледі, бұл ұғым барлық балаларда қиындықтар болуымен түсіндірілетінін және оның қалыпты құбылыс екендігін білдіреді. Баланың қиындықтары бірегей өзіндік бейнесімен айрықшапанады. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда олардың ересектермен тұлғалық қарым-қатынас жасауы үшін орын аз болады, баланың алдыңғы тұлғалық-баяулы тәжірибесі, оның тұрмыстық ұғымдары мен көріністері жеткіліксіз тұрғыда есепке алынады. Мұның бәрі баланың жалпы дамуы үшін қолайлы жағдайларды жасамайды.

Эмоционалды қозғыштықтан, қозғалмалықтан, агрессия мен негативизмді көрсетумен, қайырымсыздықты көрсетумен туындайтын көпшілік кикілжіндерді, балаларға келісімге келу білігін үйрету, позитивті, түсінуші, қатарластармен серікестік қатынасқа түсуге үйретуді арнайы оқыту жағдайында ғана шешуге мүмкін болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дамуы, ересектердің, атап айтсақ ата-аналардың отбасындағы кеңістікте құратын дамытушы ситуациямен біртұтас анықталады. Бұл басқа психологиялық маңызды құрылымдар сияқты стихиялы түрде қалыптаспайды.

Баланың тұлғасы туралы білімі педагогтың еңбегіндегі басты іс-әрекет болып табылады. Басқа компоненттерді зерттеу осы білім арқылы негізделеді. Қазіргі кезде К.Д. Ушинскийдің тұжырымы өзекті болып табылады, ғалымның тұжырымы бойынша, егер педагогика адамды барлық қатынаста тәрбиелегісі келсе, онда аталған ғылым ең алдымен адамды барлық қатынаста білуі керек. Көпшілік мұғалімдердің өздерінің оқушылары туралы үстірт, стереотипті, педагогикалық және психологиялық әдістерді қолданбай, интуициялық жолмен алынған ұғымдары мен түсініктерінің болатыны жасырын емес.

Сондықтан, қазіргі мектептің баланың даму ерекшеліктерін білетін, балалардың өзара қатынастарын түсіне білетін, проблемалы балаларды айқындай білетін мұғалімге деген сұранысы зор.

Осылайша, қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер, коммуникацияның рөлінің кеңеюі, коммуникативті технологиялар, сөз жоқ, қазіргі қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси процестердің дамуына әсер ететін факторлар болып табылады. Аталған әсерлер балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысында көрініс табуы керек.

Қазіргі заманғы педагогиканың оқу-тәрбие үдерісін гуманизациялауға (ізгілендіруге) бағдарлануы, өзекті мәселелердің қатарына, әрбір баланың тұлғасын дамуы үшін, оның тұлғалық өзіндік анықталуы үшін оңтайлы жағдайларды құруды ұсынады.

Кіші мектеп жас кезеңі баланың коммуникативті қабілеттерін дамытудың және әлеуметтендірудің маңызды кезеңі ретінде анықталады.

1. *Парыгин Б.Д. Анатомия общения: Учебное пособие - СПб., 1999.*
2. *Бодалев А.А. Личность и общение: Избранные психологические труды. - М.: Международная педагогическая академия, 1995.*
3. *Шахнорович А. М. Психолингвистические проблемы овладения общением в онтогенезе. Теоретические и прикладные проблемы речевого общения. — М., 1979.*
4. *Жинкин И.И. Механизмы речи. - М.: АПН РСФСР, 1958.*

#### Резюме

В статье рассматриваются значение развития коммуникативных навыков у детей младшего школьного возраста.

#### Summary

This article considers meaning social-communicative deviation which have younger children.

**ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ОПОРНО-ДВИГАТЕЛЬНОГО АППАРАТА**

**З.А. Мовкебаева** - д.п.н., доцент,

**Д.С. Жакупова** - магистрант I курса института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая

Стратегия прогрессивных государств строится в направлении от социальной защиты к социальному прогрессу, который подразумевает недопустимость иждивенчества, поскольку только в этом случае гражданское общество сможет преодолеть инерцию патернализма. Президент Республики Казахстан

Н.А. Назарбаев в своих выступлениях также постоянно подчеркивает, что «государство признает свои обязательства в отношении действительно нуждающихся людей. Но то, что под силу сделать самому гражданину, должен сделать он сам. И это справедливо!» [1]. Наряду с этим, указывается, что для того, чтобы казахстанцы могли самостоятельно улучшать свое качество жизни, государство создает все необходимые условия.

Сказанное в значительной мере относится к людям с нормальным развитием, которые не в полной мере используют свои имеющиеся возможности, не стремятся к честному труду, а имеют лишь мотивацию денег. Но в то же время есть категория людей, которые не имея возможности трудиться, наоборот, изъявляют огромное желание работать и быть полезными государству. В первую очередь, это относится к лицам - инвалидам. У них ярко выражена потребность в саморазвитии, желание быть полезным и нужным обществу. Большие возможности для такого типа самореализации заложены в общественно полезном труде.

Вместе с тем, наличие трудностей моторного характера у людей с ограниченными возможностями и, особенно, у лиц с нарушениями опорно-двигательного аппарата, практически исключают их из профессиональной трудовой деятельности и вынуждают находиться на полном социальном обеспечении, а в соответствии и иждивении. У людей с нарушениями опорно-двигательного аппарата прежде всего, выключена или затруднена из деятельности важнейшая функциональная система - двигательная.

Врожденные и приобретенные заболевания и повреждения опорно-двигательного аппарата наблюдаются у 5-7% детей. Нарушения функций опорно-двигательного аппарата могут носить как врожденный, так и приобретенный характер. Отклонения в развитии у детей с патологией опорно-двигательного аппарата отличаются значительной полиморфностью и диссоциацией в степени выраженности различных нарушений. При всем разнообразии врожденных и рано приобретенных заболеваний и повреждений опорно-двигательного аппарата у большинства этих детей наблюдаются сходные проблемы. Ведущим в клинической картине является двигательный дефект (задержка формирования, недоразвитие, нарушение или утрата двигательных функций). Большинство детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата составляют дети с церебральными параличами (89%). Двигательные расстройства у них сочетаются с отклонениями в развитии сенсорных функций, познавательной деятельности, что связано с органическим поражением нервной системы и ограниченными возможностями познания окружающего мира.

В исследованиях Л.О. Бадалян, Е.М. Мاستюковой, К.А. Семенов и др. [2] отмечается замедленное развитие психомоторных функций у детей с церебральным параличом, особенно на ранних этапах постнатального онтогенеза. Ряд авторов (Л.А. Данилова, М.В. Ипполитова, И.И. Мамайчук и др. [3]) связывает нарушения познавательных процессов при ДЦП с недоразвитием моторики, доказывая, что выраженная двигательная патология, нередко в сочетании с сенсорной недостаточностью, является одной из причин вторичного отставания в познавательной деятельности. В исследованиях других авторов (Е.М. Мастюкова, П.В. Симонов и др. [4, 5]) подчеркивается, что нарушения восприятия предметов и зрительно-пространственной ориентации при ДЦП обусловлено двигательной недостаточностью. С увеличением степени тяжести дефекта эти нарушения более выражены. При этом исследователями доказано, что нарушение функций восприятия предметов, зрительно-пространственной ориентации при ДЦП характеризуется двигательной недостаточностью церебрально-органического происхождения. Очень часто у детей с ДЦП отмечаются речевые нарушения, которые имеют органическую природу и усугубляются дефицитом общения. Поэтому наряду с лечебной и социальной помощью основная часть детей с двигательной патологией нуждается также в психолого-педагогической и логопедической коррекции.

По статистике в Республике Казахстан около 15000 детей имеют диагноз - детский церебральный паралич (ДЦП). Принято считать, что эта болезнь неизлечима, но это не означает, что больному малышу нельзя помочь. Головной мозг ребенка настолько пластичен, что даже дети с тяжелыми формами заболевания вслед за упорной работой могут демонстрировать хорошие, а иногда и удивительные результаты.

Чаще всего при выявлении заболевания или повреждения опорно-двигательного аппарата у ребенка в младенческом или раннем возрасте усилия родителей направлены преимущественно на развитие и коррекцию нарушенных двигательных функций, то есть на восстановительное лечение. Хотя родители замечают некоторые особенности психического, речевого развития, личности ребенка, они в большинстве случаев не торопятся обращаться к специальным педагогам, логопедам, психологам. Часть родителей считает, что психическое и речевое развитие выровняется после того, как ребенок будет вылечен или добьется больших успехов в двигательном развитии. Другие полагают, что болезнь всегда накладывает свой отпечаток на психику, поведение ребенка, и это невозможно изменить. Большинство же людей не знает о существовании системы специального (коррекционного) обучения и воспитания детей с патологией опорно-двигательного аппарата. Между тем, основные направления и пути психолого-педагогической и логопедической коррекции детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата уже несколько последних десятилетий разрабатываются и успешно применяются на практике в различных организациях. Такие ученые, как Л.А. Данилова, М.В. Ипполитова, Е.М. Мاستюкова, Е.Ф. Архипова и др. [6] обосновали необходимость специального обучения и воспитания детей с церебральным параличом, начиная с первых месяцев жизни. Они раскрыли задачи, содержание и методы коррекционной работы в младенческом, раннем и дошкольном возрасте и доказали ее высокую эффективность при условии раннего начала и адекватности коррекционного воздействия.

В настоящее время все более актуальной становится проблема профилактики, медицинской, психолого-педагогической и социальной реабилитации детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. Основной задачей системы обучения и воспитания является социальная адаптация и интеграция в общество детей с двигательными нарушениями и включение их в общественно полезную деятельность.

Вместе с тем, дети с церебральным параличом испытывают особые трудности при овладении навыками самообслуживания (умением самостоятельно есть, одеваться и раздеваться, общегиgienическими навыками). Этому способствует наличие у них целого ряда нарушений общей моторики и функциональных движений кисти и пальцев рук, речи и познавательной деятельности. Нарушения двигательного и психического развития при ДЦП, трудности, которые испытывают дети в повседневной практической жизни, гиперопека со стороны родителей - все это снижает мотивацию к овладению навыками самообслуживания и социально-бытовой ориентировки.

Несформированность мотивации к самообслуживанию может стать причиной бездельного образа жизни, фактором, тормозящим дальнейшее овладение трудовыми и профессиональными навыками. Поэтому все дети с нарушениями опорно-двигательного аппарата нуждаются в особых условиях жизни, обучения и последующей трудовой деятельности. Особенно это становится важным в современных условиях, когда государством предпринимаются разнообразные меры для того, чтобы побуждать социально уязвимые слои населения к трудовой, творческой и общественной активности. Для этого необходимо использовать все имеющиеся ресурсы.

О возможности развития мелкой моторики средствами ручного труда у лиц с нарушениями опорнодвигательного аппарата, которая затем положительно сказывается на общем интеллектуальном развитии ребенка, свидетельствуют многочисленные исследования (Е.М. Мастюкова, И.Г. Ипполитова, О.Г. Приходько, Л.Н. Смирнова и др. [4]). Авторы отмечают, что ручной труд оказывает в этом незаменимую помощь. Привлекая детей к труду, их знакомят с различными материалами и свойствами, техниками выполнения работ с использованием разнообразных приспособлений.

В казахстанских типовых специальных образовательных программах по ручному труду [3] учитывается данный факт и потому в них отмечается, что: трудовое обучение детей с ограниченными возможностями является важнейшим звеном в общей системе учебной и коррекционно-воспитательной работы в специальной школе, служит основой подготовки учащихся с ограниченными возможностями к самостоятельной жизни, а также важным средством компенсации, коррекции, восстановления нарушенных функций.

Данная Программа составлена с учетом особенностей физического, умственного, речевого и нравственного развития детей с ограниченными возможностями. В программе предусмотрены следующие виды труда:

- работа по конструированию и моделированию с использованием различных материалов;
- работа с глиной и пластилином;
- работа с природными материалами;
- работа с бумагой и картоном;
- работа с текстильными материалами;

- работа с проволокой и металлоконструктором;
- конструирование и моделирование с использованием различных материалов.

Наряду с этим, изучив и проанализировав отечественную программу по ручному труду, следует отметить, что предусмотренные виды трудовой деятельности, безусловно, являются очень важными для трудового и социального развития детей с ограниченными возможностями. Указанные виды деятельности, являясь в большинстве своем традиционными, в основном направлены на коррекцию и развитие мелкой моторики руки.

Поставленные в Республике Казахстан задачи социальной модернизации общества обуславливают необходимость нацеливания деятельности по развитию у детей ручной умелости на дальнейший социально значимый профессиональный труд. Решению данной задачи может служить организованная на уроках ручного труда работа с войлоком. Применение указанной деятельности с детьми с нарушениями опорнодвигательного аппарата, помимо высоких этнопедагогических возможностей, способствует стабилизации уровня общения и адаптации к социальной среде. По мнению венгерского этнографа Иштвана Видака [7]), специально изучавшего традиции войлоковаления у разных народов и в совершенстве его освоившего, для того, «чтобы делать войлок, вам не нужно ничего, кроме рук человека и шерсти. Правда, нужно еще очень много труда». Но, пожалуй, именно этим и привлекательно искусство войлока.

Войлочное валяние оказывает большое влияние на умственное развитие детей, на стимуляцию их психических процессов. В данном виде деятельности детей привлекает простота валяния, ведь научиться валять - очень просто. При этом, дети могут наблюдать конечный результат практически сразу, что очень важно при наличии особых образовательных потребностей. Трудовая деятельность по войлочному валянию способствует развитию тактильной чувствительности, сенсорному восприятию, развитию тонкой моторики, опосредованно влияет на развитие речи и на формирование коммуникативных навыков.

В процессе войлочного валяния дети знакомятся с обычаями и традициями казахского народа. Применяя народное умение переработки данного природного материала и использование его в быту вызывает интерес к истории своего народа. И в ходе работы дети более подробно могут изучить состав, структуру войлока, историю кочевых народов и открыть для себя новые грани в познании окружающего мира.

Сам процесс работы с войлоком многообразен и осуществляется различными действиями. В работе с войлоком по развитию мелкой моторики можно отметить следующие преимущества этого процесса:

- тонкие дифференцированные движения пальцев рук, кисти;
- разнонаправленные движения на плоской поверхности и в пространстве в целом;
- умение раскатывать и укладывать шерсть по необходимости;
- температурный режим (не пропускает холод и не выпускает тепло) (недаром в древности славяне вынашивали слабых детей в валенках);
- определение необходимого количества и подходящего цвета;
- поочередность действий обеих рук.

Выделенные выше положительные свойства войлока и преимущества работы с ним открывают большие возможности для развития мелкой моторики и познавательной деятельности у детей с детским церебральным параличом, что свидетельствует о целесообразности использования данного вида трудовой деятельности на уроках ручного труда в школах для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата.

Приобретенные навыки в процессе труда помогут детям с нарушениями опорно-двигательного аппарата изготавливать различные декоративные и бытовые изделия. Так как на сегодняшний день изделия из натуральных материалов, относящиеся к этнокультурной теме, пользуются большим спросом, это может обеспечить детям с ограниченными возможностями дополнительный материальный заработок к имеющимся у них социальным пособиям. Так как одной из главных задач социальной модернизации в Республике Казахстан является обеспечение востребованности человека в обществе, важным представляется сформировать у них базовые профессионально-трудовые навыки. Прививая детям с нарушениями опорно-двигательного аппарата к общественно полезному труду на материале войлочного валяния, им предоставляются значительно большие возможности для успешной профессионально-трудовой деятельности и самореализации.

1. *Послание президента РК: Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда.*
2. *Левченко И.Ю., Приходько ОТ. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. - М., 2001. - С. 12-30.*
3. *Типовые специальные образовательные программы по трудовым технологиям для специальной коррекционной*

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаритсы, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2(32-33) 2013 ж.*

*школы и специальных классов для детей с нарушениями зрения. Утверждены приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 8 июля 2009 года. - №333.*

4. *Психолого-медико-педагогическое обследование детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата УМК., - Алматы, 2008. - С. 35-43.*

5. *Ботта Н., Ботта П. Лечебное воспитание детей с двигательными расстройствами церебрального происхождения. -Л.: ЛМУ, 1964, —С. 120-132.*

6. <http://www.clubcm.ru/articles/flora.html/id/81> *Наталья Ш. История Войлока 2011-02-13.*

7. *Обучение основам ремесла и развития на занятиях в керамической мастерской, - М., 2009. - С. 65-79.*

#### **Резюме**

Бұл мақалада тірек-қимыл аппараты зақымданған балалардың ұсақ моторикасын дамытудың негізгі мәселелері қарастырылған. Тірек-қимыл аппараты зақымданған балалардың ұсақ моторикасын дамыту бағыттарының бірі ретінде киізбен жұмыс жасау әдісі ұсынылады.

#### **Summary**

In this article problems of development of a small motility with violations of the musculoskeletal device are considered. Violations of the musculoskeletal device work on a felt fulling is presented to one of the directions of development of a small motility of children.

## ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

### ПРОБЛЕМЫ ЛИЧНОСТНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СОВРЕМЕННОГО ПЕДАГОГА-ДЕФЕКТОЛОГА

